



Қазақстан Республикасы Президентінің
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын
жүзеге асыру мақсатында өткізілетін
«ҰЛЫ ДАЛА АРУЛАРЫНЫҢ ЕУРАЗИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ РӨЛІ»
халықаралық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

5 сәуір, 2019 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научной конференции
«РОЛЬ ЖЕНЩИН ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В ЕВРАЗИЙСКОЙ ИСТОРИИ»,
проводимой в рамках реализации программной статьи Президента
Республики Казахстан

«Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»


5 апреля, 2019 год

COLLECTED MATERIALS

of the International Scientific Conference
"THE ROLE OF WOMEN OF THE GREAT STEPPE IN EURASIAN HISTORY"
within the framework of the implementation of the program article of the
President of the Republic of Kazakhstan

"A look into the future: modernization of public consciousness"

April 5, 2019



Қазақстан Республикасы Президентінің
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын
жүзеге асыру мақсатында өткізілетін
«ҰЛЫ ДАЛА АРУЛАРЫНЫҢ ЕУРАЗИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ РӨЛІ»
халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
5 сәуір, 2019 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научной конференции
«РОЛЬ ЖЕНЩИН ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В ЕВРАЗИЙСКОЙ ИСТОРИИ»
проводимой в рамках реализации программной статьи Президента
Республики Казахстан
«Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»
5 апреля, 2019 год

COLLECTED MATERIALS
of the international Scientific Conference
"THE ROLE OF WOMEN OF THE GREAT STEPPE IN EURASIAN HISTORY"
within the framework of the implementation of the program article of the
President of the Republic of Kazakhstan
"A look into the future: modernization of public consciousness"
April 5, 2019

Атырау, 2019
Atyrau, 2019

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Ұ 46

Құрастырушылар:

Мусаева А.А. - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Ғылым департаментінің директоры, э.ғ.к.;

Қайрғалиева Г.К. – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің деканы, т.ғ.к., қауым.профессор м.а.

Редакциялық алқа:

Ноғаев Н.А. – Атырау облысының әкімі

Талтенов А.А. – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры,
х.ғ.д., профессор

Идрисов С.Н. – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
Ғылым жөніндегі проректоры, п.ғ.к., профессор

Мусаева А.А. - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Ғылым департаментінің директоры, э.ғ.к.

Қайрғалиева Г.К. – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің деканы, т.ғ.к., қауым.профессор м.а.

Ұ 46 Ұлы дала аруларының Еуразия тарихындағы рөлі: халықаралық ғылыми конференциясының жинағы (5-сәуір, 2019 жыл) – Атырау: «Инфорсервис» Баспа орталығы, 2019 – 211 б

ISBN 978-601-262-321-5

Жинақта «Ұлы дала аруларының Еуразия тарихындағы рөлі» Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары жарияланған. Мақалалар авторлары Ұлы даланың саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуында елеулі үлес қосқан тұлғалар жайында тың дерктер мен мол ақпараттар береді. Материалдар жинағы жалпы тарихтағы және қазіргі таңдағы әйелдердің қоғамдағы рөліне қызығушылық білдірген студенттер мен магистранттарға, оқытушыларға және көпшілікке арналады.

ӘОЖ 378
КБЖ 74 58

Мақалалардың мазмұны мен рәсімделуіне редакциялық алқа жауапкершілік алмайды.

ISBN 978-601-262-321-5

© Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университеті, 2019

Талтенов А.А.
*Химия ғылымдарының докторы,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің ректоры*

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚОҒАМДА АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ АСА ЗОР

«Ұл туса - ұрпағымның өскені, қыз туса - ұлтымның өскені» деп халық даналығында айтылғандай, қоғамдағы әйелдер орны айрықша зерттеп, зерделеуді керек ететін өзекті тақырып екені даусыз. Қазіргі әлемдік қауымдастықта әйелдердің қоғамдағы рөлі мен орны туралы мәселелер зерттеушілер тарапынан әрдайым қызығушылық тудырып отырады. Бұл қоғамдағы әйелдер мен ерлердің орнын анықтау үшін ғана емес, жалпы әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік үдерістерге қатысын, қоғамдық белсенділігі жайын анықтау үшін де қажет. Бұл жерде жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау бағытында да әйелдер тақырыбы, гендерлік саясат деңгейі туралы зерттеулер қажеттілігі күн тәртібінде тұр.

Егер тарихқа тереңдеп қарасақ, қазақ қоғамында әйелдердің орны әрқашан жоғары болған. Ол көне сақ-сармат заманынан бастау алады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйелдер ел басқару, билік айту, туған жерді қорғау сынды ер-азаматтарға лайықты саналған қызметтермен ерлермен тең дәрежеде айналысты және ол жайында ауыз әдебиетінде де, тарихи деректерде де ақпараттар аз емес.

Ұлы Даланың төрінде ерекше құндылықтар жасап, әлемдік өркениетке үлес қосқан бабаларымыздың данышпандығы әйелдерге деген құрметтен де көрінісін табады. Бұл жайында Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман әлемінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты ерекше қадірлейтін халықтың бірі де, бірегейі де – біздің қазақ. Қазақ қыздары мен аналары өз жүрегінің жалынымен, мейірім шапағатымен қазақ халқының ұлттық сезім-түйсігін, мәдени-рухани біртұтастығын елеусіз ғана шындап отырған» деп қазақ әйелдерінің отбасындағы және қоғамдағы орнына баға берген болатын.

Сақ заманының Тұмар ханымынан бастап Көк Түріктер пір тұтқан Ұмай Анаға жалғасқан, Айша Бибі, Домалақ Ене, Айғаным мен Ұлпан, Зере мен Ұлжан секілді ұрпағы ғана емес ұлтына қызмет еткен жандар қаншама?! Сондықтан әйгілі түркітанушы Л.Гумилев өз еңбектерінде «Түркілер әйелдерді сал-серілердей құрметтейді. Баласы үйге кіргенде алдымен шешесіне иіліп, тәжім етіп, содан кейін әкесіне сәлем берген» деп жазады. Ұлы Отан соғысы жылдарында да кеңестік кезеңнің қиындығын көріп отырса да, бар күш-жігерін, өмірін арнаған арулар қатарында біздің қазақ қыздары Әлия, Мәншүк, Хиуаз бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған «Ұлы Дала аруларының Еуразия тарихындағы рөлі» атты халықаралық конференцияның материалдар жинағында әйелдердің қоғамдағы атқаратын орнына, тарихи рөліне, жалпы әйелдердің тарихтағы және бүгінгі күнгі саясат, экономика, әлеуметтік өмірдегі қызметіне, еліміздің дамуына қосқан үлесіне қатысты мақалалар жинақталған. Конференция материалдарынан әйелдердің қоғамдағы қызметіне қатысты тақырыптарға байланысты әрбір зерттеуші өзіне қажетті ақпараттар алады деп сенемін.

1 СЕКЦИЯ

ТАРИХТАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ

ЖЕНСКОЕ ЛИЦО ИСТОРИИ

THE FEMALE FACE OF HISTORY

БҮГІНГІ КҮН ТҰРҒЫСЫНДАҒЫ ҚЫЗ ТӘРБИЕСІМЕН ЕЖЕЛГІ ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Сарыбекова Ж.Т.

*Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Тараз қ., Қазақстан Республикасы
zhanat.sarybekova@mail.ru*

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», – делінген Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" тақырыбындағы мақаласында [1].

Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтаумен бірге ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Елбасы айтқандай, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, жалпы, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Әрине, ұлттық құндылықтардың бәрі жас ұрпаққа отбасынан, бала бақшадан, мектептен берілері анық. Расында, жастайынан дін мен дәстүрімізді, тағылымды тарихымызды оқып, сусындап өскен ұрпақ теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде кетпейді. Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің тұғыры биік, іргесі берік болмақ.

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің тәрбие саласындағы басты мақсаты – тәрбиенің жаңа ұлттық үлгісін енгізу және оны қалыптастыруға толық негіз қалау. Тарихтың даму белестерінде әрбір халық, саяси-әлеуметтік, мәдени және идеологиялық жағдайына сай рухани-дәстүрлік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, оны ұрпақтар игілігіне қалдырып отырады. Ұрпақ тәрбиесі әр заманда әр халықтың басты міндеттерінің бірі болған. Ұлттық тәрбие - рухани сабақтастықтың негізі. Тәрбие - ұлттық қалыптасудың ұдайы дамуы, жаңаруының бастауы. Ол - өмір сүрудің мәні мен мазмұнын, ұлттық өркениеттің тарихи тағдырын айқындайтын жүйе. Осыны ескере отырып, қазақ халқы ертедегі жазба деректер мен зерттеу еңбектерінде қыздарға ұлттық тәрбие беру ерекшеліктері орын алғанын, тәрбие тағылымдарын ұсынғанын көреміз.

Енді «қыз» сөзінің шығу тарихына үңіле кетсек, ұлтымыз «қыз» ұғымына үлкен мән бергенін, оны қызғыштай қорғап, үйінің төрінен орын беріп, төбесіне көтергенін көреміз.

Қазақ тілінің, жалпы түркі тілдерінің түп-тамырын VI-VIII ғасырларда жазылған тастағы таңбалардан іздейтініміз хақ. Орхон-енисей ескерткіштерінде «**қыз**» сөзі осы күнгі мағынасында, түркі тілінде «**giz**» - **қыз** болып кездеседі. Туған өлкеміздің ортағасырлық жұлдыздарының бірі Махмұд Қашқари еңбегіне де көңіл аудардық. Үш кітаптан тұратын «Түркі тілінің сөздігі» («Диуани лұғат ат-түрік») атты ғылыми мұрасында ғұлама Орта Азия мен Қазақстанға қатысты мағлұматтарды түгелдей теріп көрсеткен. Диуани лұғат ат-түрік» - XI ғасырда Қарахан дәуірінде жазылған мұра. Бұл еңбекте «**қыз**» сөзіне байланысты мынадай мағыналар қамтылған: **қыз** – қымбат (1, 315-9; ар. 274-4); **қыз** – қызметші әйел (1, 315-11; ар. 274-6); **қыз** – **қыз**. (1. 315-12,277-27; ар.274.235-13). Осының өзінен «**қыз**» сөзінің бірнеше мағынаны білдіргені көрініп тұр [2]. Осы сөздікте «ана», «балдыз» сияқты қазақ тіліндегі нұсқасы берілген.

Ал, Ә.Ибатов зерттеуіндегі XIII-XIV ғ.ғ. жазылған Құтыбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігінде «ҚЫЗ» сөзі – кездеседі [3].

Ғалым Ә.Құрышжановтың еңбегінде, орта ғасырдағы «Китаби – меджумчи» жазба ескерткіштерінің сөздігін жасай отырып, «ҚЫЗ» сөзін осы жазба жәдігерлікте кездестіреді. Одан **ҚЫЗ** – *дочь,девушка*; **ҚЫЗ ОҒЛАН** – *девушка*; **ҚЫЗ-қарындаш** – *сестра* мағынасында, яғни қазіргі қазақ тіліндегі «ҚЫЗ» сөзінің мағынасының өзгермеген қалпында пайдаланғанын көруге болады [4].

XIV-XVI ғасырдың орта кезеңіне дейін бірнеше ғасырды қамтитын энциклопедиялық сипаттағы «Тарих-и Рашиди» еңбегінде «ҚЫЗ», «ару», «ханым», «бегім» деген мағыналар берілгенін кездестіруге болады [5].

Қазақ Совет Энциклопедиясында «ҚЫЗ» – Алькор жұлдызының қазақша атауы деп берілген. Бүгінде «ҚЫЗ» сөзімен қосарланып, «қыз-қырқын», яғни «қыз балалар» мағынасын береді. Жалпы қазіргі қазақ тілінде «ҚЫЗ» сөзінің мынадай мағыналары бар:

1. Әйел бала, сәби.
2. Күйеуге тимеген бойжеткен.
3. Жігіттің көңіл қосқалы жүрген адамы, қалыңдығы.

Ал, «ҚЫЗ» сөзінің жыныстық – логикалық қарама-қарсылық мағынасын қарастырсақ: Қыз – жігіт, Қыз бала – ұл бала [6].

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «ҚЫЗ» – 1.*Ұрғашы жынысты сәби. әйел бала. Әйел-тапты.* 2.*Балиғатқа толған қыз бала; бойжеткен.*

«ҚЫЗ» сөзінің этимологиясын әрі қарай қарастырсақ, «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» атты тарихи еңбекте «ҚЫЗ» (гиасы) – «ханша» дегеннің орнына қолданылатын сөз. Ежелден хан-патша, тегі-тектілердің қыздары «ҚЫЗ» деп аталып, қара халықтың қыздары «қырқын» делінген» – деп анықтама береді [7].

Бүгінгі күнде нәзік жыныстылардың бәріне жалпы атауға айналған «ҚЫЗ» ұғымы, халықтың өз ұрпағын жақсы болса екен, патшалардың қызындай сыйлы да құрметті болса екен деген асыл арманының айғағы болса керек.

Халқымыздың арғы тарихына үніліп, әлеуметтік тұрғыдағы ой-тұжырымдарына барлау жасасақ, қыз балаларға құрметпен қарауға айрықша мән бергенін байқаймыз. Қазақ халқы өз ұрпағын, оның ішінде қыз бойында адамгершілік, ізгілік, инабаттылық, имандылық сияқты қасиеттерді қалыптастыруды және олардың болуын ежелден-ақ өзінің басты мақсаты етіп қойған. Ата-бабаларымыз жазу-сызудың кем соғып жатқан шағында, көшіп-қонып жүріп-ақ ұрпақ қамын, оның болашағын жан-жақты ойластырған. Халқымыздың мәңгілік мұрасын сарыла зерттеп, тамсана жазғандар көп болғаны тарихтан белгілі. Ата-бабаларымыз қалыптастырып, халқымыздың бұлжымас тіршілік заңына айналған сол ғажап салт-дәстүрімізді ерте заманда-ақ өзінің мәнділігімен, озық үлгісімен қыз баласын тәрбиелеуде таптырмайтын үлгі-өнеге, әдіс-тәсілдер мол.

Демек, тәрбие беру ісінде қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған бай тәжірибесінің мәні тереңде жатыр. Ғұлама ғалымдар, шешендер мен билер, ақын-жыраулар мен сал-серілердің өзіндік сара жолдары болғанын, олардың шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері мен өнегелі істері бүгінгі қыз баланың рухани-мәдени жетілуіне, саналы, білімді, мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпалы зор.

Сақ әйелдері қоғамда өте сыйлы болумен қатар, олар қоғамдық өмірдің барлық салаларына, тіпті соғыс шайқастарына да ерлермен бірдей белсене қатынасып, ерлік көрсетіп отырғандығы мәлім. Әйелдерге деген қарым-қатынас – құрметтеу, қастерлеу негізінде жүзеге асып отырған. Үйге кірген ұл ең әуелі анасына, содан кейін ғана барып әкесіне иіліп тағзым еткен. Тіпті кейбір сақ әйелдерін тайпа көсемі етіп сайлаған. Ежелгі деректердің бірінде сақтардың үйленуі туралы «егер сақ жігіті бір қызға үйленгісі келсе, онымен әуелі күш сынасуы керек болған. Қыз жеңсе, жігіт оның тұтқыны болып есептеліп, оған толық тәуелді болса, тек жеңген жігіт қана өз билігін жүргізе алатын болған». Сондай-ақ тайпа өміріндегі маңызды оқиғаларды қарайтын халық жиналысына ерлермен бірге әйелдер де қатысуға құқылы болған. Осы жайлы грек тарихшысы Ктесий сақ әйелдеріне берген

мінездемесінде, олардың ержүректігін, соғыс қаупі төнгенде ерлеріне көмек көрсететініне көз жеткізе отырып, батыл тұжырым жасайды [8].

Қазақ халқында әйел-анаға байланысты атаулар көп кездеседі. Осының дәлелі ретінде Қойшығара Салғараұлының «Түрік әлемі» еңбегінде: «Ата-бабасының бар ғұмыры төрт түліктің қамымен жайылымның сонысын, судың тұнығын сағалап, кең даласын еркін шарлаумен өткен қазақтардың жер-су қадірін бір халықтай-ақ білетініне ешкімнің күмәні болмаса керек». «Жер-ана», «Су-ана» деп ардақтауының өзі-ақ олардың жер-суға деген құрметінің қандай екеніне кепілдік беріп тұрғандай. Сондай-ақ жер мен суға қатысты әр атауды образға бөлеп, поэзияға айналдырып, мысалы, көлін – «Саумал», өзенін – «Аягөз», жотасын – «Қызбел», тауын – «Келіншек», шоқысын – «Қыземшек», ... деп атау да сол зор махаббаттың белгісі екені аян. Міне, әйел-анаға деген құрмет, қастерлеу тек қазаққа ғана тән екендігі тарихтан белгілі болды [9.236].

X-XII ғасырларда көшпелі және отырықшы жұрттың идеологиясында ислам әрі тарай бастады, алайда олардың өмірінде ежелгі діни ұстанымдары бұрынғысынша елеулі орын алды. Олар Көкке «Тәңірге» табынғанын, бабалар әруағына сыйынғанын жоғарыда байқадық. Көне заманнан бізге жеткен, талай ұрпақтардың зираты ежелгі Таразда көптеп кездеседі. Олар жайлы неше түрлі аңыз-әңгімелер бар. Соның бірі де, бірегейі Айша-бибі кесенесі – махаббаттың бесігіндей. Сол аңыздардың бірінде, Шаш түбінде әскери әзірліктің бірінде ақылды да, көрікті, сұлу - ару қыз Айша бибі Тараздан келген жас батыр Қараханның өнеріне ғашық болады. Жігіт те қызды ұнатады. Бірін-бірі ұнатқан екі жас бас қосып, өмірлік серік болуға уағдаласады. Осы кезде еліне жау шапқан Қарахан еліне аттанып, хабарсыз кетеді. Бұған алаңдаған Айша бибі әкесінен рұқсат сұрап, күйеу жігіттің аулына аттанады. Бірақ қыз әкесі рұқсатын бермейді. Үш рет әкесінің алдынан өтіп, көңілі қалған Айша бибі 40 қыз, өзінің күтушісі Бабажы қатынды ертіп Қараханның еліне аттанады. Ел шетіне жақындағанда дем алмақшы болып, су бойына тоқтап жуынады. Сәукелесінің ішінде қалып кеткен улы жылан Айшаны шағып алады. Қыздардың хабарын естіген Қарахан да жетеді. Бірақ Айша тілге келмейді. Уәдесіне берік, таза пәк, арумен о дүниеде бірге боламын деген үмітпен некесін қидырып, қыз Айша - Айша бибі деген атқа ие болады. Қарахан соңғы демі өзінің қолында шыққан Айша бибіні арулап қойып, оның қабірінің үстіне күмбез тұрғыздырады. Халық Айша бибіні әулие санатына санап, оған сыйынады. Жас жұбайлар оған тағзым етпей кетпейді [10].

Міне, қазақ қызының өр мінездігі, еркіндігі, қысымшылық көрмеуі, қызға деген ата-ананың кеңпейілділігін осы шығармадан байқауға болады.

Осылайша педагогика тарихы мен бүгінгі заман педагогикасын бір-бірінен бөлек қарастырмай, керісінше, оларды бір-бірінен бөліп алғысыз сабақтастықта, бірлікте, тұтастықта қарастыру болды. Осы тұрғыдан алып қарағанда біздің сөз еткелі отырған қыз тәрбиесінің бүгінгі бейнесі мен қоғам талаптары тарапынан қойылып отырған сұраныс сол қоғамның белгілі бір даму кезеңінде, яғни IX-XII ғасырлардан жалғасын тапқан қыз тәрбиесінің қалыптасуы мен тарихи-педагогикалық үрдістеріндегі үздіксіз дамуының жалғасы іспетті болмақ [11, 27бет].

Шығыс әйелдерінің патшайымы Тұрқан қатын, Шыңғыс ханды бұлтартпаған қоңырат қызы Бөрте ханым, Низами ғашық болып жыр арнаған қыпшақ қызы Әппақ сұлу, бүкіл Ұлы жүздің ұлы анасы Домалақ ананың, Найман елінің текті анасы Ақсұлудың қасиетті есімдерін білмейтін қазақ жоқ. Сол сияқты Ақсақ Темірді тезге салған белгісіз ана, Әз-Жәнібекті ақылмен тоқтатқан Қарашаш, күдіретті Құнанбайды қаймықтырған анасы Зере, ру атын алған Қарқабат, Дәулетбике, Ақбикеш сынды терең ойлы, батыл да батыр мінезді қазақ әйелдері көп болған. Олардың бірсыпырасы қиын кезеңде ер-азаматтармен бірге қолына қару алып, жауға аттанды.

Көшпелілер қоғамының ғасырлар бойы берік қалыптасқан моралдық-этикалық нормасы, өзіндік тағылымы бар. Бірге ертіп жүріп ел танытып, ой мен тілді қатар ұстартып Ата немересін тәрбиелесе, Әже тұлымшағы желбіреген немере қызының тәрбиесіне жауапты болғандығы көрінеді. Қыз бала тәрбиесіндегі әдістердің түрлеріне зер салсақ: түсіндіріп,

иландырып, үлгі көрсету әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып қауымдастықтағы әйелдер қыз баласына тәрбие беруден қағыс қалмаған. Әжелер, Шешелер, Аналар, Апалар, Жеңгелер даланың жазылмаған заңы бойынша жүктелген әлеуметтік міндеттен: «пәк те көргенді қызды тәрбиелеп бойжеткізу»- борышынан қол үзбеген. Бұл олар үшін өте жауапты да абыройлы іс болып есептелген. Сонымен қатар әйел қауымының ер баланы тәрбиелеу ісінде де бағыт беріп толықтырып отырар тұстары көп болған. Ананың бұл еңбегін бағалауда “ананың ақ сүтін ақтау” моралдық тұрғыдан ең қасиетті ұғым болып қалыптасқан. Егер ұрпақ тәрбиелеуде еңбектерінің, төккен терінің жемісін көре қалса оны әйел Тәңірісі Ұмай-Анаға теліген. Ұмай-Анаға телігені - бүкіл Анаға тағзым еткені. “Күлтегін” ескерткіштерінде де осы сарын анық байқалады.

Ежелгі Түркі әйелдерінің хәл-ахуалы жайлы мағлұматтарын жинақтай келіп Л.Гумилев “Көне түріктер” еңбегінде: “Түріктер әйелдерді сал-серілердей әдейі қатты құрметтейді. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында ордада апа-қарындастары қалып қойып, оларға ажал қауып төнгенде Күлтегіннің оны жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады” - дейді [12,350б].

Міне, осылай қан-жойқын ұрыста ойсырай жеңілгенімен, ол өзінің ақыл-парасаты, әйел баласының бойына берілген қамқорлық қасиетінің арқасында қалған адамдардың өмірін сақтап қалуға тырысқандығына көз жеткізіп отырмыз. Осы тұрғыдан алғанда біз өткен ғасырлардағы қыз тәрбиесінің теориясы мен тәжірибесінің дамуын танып біле отырып, бүгінгі күннің және болашақтағы қыз тәрбиесінің мәселелері өзара байланыстылығын анықтадық. Өйткені, бұл ой-тұжырымдар бізге бүгінгі өркениеттілік пен ондағы мәдениетті қалыптастыруда адамзат қоғамында жинақталған тәжірибеден бас тартпай, керісінше, бізге оның құнды идеяларын бүгінгі күннің қажетіне жаратуды міндеттейді.

Біз өткен ғасырлардағы қыз тәрбиесі тәжірибесінің дамуын танып біле отырып, бүгінгі күннің және болашақтағы қыз тәрбиесінің мәселелері жайлы сабақтастық бар екендігін байқадық. Қыз тәрбиесінің қазіргі кезеңдегі ғылыми педагогикалық мәні, оған жаңаша қарауды қажет етеді. Осы мақсатта бұрынғы жұмыс әдістері мен формаларын өзгертіп, жетілдірген жөн. Ол қыз балаларды қазіргі жағдайларға байланысты тәрбиелеудегі әлеуметтік тапсырыстардың өзекті міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін, сыныптан тыс жұмыстарда, басқа да тәрбие түрлерінде, жалпы педагогикалық үдерістері мен өзара қарым-қатынаста кешенді түрде жүргізудің қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен, жаңару қоғамындағы әйелдер құқығының толық қорғалғандығы, қыздарымыздың қазіргі кезде саяси үрдіске белсенді қатынасуы және олардың орны ерекше екендігін көруге болады. Демек, қазақ халық педагогикасында қалыптасқан қыз тәрбиесі мағынасының кеңеюі бүгінгі қыздарымызды ұлттық рухта тәрбиелеудің негізгі құрамына айналып отыр. Қазақ халқының осындай көне ғасырлардан жалғасын тауып келе жатқан тарихи, әлеуметтік жағдайы – ғылым мен білім, тарих пен мәдениеттің, ұлттың қыздарды тәрбиелеу салаларының қалыптасуына зор септігін тигізіп отыр. Қазіргі ұлтымыздың қайта өрлеу мен дүниежүзілік жаһандануы, ғарышты игеру заманында, халық педагогикасы мен ұлттық психологияның негізгі қағидаларына сүйене отырып, бүгінгі қазақ халқының дәстүрлі тәрбиесін қыздар тәрбиесінде қолдану қажеттілігі туындап отыр. Демек, қыздарды тәрбиелеудің жаңару қоғамында қажеттілігі мен бүгінгі қыздарды қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлеріне жаңалық енгізе отырып тәрбиелеудің шешімін табу болып отыр.

Демек, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне сай қашан да қыз бала тәрбиесіне деген қатынас аса үлкен жауапкершілікті талап етіп келген. Өйткені, қыз баласы - болашақ ана, әулеттің абыройы әрі өрісі ретінде қарастырылып, бүкіл жақсылық атаулысы сол қыз баласының қылығымен, тәрбиесімен ұштастырылғанын анықтадық.

Бүгінгі күні қыздарымызды қазақ халқының ұлттық дәстүрлері негізінде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туындады. Мұндай жағдайда қыз балаларымызды өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрып дәстүрлерімен тереңірек танысу қажеттігі бірінші орында тұрады. Өйткені, өз халқының ұлттық ерекшеліктерін

сезбей, басқа халықтың өзіне тән ерекшеліктерімен салыстырмай, бағаламай өз рухани байлығын арттыру мүмкін емес. Тәрбиені ұйымдастырудағы сыртқы ұқсастықтарға қарап, тәрбие барлық халықтар үшін біртұтас деп айтуға себеп болмайды деген заңдылық осыдан туындайды.

Тарихымыздың әлеуметтік педагогикалық тағылымдарын зерделей келе, қыздарды тәрбиелеуде қазақ халқының өзіндік ұстанымы, талаптары, әдістері мен әдістемелері болғаны анық. Өз алдына оқулық болып қалдырылмағанымен, оны халық тағылымдарынан, этномәдени құндылықтардан аңғара білу қиын емес.

Халықтық тәрбиенің арқауы, ұлттық тәрбиенің негізі – фольклор, ауыз әдебиеті мен халықтық салт-дәстүрлерге ерекше мән берген. Қыздарымызды жан-жақты қабілетті етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиесі орасан зор. Салт-дәстүрлер халықтардың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзгеріп отырады.

Белгілі ғалым- филолог Ақселеу Сейдімбек: «Әйел баласы үн-түнсіз бір ұрпақтан екінші ұрпаққа мәдениетті табыс етеді. Тал бесікке сүйеніп отырып, ұрпағының бойына ең асыл қасиетін әйел-ана дарытады. Халықтық қасиетті ұрпақ бойына дарытуда әйел-анамен байдың дәулеті де, патшаның жарлығы да, батырдың найзасы да өрелесе алмайды» - десе,

Әрбір ұзатылған қыз өзі шыққан ортаның тілін, дәстүрін, ән-күйін, аңыз-әңгімесін, колөнерін, тағам дайындау тәсілін, моралдық-этикалық нормаларын т.б. келін болып түскен ортаға дарытып отырған – дегенді айтады [13,4016].

Бұл ретте, қазақ халқы өзінің этномәдени тұтастығы үшін ең алдымен қыздарына қарыздар,- деген ой-тұжырымы қазақ қызының салт-дәстүрін, ұлттық мәдени тұтастығын сақтап келе жатқандығына дәлел болады.

Халқымыз «Бала тәрбиесі – бесіктен басталады» дейді. Сондықтан үздіксіз білім беру жүйесінде қыздардың ұлттық келбетін қалыптастыру жұмысы жалғасын табуы қажет. Оның өзі ана тілін білу, үйрену арқылы жүзеге асырылады. Өйткені ана тілі арқылы ғана адам өз халқының мәдениетіне, тарихына, дәстүріне ұмтылады, ұлттық мінез-құлық пен ой-қабілет ерекшелігін бойына сіңіреді. Демек, қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы болашақта қазақ қызының ұлттық келбетін сақтау және оның уақыт пен кеңістігіне үндес дамып отыру үдерісін тарихи сананың негізінде іске асыру керек.

Олай дейтініміз, қазақ қызы өзінің ұлттық салт-дәстүрін терең білмей, келешек ұрпақтың тамырына балта шабатыны белгілі. Бұған дәлел ел басы Н.Ә.Назарбаевтың: «Тамыры жоқ болашақ ұрпақ, ұлттық сипатты жойып, дүбәралық күйге ұшыратады»- деген [14] философиялық түйінінен байқаймыз және бұл ой осыған дәлел. Әлбетте, ұлттық тәрбиенің тамыры тереңде екені белгілі.

Осыған дәлел ретінде біз өзіміздің тәжірибемізбен бөлісуді жөн көрдік. Қазақ халық педагогикасында қыздарды тәрбиелеу мәселесіне байланысты үздіксіз білім беру жүйесіне «Қазақ халық педагогикасының дәстүрлі қыздар тәрбиесі түрлерін отбасында пайдалану» бағдарламасы, «Қазақ қызының тәрбиесі – ұлт болашағы» бағдарламасы мектепке дейінгі мекемеде, «Ақ моншақ» орталығы мектептен тыс мекемеде, «Қазақ халық педагогикасының дәстүрлі қыздар тәрбиесі» бағдарламасы, Тараз қаласындағы ЖОО бакалаврлар, магистранттар үшін "Қыздарды тәрбиелеудің дәстүрлі әдістері" арнайы курсы 2010 жылдан бастап оқытылып келеді. Сонымен қатар, автордың 3 оқу құралы, 35 оқу-әдістемелік құралдары білім беру мекемелерінде мына өзгермелі заманға лайықталып оқытып, ұрпақ игілігіне айналдырудамыз.

Библиографиялық тізім:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. <http://www.akorda.kz/>
2. Халидов А.Б. Словари Исхака әл-Фараби и Махмуда әл-Кашгари (из истории лексикографии в Средней Азии X-XI вв.)- Письменные памятники и проблемы истории культуры народов востока: Москва, 1987. - Ч.4. - 315 б.

3. Ибатов А. Құтбтың Хұсрау уа Шірін поэмасының сөздігі. ХІҮҒ. - Алматы, 2011. – 142б.
4. Құрышжанов А. Исследование по лексике тюркско-арабского словаря. Алматы, 1987. - 161с.
5. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. –Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. - 616б.
6. Қазақ совет энциклопедиясы [Текст]. - Алматы: Қазақ Совет энцикл. бас ред., 1972 - . Т.1 : А-Аяпов: энциклопедия / ред. М. Қ. Қаратаев. - 1972. - 648 с
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Мәтін] : Он бес томдық ; сөздікті құраст.: Қ. Күдерина; ҚР Білім және ғылым министрлігі, А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты .- Алматы : Арыс, 2007 .– 8-том . К - Қ– 744 б.
8. Қазақтың көне тарихы \Дайындаған Қани М. – Алматы:Жалын. 1993.-400б.
9. Салғараұлы Қ. Түрік әлемі: Тарихты қайта пайымдау. - Астана: Елорда.-2000. -476б.
10. Тараз.Жамбыл облысы: Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. ЖАҚ-ы, 2003. - 576б.
11. Сарыбекова Ж.Т. Қыздар тәрбиесі. Оқу құралы. - Алматы: 2015. - 273 б.
12. Гумилев Л. «Көне түріктер»: көпшілік оқырман қауымға арналған. -Алматы: Білім, 1994. - 480б.
13. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау: Оқу құралы.- Алматы, «Санат».- 1997. - 464б.
14. Назарбаев Н. А. Историческая память, национальное согласие и демократические реформы – гражданский выбор Казахстана: доклад на IV сессии Ассамблеи народов Казахстана. // Казахстанская правда. – 1997. – 7 июня.

ӘЙЕЛДЕР ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ КЕЛБЕТІ

Нурмукашева С.Қ.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауым.профессор
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
nurmukasheva.s@mail.ru*

Әйел - аналар психологиясы туралы сөз қозғау әрі оңай, әрі қиын, күрделі өзекті психологиялық проблема. Психологиялық тұрғыда ерлермен салыстырғанда әйелдердің көңіл-күйін, сезім әлемін, ішкі жан дүниесін, оның мінез-құлқын, тәрбиесін түсіну қат-қабат, шытырман да күрделі. Демек, әйел психологиясы көп жақты, көп қырлы, әйелге тән жеке тұлғалық сапаларды, психикалық қасиеттер мен психикалық танымдық процестерін бірден байқап оны анықтау қиын. Әйел психологиясына байланысты барлық проблеманы зерттеу қажеттілігі бүгінгі психолог ғалымдардың кезек күтірмейтін өзекті мәселерінің бірі.

Адам жанын терең зерттейтін психология ғылымы бүгінде «Заң психологиясы», «Саяси психология», «Медициналық психология», «Педагогикалық психология», «Экономикалық психология», «Бизнес психологиясы» т.б. психология салаларына бөлінеді.

1998 жылдан бері Қазақстан мемлекеті гендерлік саясатқа ерекше мән берді. Осы кезеңде Қазақстанда психологияның тағы бір саласы «Гендерлік психология» өмірге келді. Гендер сөзі ағылшынның «Gender» оның қазақша мағынасы жыныс (еркек, әйел) дегенді білдіреді.

Гендерлік психология бұл адамдардың жыныстық тәнділігіне байланысты әлеуметтік мінез-құлқын детерминациялаушы, тұлғаның гендерлік сипатын зерттеуші психологияның бір бөлімі.

Жалпы философия, психология тарихына үңілсек гендерлік зерттеулердің негізі антикалық заманнан грек ойшылдары Платон, Аристотель есімдерімен байланысты. Өйткені грек тілінде ген-әйел, ал андрос-ер адам. Демек, антикалық дәуірде этникалық жағдайларға,

халықтардың орналасу мекен жайына қарай, әйелді ерлермен салыстыра отырып қарастырған. Мәселен, Аристотель (б.э.д. 384-322) өзінің әйелдер туралы көзқарасы бойынша «ер адам мен әйел адам тең емес, әйел балаға өз денесін берді» - деп тұжырым жасаған [1].

Кейіннен ағылшын ғалымы, генетиканың негізін салушылардың бірі Томас Хант Морган (1866-1945) өзінің Алтын кітап еңбегінде мемлекетің саясатын сипаттай отырып, ер адамдар мен әйел адамдардың арасында айырмашылық жоқ деп көрсеткен [2].

Францияның ағартушысы, жазушы Жан-Жак Руссо (1712 - 1778) әйелдер туралы аффоризмдерінде әйел мен ер адамның қылықтарының әр түрлілігін сипаттайды. Автордың пайымдауынша әйел мен ер адамдардың айырмашылығы биологиялық жағында деп көрсете келе, «Царство женщины - это царство нежности, тонкости и терпимости [3].

Неміс философы Иммануил Кант (1724-1804) әйел мен ер адамның психологиясын талдап, оларды бір-бірінен мінезіне қарай айырып, әйелдер туралы былай деген «Женщины очень участливы, добросердечны и сострадательны, прекрасное они предпочитают полезному»[4].

Екінші бір неміс философы Артур Шопенгауэр (1788-1860) психикалық процесстерді негізге алып, ер адамдарға абстрактілік, ал әйел адамдарға нақтылық тән қасиет дей келе, бала бұл әйел мен ер адамдардың арасындағы күштарлық пен махаббат нәтижесінде пайда болады деп тұжырымдаған [5].

Р.Столлер, гендер категориясын, жынысқа байланысты белгілеу үшін, оны жеке тұлғалық және мінез-құлық сипаттарының әлеуметтік тұлғааралық қатынастарының контекстінде пайда болғанда ғана қолдануды ұсынған[6]. «Гендер» грамматикалық термин бойынша «рөлдік белгі» еркек пен әйел сипатының онтологиялық емес, контекстуалдық маңыздылығын білдіреді.

XX-ғасырдың бірінші жартысында гендерлік психология феминизм бағыттары бойынша түсіндірілді. Феминизм фемина-әйел деген мағананы білдіреді. Мәдени феминизмді жақтаушылар әйел адам ер адамға қарағанда табиғи жағынан күштілігімен ажыратылады, егер әйел билікте болса, олар әділетті болады, соғыс, экологиялық апаттар орын алмайды деген көз-қарасты ұстайды.

1998жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясына (келісіміне) қосылғаннан кейін, БҰҰ-ның «Әйелдердің саяси құқығы туралы», «Тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы» конвенция, Халықаралық еңбекті ұйымдастырудың алты конвенциясы, оның ішінде «Бірдей еңбек еткені үшін ерлер мен әйелдерді тең марапаттау туралы» конвенциялар бекітілді [7].

Қазақстан мемлекеті тәуелсіздік алғаннан бері қарай, гендерлік саясатқа ерекше көңіл бөліп келеді. Бүгінде елімізде гендерлік саясат өзекті мәселелердің бірі болып қалуда. Осы мәселеге байланысты жүргізіліп жатқан түрлі шаралар, семинар, конференциялар гендерлік саясат жұмысының айғағы.

Гендірлік психологияның зерттеу пәні психикалық ерекшеліктер болғандықтан, бұл пән әйелдер мен ер адамдарды салыстыру, әйелдер психологиясы, ер адам психологиясы, гендерлік әлеуметтену, гендерлік қарым-қатынас психологиясын қарастырады. Кейбір ЖОО-ры білім беру бағдарламасына гендірлік психология пәні енгізілгендіктен бұл пән оқытылуда.

Біз өз мақаламызда гердірлік психологияның бірі бағыты мәдени феминизм бағытын негізге алып, әйелдердің психологиясын оның психикалық ерекшеліктеріне сай сипаттауды мақсат етіп қойдық.

Бүгін Қазақстан мемлекеті әйел аналарға кең жол ашып, оларға қолдау көрсетіп, материалдық-әлеуметтік жағдайды жақсартуда. Соған орайәйелдердің қоғамдағы рөлін психологиялық тұрғыдан талдайтын болсақ, онда әйелдерді психикалық ерекшеліктеріне қарай, оларды бірнеше топтарға бөлуге болады:

1-ші топты құрайтындар әйелдер мемлекеттік жоғары билік қызметінде, бизнес, экономика, білім беру, құрлыс, жеңіл өнеркәсіп өзгеде салаларда қызмет атқарып, қоғамдық рөлі зор әйелдер қауымын атауға болады.

Демек, бұл топтың әйелдері Қазақстанның экономикалық дамуына, саяси сауаттануына және басқа салалардың ілгері жылжуына өзіндік үлесі бар. Тарихи деректерді негізге алсақ, 2006 жылы ҚР Парламентінің Мәжілісі құрамының он пайызын әйелдер құраса, қазіргі көрсеткіш 27,1%-ға жетіп отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі 2013 жылы «Әйелдер – ең үздік саясаткерлер» деп баға берген болатын [8] Бұл бағытта Гүлшара Әбдіқалықованың, Күляш Шамшидинованың т.б. қоғам қайраткерлерінің есімдерін ерекше атауға болады.

2-ші топты құрайтындар қайсар, батыл, ержүрек, табанды әйелдер. Қазақ әйелдерінің қайсарлығы, бұл қазақ қыздарының етіне сіңген қанмен атадан балаға берілген биологиялық фактор.

Әйел аналардың бойында қан арқылы атадан-балаға берілетін психологиялық нышандардың бірі шыдамдылық, қайсарлық, түзімділік т.б. Сөзімізді дәлелдеу үшін, тарихшылардың зерттеулеріне сүйенсек, қоғам дамуының түрлі кезеңінде жауға қарсы қол бастаған немесе мемлекет басқарып, елдің азаттығы жолында күрескен батыр әйел аналар, қыздар аз болған жоқ. Мәселен, өз ұлтымызда сактың ержүрек қыздары Томирис пен Заринаның есімдерін атасақ, Қабанбай батырдың жары Гаухардың жоңғар шапқыншылығы кезінде ерлігі мен тапқырлығы, Шоқан Уәлихановтың ақылды, елді ақылмен басқарған әжесі Айғаным анамызды, ерлік істерімен бүгінгі ұрпаққа үлгі өнеге болған Әлия мен Мәншүк, Хиуаз апаларымыздың есімдерін бүгінде мақтанышпен еске аламыз. Олай болса әйел аналардың бойындағы психологиялық ерік-жігер сапалардың бірі қайсарлық пен төзімділік, қайрат пен жігер, биік рух, әйел аналарға табиғаттынан берілген сый. Аталмыш әйел аналардың ерлік істерін, олардың жеке даралық ерекшеліктерін пір тұтып, оны идеал ретінде үлгі өнеге тұтатын жастарбүгінде баршылық.

3-топқа жататын әйел аналар бұл ардақты көп балалы аналар. Өмірге әкелген балаға өз ата бабасының бойындағы жақсы қасиеттерді дарытушы әйел ана. Әйел ана өмірді жалғастырушы, ер азаматтардың ақшысы, отбасының ұйтқысы, балалардың тәрбиеші. Ерік-жігері күшті әйел-аналар өз отбасының жағдайын ішкі жан дүнесімен сезініп, оған қайғырып, күйзеліп, қайткен күнде жанұя жағдайын жақсартам деп бар күшін салып, оның жолдарын іздеп, қазақша айтқанда басын тасқа да, тауға да ұрып жүрген әйел-аналар қаншама. Оны өзіміз күнделікті өмірде көріп те, естіп те жүрміз.

4-қалыпты тіршіліктен ауытқып, құқық бұзушы әйелдер. Қоғам өмірінің түбегейлі өзгеріп жатқан қазіргі заманда, әйелдердің қалыпты тіршілік ағымынан ауытқуы жиі кездесетін құбылысқа айнылып отыр. Әйел аналардың, қыз-келшектердің психологиясы мен олардың келбеті қазіргі қоғам дамуына сай келмей отырғаны өкінішті жағдай.

Бүгін әйелдер тарапынан жасалып отырған жан түршігерлік қылмыстық әрекеттің түрлерін жасаушы әйелдердің өзіне тән психикалық ерекшеліктері, олар зұлым, зымиян, көлгірсейтін, көрсеқызар, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүретін, жеңілтектік әйелдер.Баспасөз және ақпарат құралдары беріп жатқан деректердің мәліметтерін негізге алсақ, онда шындығында әйелдердің 20-30 % ана, әйел, қыз, келін, апа, тіпті әже деген ардақты әрі қасиетті есімдерді сақтай алмай оған дақ түсіріп отыр.

Әйелдер тарапынан жасалып жатқан түрлі қылмыстық әрекеттердің бірі, әйел ананың өз сәбиін өлтіруі. Әйелдердің өз бойына біткен баласын өлтіруі қазақ әйелдерінің психологиясына жат қылық. Қазақ халқында «Өлімнен ұят күшті», -деген сөз бар. Бұл әсіресе қазақ отбасы үшін ең басты өлшем. Өйткені қыз баланың абыройының төгілуі бұл бүкіл әулеттің, рудың абыройының төгілмен бірдей. Сондықтанда қыздардың бұл ісі өліммен тең. Әйел аналардың, қыз-келіншектердің адам жаннын түршіктіретін қылмыстық әрекеттер бүкіл адамзат баласын толғандырып, ойландырады.

Әйелдердің қылмыстық әрекеттерін тудыратын психологиялық мән-жайлар сан қырлы және оған түрткі болатын мотивтер мен жағдайлар да әралуан. Сайып келгенде өмірдің және тұрмыстың тауқыметі, жеке бастың қиыншылықтары т.б. жағдайлар әйелдердің

психологиясын бұзып, әйелдердің адамға, қоғамға, өмірге, жарына, балаға, отбасына деген дұрыс адами көзқарасы, әйелдердің қылықтары, жүріс-тұрыс ережелерін сақтамауы, сөзінің ойының бұзылуына әкеледі. Әйел аналардың, қыз келіншектердің теріс әрекеттеріне жол бермеу гендерлік психология ғылымының басты міндеттерінің бірі болуы тиіс.

5-ші мінез-құлқының теріс жақтарымен ерекшеленетін әйелдер. Өз отбасындағы тұрмыстық-әлеуметтік қиындықты көтере алмай психикасы тез бұзылғыш, өмір жақсы болады деген сенімнен айырылған, үрейлі, әртүрлі хабарларға сенгіш, отбасын алдын-ала дүрліктіріп, өз проблемасын ақыл-оймен шеше алмайтын мінез-құлқы өзгермелі әйелдер.

Теріс мінез құлықпен ерекшеленетін әйелдер психологиясының екінші жағы, күнделікті өмірде, іс-әрекетте өтірігімен, қызғанышымен, екі жүзділігімен арам пиғылымен, мінезінің аумалы-төкпелігімен құбылып тұратын әйелдер де баршылық.

Әйел аналардың, қыз-келіншектердің психологиясы олардың мінез-құлқының қалыптасуымен сипатталады. Біздің қоғамызда үлгі тұтатын, мінезі жайсаң қаншама әйелдердің бар екенін өмірде кездесіп те, көріп те жүрміз.

6-топты құрайтын әйел аналар дау-дамайға жиі баруымен ерекшеленеді. Бұндай әйелдер ұрысқақтығымен, өзін-өзі ұстай аламаушылығымен сипатталады. Сондай-ақ өмірдің тауқыметін, отбасындағы жеке түрлі проблемаларын шеше алмай, онымен күресуге не одан шығатын жолдарды таба алмай дәрменсіздік көрсететін әйелдердің бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

7-топтың әйелдері жағымсыз сезімдерге тез берілгіш, ерік-жігері жоқ әйелдер. Әйелдердің сезімінің, ерік-жігерінің жоқтығы дегеніміз - қиындықты шешуде ұстамдылық, төзімділік, қайсарлық, батылдылық көрсете алмауы.

Әйелдерді психологиялық жағынан зерделей келе, айтарымыз әйел-аналардың, қыз келіншектердің психологиясының қалыптасуы әйел өмірінде маңызды рөл атқарады. Әйел психологиясының қалыптасуы әрине тәрбиеге, отбасына, біліктілігіне, жеке тұлға ретінде қалыптасуына, қоғам, отбасы алдындағы борыш-парызына, адалдығына, әйел атты міндеттерді, қоғамдық істерді орындауына және өзге адамдарымен қарым-қатынастар жасауына байланысты.

Әйел аналар психологиясының түрліше болуының бір себебі әйелдердің жүйке жұмысының әлсіздігі. Жүйке жұмысының әлсіздігі дегеніміз - қозудың тежелу процесінен басымдылығын айтамыз. Үнемі қозу процесі басым әйелдер қандай жағдайда болмасын өзін ұстай алмайды. Соның салдарынан әйел аналардың бір тобы келеңсіз жағдайлар мен стресске ұшарап жатады.

Өмірдің және тұрмыстың тауқыметі, жеке бастың қиыншылықтары т.б. жағдайлар әйелдердің психологиясын бұзып, әйелдердің адамға, қоғамға, өмірге, жарына, балаға, отбасына деген дұрыс адами көзқарасы өзгеріп, әйелдердің қылықтары, жүріс-тұрысы, сөзі, ойы бұзылуы күрделі психологиялық проблема. Психикасы әлсіз, психологиясы өзгерген, өзіне, өзгеге деген сенімін жоғатқан әйелдермен психопрофилактикалық, психологиялық кеңес беру, психокоррекциялық жұмыстар жүйелі жүргізілсе, әйелдер психологиясын қалыпты жағдайға түсіруге мүмкіндік бар. Әйелдер психологиясын олардың жеке дара психикалық ерекшеліктерін диагностикалау гендерлік психологияның өзекті мәселелерінің бірі.

Библиографиялық тізім:

1. Декина Е. А. Женщины и литература: от античности до XIX века // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2015. – Т. 13. – С. 1116–1120. – URL: <http://e-koncept.ru/2015/85224.htm>.

2. Морган Томас Хант. Его биография и научный вклад...// [revolution.allbest.ru](http://revolution.allbest.ru/Биология_и_естествознание/00504366_0.html) Биология и естествознание» 00504366_0.html

3. Руссо Ж.Ж. Раздел: Женщины. Все афоризмы о женщинах:// [/tema/woman/Jean Jacques_Rousseau.html](http://tema/woman/Jean_Jacques_Rousseau.html)

4. Иммануил Кант о женщинах:// citater.ru/author/153/3

5. Шопенгауэр Артур "О женщинах"//rulit.me>books/o-zhenshchinah-read-295723-1.html
6. Берн Ш. Гендерная психология [Электронный ресурс] : [электрон. книга] / Шон Берн. –Электрон. дан. – М.: Прайм-Еврознак, 2004. - 320 стр. – Режим доступа: <http://www.smolsoc.ru/index.php/home/> – Дата обращения: 01.04.2015.
7. 1998 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясы»: [https:// zakon.uchet.kz/ rus/search/zakon.uchet.kz/kaz/docs/Z980000248_](https://zakon.uchet.kz/rus/search/zakon.uchet.kz/kaz/docs/Z980000248_)
8. Ел өркендеуіне үлес қосқан нәзік жандылар отбасын да ұмытпасын!
<https://elana.kz/3191-2/>
9. Введение в гендерные исследования: Учеб. пособие / Под общ. ред. И.В. Костиковой. - М.: Аспект Пресс, 2005. - 255 с.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚЫЗДАР ТӘРБИЕСІ МӘСЕЛЕСІ

Сарыбекова Ж. Т.

*Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Тараз қ., Қазақстан Республикасы
zhanat.sarybekova@mail.ru*

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы - қоғам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болар тарихи бастама болды. Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Оның ең негізгісі ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу. Құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек», - екенін атап көрсетті.

«Президент рухани жаңғырудағы ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтуде екі нәрсенің басын нақты ашып берді. Оның бірі ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі, алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау», - деді [1].

Рухани жаңғыруды бағдар етіп ұстанғанда біздің қоғамға ең бірінші қажет құндылық – ол тәрбие мәселесі. Өйткені, қоғамымызды тәрбиесіздік мәселесі де аяқтан шала бастады. Оқу-сызуды білетін, озық ақпараттық технологияны меңгерген, сөйте тұра, тәрбиеден жұрдай, қай жағдайда болса да тек жеке басының пайдасын ең бірінші орынға қоятын жастар көбейді.

Сондықтан, тәрбие мәселесі қоғамымызда қайта көтерілуі керек. Тек сонда ғана біз бүгінгі заманның болмысына сай келмейтін батыстық жаңғыру үлгісін айналып өте аламыз. Нағыз тәрбиенің жарқын үлгілерін төл тарихымыздан, бабаларымыздың өмір салтынан көре алатынымыз анық.

Ұлттық тәрбиенің негізін қалаушы ғұлама ойшыл Тараздық Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» еңбегінің қыздардың ұлттық дүниетанымының дамып жетілуіне ықпал етуде маңызы ерекше. Бұл еңбек әңгіме-аңыз ретінде баяндалатын даналық сөз, өсиет, ғибрат дастаны XI ғасырда Ыстық көл, Жетісу, Қашғар өлкесінде болған шындыққа байланысты өрбітіледі. Бұл дастан саяси және ғибрат-өсиет-ақыл ретіндегі трактат, имандылыққа үндейтін, тәлім-тәрбие берерлік дидактикалық туынды. Онда жеке адамның өзін қоғамда, үй ішінде қалай ұстай білу керектігінен бастап, хандар мен бектердің өз қарамағындағы әрбір

қоғамдық топтарға қалай қарауға тиіс екендігін көрсеткен. Идеясы жағынан дастан имандылық, ізгілік рухында жазылған еңбек.

XI ғасырда өмір сүрген Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанының да қыздарды тәрбиелеуде берер кеңесі мол. Осы тұста ақын бұл дастанында үйлену мәселесіне аса бір жауаптылықпен қарауына бағыт береді.

Ж.Баласағұнның пайымдауынша, жақсы, ақылды әйелді табу да оған қол жеткізу де оңай емес. Сондықтан, өмірлік серік іздеуде ең алдымен, текті әулеттен, көргенді отбасынан болсын, өзі пәк, ұятты, мінезі жібектей, қылығы сүйкімді де ізгі болсын,- деп кеңес береді. Ұлы ғұламаның: «Қалыңдықты алу оңай. Той да оңай, табу қиын, осы жағын ойлағай», - деп айтып кеткеніндей, үйленуге қадам басқан шағында жар таңдауда жарға соғылмай, дұрыс шешіммен ойластырған абзал екендігін меңзейді. Өйткені, болашақ ұрпақ тәрбиесінің сәттілігі, отбасындағы түтіннің түзу шығуы, жар таңдауға тікелей байланысты.

Ж.Баласағұн қыз баланың тәрбиелілігін оның негізгі төрт түрлі белгісіне қарап тоқтамға келу керектігін көрсетеді. Ол қыздарды төрт негізгі топқа бөліп қарастырады (4485 бәйіт). Жігіттерге қыздардың төмендегідей белгілерінен сақ болуын айтады: *Ер жігітті адастырар көп себеп: бірі - күндей сұлулықты көксемек, енді бірі даңқтысын қалайды, үшіншісі - байлықты жар санайды,* - деп мұндай қыздарды өмірлік жар еткен жігіттің отбасылық өмірінің дұрыс жолға қойылмайтынын көрсетсе, *төртіншісі - бірін де ойға алмайды, ақ ниетті, әдептісін таңдайды,* - деп мұндай қыздардың ниетінің түзу, ертеңгі ұрпақ жалғастығын терең ойлайтынын, өмірлік серік болуға жарары осындай екендігін айтқан. Сонымен қатар, Ж.Баласағұн мұндай қыздарды жар болуға таңдамау керектігінің себебін көрсеткен. «*Бай келіншекте байға құрмет болмайды, бай бай емес, меншігім деп торлайды*», - деген өлең жолдарында ақын бай, дәулетті отбасынан шыққан қыздар ерін өз меншігім деп қарап, оған құрметпен қарамайтындығын, дүние - мүлікке көзі тұнып, тілі ызғарлы да, мінезінің өктемділігін айтса, текіден шыққан еркелер, жатып ішер мансапқорлардың тәрбиесін алған қыздардың да болашақта жар болуға жарамсыздығын былайша суреттеген: «*Еркетотай тәкәппары тектінің, менсіне ме безбіреудің тексізін*». Демек, мұндай отбасынан тәрбие алған қыздар ерлерін адам санатына да қоспайтынын, қашан да тәкәппарланып, асқақтай сөйлейтінін ескертеді. Қазақ халқындағы бай-шонжарлардың қыздарының жасауының байлығын және әйелдің отбасындағы орнының маңыздылығын айғақтайтын «*жасауы жақсы қыздың, күйеуі момын болады*», «*жақсы әйел жаман еркекті адам етеді, жаман әйел жақсы еркекті надан етеді*» деген мақалдың астары да осыны аңғартса керек.

Ғұлама ғалым сұлуға құмар ерлерге адам баласының сұлулығы тән сұлулығымен емес, жан сұлулығы арқылы өлшенетінін, ал құр тән сұлулығы ақыл-парасатсыз, үйлесімді мінез-құлықсыз адам баласын адасушылыққа алып келетінін де назардан тыс қалдырған жоқ. Осы тұста Ж.Баласағұн тәрбиелі үйдің қызының тағы бір ерекшелігі оның жібектей мінез-құлқының болуы екендігін: *қол тимеген, еркек жүзін көрмеген, құлқы жақсы кісі - бақтың иесі, ісі гүлдер, тиіп құттың киесі* (4475 бәйіт) - деп, тәрбиелі келіннің отбасына келуі құт, берекенің келуімен тең екендігін суреттейді [3,453б].

Бұл Әл - Фарабидің "Адам өмірге бақытты болу үшін келеді. Бақытты болудың бірден - бір шарты - оның жақсы мінезінің болуы. Кімде - кім бақытсыз болса, оған ешкім де кінәлі емес, оған оның жаман мінезі кінәлі", - деген көзқарасын құптай кетеді [2,5бет].

Олай болса, қазақ халқында қыздың бойындағы жақсы тәрбиенің бір көрсеткіші жарасымды мінез-құлықтың болуы екендігін айқындадық. Жақсы мінез – имандылықтың, ақылдың көрінісі. Өйткені, имандылық, ақылды, парасатты ой оның мінез - құлқында көрініс тауып, адамды көркейте түседі. Тән сұлулығы болмаса да адам ақылымен, жарасымды мінезімен сымбатты да сүйкімді бола алады. Бұл жөнінде ақын: *ақыл деген қымбатыңның қымбаты, ақыл жоқта құнсыз тәннің сымбаты,* - дей отырып, адамның тән сұлулығы жан сұлулығымен үйлесім тапқанда ғана ол нағыз сүйкімді де, тартымды болмақ дегенді айтады. Сонымен қатар, құр тәні сұлу қызға үйленген жігітке өмір бақи жар емес әйелінің күзетшісі болып өтетінін де ескертеді. Өйткені, ақынның түсінігі бойынша сұлуға әркімнің де көзі

түседі. Көз түскенде ой бөлінеді. Сондықтан қыздарды, жалпы әйел баласын мүмкіндігі барынша жиындарда ерлермен бас қостырмаған дұрыс деп санайды. Сондай - ақ, ақын қыз балаларын ерте тұрмысқа беру керектігін мақұл көреді.

Отбасылық қатынаста ері мен әйелінен жоғары адамгершілікті мәдениеттілікті, имандылық қасиеттерді талап ететіндігін айта келіп, зинақорлық жасау, бойын нәпсіге жеңдіру, ішкілікке салыну сияқты кесапатты қасиеттерден сақтандырып, олардың бір - біріне деген адалдығы мен ұстамдылығы, татулығы мен өзара сыйластығы, өз отбасылары мен балаларының өскендегі тәрбиесінің жемісі екендігін айтады. Себебі, өнегелі отбасында ғана өнегелі ұрпақ тәрбиеленетінін түсінгендіктен, әке мен шешенің өзара сыйластығын, жолдас-жора мен ағайын-туысқа деген ілтипатын, ұл-қызға бағытталған қамқорлығын көріп өскен ұрпақ қана ержеткенде өздері де берік отбасы іргесін құра алады деп тұжырымдайды.

«Құтты білік» дастанында Ж.Баласағұн отбасын құруда қыздың сұлулығына да емес, тектілігіне де емес, байлығына да емес, тәрбиесі дұрыстығына көңіл аудару керек екендігін айтқан: *«Жаны сұлу - нұр құяды жаныңа, мейірім, мінез, шаттық тіле жарыңа. Құлай сүйген, жаны таза, ақылды, жақсы әйел құрметті етер атыңды»*. Осы ойы мына өлең жолдарында да жалғасын табады: *«жақсы болсын тегі, заты: ұрығы, пәк, ұятты, болсын жанның тұнығы. Дұрыс үйдің қызын ал, қол тимеген, сенен өзге еркек жүзін көрмеген» (4475 бәйіт) [3,453б].*

Әлбетте, ақынның мұндай пікірі арқылы жар таңдауда жігіттердің өзінен тұрмысы мен жағдайы төмендеу отбасының қызын алғаны жөн дегенді айтқысы келеді. Өйткені, өзінен тұрмысы мен жағдайы жоғары отбасының қызын алсаң оның үстемдік жасап, тілі ызғарлы болады дегенді айтады. Сонымен қатар, әйелдің ерін қатты ұнатуы маңызды деп санайды. Тұрмысқа шыққанға дейін басқаға көз салмай таза, пәк күйінде қосылуын, қыздың өзге ер кісілердің көзі түспегенін, қолы тимегенін, еріне адал болып келуін талап еткен. Оны қазақ халқының қыз ұзатудағы дәстүрінің ішіндегі ең маңыздысы қыз баласының жарына адал да пәк, тазалықпен қосылуы болып табылады. Мұндай көзқарас бүгінгі күнге дейін тазалық пен пәктіктің белгісі болып келе жатыр. Бұл отбасы татулығының негізін құрайды, жар жарастығын берік етіп, ұрпақ тазалығын қамтамасыз етеді. Ақынның дастанында бұл түсініктер де назардан тыс қалмаған. Оның түсінігінше, қыз асылдығы оның пәктігі, ал жігіттің қасиеті - батырлығы мен ержүректігі деп көрсетеді. Оған дәлел *«Қыз ләззаты - неке қиған түндері, ер ләззаты - жау қайырған күндері» (2380 бәйіт) деген жолдары [4,280бет].*

Қазақ халқындағы қыз бала тәрбиесінің болашақ жар, ана ретіндегі мәні ерекше. Осы мәселе тұрғысында алып қарағанда Ж.Баласағұн өз дастанында әйел баласының тәрбиесіне өте қаталдықпен, үлкен жауапкершілікпен қарағандығын аңғаруға болады. Өйткені, әйелі жақсы үйдің тәрбиесі жақсы, әйелі жаман үйдің тәрбиесі жаман деген оның тұжырымынан байқаймыз.

Қазақ отбасындағы қыз тәрбиесінің нәтижелілігі қашан да оның қылығының сыпайы да сүйкімді болуы мен жарасымды әрекеті және жүріс - тұрысының үйлесімділігі арқылы айқындалып отырған. Ол жөнінде Ж.Баласағұн *«жібек мінез - қыз - келіншек шырыны, біле білсең, әйел көркі қылығы» (4500 бәйіт), - деп қыз бала тәрбиесінің нәтижесі оның қылығы арқылы сезіліп тұратындығын айтады [5,455бет].*

Сонымен қатар, қазақ халқында сұлулық ұғымының өзі адамның жан сұлулығымен астасып, келбетінің сол жан дүниесімен үйлесім табуын мақсат тұтады. Қазақ халқы қашанда *"...Елеусіз өскен қыз жаман", - деп қыз балаларының көзге тартымдылығын және сүйкімділігін алға тартып, сұлулығы жан-жақты қызды тәрбиелеуге талпынған. Сымбатты да әдепті қыз елдің, ұлттың көркі деп саналған.*

Десек те, шығыстың ұлы ғұламалары еңбектерінде сұлу қыз баласы қасірет - қауіптің көзі деп те есептелінген. Сұлуға әркімнің көзі түседі, көз түссе, ой түседі деп санайды Ж.Баласағұн. Ол қыз баласын ешкімнің көзі түсе бермейтіндей етіп үйде ұстау керектігіне, олардың ерлермен қарым-қатынас жасауына шектеу жасау қажеттігіне кеңес береді. Бұл жөніндегі ғұлама ғалымның ойлары: *Әйелді үйде қатты күзет, қорғанда, әйелдің иш - тысы*

бірдей болған ба? Әйелді үйден шығарма, жат кіргізбе, жолдан таяр, жаттың көзін тигізбе (4510 бәйіт), - деген өлең жолдарынан көрініс тапқан [6,456бет].

Осыған дәлел, өзбек халқының қыз тәрбиесін айтуға болады. Олар үйлерін қосарландырып, дарбазаларын адам бойы көрінбейтіндей етіп соғады, көшеден өткендердің қыздарына көзі түспес үшін және де қыздары көшедегі бейтаныс ерлерді көрмес үшін жасалынған сақтықтары екен.

Әрбір халықта адамдар арасындағы қарым-қатынасты, қыз бала тәрбиесін, отбасылық өмірді сипаттайтын жазба ескерткіштер болғанын тарихтан білеміз. Сол сияқты, Жүсіп Баласағұнның біздің заманымызға дейін жеткен ірі туындысы «Құдатғу білік» (құт әкелетін білім, ғылым поэмасы) адамзатты ойландырып келген қызды тәрбиелеу сұрақтарына жауап беретін болады.

Жүсіп Баласағұнның ерекше көңіл аударуға тұратын, бүгінгі педагогикалық қағидалармен терезесі тең тұрып пікір таластыра алатын пайымдауларының бірі - баланы бөтен жерге бермей, өз қолыңда, үйде тәрбиелеу мәселесі.

Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдыңда,

Үйінде өсір бөтен жерде қалдырма.

Қолдан ерте шығарсаңыз сіз егер,

Ұл-қыздан қайыр жоқ үмітінді үзе бер,- /1220,4505 бәйіттер/ [7;1816, 4566].

Ерекше көңіл аударуға тұратын, бүгінгі тәрбие қағидалары мен тең түсетін, пайымдауларының бірі - балаңды өз отбасыңда, өз туған ана тәрбиесінде, ана тілінде тәрбиелеуді меңзейді. Ал, қазіргі адамзат даму барысында балалардың ата-анасынан, әсіресе ана тәрбиесінен, аналық мейірімнен, шапағаттан шеттетіліп, балабақша, «няня» жалдап өз баламыздың тағдырын өзгеге тапсыру жайлап бара жатқандығын сол кездің өзінде сезгендей әсер қалдырады. Ол қандай тәрбие алды, қандай орта көрді. Оған көз жеткізген жоқпыз.

«Қызынды үйден ұзатпа алыс, жүгін ер,

егер шықса, тура жолдан сүрінер!

Қыз да бір ет, сақта, бапта қалайда,

сақтамасаң ет бұзылар, не пайда?» /4510,4515 - бәйіттер/ - деп келе, жас етті қалай баптап сақтасаң, соның соншалықты дәмді болатынын, баптамаған жас еттің тез бұзылып жарамсыз болатындығын, тілге тиек ете келіп, қыз бала тәрбиесінің көп қырлылығын, ана көзінен таса болмай, ар-намысын жоғары сақтауды ұсынады. Бұзылған ет қаншалықты жерді былғаса, бұзылған қыз жер-көкке сыймай, ортаны бұзатындығын баса айтқан.

Әрине, ғұлама өз еңбегінде қандай әйел алу керектігі жайлы ерлер жағына ақыл-кеңес береді. Ең бірінші - тегі, заты дұрыс үйдің қызы болсын, екінші - ұятты, тәрбиесі түзік болсын, өзіңнен пәстеу, тегі төмендеу, ақылдысын танда, үшіншісі - асыл текті болмасын, оған құл боласың, көркіне де көз салма, жаман, тексіз, қылықсыз қызға қарама, төртінші - құлқы жақсы, кемелі келісті, жібек мінез, қылықты болсын, - деп әйел бойындағы жаман және қасиетті қылықтарды ата-бабаларымыз ерекше бағалап, ер жігітке жар тандауды ескеретін жайттарды өнеге етіп қалдырған [8,456-457б].

Сонымен жоғарыда қарастырылған Ж.Баласағұнның көзқарастарын түйіндей келе, қыздардың тәрбиелі, қылықты, ибалы, иманды болғаны - ертеңгі отбасындағы бақыттың негізін қалаушы, әрі себепшісі - екендігіне көз жеткізуге болады. Сондықтан, қыз тәрбиесі - тек отбасы өмірі мен ондағы бала тәрбиесін ұйымдастырушы ғана емес, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі.

Демек, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне сай қашан да қыз бала тәрбиесіне деген қатынас аса үлкен жауапкершілікті талап етіп келген. Өйткені, қыз баласы - болашақ ана, әулеттің абыройы әрі өрісі ретінде қарастырылып, бүкіл жақсылық атаулысы сол қыз баласының қылығымен, тәрбиесімен ұштастырылған.

Қыздар тәрбиесі қоғамда рухани құндылықтарды, ұлы мұраттарды иманды және инабатты бәсекемен қалыптастырады. Бұл адамның ішкі түйсігіне өрелі қасиеттерді алға шығарады. Сол адамдық қасиеттерді бойына сіңіре білген жандардан тараған ұрпақ ақыл мен

алғырлықтың бүкіл бітім-болмысын одан да артығырақ жұқтырады. Қызды тәрбиелеу, өсіру – ең маңызды мәселе.

Олай болса, қыздарымызды әрбір ана күнделікті өмірде халық тағылымдарымен сусындатып, ана дәрістерін беріп отырса, ол оның жадында сақталып қалатыны белгілі. Дей тұрсақ та, қазір қазақ қыздары бұзылу қаупін бастан кешіруде. Олардың бірсыпырасының әрекеттері ұлттық психологиядан ауытқып бара жатқаны байқалады: ар сақтау, ұятты білу, үлкенді ардақтау, кішіні құрметтеу, адамды сыйлау ұмытылып барады, тіпті жойылып барады деуге болады.

Сондықтан кез келген әйел өзінің ана екенін, тек отбасының ғана емес, елінің де анасы екенін ұмытпауы тиіс. Өйткені, адамның ең алғашқы ұстазы, әсерлі мұғалімі – асыл анасы емес пе? **«Күс ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»** демекші, ертеңгі өскелең ұрпақтың тәрбиесі аса қажет!

Осыған байланысты данышпан **Бәдиуззаман Сайд Нұрси** өз өмірінен түйгенін былай деп келтіреді: «Сексен жылдық өмірімде сексен мың кісіден дәріс алсам да, Құдай ақы, мен үшін әрдайым ең негізгі сабақ – анамның айтқан сөздері мен ескертулері, оның рухани дәрістері. Олар тасқа жазылған таңбадай жадыма сіңіп қалды. Басқа да дәрістері сол ірге тасқа қаланған деп білемін. Марқұм анамның жас күнімде бойыма, ойыма құйған дәрістері мен сын-ескертпелері сексен жасыма дейінгі үйренген ұлы ақиқаттардың ірге тасы» - деп тұжырымдайды.

Демек, жаһандану жағдайында ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін ұлттық бастауларға оралу керек. Ұлтты ұлт еткен құндылықтарды қайта тірілту керек. Далада туған дәстүрді тым болмаса санада сақтап қалу керек. Ұрпақ тәрбиесіне, адам тағдырына шынайы жанашырлықпен қарау керек.

Қазіргі таңда жаһандану деген абжыландай болып тұрғандықтан, адамзаттың аралас-құраластары ерекше жиілеп кеткені анық. Сондықтан, олардың бір-біріне деген әсерлері, бұрын-соңды болып көрмеген сыйпаттарға ауысуы асқынып барады. Күштісі, әлсіздеуін өзіне сіңіріп алуға тырысушылық мол. Міне, дәл осыдан сақтанудың бір ғана жолы бар. Ол – халықтық болмысыңды (менталитетінді) сақтайтын - ұлттық Дәстүр-салтың мен Ана тілің - екені белгілі. Бұл екеуі тереңде жатқан Тегінді де сақтайды. Жаһанданудың қыспағына шыдайтын – жарылмайтын Жаңғақ – тек осы екеуі екенін ұрпағымыздың білгені жөн. Осы кезеңдегі басты жауымыз – басқаларға Еліктеушілік – екенін естен шығармайық. Ал еліктеушіліктен құтылудың жалғыз жолы - **ұлттық тәрбие** - адам тұлғасын өз ұлтына, өз халқына лайықты өкілі ретінде қалыптастырады, өз тілін қадірлейтін, тарихын, адамгершілік, рухани, отбасылық, құндылықтарын, еңбек дәстүрлерін меңгерген, басқа да халықтардың мәдениетін білетін және құрметтейтін адам және басқа да ұлттардың өкілдерімен өзара ықпалдасу, жас ұрпаққа тәрбие беруде туған жеріне сүйіспеншілік рухында тәрбиелеуге ықпал ету, үлкендерді сыйлау, табиғатты қорғау деген ұғымды білдіреді.

Ұлттық тәрбие туралы сөз болғанда Сұлтанмахмұт Торайғыровтың: **«Байқасаң қазақтың өзінде бар, дүниенің генийлігі, пайғамбары»**, - деген сөздері дәлел [9].

Қорыта айтқанда біз ХХІ ғасырда қыз бала тәрбиесін аспаннан іздемей, өткен ата-бабаларымыздың қалдырып кеткен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары, мақал-мәтелдері, ырым-тыйымдарымен тәрбиелеуіміз керектігін өмір өзі керек етіп тұр. «Бала – біздің болашағымыз», «Қызымыздың тәрбиесі – ұлтымыздың тәрбиесі» - екендігіне көз жеткізіп келеміз.

Библиографиялық тізім:

1. Назарбаев Н – Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (статья, интервью, выступления, экспертные комментарии и справочно- аналитические материалы) – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2017. – 512 с.

2. Әл-Фараби. Әлеуметтік - этикалық трактаттар // Алматы; 1975

3. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік/Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. - Алматы: Өлке, 2-басылым. 2006. - 453 Б.
4. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік/Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. - Алматы: Өлке, 2006. - 280 Б.
5. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік/Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. - Алматы: Өлке, 2006. - 455 Б.
6. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік/Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. - Алматы: Өлке, 2006. - 456 Б.
7. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік/Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. - Алматы: Өлке, 2006. - 181Б., 456Б.
8. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік/Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубай. - Алматы: Өлке, 2006. - 457Б.
9. Қирабаев С. Ақын тағдыры. Социалистік Қазақстан. 1990. 1-мамыр

ҰЛЫ ДАЛА АРУЛАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ ӨНЕГЕСІ НЕГІЗІНДЕ ҚЫЗ БАЛАЛАРДЫ ӨМІРГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Қоңырбаева С.С.

*Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауым. профессор
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
pedsheberlik@mail.ru*

Мемлекетіміздің жаңа саяси курсы құрайтын елбасының «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» идеясынан туындаған жаңа бағыттар халқымыздың этномәдени құндылықтарын қастерлеп, өмір салтына айналдыра алатын, білім мен тәрбиенің негізгі бастауын ұлттық мазмұнда тағылым алған қыз балалардың мәдени болмысымен тұтас қарастыруды талап етеді. Елбасының аталмыш ұлттық идеяларына негізделген бастамасына сай, қазақ халқының тарихында өткен дара-тұлғаларды қастерлеп, ата-бабаның тарихи тәжірибесін болашаққа тағылым ету педагогика ғылымына зор міндет жүктейді. «Ұлтты қыз сақтайды» деген аталы сөзді басшылыққа ала отырып, мемлекетіміздің негізін құраушы халықтың қыз балаға ерекше қамқорлықпен қараған дәстүрлі тағылымына орай, әлеуметтік саясатымызды жүзеге асыруда қыз тәрбиесіне басымдылық бере, педагогика ғылымдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануды көздейміз. Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттерінің дені – қазақ қыздары. Бүгінгі қазақ қызы – ертеңгі ана, бір отбасының ұйытқысы. Мемлекетіміздің іргесін қазақ отбасылары құрайтынын ескерсек, ұлттық қалпымыз бен салтымызды, ұлттық санамыз бен рухымызды, діліміз бен дінімізді сақтайтын, ең бастысы, ұрпағымызды тәрбиелеп-өсіретін қазақ қызының болашағына немқұрайлы қарамауымыз керек.

Ел болашағын мәңгі ету жолында қыз балаларды жан-жақты тәрбиелеуде тарихи дара тұлға арулардың тағылымын үлгі ету: отбасындағы бала тәрбиесінен бастап, отбасын сақтау, Отан қорғау, ел мен жерді қастерлеу, ана тілді дәріптеу, қоғамға қызмет ету сияқты, т.б. заман талабына сай міндеттерді атқаруға мүмкіндік береді. Университетте он жылдан бері жүргізілетін «Қазақ аруы» арнайы курсы негізінде студент жастардың аяулы жар, сүйкімді келін, абзал ана, асыл әже сияқты этноәлеуметтік рөлдерге даярлануын педагогикалық тұрғыдан зерттеп-зерделеуде қазақ даласында өткен тарихи дара тұлға-арулар өмірінен тағылым алып, студент қыздарды тәрбиелеуге басымдылық беріледі [1].

«Қазақ аруы» курсы екі модульден тұрады. «Ұлы қазақ даласында өткен тарихи дара тұлға-арулар» атты модуль 1-рейтингке дейін оқылады.

Мақсаты: Халқымыздың тарихына айтарлықтай үлес қосқан, тағылымды істері ұрпаққа өнеге тарихи дара тұлға қазақ қыздары мен ардақты аналардың өмірімен таныса

отырып, адами абзал қасиеттерінің жиынтық бейнесін сомдау арқылы бүгінгі қазақ қыздарының рухани талғам аясын кеңейту.

Міндеттері:

–ардақты аналарымыз бен дара тұлға қыздарымыздың қайталанбас жеке-дара қасиеттері мен ерекшеліктерін талдап, сараптау;

–махаббат мәселесіне дұрыс көзқарас қалыптастырып, асыл жар атанудың өлшемдерін анықтау;

–ерлік пен батырлық, елжандылық пен отаншылдық ұғымын терең ұғындыру;

–тағдыр тауқыметін көтерудегі үлгілі тұлғалардан тағылым алу;

–өмірлік жағдаяттарды дұрыс реттеп, бағыт жасай білу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ұлы қазақ даласында тарихта өткен дара тұлға-ару қыздардың өмірінен, арулық, қыз бейнесін, ғашық жарға лайық болу, батырлық пен ерлік көрсету, аналық абзал қасиеттерді меңгертуді бүгінгі күнмен байланыстыра қабылдату.

Білімділік дағдысы:қазақ даласында өткен тарихи дара тұлғалардың өмірімен оқып танысады; жеке-дара қасиеттері мен ерекшеліктерін оқып-талдауды меңгереді; адами абзал қасиеттерінің моделін жасай біледі.

Біліктілік дағдысы: тарихта өткен дара тұлға әйелдер бейнесін дәріптеуді меңгерген; аналар мен арулардың абзал қасиетін бойына сіңірген; қолбасшылық, ел басқару, қайраткерлік, батырлық сияқты елжандылық рухты тудырушы күштерді бағалайды; әйелдер бойындағы асыл сапалар мен пенделік қасиеттерді сараптай біледі.

Осындай мақсат-міндеттерді мойнына алған университеттің 2-курстарына оқытылатын «Қазақ аруы» пәнінің аясындағы «Ұлы қазақ даласында өткен тарихи дара-тұлға арулар» бағдарламасының өзіндік маңызы бар. «Қазақ аруы» тұжырымдамасының авторларының бірі, бағдарлама авторы әрі он жылдық тәжірибе негізінде төмендегі тақырыптараясында үнемі ізденістемін. «Қазақ аруы» пәні және оның маңызы мен мәні», «Ежелгі дәуірден қазақ хандығы кезеңіне дейінгі тарихтағы арулар бейнесі», «Қазақ хандығы дәуірінен Кеңес дәуіріне дейінгі кезеңдеріндегі дара тұлға қазақ қыздары», «Кеңестік дәуірдегі қайраткер қыздар», «Елжанды батыр тұлғалар», «Қасиетті қолбасшы, ел басқарған арулар» дәрістері мен «Ару» жайында не білеміз?», «Қазақ хандығы кезеңіндегі ханымдар бейнесі», «Алып анадан туады», «Қазақстандағы әйелдер қозғалысының негізін қалаушылар», «Азап тартқан алаш арулары», «Бүгінгі абзал аналар» тақырыбындағы практикалық сабақтар бойынша пән мақсаты орындалады деуге негіз бар.

Дәрістерде қарастырылатын тұлғалардың өмірін кеңірек зерттеуге студенттердің өзiргi жағдайда мол мүмкіндіктері бар. Біз қазақ қыздарына асыл жар болудың үлгісі болатындай тарихи тұлғалардың өмірі туралы еңбектерді оқи отырып, олардың тағылымдық өнегесін төмендегіше кестеге түсірдік.

1-кесте. Тарихи тұлғалардың асыр жар ретінде тағылымдық өнегелері

Тарихта өткен асыл жарлар	Тағылымдық өнегелері
Томирис (Тұмар патшайым) (шамамен б.э.д. 570-520 жж.)	Тұмардың өмірі мен ерлігіне шолу жасай келіп, оның тағылымдық үлгісі: - өзерлігі арқылы аса батыр да ел басқару шыға тұрмысқа шығуы, өмірге ұрпақ әкелуі; - күйеуі өлген соң, ел билігін қолына алып, массагеттерді басқаруы; - қалаған уақытта әскерісіне араласуы; - баласының тағдырынан да елінің мүддесін жоғары қоюы; - 40 жыл ел басқарған Кир патшаны өлтіріп, лайықты жаза беруі – құбылыстық жағдай.
Зарина (шамамен б.э.д. 558-518 жж.)	Зарина патшайымның да ерлік істері Томириске ұқсас: - соғыс өнерін терең меңгерген, ерлермен қатар шайқасқан, ел басшысының жары болды. - ел тыныштығы үшін күйеуін құрбан етеді;

	<ul style="list-style-type: none"> - басқа мемлекет басшысымен бейбіт қатар өмір сүрудің жолын қарастырады; - өзелінің тәуелсіздігі үшін сүйгенінен бас тартады.
Бөрте ханым (XIII- XIVғ.ғ)	<ul style="list-style-type: none"> - ел билеген қолбасшының көңілінен шығатын жар бола білуі және оның адалдығы мен құрметіне ие болуы; - өзінханға сыйлата алуы; - ханның кеңесшісі болуы, ақыл қосып, керек жерінде сынай білуі; - Бөртеден туған балаларына ғана ханзада атағы берілген.
Домалақ ана (1378-1456)	<p>Домалақ ананың өмірінің тағылымдық үлгісі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ата-әженің тәрбиесі: мұсылмандық талапқа сай тұрмысқа шығуы; - ақылдылығы: қиын-қыстау кезде жол табуы, дұшпанды өзіне бала етуі; - шыдамдылығы: баласының басын жарған көп әйелдік күншілдікке шыдап, өзатын адалдықпен шығаруы; - әулиелігі мен діндарлығы: қарақшы, ұры-қарыға да дұрыс жол көрсетуі; - рухани тазалығы: өзінің өмірден өтер сәтіне дейін сезуі.
Қазан патшайымы – Сүйімбике	<p>Сүйімбике патшайымның тағылымдық үлгілері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ел басқарушының жары болып танылды, әменгерлік салтпен кейінгілеріне мирас болды; - күйеулерінен қалған ел басқарушылықты абыроймен атқарады; - баласынан көз жазып, қайғы көрсе де, соңғы жарынан қорлық пен азап көрседе әйелдік бейнесін төмендетпеді.
АЗАП ТАРТҚАН АЛАШ АРУЛАРЫ	
Гүлжамал Майлина	<p>Гүлжамал Майлинаның өмірінен алар тағылым:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жазуға лайық жар болып, 5 баланы тәрбиелеуі; - қазақ дәстүріне сай қонақ жай, еріне салмақ салмайтын еңбекқор болуы; - басына түскен қиындыққа, ауыр тағдырға төзе білуі; - жарының аманаты үшін жазушының мерей тойларында қатысып, жазушы туралы мәліметтер беруі.
Мағжан Жұмабаевтың зайыбы – Зылиқа	<p>Зылиқаның өмірінің тағылымдық үлгісі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тағдырдың қандай қиындығында да бірнеше рет Мағжанды түрмеге іздеп баруы; - орыс жазушысы Максим Горькийден көмек сұрап, Мағжанның түрмеден шығуына себепкер болуы; - махаббатқа адалдығы; - Мағжан туралы бірнеше тарихи мағлұматтар беруі.
Телжан Шонановтың жары –Шахзада Аронқызы	<p>Әйелдер ішінен «халық жауы» атанып, ату жазасына кесілген Шахзада Шонанованың тағдыры мен өмірінен тағылым:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шыққан тегіне байланысты жақсы тәрбие алып, білімді болғандығы; - білім-ғылымға қызығуы, себепсіз оқудан шығарылса да, неше мәрте оқуға құлшыныс танытуы; - арнайы қоғамдық жұмыспен сыналғанда белсенділікпен өзін-өзі ақтауы; - ғылыми-зерттеу саласында белсенділікпен қызмет атқаруы. - қандай қиындықта да мойымауы, адал қызмет етуі.
Сәкеннің жары – Гүлбарам	<p>Сәкеннің жары Гүлбарам да қиындықты өте көп көрді, балаларынан айырылды. «Халық жауының» әйелі ретінде жазықсыз жазатартты. Алайда, оның үлгі боларлық істері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қиын-қыстау кезде Сәкеннің заттарын сақтай білді; - ғылыми-зерттеу жұмыстарына көптеген деректерге көмектесті; - өмірінің соңына дейін махаббатына адал болды.
І.Жансүгіровтің зайыбы Фатима	<p>Кітабын оқи келе көз жеткізетін мәселе:</p> <ul style="list-style-type: none"> - алғашқы жоғары білімді тіл маманы болғандығы; - үш бірдей қазақ зиялысынан жеті бірдей ұрпақ алып қалғандығы; - қосақтарының қолжазбаларын сақтап, мұрағатқа өткізуі;

	<ul style="list-style-type: none"> - өзін-өзі еңбекпен ақтауы; - балаларына жоғары білім алып беруі; - артында өз қолымен жазып естелік кітаптар қалдыруы.
--	---

Практикалық сабақтарда үшін арнайы хрестоматия даярланған[2]. Оны оқытудың бірден-бір жолы төмендегі кестені толтыру барысында жүзеге асады. Практикалық сабақтар төмендегі үлгіде өтеді.

Қазақ хандығы кезеңіндегі ханымдар бейнесі. Тарихтан белгілі қасиетті анна атанған Ұмай ана, Домалақ ана, қолбасшы көсем-қыздар Томирис, Зарина, ел басқарған аналар Сүйімбике, Айғаным, Ұлпансынды аналар бойындағы елжандылық-басшылық қасиеттерді дәріптеу мақсатында студенттерге алдын ала тапсырған тапсырмалар бойынша бірге талдап-талқылау. Олардың бойындағы адами қасиеттерді арнайы кестеге түсіріп, бүгінгі жастар көзқарасымен бағалау.

Аналардың бойындағы адами сапаларын: ақылдылығы, сұлулығы, батырлығы, рухтытылығы, адалдығы, елжандылығы, бауырмалдылығы, көсемдігі, шешендігі, намыстылығы, сабырлылығы, болжампаздығы, өрлігі, тәкаппарлығы, қаталдығы, осалдығы, пенделігі, т.б. өлшемдерді хрестоматиядағы материалдар бойынша бағалау мүмкіндіктері бар.

Алып анадан туады. Өздеріне берілген тектілік қасиет пен тәрбиелілік, биік парасат пен қажырлы қайрат арқасында аяулы жар атанып қана қоймай, өмірге әкелген ұрпағын халық қамын ойлайтын азамат етіп өсіру – аналардың алтын құрсақтылығының, табиғи даналығының, кісілік ел бетінің көрсеткіші. Анаға тән абзал қасиеттерді студенттердің көмегімен жіктеп, жүйелеуге бағыт беріледі. Интерактивті сабақ ретінде өтілетін бұл тақырып аясында қарастырылатын сұрақтар:

- Алышты туар анаға тән қасиеттер?
- Ханымдарға қойылатын талаптар?
- Тектілік анадан дариды дегенді қалай түсінесіз?
- «Алтын құрсақ» деген не?
- Ерекше қасиет тағдырдың сыйы ма?

Менің таңдауым	Нұрбике ханым	Бөрте ханым	Тәукехан ныңанасы	Жаған Бегім	Әлжанана
Қажетті Қасиеттері					
Пайдалы қасиеттері					
Ұнамды Қасиеттері					
Бүгінгедейін өзекті (Үйренуге болатын қасиеттер)					
Пенделігі					

Қазақтың нар тұлғалы азаматтарын туып-өсірген аналардың шынайы бейнесін сомдау арқылы студенттердің өзіне талап қоя білуіне мүмкіндік беру көзделеді. Сондай-ақ, «Қазақстандағы әйелдер қозғалысының негізін қалаушылар» тақырыбы бойынша пікірталас: «Қазақ әдебиетіндегі әйел теңдігі туралы шығармалар», «Әйел теңдігі: кеше мен бүгіні», «Кеңес дәуірі танытқан қазақ қыздары» топтық тапсырмалар бойынша ашылады.

Азап тартқан алаш арулары. Кеңестік тоталитарлық жүйенің солақай саясаты кесірінен «халықжауы» атанған қазақ зиялыларының жарлары мен қыздары ұзақ жылдар қызыл империядан теперіш көргені белгілі. Қуғын-сүргін көрген уақыттарда тауқыметті

тағдырым деп көтере білген асыл жарлар, аяулы қыздаралаш зиялыларының атына кір жұқтырмай, шыдамдылық пен сабырлықтың биік үлгісін көрсете білді.

Студенттермен кездесу-сабақ ретінде өтетін бұл сабақтың барысында білімгерлер азап көрген алашарулары рухының қайсарлығын сезінердей тәлім алуына төмендегіше сұрақтар арқылы бағыт беріледі:

- Адамның адалдығы немен дәлелденеді?
- Қиянатпен азап арқалаудағы жан жарасы жазыла ма?
- Адам қиын тағдырына мойымас үшін не істегені жөн?
- Қиындық шынықтырады дегенге өз ойымыз?
- Әділет әрдайым жеңіспен біте ме?
- Жақсы адамның ұрпағы атану қандай жауапкершілік жүктейді?
- Адалдықты дәлелдеу жолдары?

Кездесуден алған әсерінен студенттер эссе жазып, ой қорытындылайды.

Бүгінгі абзал аналар. Тарихтан тартылған тағылым жолы ұмытылмақ емес, өміршендігімен де әрдайым болашаққа бастайды. Оның белсенді кейіпкерлері қашан да әйелдер болмақ. Ананың ардақты бейнесі әр баланың көкірегінде сақталғанмен, әулетке, ауылға, қауымға, халыққа қамқор ана болған әйелдер бейнесі қай ортада да баршылық. Соның ішінде жалпыға танымал, батырдың ғана емес, халық келіні атанған Зейнеп Ахметова, өмірі мен ұлағатты ісі үлгі, қыз-келіншектерге тәлімді ойларымен кеңес бере білген Ділда Тасмағанбеткеліні, Әзілхан Нұршайықовтың «Мәңгілік махаббат жыры» шығармасына арқау болған Халима Қалиакпарқызы, Түрколог ғалым, белгілі қаламгер Немат Келімбетовтің зайыбы Қуаныш Тазабекқызының 12 жыл төсекке таңылған жарын күтіп, аяғына тұрғызып, «Қайғыдан бақыт жасаған», «Үміт үзгім келмейді» шығармаларының кейіпкері ретінде танылған бейнесі т.б. бүгінгі «ана» деп ауыз толтырарлық тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы, ғибрат алар істері студенттермен бірлесе отырып өткізілетін практикалық сабаққа негіз болмақ.

Студенттердің қалауына сай кестелер толтырылып, басқа да танымал аналар төңірегінде әңгіме қозғалады. Сабақ инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде өткізіледі. Әрқашан дәрісте «Қазақ аруының бойтұмар әні» орындалады. Әнін композитор Х.Әбілжанов жазған. Сонымен қатар, студент қыздардың осы сабақ барысын телефонмен бейнетаспаға түсіріп, басқа бұл пән оқымайтын құрбыларына тыңдата алады.

Еліміздің білім беру жүйесінде 75 жылдық тарихы бар Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде ұлтжанды, парасатты, шынайы қазақ аруының бейнесін қалыптастыру мақсатында «Қазақ аруы» арнайы курсы жүргізілетіндігін барша жұрт бұқаралық ақпарат құралдарынан да таныс. Аталмыш курс жаһандану үдерісінде ұлттық мүддені жоғары қоя отырып, салт-дәстүрді бағалайтын, этномәдениетті, мінез-құлқы мен санасы ұлттық ділмен ұштасқан, кәсіптік-педагогикалық имиджі қалыптасқан зиялы әйел тәрбиелеуге бағытталғандығы университет ғалымдарының ғана емес, еліміздегі ғалымдардың да қолдауына ие болуда.

Университет ғимаратындағы «Ұлы даланың ұлы қыздары» атты картиналар галарейсынан бастау алған «Ұлы қазақ даласында өткен тарихи дара тұлға арулар» бағдарламасы оқу-тәрбие үдерісіне енген он жыл ішінде студент қыздарымыз танымды-тарихи шығармалар арқылы тұлғалар бейнесін оқып-үйреніп бойларына: аруларға тән ерекшеліктерді қалыптастыруға; ерлермен бірге отаншылдық рухын түсірмеуге; отбасында аналық әлеуметтік рөлін атқаруға; ұлттық ұрпақ тәрбиесімен тікелей айналысуға; аналар дәстүрін жалғастыруға; халықтың салт-дәстүрін сақтауға; қиындықтарға төзуге; махаббатқа адал болуға, отбасын сақтауға; ұлттық тәрбиенің қыры-сырын меңгеруге, т.б. деген біліктілік қажет екендігін ұғынды.

Болашақ аналарға қазақ бірлігін, берекесін, еркіндігін ойлаған дара да, дана тұлғалар Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нұрбике ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды аналарымыздың өнегелі істерін, батыр арулар – Әлия мен Мәншүк, Хиуаздардың ерлігін, желтоқсан көтерілісінің құрбандары болған аруларымыз Сабира мен Ләззаттардың

қайсарлығын, асыл аналардың жалғасындай өнер жұлдыздарына айналған әйгілі әнші-күйші, ақын, бишілерімізді озық өнегелерін, бұрынғы да кейінгі еңбекпен аты шыққан еңбеккерлер мен іскер жандардың қиындықты жеңудегі қажырлығы мен сабырлығын, нәтижесін үлгі етіп тәрбиелеуіміз керек.

Қорытындылай келе:

- тарихи тұлғалар өмірін, өнегесін үлгі етудің түрлі мүмкіндіктерін зерттеп-зерделеу;
- олардың өмірі мен тағылымды өнегесі туралы мұраларды жүйелеу;
- тұлғалардың отбасылық өмірі мен тұлғалық бейнесін үлгі ету;
- тәрбиелік мәні бар кештер мен кездесулерді жиі ұйымдастыруды жүйелі жоспарлап, жүзеге асыраалсақ, қыз балаларды тағылымдық өнеге арқылы тәрбиелеу нәтижелі болады деген пайымдау жасаймыз.

Библиографиялық тізім:

1. Қоңырбаева С. Қазақ аруы: Оқу құралы. – «Қыздар университеті» баспасы. – Алматы. 2015. – 232 б.
2. Қоңырбаева С. Қазақ аруы: хрестоматия. Алматы: Арна LTD, 2016. – 246 б.

18 ЖАСЫНДА «ОЯН, ҚАЗАҚ!» ҰЙЫМЫН ҚҰРҒАН БОЙЖЕТКЕН

Ахмет А.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
тарих ғылымдарының докторы, қауым.профессор м.а.
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
axmet_begis@mail.ru*

Кеңес өкіметі сөз жүзінде халықтардың теңдігі, ұлттар достығы, сөз бостандығы, Қазақстан халықтар достығының лабораториясы, социализм, коммунизм т.б. жалаң ұранымен ұлт санасын тізгіндеп отырды.

Американ тарихшысы Р.Хингли кеңес тарих ғылымына тән екі нәрсені ерекше атайды: бірі – мемлекеттік және партиялық қатаң бақылау; екіншісі – бүкіл кемшіліктер мен қателіктерін жасырып, ал жеңістерін шексіз дабырайтып көрсетуге тырысқан дөрекі ұлтшылдық [1, 4 б.]. Бір партиялық билік саясаты кеңес халқын тобырға айналдыру саясатын ұстанды.

Әкімшілдік-әміршілдік билікке ұлт болашағын ойлаған зиялы қауым өкілдері бірде ашық, бірде жасырын түрде күреске шықты. Қоғамға тың күш беретін, қоғамдық санаға жаңашыл ой серпін тудыратын білімді, ұлт намысы мен рухын жоғары қоятын, ұлтымыздың қайсар ұл мен қыздары қай заманда да тарихи мүмкіншілікті мүлт жібермей, өз өсу деңгейі, мәдени биіктігіне сай замандары арқалатқан жүкті межелі жеріне жеткізе білді. Олар заман қиындығы, кеңестік идеология сұрқиялығына қарсы тұрып, алға қойған мақсат пен мүдделеріне асқақ абыроймен жетті.

XX ғасырдың 60-жылдары Кеңес елінің астанасы Москвада оқитын қазақ студенттері М.Әуезов, Б.Тайжанов, М.Тәтімөв, А.Сембин, С.Ақатаев, А.Қадыржанов, Ә.Сартбаев, М.Балтабаев, С.Баймұханов т.б. баламалы идеяларды таратты. Ең бастысы студент жастар қазақ тілі мен мәдениетіне қатысты жасырын кемсітушілікке ең алғашқылардың бірі болып назар аударды.

Оның нақты айғағы кеңестік кезеңде «Жас тұлпар» (Москва), «Жас ұлан» (Павлодар), «ЕСЕП» (Қарағанды), «Сарыарқа» (Алматы) [2, 596 б.], «Адыр бөлтіріктері» кейін «Тұлпар» (Шымкент), «Ұлттық мамандарға әділеттілік «Оян, қазақ» және «Тың тұлпар» (Целиноград), «Жас түлек» (Қостанай), «Ұшқын» (Гурьев), «Тайшұбар» (Семей), «Есеп», «Жас қазақ» (Қарағанды), тобы» (Өскемен) жастар ұйымдары болғандығы.

18 жасында Целиноград қаласында «Оян, қазақ!» жастар ұйымын құрған Гүлжан Ғазизқызы Бейбітова 1950 жылы қызметкер отбасында дүниеге келген. Ол кісімен 2015 жылдың қазан айында өз үйінде кездесіп, өз ауызынан естеліктерін жазып алған болатынын [3]. Менің алдымда жүзі мейірімге толы «сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді» дегендей байсалды да көрікті қазақ әйелі отыр.

...Баяу әңгімесін бастаған ақ шашты апамыз былайша сыр шертті. «Біз ол кезде ондай іске атақ пен даңқ үшін барған жоқпыз. Бізді жігерлендірген, қайраттандырған өр ұлттық сана, ұлттық мүдде, ұлттық намыс ұшқыны бізді жаныды», - дейді. Гүлжан Ғазизқызы үшін ұлттық сана сол ұлтты құрайтын халықтың, әр адамның жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлау қабілетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы қоғамға тән ортақ сипатқа ие болған сана деген ой көкірегінде жатты. Ұлттық сана ұлттық дүниетанымға негізделетіндігі белгілі, сондықтан да әкелері Ғазиздің жанұядағы жеті баласына берген тәлім-тәрбиесі балалары үшін өмірлік қағида болып қалды десек артық айтқандық болмас.

Ұлттық мүдде – сол ұлттың құрамындағы адамдардың өздеріне тән халықтық рухани-мәдени және материалдық құндылықтарын сақтай отырып, ұлттың ілгері дамуын, өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейтін негізгі нысаналы ортақ мақсаты. Сондықтан Гүлжан Ғазизқызы үшін ұлттық мүдде өмірдің бар саласында бірінші кезекте тұруға тиіс деген ұғым сонау балалық шағынан санасына өнегелі әке тәрбиесі арқылы сіңіп қалған болатын. «Әлі есімде 1950 жылдардың басында Бестөбе кентіндегі балалар бақшасына берген әкем шашымды сипап тұрып «Балам, сен баратын балалар бақшасының тәрбиешілерінің барлығы да өзге ұлт өкілдері. Олар сенің есіміңді өзгертіп, басқаша Гуля, Галя деген сияқты орысша атайтын болса, келісімінді берме», - деді. Балабақшаға барған қаршадай қыз Гүлжанды қасына шақырып алған тәрбиеші Л.А.Шпанберг: «Давай мы тебя в садике будем называть Гулей. Гуля очень хорошее имя» демесі бар ма, сонда мен жұлып алғандай: «Нет! Мне не надо никакая хорошая имя. Меня зовут Гулжан», - дедім. Қаршадай қыздан мынадай батыл да тура жауап күтпеген және қарсылықтан тосылып қалған тәрбиеші қайта-қайта басын изеп, тұтығып қалған.

Ұлттық мүдденің қорғаушысы – намыс. Ұлттық намыс болмаған жерде ездік үстемдік алып, ұлтқа қатысты құндылықтарға бейтараптық, немектілік көзқарас қалыптасады. Намысын жаныған әкесі марқұм Қазақ КСР түсті металлургия министрлігіне қарасты Ақсу, Жолымбет, Бестөбе кен орындарында ғұмыр бойы партиялық және басшылық қызмет атқарған ел азаматы болатын.

Гүлжан 1966 жылы орта мектепті үздік бітіріп, Целиноград медициналық институтының бірінші курсына мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсырып, оқуға түседі. Институтта бірде-бір пән қазақ тілінде оқытылмады. Сабақтар орыс және латынша өткізілді. Сол кезеңде жоғары мектептің ең өткір және шешілмеген проблемаларының бірі профессор-оқытушылар мен студенттер құрамында қазақтардың саны баяу өсті. Шындығында Кеңес үкіметі білім беру мәселесін бірсыдырғы шешті, алайда үрдістің маңызды жағын жойдасыз саясаттандырып жіберді. Тәрбие мен оқудың басына партиялық-таптық принципті қойды.

Шалғай ауылдардан қазақ тілінде бітіріп келген үздік студенттердің орыс тілін дұрыс білмеуінен оқу үлгерімдері күрт нашарлап кетті. Ал, оларға институт басшылығы тарапынан тиісінше көмектер көрсетілмеді, яғни қосымша сабақтар өткізілмеді. Алғашқы семестрдің нәтижесімен орыс тілін жетік білмейтін қазақ студенттерін оқудан шығару науқаны басталды. Студенттердің талпынысы мен талаптарына ешкім көңіл де назар да аудармады десе де болады. Өкініштісі болашағынан зор үміт күттіретін талай таланты қазақ жастарының «аға ұлттың» тілін білмегендігіне байланысты болашақтарына балта шабылды. Курстастарына жаны ашыған, мұндай келеңсіз жағдайға төзе алмаған қайсар Гүлжан Ғазизқызы ылғи өзге ұлт өкілдерінен құралған профессор-оқытушылар құрамымен жиі-жиі сөзге келіп қалып жүрді. Ашынып тұрып, «Тіліміздің тағдыры – біздің өзіміздің тағдырымыз. Оған салғырт қарау өзгені емес, өзімізді сыйламау, ұрпақ тағдырын ойламау» деген ойларын ашық айтқаны профессор-оқытушылардың көбіне ұнамағаны анық. Селт

еткен біреуі жоқ! Жоқ! Енді бұдан әрі әрекетсіз отыра беру мүмкін еместігіне көз жеткізген ол нақты іске кірісті. 2 курстағы 18 жасар студент қыз медицина институтының қабырғасынан қазақ жастарының басын біріктіретін бір ұйым құруға белін бекем буынды. Болашақ құрылатын ұйымның атауы «Оян, қазақ!» деп белгіленді. Сөйтіп, Сарыарқа төсінде тарихымыздың «ақтаңдақ» беттеріне айналатын, ұлт тағдырына алаңдайтын тағы бір жастар ұйымы өмірге келді. Бұл батыл ойын алғаш рет жатақхананың бір бөлмесінде тұратын әрі курстасы Сәлима Қасымоваға жеткізді. Сәлима құрбысы бірден қолдау білдірді. Алғаш институт басшылығына жалпы білім беретін пәндерді қазақ тілінде оқыту жөнінде талап қойған хат жазуды қолға алды. Қайсар қыз ұлттық рухани құндылықтарды қорғауға бағытталған «Оян, қазақ!» атты ұйым құруға шақырған үндеудің қазақ және орыс тіліндегі мәтінін өз қолымен жазып шықты. Сол үндеуден: «Қазір қазақ халқын толық орыстандыру саясаты жүріп жатыр. Қазақ мектептері жаппай жабылуда. Балабақшаларда бүлдіршіндер таза орыс тілінде тәрбиеленеді. Барлық жерде бірдей қазақ тілінің қолданыс аясын қасақана тарылтып, бірте-бірте ұлттық тілімізді мүлде жойып жіберу науқаны белең алған. Ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміз өгейсіп барады. Ұлт өкілі ретінде партия, совет және комсомол қызметінде жүргендер халық мүддесі үшін бір ауыз жылы сөз айта алмайды. Қазақша қойылған есімдерінен бас тартатын балалар көбейді. Бізге ұлттық болмысымыздың болашағы үшін, туған тілімізді сақтап қалу үшін күресетін кез келді. Конституциялық құқымызға сәйкес талап етеміз: қазақ тілі мен мәдениетіне, ұлттың дәстүрі мен діліне қысым көрсету тоқтатылсын!...».

Жазылған үндеуді құрбысы екеуі қолдан көшіріп, көбейтті. Үндеуді қаладағы студенттер арасында кеңінен таратуды қолға алды. Студенттер Ақбаян Малдыбаева, Жақсылық Сәрсембаев, Жібек Байтышқанова қолдау көрсетті. 1968 жылы Гүлжан Ғазизқызы өзінің артынан Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тыңшысы түскенін сезді. Сол жылдың қоңыр күзінде қаһарлы мекеме тарапынан «шақыртуда» келіп жетті. Бұл тексерістен өзін сенімді ұстаған батыл қыз үкіметке қарсы ешқандай әрекет жасалмағанын, ел үкіметінің саясатын мойындайтындығын, Қазақ КСР-інің Негізгі Заңына сәйкес қазақтың тілі, дәстүрі мен мәдениетінің құқығын қорғау талаптарын қойғандығын ашып айтты. Астанадан арнайы келген бірнеше комитет қызметкері жауап алды. Жауап алу барысында Г.Ғ.Бейбітоваға ұйым құруға қатаң тиым салынатындығын ескертіп, оқу орынында ұлттық кемсіту кемшіліктерін алдын алу шаралары жасақталатындығы туралы мәлім етілді. Апайдың бұл тексерістен аман-есен шығуына себепкер болған азамат сол тұстағы облыстық қауіпсіздік комитетінің басшысы Қабдулхамит Нұрғалиевтің көмегі тигендігін ерекше ықыласпен айтқаны біраз жәйттан хабар берсе керек. Бұл шақырту қатаң шараға ұласпай, бітімгершілік негізінде бейбіт түрде аяқталуы туған халқының ұлттық қасіретін бар болмысымен сезінген ұлтжанды азаматтың еңбегі екендігін апай аса ризашылық сезіммен айтып өтті.

1972 жылы институты аяқтаған жас маман бар ғұмырын сүйікті ісі денсаулық сақтау ісіне арнады. 1978-1989 жылдары Целиноград қаласындағы (қазіргі Астана) №2 емхана бас дәрігерінің емдеу жұмысы жөніндегі орынбасары болып еңбек етті. Сол он жыл өз жерінде өгейсітілген ұлттық кадрлар үшін күреспен өтті десе де болғандай. Ұлт мүддесін жоғары қоя білген білікті маман бас дәрігер, нағыз шовинистік көзқарастағы Екатерина Рыбакова әріптесімен көзқарастары қарсы келіп қалатын. Себебі, бас дәрігер білікті де білімді ұлттық кадрларды емханаға жақындатпаудың құйтырқы әрекеттеріне баратын еді. Екеуінің жұмыс бабындағы екіұдай көзқарастары үшін болған келіспеушілік бірнеше рет қалалық денсаулық сақтау бөлімі мен қалалық партия комитетінде қаралды да. Ұлттық кадрлар үшін жанын салған білікті маман бұл текетіресте талай жеңіске жетті.

1989 жылы қаладағы жаңа ашылатын №6 емханаға бас дәрігер етіп жіберді. «Он екіде бір нұсқасы жоқ» емхананы ашу өте қиыншылықпен жүргізілгенін айта келіп, «қалалық емханалардың бірде-біреуінде қазақ бас дәрігері жоқ, Гүлжан-ау, бұл қорлықтан қашан құтыламыз?» деген қалалық партия комитетінің екінші хатшысы Б.Әлімжановтың сөзі намысымды қайрады деп еске алады. Ұлттық кадрлардың болашағын ойлаған басшы

қалалық денсаулық сақтау бөлімінің шектеу қойғанына қарамастан кадрларды жергілікті ұлт өкілдерінен жинақтады. Тек бір талап қойды. Ол білім мен біліктілік. Қайсар қазақ дәрігерінің бұл әрекеті облыстық денсаулық сақтау бөлімінің басшысы В.Мальцевке ұнамады. Ол Гүлжан Бейбітқызы «нағыз ұлтшыл» деп айып тағып, мәселесін әртүрлі деңгейдегі комиссияларға қаратты. Өз ісінің білікті маманы Гүлжан апай оған еш мойымады, керісінше бар күш қайратын жинақтап, өз жұмысына білек сыбана кірісті. Тексерген комиссиялар бас дәрігер тарапынан ешқандай өрескел заң бұзушылықтың, маман кадрлардың білімі мен біліктілігіне қояр ешқандай талаптарының жоқтығын айтқан соң ғана «емханада қазақ кадрлары шектелсін» деген негізсіз шешім шығара алмады. Бар жоғы 18 жасында ұлтының намысын жыртып «Оян, қазақ!» ұйымын құрған апамыз аса қиыншылықпен өзі құрған ұжымында 21жыл жұмыс жасап, зор абырой беделмен зейнеткерлікке шықты. Тәуелсіз еліміздің «Құрмет» ордені мен бірнеше медальдың иегері апамыз бүгінде Бәдуан ағамызбен Айдар, Айдын, Айбек есімді ұлдары мен немерелерінің қызығын қызықтап отырған бақытты ана.

Гүлжан Ғазизқызы Бейбітовадай ұл-қыздары бар елдің қашан да ұлттық рухы сөнбейтіндігі хақ!

Библиографиялық тізім:

1 Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. – 240 б.

2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 752 бет, суретті, карталы.

3 А.Ахмет Қайсар қыз (18 жасында «Оян, қазақ!» ұйымын құрған Гүлжан Бейбітова туралы бір үзік сыр) // Атырау, 26 желтоқсан 2015 ж.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕСІ МЕН ОРНЫ

Аташ Б.М.

*Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
философия ғылымдарының докторы,
Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
atash_berik@mail.ru*

Тлеуенова Ж.С.

*Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
психология магистрі,
Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер институтының
аға ғылыми қызметкері,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
zhanar.tleukenova@mail.ru*

Адамзат эволюциясы өркендеген сайын әлемдік руханият пен ғылым шындыққа неғұрлым жақындай түсіп, соғұрлым ақиқатқа жетуге деген ұмтылысқа мүмкіндіктер ашыла береді. Соның бірі – адамзаттың шынайы тарихы мен мәдениетін ашып берумен шартталады. Осы орайда, Елбасы қазақ халқының тарихына деген жаңаша көзқарас қалыптастыру мен оның шынайылығын қамтасыз ету қажеттігіне аса мән беріп, отандық ғалымдарға өзінің оңды нұсқауларын ұсынған болатын.

Осындай іргелі саясаттың рухани астарларын түйсінген қазақстандық ғалымдар бүгінгі таңда түркі-қазақ халқының бұрмаланған тарихын қайта шынайылауға бет бұрып, өздерінің тың ұстанымдары мен қағидаларын, оны зерттеудің әдіснамаларын жаңашаландырып отыр [1].

Біздің төл тарихымыздың түп бастаулары көне түркілік дәуірден тамыр тартады. Бүгінгі қозғап отырған «Көшпелі қазақ қоғамындағы әйелдің әлеуметтік мәртебесі мен орны» мәселесіне орай, айта кететін жайт, қазір отандық тарихшылар ғана емес, әлемдік өркениетті елдердің көптеген ғалымдары да түркі өркениетінің адамзат дамуына қосқан үлесінің айтарлықтай іргелі және «парасатты прогрессивтілік» екендігін туралы ортақ бір тұжырымға келген.

Соның бірі – түркі-қазақ руханилығы мен адамгершілік құндылықтарының дүниежүзілік тарихтағы биік мәртебесі мен өзіндік лайықты орны, әлемдік өркениет аясындағы қозғаушы күш екендігімен келіп тоғысып отырғандығы. Түркілік қоғамдағы осындай рухани құндылықтардың айқын бір көрінісі – қоғамдағы әйелдің ролі мен мәртебесінің асқақтығы болуымен келіп шартталады [2, 316.].

Тарихи деректер мен әдеби туындыларға көз жүгіртсек, оның айқын мысалдарының легін кездестіре аламыз. Осыған байланысты, біз, осы тұста, қойып отырған мәселеміз бойынша, көне тарихи дәуірлерімізден бері сабақтасып келе жатқан қоғамымыздағы әйел мәртебесін мынадай салаларға топтастырып алуымыз қажет:

- саяси билік пен ел басқару ісіндегі;
- жауынгерлік пен отаншылдық рух аясындағы;
- даналық пен парасаттылық негізіндегі;
- жанұялық адалдық пен ар тазалалығы;
- білімге ұмтылу мен еңбекқорлық бойынша т.б.

1. *Саяси билік пен ел басқару ісінде де белсенділік пен парасаттылық* көрсеткен аналарымыз, бәрімізге белгілі тарих бойынша сақтардың Томирис патшайымынан бастап, кейінгі қазақ қоғамындағы «Әжелер институтымен» жалғасын тауып, бүгінгі билік басындағы әйелдердің қызметтерімен келіп сабақтасады. Дегенмен, түркі-қазақ ділінде әйел жыныстылардың әйгіленуге және өздерін өздері әйгілеуге аса құштар болмағандығы көп жағдайда ескеріле бермейтіндігін атап өткім келеді.

Бұл, әрине, біздіңше, біріншіден, мұсылмандық сенімді өзгеше бір танымдық бағдарда түсінуден, екіншіден, жаугершілік заманның талабы бойынша, әйелдердің «әскери ресурстарды дайындаудың өндірісі» қызметін атқаруымен, үшіншіден, батысшылдыққа деген бетбұрыстың жағымды қырларымен жарыспалы түрде жағымсыз жақтарының да қатар келуімен (параллельді), еуроцентристік көзқарастарға ерікті-еріксіз түрде талғамсыз бет бұруымызбен өлшенеді. Әрине, өлшемдер тарих сахнасында кейде: ондаған, жүздеген, мыңдаған жылдар сайын ауысып отырады – ендеше, бүгінгі таңдағы әйелге деген көзқарастың басқаша бір парадигмаларға ауысуының баспалдағында тұрған сыңайлымыз. Олай болса, біз осы тұста, мынадай нақты сұрақтарға жауап беріп көрейік:

- неліктен ішінара әйелдерге саяси билік берген (өзге халықтардан емес, түркі халықтарынан, өз ұлтынан) түркі халықтары тарих сахнасында бірнеше рет империялар құрып, өздерін әйгілей түскен.

- неліктен, түркілік рух жауынгерлік әйел бейнесімен астасып жатыр: біріншіден, ол – төл тарихи-мәдени кеңістігіміздегі эпостық дәуірмен келіп үндеседі. Мысалы, Қорқыт ата кітабындағы жырларға назар салсаңыздар, «Қам Бура-Бекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» жырындағы Бәріктің әкесіне айтқаны «Әке маған бір қыз алып бер. Мен орнымнан тұрғанша, ол атып жөнелетін, мен қара зор атыма мінгенше, ол аттанып кететін, мен жауыма барғанша, ол жаудың басын кесіп әкелетін болсын, сондай бір қыз алып бер әке» өзінен бұрын жауға шабатын жар іздеуі және оны тауып қосылуы [3,516], «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршын, «Қамбар» батырдағы Назым немесе Қобыланды батыр жырындағы Құртқа бейнесінің ер адамнан да қуатты кейіпте суреттелуі т.б. атап өтуімізге болады.

2. Осыдан, *жауынгерлік пен отаншылдық рух аясындағы* әйел бейнесі мәселесіне ауысуымызға болады. Әрине, әйел затының отаншылдық рух аясында аса бір белсенді еместігі туралы пікірлер қоғамдық санада жиі айтылады. Дегенмен, сол әлемге әйгіленген түркі-қазақ ұлдарын дүниеге алып келген әйел заты екендігін ескерген жағдайда, генетикалық туыстық пен қандастықты негізге алған сәтте оның анасы туралы мағлұматтарды айтпай-ақ қойса да жеткілікті деп ойлаймын. Екіншіден, сол отаншылдық сезімнің ер адамдарға ана сүті арқылы берілетіндігін де ұмытуға болмас.

Амазонкалар туралы мифологияның астарында тек қана матриархаттық үстемдік пен ер адамға деген жеккөрушілік жатыр деп бір жақты түсінуге де бопас. Олар да ел мен жерін қорғауда әйел затының ер адамдармен бәсекелесе алатындығын паш ететін көне сарындағы осынау бір мифті түсіндірушілер, оның астарынан ақиқат іздеушілердің кейбірі оларды генетикалық тұрғыдан түркілік рухпен келіп байланыстырады.

Қазақтар қыз бала тәрбиесінде оның нәзіктігіне аса көңіл бөлген, дегенмен, «еркекшора» деген ұғымның жағымсыз қырларын сырт қалдырасақ, олардың маскулиндік сапаларын бөліп алсақ, жауынгерлік рухтағы әйел бейнесіне қайтадан кезігеміз.

Қорыта айтқанда, Ер адамдармен қатар атқа мініп, қолына найза ұстап, ел қорғаған аруларымыз аз емес. Біздің заманымызға дейін Ұлы даланы жаудан қорғаған Тұмар, Зарина патшайымдардың ерлігі өлшеусіз[4]. Сол сияқты Кенесарының қарындасы Бопай, қоғам қайраткері - Айханым ханша, батыр қыз – Айтолқын, ал «Жаужүрек мыңбала» фильміндегі Зере – жалпы жауынгерлік рухты түркі-қазақ қыздарының жиынтық бейнесі екендігі сөзсіз. Ол бейне кейіннен де, екінші дүниежүзілік соғыста ерлігімен, қаһармандығымен әлемге әйгілі болған Әлия, Мәншүк, Хиуаз тәрізді немесе 1986 жылғы желтоқсандағы Л. Асанова сияқты батыр қыздарымызға дейін сабақтасып отырғандығын ескерсек, көшпелі қазақ қоғамындағы осындай әйел затының отаншылдық сезімінің генетикалық туыстықпен ғасырлар бойы сабақтасқан феноменін байқай аламыз.

3. *Даналық пен парасаттылық негізіндегі әйелдер бейнесі*, бір қарағанда, «Әйелдің шашы ұзын да, ақылы қысқа» деген ел аузындағы афоризмдерге қайшы келеді. Дегенмен, қоғамымыздың әлеуметтік тарихына үңілсек, әйел затының бұл салада да биік жетістіктерге жеткен сәттері әртраптанып кездесіп отыратындығының куәсі боламыз.

Әйелдер кемелденген жасқа жеткен уақытта, өмірлік тәжірибе сынағынан өтіп, халқымыздың талғамында құрметті болып саналатын «Әже» статусына ие болған соң, олар қоғамда ұл мен қыз, келін мен күйеу бала тәрбиесінде маңызды роль атқарған. Жаугершілік заманда соғысқа аттанған әкесінің мейірімі мен тәрбиесін ата-әжесі атқарғандығы сөзсіз. Бұл кейіннен, «Әжелер институты» деген шартты атауға ие болып, болашақ ұлт тағдырын толғануға тағайындалған қызмет атқарған маңызды буынға айналды десек те болады.

Сондай-ақ, Жиренше шешен туралы аңызда оның жұбайы Қарашаш отағасына ақыл-кеңес беріп, тапқырлық жолдарын көрсетуде кей сәттерде одан асып түсіп те жатады. Немесе, дәстүрлі «Қыз бен жігіт» айтысы – олардың ақындық рухының өзара тең түсіп, бәсекелесіп жатқандығының айқын көрінісі екендігіне сөз жоқ. Жеке адам бойынша алғанда, бұның өмір бойғы сабақтастығын 19 ғасырда өмір сүрген Шал ақынның кемпірімен болған «Шал мен кемпір» айтысынан-ақ көруімізге болады. «Шал мен кемпір» айтысы бұл тұста, физиологиялық уақыттан тыс алынған, жалпы қазақ халқының жыныстық бөлінушіліктен тыс ақындық шеберліктерінің айғағы іспетті болып тұр.

Бұндай әйел затындағы парасаттылық пен даналықтың түп бастауы – біздің арғытектіріміз ұстанған Тәңіршілдік сеніміндегі Ұмай Ана. Ол – антропоморфты бейне емес, көп жағдайда жердің рухын беретін әйел жынысты болып елестетілген «Көк Аспан – Қара Жер» дуализмінің тең дәрежедегі бір сыңары десек те болады. Біздіңше, осы мифология кейіннен әлемге тарап, «Жер-Ана» тұтастығына ауысқан сыңайлы.

4. *Жанұялық адалдық пен ар тазалалығына* түркі-қазақ халқы айрықша маңыз берген. Неліктен, «Қызға қырық үйден тыйым, қырық үйден тыйым болмаса, есік алдындағы қара күннен тыйым», неліктен «Ұлға отыз үйден тыйым» жасағандығының астарында да терең философиялық-өнегелілік мән жатыр (неге қырық, неге отыз). Осындай жалпыхалықтық

тыйым бүгінгі түсінікпен айтқанда, «корпоративті тәрбие». Қазақтардың тұрмыстық танымында ежелер келіндеріне барынша қатал қараған. Ол келінді жек көргендіктен емес, «Қызға қырық үйден тыйымның» «жас әйелге тыйым» болып жалғасуы деп түсінген ләзім [5,40б.].

Халқымызда отбасындағы әйел затының ер адамның ыңғайында болуы қажеттігі туралы ұғым нәзік жандыларды төмендету немесе кемсітушілік емес, түп мәні – отбасының берекелілігі мен тұрақтылығын сақтап қалудағы әйелдің ролі. Демек, бұдан, «осындай үлкен міндет нәліктен әйелге ғана тағайындалған?» деген сауалдың жауабын аңдай аламыз. Халқымыздағы «ыңғайына жығылу» көп түрлі себептерден, мазмұндардан құралады. Соның бірі – ақылды адамның өзгенің ыңғайына жығылуы екендігін ескерсек, отбасының тұтастығын сақтау үшін әйел заты «ыңғайға жығылуды» қашанда жөн көрген, оған да сабырлылық пен ақылдылық қажет.

Дина вышла замуж в 19 лет. По меркам того времени она считалась "засидевшейся". Она сама говорила, что была слишком увлечена игрой на домбре, поэтому ей было не до замужества. Нурпеис - это имя ее первого мужа. С Нурпеис Макатулы Дина прожила всего 5 лет. Когда выдавали паспорта у Дины спросили имя ее свекра, чтобы записать фамилию. Однако, по казахским традициям, келин не могла говорить вслух имя предков, имя свекра и имена дедов по линии мужа. Поэтому она сказала: "Зачем вам моя фамилия, вот мой сын записан как Журынбай Нурпеисов. Меня запишите точно так же". После смерти мужа ее по закону аменгерства выдали замуж за старшего брата мужа Нуралы, которого все называли Шәпек. От Нуралы она родила 10 детей, но большинство из них погибли в младенчестве. В голодные годы Нуралы остался со своей первой семьей, а Дина уехала в Астраханскую область, где собирала растение под названием кумаршык, из которого молола муку и варила коже. Так она прокормила своих детей и спасла от голода.

В 1937 году Дину Нурпеисову по поручению известного музыковеда Ахмета Жубанова отыскал в селе Козлово Марфинского района Астраханской области и увёз в Алма-Ату домбрист Смагул Кошекбаев. И уже осенью она добилась первого успеха на втором республиканском слёте народных талантов. Здесь она мастерски исполнила свой кюй «Булбул», а также произведения Курмангазы «Төрөмұрат» и «Қайраншешем». Жюри единогласно присудило ей первое место. В этом же году она была принята на работу в Казахскую филармонию, и ей присвоено звание «Заслуженный деятель искусства»[2].

Она прожила 94 года, была очень независимой, и свой жаулык (платок в виде тюрбана) до последних дней повязывала сама. Как вспоминала ее внучка Балжан, перед смертью она попросила достать домбру. Ударив пальцами по струнам, она сказала: "94 года мы вместе, моя душа и моя домбра не могут отпустить друг друга". Ее несколько сыновей ушли на фронт, но она ни разу не попросила оставить хоть одного сына. Никогда не обращалась с просьбами к вышестоящим лицам. В 1916 году, согласно указу царя ее сына Журымбая забрали на тыловые работы. У Дины есть сборник кюев под названием "1916 год". Ее кюй "Асемқоңыр" посвящен ее дочери Коныр, которая вышла замуж в аул Жалпактал, в ЗКО. Дина сочинила его когда очень сильно скучала по дочери.

Композиторское дарование и исполнительское мастерство Дины Нурпеисовой получили свое дальнейшее развитие в советский период. Особенно творчески плодотворным временем явились годы после установления в Казахстане Советской власти. Несмотря на то, что Дина встретила революцию в возрасте 57 лет, творчество ее не только не ослабевает, а наоборот, принимает более интенсивный характер. Нурпеисова стремится наверстать упущенные годы. Она много сочиняет, принимает деятельное участие в творческих смотрах

народных талантов. В 1937 году на Второй республиканской олимпиаде в Алма-Ате, произошла ее встреча с Джамбулом, перешедшая в искреннюю дружбу. На этой олимпиаде Дина сочиняет кюи «Асемкыныр» о советской молодежи и «Той бастар», рисующий всенародный праздник, посвященный Советской Конституции. В 1939 году Нурпеисова участвует во Всенародном смотре исполнителей на народных инструментах. Игра ее была отмечена первой премией. А известный советский музыковед В. М. Беляев писал о выступлении Дины Нурпеисовой в журнале «Советская музыка» (1939 г. № 11) следующее: «Смотр поднял значение народных музыкальных инструментов как средства для развития музыкальной культуры широких масс. То высок " мастерство на казахской домбре, которое показала Дина Нурпеисова – этот «Джамбул домбры», является лучшим способом художественной агитации за сохранение и развитие этого и аналогичных ему инструментов»[1].

В годы Великой Отечественной войны Дина Нурпеисова страстно служит своим искусством общей борьбе с фашизмом. Ей было 80 лет, а она с юношеской энергией сочиняла, выступала в концертах, призывала словом бороться с ненавистным врагом. В 1941 году Дина сочиняет кюю «Анабуырыгы» («Наказ матери»), создает еще ряд кюев. Кюю написан в натуральном ре миноре. Победный, торжествующий характер передан активной, ликующей музыкой. В послевоенные годы Дина Нурпеисова сочиняет ряд кюев на современную советскую тематику. Особого упоминания заслуживают пьесы: «8-е Марта», «Енбек Ери» («Герой Труда»), «Сауыншы» («Доярка»). Музыка этих кюев проникнута энергией и динамикой, поразительна точностью реалистических характеристик. Искусство неумолимого композитора из народа растет и крепнет, знаменуя собой начало нового этапа в ее большой творческой жизни.

В пору наибольшего расцвета таланта Дины Нурпеисовой у нее рождается стремление к своеобразному объединению двух музыкальных направлений в развитии инструментальной культуры дореволюционного Казахстана – темпераментного и динамичного искусства школы Курмангазы с мягким, по преимуществу лирическим творчеством Даулеткереева и его последователей. Богатый материал как прошлой, так и современной музыкальной культуры казахского народа Д.Нурпеисова творчески перерабатывала, создавая при этом свои оригинальные кюи, свои особые приемы их исполнения.

В суровые годы Великой Отечественной войны, когда знаменитой домбристке было уже 80 лет, ни на минуту не прекращалась ее композиторская деятельность. Разделяя всеобщий патриотический подъем, она создает кюю «Анабуырыгы» («Наказ матери»), а радостную весть об окончании войны она встречает кюем «Женис» («Победа»).

Свой последний концерт Дина Нурпеисова дала в 1952 году, тогда ей было 91 год. Она прожила долгую жизнь, и прославилась не только виртуозной игрой на домбре, но и сочинением кюев, таких как «Булбул», «Асемкыныр», «Байжума», «Жигер», «Анабуырыгы», «Той бастар», «1916 год» и многих других. Скончалась Дина Нурпеисова 1955 году, в Алматы.

Памятник домбре высотой с двухэтажное здание появился в Актобе в 2016 году к 147-летию города. Шестиметровый музыкальный инструмент полностью сделан из железа и покрыт литием. По словам создателя памятника Куатбека Есжанова, при изготовлении соблюдались все классические каноны создания инструмента. Весит гигантская домбра 300 кг. Ее высота составляет 6,3 м., ширина – 1,4 м. В целях популяризации национального искусства возле нового памятника регулярно проводится творческое мероприятие «домбра пати». Необычный архитектурный объект расположен на пересечении проспектов Алии Молдагуловой и Абилкайыр хана (Рис.1)



Рис.1 Памятник домбре в Актобе

В 2000 году в Атырау на площади перед музыкальной Академией имени Дины Нурпеисовой установлен бронзовый памятник великой домбристке.

В Казахстане работают четыре признанных оркестра народных инструментов: помимо широко известных алматинских Казгосакадем оркестра имени Курмангазы и «Отырар Сазы», а также карагандинского имени Таттимбета, это оркестр *имени Дины Нурпеисовой из Атырау*.

В 2011 году в районном центре Жанакала, на малой родине композитора также установили памятник Нурпеисовой. На торжественном открытии присутствовали её потомки, среди которых была и внучка Дины-кюйши – 87-летняя Улмекен-аже.

В 2011 году к 150-летию Нурпеисовой в Казахстане выпущена памятная почтовая марка.

В турецкой столице Анкаре в районе Этимесгут открыт парк имени известной казахской домбристки Дины Нурпеисовой.

Имя Дины Нурпейсовой носит самолет авиакомпании AirAstana, Embraer 190, регистрационный номер Р4-КСН.

Имя Дины Нурпеисовой носит населённый пункт и разъезд Казахстанских железных дорог в Атырауской области вблизи от границы с Астраханской областью. (Рис.2)[2].



Рис.2 Фигуры символизируют передачу знаний старшего поколения младшему.

В центре города Уральск торжественно открыли памятник двум выдающимся деятелям казахского музыкального искусства – Курмангазы Сағырбаеву и Дине Нурпеисовой. Оба деятеля особо почитаемы в казахстанском Приуралье, композиции их исполняют взрослые и

дети, как на концертных площадках, так и дома – для души. Фигуры символизируют передачу знаний старшего поколения (Курмангазы) младшему (Дине Нурпеисовой). Домбра, которую держит в руках Курмангазы, создана по аналогии с домброй из российского музея его имени. Слепок сделан именно с той домбры, на которой учил играть детей известный казахский музыкант, информировал Жусупкалиев. В течение трех месяцев шла работа. Образы кюйши выполнены в бронзе, высота фигур более трех с половиной метров, постамента чуть больше двух метров.

Стоит отметить, что в Западном Казахстане такая композиция выполнена впервые. На торжественном открытии памятника аким ЗКО Алтай Кульгинов подчеркнул, что культурное событие приурочено к 25-летию Независимости РК. За эти годы в стране возродили много незаслуженно забытых имен казахских творческих деятелей.[3].

Инна Кузьменко, более 10 лет занимающаяся изучением статуса женщины в казахском обществе, пишет[4]: Казахские женщины удивительные, при том, что они часто имеют прекрасное образование, работают, они успевают посвящать себя семье, и в первую очередь воспитанию детей. Именно женщины традиционно остаются хранителями семейных традиций, ценностных ориентиров казахского этноса, гармонично сочетая в своем характере уважение к традиционным правилам поведения и стремление не отстать от современного течения жизни. Следуя национальным традициям, казахская женщина в первую очередь мать, ее основное предназначение родить детей, воспитать их, но кроме этого она должна поддерживать во всех добрых начинаниях своего мужа, сохранять мир и покой в семье. А что может быть более ценно, чем семья? Для казахского общества именно семья, род являются ценностями первого порядка, своего рода «микрокосмом», залогом стабильности и благополучия.

Библиографический список:

1. Социалистическая Алма-Ата // 23.04.1939, № 11.
2. https://ru.wikipedia.org/wiki/Дина_Нурпеисова
3. Liter.kz. Памятник Курмангазы и Дине Нурпеисовой установили в Уральске
4. Инна Кузьменко Источник: <https://e-history.kz/ru/publications/view/971> © e-history.kz

ҚАЗАҚ АРУЛАРЫНЫҢ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕРЕН ЕҢБЕКТЕРІ

Нығметов Б.С.

*С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті
тарих ғылымдарының кандидаты
Атырау қ., Қазақстан Республикасы*

Қазақ мемлекеті дүние жүзіне мәшһүр болғалы көп уақыт өткен жоқ. Қазақ Елінің өткені мен бүгіні, келешегі жөніндегі зерттеулерге, тарихына деген қызығушылық үнемі артуда. Әсіресе, елдің өсіп-өркендеуіне өздерінің сүбелі үлесін қосқан қазақ әйелдерінің орны мен рөлін айқындау күн тәртібінен түспейді. Қазақстан мемлекетінің экономикалық, әлеуметтік әл-ауқатының өсуіне қазақ азаматшыларының қосқан үлесі шексіз. «Ұлы даланың арулары» санатына сонау Кеңестік дәуірдің қиыншылықтарын басынан өткізген, сұрапыл заманда өнеркәсіп, ауыл, балық шаруашылығын да еңбек етіп, қиындықтарына төтеп берген аяулы жандар қаншама десеңізші. Сондықтан Қазақ балық шаруашылығындағы апа-аналарымыздың ерен еңбегі жөнінде сөз қозғауымыз орынды сияқты. Кеңестер Одағы Жайық-Каспий бассейнінде балық өнеркәсібін қайта құруды өркендету ісінде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1931 жылғы 29 қыркүйектегі «Ет және балық-құты өнеркәсібін дамыту туралы» қаулысының маңызы зор болды.[1, с.29] Гурьев (Атырау) облысының балық өнеркәсібін дамытуды өкімет орындары үнемі назарында ұстап, мемлекет қорларынан балық зауыттарын салуға қаражат бөлінді. Соның нәтижесінде, соғысқа дейінгі бесжылдықтарда

Гурьев балық комбинаты 1933 жылдың 6 қарашасында, Каспий теңізі жағалауындағы Форт-Шевченкода Баутино балық комбинатының құрылысы басталып, 1941 жылы іске қосылып, алғашқы өнімін шығарды. Осы кезеңде Гурьев облысының Теңіз ауданында Шортанбай балық комбинаты, 8 жүзбелі зауыттар мен балық мұздатқыш базалары салында. [2,с.38] 1935 жылдың қазан айында Қазақстан тамақ өнеркәсібі екіпінділерінің слеті болып, оған Гурьев балық-құты комбинатынан 12 еңбек екіпінділері қатысты. Комбинат ұжымы қол жеткен жетістіктері үшін алғашқы жүлдеге – Қазақ КСР-нің ауыспалы Қызыл Туын иеленді. Оны уылдырық жасау шебері Ж.Сарбөпиев пен жұмысшы Қадиша Қабдолова қабылдап алды. Бұл еңбеккерлердің қажырлы еңбегінің нәтижесі еді. 1935 жылғы жоспар бойынша 6 млн 500 шартты құтының орнына, 10 млн 136 мыңға жеткізіп, жоспарды 169,4 пайызға орындады. [3,5п.] Мемлекеттік жоспарды орындауда әйелдердің рөлі зор болды. 1938 жылдың өзінде комбинатта 600 қыз-келіншектер еңбек еткен, олардың 133-і стахановшы еді. Комбинат ұжымы өз ісінің майталман шеберлерін, ісіне шын берілген жұмысшылар мен қызметкерлерді тәрбиелеп шығарды. Олардың қатарында сол кезеңде Қ.Қабдолова, З.Масабаева, Құбиева, Қадырова және тағы басқалары болды. Озат балықшылар, өздерінің еңбектегі істерімен қатар, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Жергілікті еңбекшілер Кеңестеріне депутаттыққа кандидаттар ретінде ұсынылды.

Ал, 1938 жылы 24 маусымда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне алғаш рет сайлау өтті. Оған Атырау өңірінен балық-құты комбинаты жұмысшылары атынан республика Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат етіп, стахановшы-жұмысшы Қадиша Қабдолова ұсынылып, бірінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Қадиша апамыз 1914 жылы жұмысшы жанұясында дүниеге келіп, 1931 жылдан балық кәсіпшілігінде жұмыс жасайды. 1934 жылдан балық-құты комбинатында балық өңдеуші болып жұмысқа орналасты. Ол күнделікті жұмыс нормасын 115 пайызға орындады. Кейін Гурьев Облыстық Кеңесінің атқару комитетінің төрағасының орынбасары және басқа да жауапты жұмыстарда болды. [4,276] Атырау балық-құты комбинатының өсіп-өркендеуіне әйелдердің орны ерекше, өнеркәсіптің дамуына өзіндік қолтаңба қалдырған А.Байжігітова, Қ.Шәріпова, Ж.Өмірзақова есімдерін атасақ, Л.Карнаухова, Т.Жигулевцева есімдері қатар аталады. Сол сияқты Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде К.Разуанова есімі мен Қазақстан Компартиясы съезінің делегаты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, цехтық партия ұйымының хатшысы Т.П.Юдинаның есімі қатар ойға оралады. Міне, жоғарыда аталған әйел азаматтарының кейбіреулерінің еліміздің өндірісіне тигізген оң істері мен атқарған қызметтер жөнінде ойымызды ортаға салайық. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің ХХ ғасыр (1917-1990жж.) тарих залында Социалистік Еңбек Ерлері экспозициясы жасақталған. Солардың қатарында өлкемізден шыққан Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері Айнаш Байжігітованың да еңбек жолы көрсетілген. Ол 1914 жылы бұрынғы Бақсай (қазіргі Махамбет) ауданының Редут селосында туған. Әкесі Рысбеков Байжігіт өмір бойы балықшылықпен күн өткізіп, 1922 жылы дүние салады. Тұрмыс қиыншылығының барлығы анасы Жанғанымға түседі.[5,16п] Айнаш Байжігітова еңбек жолын 16 жасынан «Камынин» балық өндірісінде қосалқы жұмыстан бастады. Бұл кезде қазақ қыздары еңбекке сирек араласатын. Оның үстіне қыз балалардың балық өндірістерінде жұмыс істеуіне ата-аналары рұқсат етпейді. 1935 жылы комбинатқа балық өңдеуші болып жұмысқа ауысып, ілкіде екіпінді, кейін стахановшы болды. 1938 жылы «КСРО балық өндірісінің үздігі» атағын жеңіп алды. Балық-құты комбинатында 25 жыл жасап, үнемі жоспарды артық орындап тұрғаны үшін оған «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді.

Сонымен қатар «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту» ордендері, бірнеше медальдар, грамоталармен марапатталып, «Қазақ Республикасына еңбек сіңірген қызметкері» атанды. [6,165б.] Сол жылдары,Қадиша Шәріпованың да есімі республикаға кеңінен танымал еді. Апамыз 1938 жылдың 8 наурызында Атырау облысы Құрманғазы ауданы, Бодахан ауылы, Приморск селосында дүниеге келген. Білімі орташа, 1975 жылы Гурьев теңіз өнеркәсібі техникумын «техник-технолог» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек

жолын 1955 жылы Гурьев балық комбинатында балық өңдеуші қызметінен бастаған, сол мекемеден 1994 жылы зейнеткерлікке шығуына байланысты, жұмыстан босаған. Өз жұмысын мүлтіксіз орындап, көрсеткен жетістіктері үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері атанып, Ленин, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған. Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне, аудандық кеңеске депутат, КСРО кәсіподақтарының XV съезіне делегат, республикалық кәсіподақ Кеңесіне мүше, облыстық, аудандық партия комитеттеріне бюро мүшесіне сайланған. [7,2п] Ендігі кейіпкерлеріміздің қызметтері де, өмірлері де тағдырлас сол дәуірдің белгілі қаһармандары еді. Байдуллина Аққаным, 1944 жылдың қаңтардың 8-інде Новобогат (қ. Исатай) ауданы, Манаш ауылына қарасты Сазды мекенінде дүниеге келген. «Әкесі Исаев Байдолла 1900 жылы туған, анасы Исаева Қамқа 1906 жылы туған, қарапайым ауыл еңбеккерлері болған» деп өз қолымен жазды. [8,3п] 1960 жылы 28 маусымда Гурьев балық құты комбинатына жұмысшы болып орналасты. 1967 жылы жетінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. 1969 жылы Гурьев педагогикалық институтына түсіп, 1975 жылы аяқтаған. 1974 жылы «Құрмет белгісі» ордені және көптеген медальдармен марапатталған. Сол сияқты Тәжекенова Балажан 1945 жылдың 1 шілдесінде Атырау қаласында туған. Еңбек жолын 1963 жылы Гурьев балық-құты комбинатында ыдыс-жәшік цехында бастаған, 1965 жылдан балық өңдеу цехында балық кесуші болып жұмыс атқарған. Еңбектегі қажырлы еңбегі мен табыстары үшін «Құрмет Белгісі» ордені мен «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, X шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне (1975 ж.) депутат болып сайланған. [9,1п]

Міне, қарап отырсақ Кеңестік дәуірдің өзінде ең қиын да, жауапты қызметтерде біздің апа-аналарымыз абыройлы қызмет атқара білген. Бірақ та, айта кетерлік жәйт, Кеңес басшылығы да қарапайым қызметкерлерге деген оң көзқарастары болғандығын жасыра алмаймыз. Кеңестік дәуірде болған қиындықтарға қарамастан қазақ әйелдері тұрмыстың ауыртпалығын көтере білді. Сонымен қатар түрлі өндіріс, шаруашылық салаларында еңбек ете жүре үлкен табыстарға жеткен. Міне, осындай әйел азаматшаларының еңбегінің арқасында елдігімізді түзеп, әлемдік бәсекелестікке бейімделген, елге қызмет ететін, тіпті басқарада алатын талантты, табанды ұрпақ екендігін паш етті. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа ұрпақтарына үлгі болатындай қызметтер атқарып, болашағымыздың жарқындығына жетелей білді.

Библиографиялық тізімі:

1. Бакиев Ж.Б. Социалистическое преобразование рыбного хозяйства Казахстана (1917-1937гг.) // Автореферат диссертаций к.и.н. – Алматы, 1972. – 33с.
2. Народное хозяйство Казахстана. – 1937. - № 1-2.-119с.
3. АОММ.3-қор, 1-тізбе, 374-іс.
4. Нығметов Б. Жайық-Каспий өңіріндегі балық өнеркәсібі (1941-1991жж.)/ Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС, 2018ж. 224 бет.
5. АОММ. 346-қор, 1- тізбе, 11-іс.
6. Нығметов Б. Жайық-Каспий өңіріндегі балық өнеркәсібі (1941-1991жж.)/Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС, 2018 ж. 224 бет.
7. АОММ.193-қор,4-тізбе, 17,18-іс.
8. АОММ. 193-қор,4-тізбе,1-іс.
9. АОММ. 193-қор,4-тізбе, 14-іс.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ МҰНАЙ КӘСІБІН ИГЕРУДЕГІ РӨЛІ

Қайргалиева Г.К.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
тарих ғылымдарының кандидаты, қауым.профессор м.а.
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
g.kairgalieva@asu.edu.kz*

Айбаров Д., Серікбайқызы Ы.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы*

Еліміздің тәуелсіздігі жарияланғаннан бергі уақытта мұнай саласы экономиканың ең басты стратегиялық басым бағыты болып келеді. Қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси саласындағы өзгерістер қазақстандық түрлі әлеуметтік топтардың өмірлік және кәсіби ұстанымдарындағы өзгерістерге ықпал етті. Оның ішінде әйелдердің кәсіби мамандық таңдаудағы өзгерістері мен жалпы қоғамдағы гендерлік саясатқа мән берудің өсе түскендігін атап өтеміз. Осы тұста қазақстандық қоғамда әйелдердің рөліне, яғни гендерлік саясатқа мемлекеттік тұрғыда назар аударылған еді. Соңғы кездердегі ақпарат құралдары хабарларында өнеркәсіптегі, құрылыстағы, ауыл шаруашылығындағы, білім мен денсаулық сақтау саласындағы әйелдердің үлес салмағы, демек барлық салалардағы әлеуметтік-экономикалық әрекеті 60 пайызды құрайды деп саналады. Мұнай саласындағы әйелдердің де үлесі арта түскен.

Қазақ мұнайшы әйелдерінің мұнай кәсіпшілігіне тартыла бастауы 1930-шы жылдардан бастау алады. 1930 жылдарға дейін мұнай кәсіпшілігінде әйел еңбегі қолданылған жоқ деуге болады. Себебі 1930-1940 жылдар аралығындағы Атырау облыстық мұрағатындағы «Эмбанефть» тресіне қатысты құжаттарда еңбекшілер тізімінде мұнайшы әйел адамдар мүлде кездеспейді.

1938 жылғы Ескене кәсіпшілігіндегі жылдық есепке қарағанда, стахановшылар қозғалысына аса мән берілгені байқалады. Мысалы, 1938 жылғы қаңтарда – 26; ақпанда – 24; наурызда – жоқ; маусым айында – 6-41 арасындағы стахановшылар тізімі беріледі. Дегенмен олардың арасында бірде-бір мұнайшы әйел есімі кездеспейді. Ал 1940 жылғы стахановшылар тізімінде тек қана Назарова (монтер, 1914 ж.т.) мен Кузнецова (щитовая, 1914 ж.т.) фамилиялары бар [1].

1937 жылы Ембімұнай кәсіпшіліктеріндегі кадрлық әлеует талдауы бойынша білікті кадрлар саны – 510, оның ішінде жергілікті тұрғындар – 281 [1].

1938 жылы «Эмбанефть» тресінің құрамына Доссор, Мақат, Байшонас, Ескене, Төлеген, Нормонданак, Сағыз, Қосшағыл кәсіпшіліктері қарады. Мұнай саласындағы мамандардың жетіспеуі күн тәртібіндегі өзекті сауалға айналды. Сондықтан 1930 жылы ашылған Гурьев мұнай техникумының салаға мамандар дайындаудағы рөлі артты.

Аталған оқу орнының Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңдегі жергілікті мұнайшы кадрларын дайындаудағы қызметі зор болды. Мұрағаттағы деректер бойынша 30-шы жылдары Гурьев мұнай техникумында 5 бөлім болды: механикалық, бұрғылау, эксплуатация, геология, өндірісті кәсіпшілік. Онда, 1936 жылғы дерек бойынша, барлығы 177 студент білім алды. Оның ішінде ерлер 75, оның ішінде қазақ ұлтынан – 53, өзге ұлттар – 6. Техникумда білім алған әйелдер саны барлығы – 40. Оның ішінде, қазақ – 1, өзге ұлт – 2. Осы жылы дайындық бөлімінде 2 топ құрылады. Онда бірінші топта 35, екінші топта 25 студент дайындықта оқыды. Ерлер саны – 28, оның ішінде, қазақтар -15. Ал екі топтағы жалпы әйелдер - 52, қазақ -1 [2].

Ал 1936 жылы гурьев ФЗО-сын бітірген 56 маманның 6-уы қазақ қызы болды [3, 264]. Ал оқытушылар тізімі бойынша бір ғана қазақ оқытушы У.И.Исмурзин (1896 жылы туған) еңбек етті.

Бұл мәліметтер соғысқа дейінгі кезеңде мұнайшы мамандығына кәсіби тұрғыда дайындалған қазақ қыздары өте аз болғанын дәлелдейді. Көріп отырғанымыздай, 1936 жылы Гурьев мұнай техникумында бір ғана қазақ қызы оқып, геолог мамандығын алған. Ол - кәсіби мұнайшы мамандығын алған алғашқы қазақ қызы Балжан Жұмағалиева.

Осы кездері оқудың қиындығы, студенттердің қиын тұрмысы бірнеше рет техникум жиналыстарында қаралған. Педагогикалық кеңес «Ембімұнай» терсіне хат жолдап, білім алушыларға шәкіртақыларына үстеме қаражат қарау туралы ұсыныстар жасап отырған. Мұрағат деректерінде ол жайында «Большинство родителей студентов-казахов колхозники или рабочие имеющие очень невысокий заработок, в противоположность рабочим центральных мест. Родители студентов не могут помогать. Размеры стипендии подкурса 54 рубля, 1-курса -58, 2-курса 63, 4-курса-73-83 рубля»-деп көрсетеді [4]. Осы шәкіртақының 13 сомы дәптерге, қалам, сияларына, ал 70 сомы күнделікті тамаққа жұмсалуды тиіс. Яғни кей уақытта шәкіртақы көлемі күнделікті тамақтануға да жете бермейтін.

1936 жылы Гурьев мұнай техникумын бітірген тұңғыш қазақ қызы Балжан Жұмағалиева Ескене мұнай кәсіпшілігіне жұмысқа орналасады. Жас маман жұмысқа орналасқан Ескене кәсіпшілігі Одақтағы үздік кәсіпшіліктердің бірі болатын. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ескене кәсіпшілігі 9 мәрте Одақтың ауыспалы Қызық Туын жеңіп алған үздік еңбек ұжымы қатарында атанды.

Қазақ мұнайының еселеп дамуына үлес қосқан Ескенеде еңбек жолын бастаған қазақ қыздарының тобы қалыптасты. Олардың арасында алғаш рет Одақ көлемінде мұнайшы әйелдерден құралған мұнай өндіру учаскесін құрған, кейін КСРО Жоғарғы кеңесіне депутаттыққа үш мәрте сайланған Балғаным Доспаева, осы учаскеде еңбек еткен мұнайшы әйелдер қатарында алғаш рет Социалистік Еңбек Ері атағын алған Нәбира Шағырова болса, қазақ қыздары арасында мұнай кәсіпшілігі директорлығы қызметін атқарған алғашқы тұлға Балжан Жұмағалиева болған еді.

1941 жылы 8 наурызда әйелдердің мұнай өндіру техникасын меңгеруі жайындағы ақпаратта қазақ мұнайшы қыздары туралы «Балжан Джумагалиева одна из первых девушек-казашек села на скамейку Гурьевского нефтяного техникума. Старательно изучала она геологическую науку. Геологическое дело для нее стало родным. Уже пятый год работает Балжан техником-геологом промысла Искине», - деп жазылған.

Балжанның атасы Досмұхамбет қарт Ойыл өзенінің бойын мекендеген Кіші жүздің Таз руының Күңбас бөлімінің ауқатты адамы болған. Ел ішінде Дос атанып кеткен қарттың шаңырағынан Жұмағали, Оспан, Оразғали, Сейітқали, Нұрғали атты ұлдар тарайды. 1917 жылы қажылыққа Меккеге аттанған қарт кетерінде «мені іздеп әуре болмаңдар, менің сүйегім сол жақта қалар» деген екен. Сөйтіп 1917 жылғы дүрбелеңде жұмыс іздеген Жұмағали күнкөріс қамымен Доссор мұнай кәсіпшілігіне қарай көшкен. Сол жылы Балжан дүниеге келеді. Осылай Жұмағали қарттан басталған мұнайшылар әулеті қалыптасты.

Жұмағалиева Балжан алдымен Доссордағы төрт кластық бастауыш мектепте білім алады, одан кейін ФЗУ-ға оқуға түсіп, темір жонушы мамандығын меңгереді.

1936 жылы Гурьев мұнай техникумында (Гурьевский горно-нефтяной техникум) геология бөлімінде оқып, техник-геолог мамандығын алды. Алғырлығымен көзге түскен ол сол кездегі мектеп пен техникумды орыс тілінде оқыған жалғыз маман қазақ қызы болатын.

Осы жылы ол Измаилов Ғазиз атты Доссор өндірістік тау-кен училищесін бітірген кеңес қызметінде жүрген жігітке тұрмысқа шығады [5, 50-52].

1936-1939 жылдары Ескене мұнай кәсіпшілігінде коллектор, техник-геолог болды, 1939 жылы «Ембімұнай» тресіне қарайтын Сағыз мұнай өндіру кәсіпшілігіне бұрғылау геологы қызметіне ауысады.

1939-1962 жылдары Сағыз, Доссор, Мақат, мұнай кәсіпшіліктерінде геолог, шебер, бөлім басшысы, директордың орынбасары, 1962 жылы Доссор кәсіпшілігінің директоры қызметтерін атқарды. 1968 жылы Кеңқияқ мұнай кәсіпшілігінде аға геолог, кәсіподақтардың Атырау облыстық кеңесінде нұсқаушы қызметін атқарды.

Мұнай өндірісі саласындағы тұңғыш директор болған Балжан Жұмағалиева абыройлы еңбегі үшін «Құрмет» орденімен, «Еңбектегі үздік шыққаны үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медалдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Осылайша өмірін мұнай саласынан арнаған ана 2004 жылы 87 жасында өмірден озды.

Мұнайшы арулардың ерен еңбегіне таң қалғандар «Жылыойдың таң қаларсың қызын көрсен», «Доссордың Гүлжанындай бола бермес жұрттың бәрі», -деп мұнайлы өлкенің қыздарын халық өлеңге қосып дәріптеген.

Балғаным Досбаева КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болған алғашқы қазақ әйелі және ол парламентке үш мәрте сайланды. Арнаулы білімі жоқ болсада Ембиде мұнай өндіру учаскесіне жетекшілік еткен бірінші әйел. Майданға кеткен ерлердің орнын жоқтатпау үшін әйелдерді жұмысқа шақырып, жұрттан бұрын үндеу көтерген. Бірінші рет қыздар бригадасын ұйымдастырған.

Жібек Сегізалиева Мақат пен Доссорда қатардағы мұнайшы боп істеген. Өз елінің ерке қызы еркін жүріп, халқына қамқоршы болғаны жұртты сүйсіндіретін. Мақат ауданының халқы оны Қазақ Республикасы Жоғары Кеңесіне депутат етіп бірауыздан сайлады. Обкомғамүше, жергілікті Кеңестерге депутат болды. Шынымды айтайын, Сегізалиеваны көргенде, өзіміздің бірге өскен Жібек қой деп иек қағып өтіп кете алмайтынмын. Ол қасарған жерінен қан алатын қайсарлығымен өз ұжымының, ауданының мұқтажын батыл сұрайтын да алмай тынбайтын.

Нәбира Шағырова саналы өмірін түгел мұнай өндірісіне арнады. Оның жоспарды, тапсырманы орындамаған күні де, айы да болмапты. Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атаққа ие болған алғашқы мұнайшы-әйел. Орталық партия комитетіне мүше, жергілікті Кеңестерге депутат болды. Нәбирамен талай алқалы жиындардың төрінде қатар отырғанда, бірге жол сапарына шыққанда байқағаным-оның сабырлылығы, ұстамдылығы, ойшылдығы. Нәкеннің үнін сирек естисің, егер сөйлете алсаң пайдалы пікірге, соңғы хабарға, тың жаңалыққа қанығасың.

Әр кезде Жоғарғы Кеңестерге депутат болған Сүйрік Самарханова, Нұржауған Жайлыбаева, Қамқаш Ыбыраева, Маржан Боранбаева, Мәдениет Есенбаева, Людмила Поддубная, Зоя Маликова, Қарлыға Қарамбетова, Рая Шәртікова мұнайшылардың ғана өкіметтегі өкілі емес, бүкіл облыс халқының қалаулылары еді. Мәскеуде, Алматыда сайлаушылардың аманатын орындау мақсатында министрліктерге, үкімет үйіне кіріп жүретіндерін жиі көретінмін. Ресми сөйлеуге батылдары бара бермейтін, бірақ жеке сөйлескенде құнды ұсыныстары, әділ сын-ескертпелері әзір тұратын.

Анна Мельникова Мақаттың байырғы мұнайшысы, партияның XXIV съезіне делегат болып қатынасты. Өз ұжымында қоғам жұмысын жүргізетін беделді жұмысшы

Надежда Столыпина Байшонас мұнай кәсіпшілігінің озат жұмысшысы, қазақтың тілін, әдет ғұрпын жете үйренген, республикалық, партия съезіне делегат болып қатынасты.

Геолог А.Д.Квашенкинаны, операторлар Бәкес Дәужанованы, Жұмазия Қаспаеваны, Қалу Тілеумағамбетованы, Бекім Алдамжарованы «Республикаға еңбек сіңірген мұнайшы» деген құрметті атаққа ұсыну құжаттарына қол қойғаным есімде.

Мұнай айыру зауытының бетке ұстар шамшырақтары М.И.Сладкованың, З.Құмарованың, А.Қалиеваның, Б.А.Лыткинаның, Г.Д.Квашенкинаның, А.Шерпутовскаяның партия пленумдарында, парламент жиналыстарында халықтың мұң-мұқтаждары туралы батыл да әділ айтқандарын түгел естігенмін. Мұнайшылардың Злиха Иманғалиева, Батима Батырбаева, Ғалия Сүлейменова сияқты ел басқарған қыздарын шын ықыласпен дәріптейтінін білемін.

Аупарткомда, обкомдахатшы болып істеп жүрген кезімде баяндамаларымда, ресми сөздерімде ерлермен тең еңбек етіп жүрген, жастар тәрбиесіне араласатын, қоғам жұмысына белсене қатынасатын жұмысшы әйелдердің аттарын атамай кетпейтінмін. Солардың ішінде мұнайшылар да аз емес екен. Архивімді ақтарғанда біразын тапқанымға қуандым.

Мақат ауданынан-Рәбиға Махамбетова, Мария Сibaғатова, Жамал Нұрмұханова, Ырысты Айтжанова, Қалимаш Аралбаева, Қалыш Егізғарина, Биғайша Дүзекеева, Бәтима

Өтеулиева, Бақытылы Шәкірбаева, Изила Балжанова, Жібек Сәлімгереева, Күлсін Жұмабаева, Сағира Наурызалиева, Қатира Мәмбеталиева, Қоңырша Сүлейменова, Сағи Латиева, Бекмағамбетова, Т.Сарманова, Айманова, Қоразова, Завьялова, Бақытылы Даулетиярова.

Жылыой ауданынан-Есалиева Қымбат, Смағұлова Ағиба, Бердібаева Нұрғаным, Бекбосынова Панар, Аралбаева Қамаш, Нәренбаева Салима, Өтепқалиева Ақсұлу, Нұрманова Ақмәнет, Жұмашева Бәтима, Жаналиева Шолпан, Тілегенова Қантөре, Мекебаева Андыз, Жүгінова Мәрзия, Сәрсенғалиева Балзиба, Сайлыбаева Бәтима, Мұқанова Айман, Мейірманова Қалыш, Өтеуова Маруся, Тәңірбергенова Злиха, Тоқтамысова Сәнім.

Маңғыстаудан-Ақжан Қадымова, Раиса Молдабаева, Гүлжан Елдесова, Сәнжан Әжіғалиева, Бизада Жантасова, Гүлжан Омарова, Назым Қобланова, Әлия Жандауова, Бегім Зейнелова, Бизада Байғожина, Нина Бережная, Зина Қалмұратова, Людмила Бердіғожина, М.Сүндетова, Алтын Байдекешова, Рая Есенғалиева, Мейіз Қарымсақова, Мәрия Нұрғалиева, Қанзиба Есмұрзина [6].

Ұлы Отан соғысы жылдарында мұнай саласына келген қазақ әйелдері өте көп болды. Олар соғысқа аттанған әкелерінің, ерлерінің, бауырларының орнын басты. Әйелдердің мұнайшы қызметтеріне келуінің әлеуметтік себептерінің қатарында отбасын асырау, балашағасына күнкөрісті қамтамасыз ету алдымен қойылды. Екіншіден, техникалық мамандықтарды меңгеру және промыслдарды жұмыс жасау бірқатар экономикалық және материалдық мүмкіндіктер берді. Себебі мұнай кәсіпшілігіндегі еңбекақысы ауыл шаруашылығындағы жағдайдан әлдеқайда жоғары болатын.

Соғыс жылдарында мұнай саласында еңбек еткен және мұнай өнеркәсібінің дамуына үлес қосқан әйелдер саны деректерде түрліше беріледі. 2005 жылы Алматы қаласында жарияланған «Мұнайшы арулар еңбегі – ерлік ескерткіші» жинағында 131 мұнайшы әйелдің мәліметі берілген [7, 152-176]. Сонымен қатар тек қана Мақат ауданы бойынша «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған мұнайшы әйелдердің саны 633-ке тең [7, 181-193]. Олардың қатарында оператор, дәнекерлеуші, моторист, көмекші оператор, жөндеуші, май құюшы, күзет жауынгері, аккумуляторщик, бұрғылау жұмысшысы, балғашы, сынамашы, электр монтері, жүк тиеуші, майлаушы, үйренуші-токарь, нормалаушы, жанармай құюшы, техник секілді түрлі мамандық иелері болды.

Сонымен жұмыс қолының көбеюіне байланысты ауыр жұмыстағы әйелдер жеңілдеу қызметке ауыса бастады, қарттар зейнеткерлікке шығуға мүмкіндік алды, жастарға мұнай институтына, техникумына жолдама берілетін болды.

Өткен ғасырдың 30-60 жылдарында да мұнай саласындағы маман әйелдер үлесі ерлермен салыстырған өте аз болды. Мұнай саласындағы әйелдердің санының артуы Ұлы Отан соғысы жылдарында көбейді. Оған ерлердің соғысқа аттануы, ерлердің орнына әйелдердің жұмысқа алынуы негізі себеп болды.

Соғысқа дейін Ембі кәсіпшіліктерінде 1880 әйел жұмыс жасаса, соғыс жылдарында Ембі мұнай кәсіпшіліктерінде 5460 әйел жұмыс жасады [7,135]. Мұнай саласына мамандар дайындауда Гурьев мұнай техникумы үлкен рөл атқарды.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын ұсынамын» деп айтқанындай, туған өлкенің еңбектегі тұлғаларының тарихын зерттеу жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды орын алады [89].

Қазақстан мұнайшы әйелдері еліміздің экономикасының, оның ішінде мұнай экономикасының қалыптасуы мен дамуына сіңірген үбегі аса зор. Олардың ғылым мен техниканың өндіріске әлі толық еңбеген қиын да күрделі кездегі ерен еңбегі ұрпақтар жадында сақталуы тиіс.

Библиографиялық тізім:

- 15 Бердіғожин Л. Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі: кадрлық әлеуеті.-Алматы: «Өлке», 2012.-368
- 27 АОММ. 232-қор, 1-тізім, 39-іс
- 28 АОММ, 146-қор, 1-тізім, 124- іс
- 29 АОММ, 146-қор, 1-тізім, 21- іс
- 30 Мұнайшы арулар еңбегі – ерлік ескерткіші (1945-2005). – Алматы, 2005, -234 б.
- 31 Кужахметова А.А. Мұнай өнеркәсібін дамытуға үлес қосқан қазақ әйелдері. // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы, Ғылыми журнал, №3 2016, 155-160 бб.
- 34 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. / Егемен Қазақстан, 2017ж.,12 сәуір; / www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynynbolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҰЛАҒАТТЫ ҒАЛЫМ - Г.Ж.НҰРЫШЕВАНЫҢ ОРНЫ

Қырықбаева Ж.М.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Zkrykbaeva@mail.ru*

Тәуелсіздіктің тұғырын бекіту жолында елімізде көп жұмыс атқарылды. Экономикасы қарқынды дами отыра бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ететін өркениетті мемлекет құру жолында қазақстандықтар дамыған елдер көшінің қатарында келеді. Еліміздің стратегиялық мақсаты - 2050 жылға қарай әлемнің озық дамыған 30 елінің бірі ретінде танылу болып отыр. Осы орайда мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында осы жолдағы ауқымды мақсаттарды жүзеге асырудың басым бағыттарын анықтап берді. Ал «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында осы игі бастаманы жалғастырып қоғамға тың серпін әкелді. Елбасының бұл мақаласы рухани жаңғыру аясында ұлт рухының жаңаша дамуына,асқақтауына негіз болды деп айтуға болады. Қазақ халқында жеті саны қасиетті және жеті санына мән беретін қазақ халқы үшін Елбасының мақаласы «Ұлы даланың жеті қыры» деп аталуының өзі маңызды. Себебі, Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақ халқының тарихына терең бойлай отырып, тарихтың жеті қырын ашып берді. Ұлы даланың жеті қырының қайсысы болмасын қазақ елінің өміріндегі ерекше мұра болып табылады. Егер Қазақ халқы әлемдік өркениетке қандай үлес қосты деген сұрақ туындаса, осы мәселеге Елбасымыз өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында жан-жақты әрі дәлелді түрде жауап берді деп айта аламыз. Сондықтан, біздің дархан даламызда бастау алған мәдениет игілігін дүние жүзінің көріп отырғанын айта білгеніміз жөн. Мысалы Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» деп аталатын мақаласындағы «Алтын адам» тақырыбында «Біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында «қазақстандық Тутанхамон» деген атқа ие болған «Алтын адам». Бұл жауынгер талай тылсым құпияның бетін ашты. Біздің бабаларымыз әлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасаған. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Сонымен бірге бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті. Дала халқы өз көсемдерін осылайша

ұлықтап, оның мәртебесін күн секілді күдірет деңгейіне көтеріп асқақтатқан» деп Ұлы даланың бір қырын ашып көрсетеді.

Бүгінгі таңдағы басты міндетіміз осы ата-бабаларымыздан қалған мұраны сақтай білу. Даңқты бабалар мен көне тарихтың ұлылығын сезіну әр қазақтың бойында бар. Бұл сезім - қазақтың дүниетанымының, ұлттық кодының мызғымас бір бөлшегі. Елбасы мақаласы осы жайтты тарихи деректермен, жетістіктермен дәлелдейді. Бұл түркі дүниесінің әлем өркениетіне қосқан үлесі жайлы айтылған пікірлердің шыңы екенін атап өту керек.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында Ұлы даланың тарихымен таныстырылып, руханиятты сақтауға арналған алты жоба ұсынылып отыр. Тәуелсіздік алғалы ширек ғасыр көлемінде үшінші мәрте тарихымызды түгендейтін бағыт-бағдар алып отырмыз. «Мәдени мұра» – ақтандақтарды қалпына келтіріп, өшкенімізді жандырса, «Рухани жаңғыру» – ұлт тарихын таныстыратын даңғыл болды. Ал, мына «Ұлы даланың жеті қыры» – ұрпақтар мақтанатын, арғы тектерін әлемге батыл әрі айқын насихаттайтын төлқұжат. Егемен ел болып, ес жиғалы ғана өткенімізді түгендеп, тегімізді танып келеміз. Енді Мемлекет басшысы айтқандай: «тарихи сананы жаңғыртып, көтерілген мәселелерді ой елегінен өткізіп, терең зерделеу қажет». Мақаланың алғашқы жеті тарауында бабаларымыздың өз заманында жеткен жетістіктері мен технологиялық жаңалықтарын жіліктеп түсіндіріп, құйма құлаққа құйып, көкірегінде көзі барға көрсетіп, бүгінгінің саналы ұрпағына ұқтырып отыр. Соның бірі Сиверс алмасы мен Регель қызғалдағының тарихи Отаны Қазақстан екенін дәлелдейді. Қазақ халқының өмір сүру дағдысы, тұрмысы, салт-дәстүрі жайлы білу, соны сақтап кейінгіге үйрету, гуманистік қағидалармен қарулану-ұрпақтарының парызы. Ата-бабаларымыз бен танымал тұлғаларымыз ашқан жаңалықтарын, жеткен жетістіктерін кейінгіге аманаттап келеді. Сол аманатты Елбасымыз жастарға жеткізу мақсатында Түркі әлемінің бесігі – Тәуелсіз Қазақстанның жастарына «Жастар жылын» жариялай отырып, шыққан тектерімен таныстырған мақала жолдап отыр. Ал осыны оқыған ұрпақ төл тарихын білуге ұмтылып, тарихи санасы жаңғырып, мақалада айтылған керемет идеяларды қолға алып, іс-шараларды жүзеге асыруға ат салысатынына сенеміз. «Ұлы дала есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашу, «Ұлы дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік фильмдер шығарып тарату ұлтымыздың қаһармандарын өз елімізде ғана насихаттамай, шет елдерге де шығарып, әлем халқымен таныстырады. Келер ұрпақ өзінің арғы тегіндегі ұлт батырларын үлгі тұтып өсетін болады. Сондай-ақ шетелдік туристтер үшін де анықтамалық құжат болатындығы айқын. Ұлы даланың жеті қырының кез келгені – Қазақ елінің өміріндегі ерекше мұра. Атқа міну мәдениеті, ежелгі металл өндіру мен өңдеу технологиясы, өз жазуы мен мифологиясы бар озық мәдениеті Қазақ елінің рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі өнері», бүкіл әлемді тамсандырған Дала өркениетінің жәдігері – «Алтын адам» жауынгері, түркі әлемінің бесігі саналатын Алтайдан бастау алатын түркі тарихы, әлемдік экономиканың өркенденуіне септігін тигізген – Ұлы Жібек жолы жүйесі, Қазақ елінің ұлттық брендіне лайықты алма мен қызғалдақтар, еліміздің аумағында орын алған тарихи жайт қана емес, сонымен қатар әрбір қазақ үшін де аса қымбат құндылықтар. Жаһандану кезеңінде, ұлт тарихының мәдениеті мен құндылықтарын білу, насихаттау әрі сақтау елді бекемдеудің тікелей кепілі. Айтылып өткен мәдени құндылықтарымыздың қоғам санасының тарихи жаңаруы үшін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұсынып отырған жобалар толықтай жауап беретіні анық. Жоба арқылы ойтұжырымдарымыздан тарихқа деген ұстанымымыздың дұрыстығын, бағыт-бағдарымыздың айқындығын көреміз. Тарихи сананы жаңғырту мәселесіне орай Президентіміздің: «Біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты», деп нақты санамалап көрсеткен.

Енді осы мақаланы алға ұстай отырып, өткенімізді естен шығармай, болашаққа нық қадам басуымыз керек. Елбасымыз өз сөзінде: «Туған жерге туыңды тік!», - деген қағиданы ұстана отырып, әрбір перзентке ел тарихын тануда туған жерінің тауы мен тасын, топырағына тағзым ету міндетін жүктейді. Ұлыларымыздың есімін қайта жаңғырту бағытында Ұлы Даланың жеті қыры арқылы ежелгі ұлыдалалықтардың адамзат баласы

жасаған өркениеттің бастауында, Атыраудың киелі топырағында туып-өскен ұлылардың Махамбеттей, Исатайдай, Сұлтан Бейбарыстай батырларының, М.Мөңкеұлындай жырауының, Құрманғазы, Қаршығадай күйшілерінің, Жүмекендей, Хамиттей, Фаризадай ақындарының, Иманғалидай қоғам қайраткерінің, Ғалымжандай, Хисметтей, Қадырдай, Гүлжиһандай ғалымдардан алар тағылым, ортақ тарих танымы, ұрпақ санасын қалыптастыратыны сөзсіз. Кез келген халық, оның ұрпағы өзінің тарихын, адамзат дамуына қосқан технологиялық, инновациялық үлесі туралы хабардар болуы тиіс. Елбасы мақаласында «әрбір азамат туған жерінің тарихын білуге, құндылықтарын қастерлеп, дамуына өз үлесін қосу қажет» деген міндетті қойып отыр. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы мен дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, өлең-жырлары, ұлттық ойындары, музыкалық мұрасы, аспаптары баға жетпес асыл қазына. Сол тарихи әрі рухани байлықты сақтап, әрі қарай дамыту да міндеті тұр. Ұлы дала кеңістігінен шыққан өркениеттік жетістіктерді ұмытпау әрі дәріптеу – келер ұрпақтың үлесінде.

Жоғарыда аталып өткендей, өңіріміздің жеті қырының бірі - зиялы қауым өкілдері, танымал тұлғалар, зерделі ғалымдар болса, солардың бірі-Елбасының стратегиялық бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында, мемлекеттік тапсырманы орындау бағытында жетекші кәсіби маман ретінде қазақ философиясының дамуына үнемі талмай қызмет етіп, өзінің үлесін қосып келе жатқан философ-ғалым Нұрышева Гүлжиһан Жұмабайқызы.

Нұрышева Гүлжиһан Жұмабайқызы – философия ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің және Қазақ-Британ техникалық университетінің профессоры. Бұл күнде киелі шаңырақ, жетекші оқу орны Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде философия кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

Ғалымның Әлемдік және Отандық философияны салыстырмалы түрде зерттеп, философияның өзекті мәселелеріне қатысты жүйелі түрде, бірізділік принципімен инновациялық-әдістемемен жазылған «Философия тарихы», «Қазақ философиясы», «Философиялық антропология», «Мәдениеттану», «Ғылым философиясы» бойынша жарық көрген ғылыми еңбектері - оқу құралдары мен оқулықтары қазақ философиясына қосылған маңызды рухани құндылықтар. Гүлжиһан Жұмабайқызы - Қазақстан Республикасы жоғары білім беру және ғылыми ізденіс кеңістігінде кеңінен қолданылып жүрген оқулықтар мен монографиялардың және Қазақстан, Ресей, Монғолия, Түркия, Польша, Чехияның ғылыми басылымдарында жарық көрген 100-ге жуық мақалалардың авторы. Соның ішінде «Адам өмірінің философиялық мәні» монографиясының (2001 ж.), «Общественное сознание казахского общества начала 20 века» оқу құралы (2001 ж.) және т.б. еңбектері бар.

Ғалым өз еңбектерінде «Қазақ философиясы – этикалық, экзистенциалдық философия» деген анықтама – отандық философияда қабылданған тұжырым екендігін, қоғамда адам өмірінің мәнін қате түсіну, оған жауапты қазақтың табиғатына жат мәдениеттерден іздеу, өзгеге еліктеу қаупі бар екендігін күнделікті өміріміздің әрбір оқиғасы арқылы дәлелдеп отыр. Сондықтан да, жоғарыда аталған жоба түркі ғұламасы Әл-Фарабидің ізгілік іліміне негізделгенін атап өтті. Сонымен қатар білім беру ісінде Абайдың «Қара сөзіне», Шәкәрімнің «Ар іліміне», қазақтың адамгершілік философиялық толғаныстарға толы ауыз әдебиетіне, оның эпос, қара өлең, қоштасу, жоқтау, ақындық, жыраулық, шешендік өнер және тағы басқа түрлеріне, көрнекті ойшылдарымыздың өмірмәндік философиясына тереңірек үңілу жастарымызға ой салып, өмірлеріне сабақ болары еш күмәнсіз екендігін көрсетті. Қазақтың халықтық философиялық дүниетанымы жан-жақты зерттелгендігін бір ғана мысал, Философия, саясаттану және дінтану институты бастаған отандық философтар «Қазақ философиясы тарихының» бес томдығын жарыққа шығарып, халқына өзінің философиясын өзіне түсіндіріп, саралап, реттеп, жинақтап берді. Қазақ халқының философиялық дүниетанымын зерттеуге арналған көптеген монография, ғылыми жинақтар мен мақалалар, кандидаттық және докторлық диссертациялары жарық көрді. Атап өтетін бір ерекшелігі – бұл туындыларда ұлттық шектелу, тұйықталу байқалмайды, қазақ философиясының тарихы

әлем философиясымен тығыз байланысты түрде қарастырылып, талданды. Кеңестік кезеңде олар туралы сөз етуге де болмайтын постмодернизм, экзистенциализм, герменевтика, прагматизм және басқа батыстық философиялық бағыттардың, мектептер мен ағымдардың өзекті мәселелерін қазақ философтары да кеңінен талқылады.

Автордың философиялық туындылары жоғары оқу орындарының студенттеріне, ғылыми ізденіс жүргізушілерге және философия ғалымына қызуғышылық танытушы көпшілік қауымға арналған.

Жоғары білім беру саласында дайындалған маманның кәсіптік деңгейімен бірге адамгершіліктік-рухани және әлеуметтік келбетінің де биік болуы қазіргі кезеңде ерекше өзекті. Осы тұрғыдан алғанда университет қабырғасында білім алушы жастардың қарапайым индивид-пенде емес, өзіне, қоғамға, өмірлік процестерге деген терең көзқарасқа ие тұлға болып қалыптасуына айқындаушы әсер ететін философия ғылымы мен оны жастарға жоғары оқу орындарында оқытушы философ мамандарға қойылып отырған талаптардың маңызы арта түсіп отыр.[3, 36.]

Қазіргі кезде философия пәні бойынша білім алушыларға арналған бағдарламаларда философия тарихын зерттеу тақырыптарынан басталады. Профессор Г.Ж.Нұрышева өзінің жазған оқу бағдарламаларында әлемдік философтарының философия тарихы жөніндегі ғылыми тұжырымдары мен әдіснамасынбасшылыққа алып:- белгілі философ К.Ясперстің пікірінше, «философия тарихы философиялық пайымдаудың маңызды элементі. Өткенге, тұтастың ең биік дүние-туындылары мен мүмкіндіктеріне үңілу арқылы ғана өз бойындағы айқындық пен кеңдік мүмкіндігін анықтауға болады» деген қағидаттарды «Философия тарихы» атты еңбегінде бұл қадамның дұрыс екенін атап көрсетеді.(К.Ясперс. Всемирная история философии. СПб., 2000, 258 с.).[3, 36.]

Ғалым өзінің ғылыми еңбектерінде философия тарихының алғашқы кезеңдері Көне Үнді, Қытай және Греция философиясының негізгі даму сатылары, ерекшеліктері, басты ұғымдары мен өкілдері туралы баяндап, философиялық тұлғалардың еңбектерін қазақ тіліне аударды.Сондай-ақ осы аталмыш еңбегінде ғалым салыстырмалы тілде әлем пәлсапасының рухани құндылықтарын ұлттық құндылықтармен байланыстыра отырып, озық идеялармен пайымдайды. Философияның басқа ғылымдардан бір ерекшелігі ол өзінің өткенін ешқашан жоққа шығармайды, керісінше, оны саралап, өзінің болашақ дамуына қажетті ой-пікір, көзқарас, идеяларды алып отырады. Философия тарихында адам ойының керемет жетістіктері, ең биік үлгілері жинақталған, бірақ олар танушы тұлғаның философиялық ойлау процесін шектемейді, оның шарықтауына, тұлғаның өзіндік «Менін» көрсетуіне шексіз мүмкіндік-кеңістік ашады.

Философия тарихын құрайтын философиялық тұлғалар. Философиялық ой біз үшін оны пайымдаған тұлғалар арқылы ғана мәнді, себебі білімді жинақтайтын нақты адамдар және олардың өзіндік ерекшеліктері, басқаға ұқсамайтын жеке қасиеттері көбірек болған сайын ғылым мен мәдениетке қосатын үлестері де маңызды және мол бола түседі. Философиялық тұлғалардың, Қ.Ясперстің сөзімен айтсақ, «философия кеңістігіндегі субстанциялардың» қайталанбас дүниесіне үңілу, жеке өмірі мен шығармашылығын талдау, тіпті кейбір биографиялық кезеңдеріне назар аудару танушы субъектінің тұлғалық қалыптасуына маңызды әсер етеді. Мысалы, Сократ, И.Кант, Л.Толстой, Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім және тағы басқа ойшылдардың ақиқатқа жету жолындағы адами және ғылыми тазалығы, философиялық ізденіске деген құштарлығы мен құрбандығы жастарға ой салып, олардың тұлғалық келбетінің қалыптасуына оң әсер ететіні сөзсіз деп философиялық тұлғалардың дүниетанымдық, гуманистік ой-пікірлеріне жүгініп, жеке шығармашылық еңбектеріне тоқталып өтеді.

Сонымен қатар, автор философия тарихы еңбегінде біздің танымымызды тарихи тұлғалардың шығармалары, тағдыры, мінез-құлқы, өмір салты арқылы ашылатын өмірлік құндылықтармен толықтырады. Танушы субъект философияның көмегімен өз өмірін саналы түрде қайтадан, бұрынғыдан әлдеқайда жоғары деңгейде түсінуге жол табады. Осы

ойымыздың мысалы ретінде тұлғаның өмірмәндік түсініктерінің қалыптасуындағы философияның ролінің жоғары және маңызды екенін атап көрсетеді.

Философия тарихын зерттеу тұлғаның бойында адамшылық ережелерінің жетіліп-дамуының да ішкі қозғаушы күші бола алады. Ғалым жеке философиялық тұлғалардың моральдық ілімдерін теориялық деңгейде зерттеп қана қоймай, моральдық принциптерді танып-білуге, оны өзіндік өмірлік тәжірибеде жүзеге асыруға, тұлғаның қалыптасуына қажетті құрылымдарды анықтап береді.

Философия тарихы адамның бойында еркін ойлау принциптерін қалыптастыруға ерекше ықпал етеді, себебі философия – рухтың жоғарғы еркіндігі саласы және философия тарихы еркін ойлау мен еркін өмір сүрудің тамаша үлгілеріне толы. [3, 4б.]

Философия мәселесі қай заманда да өзекті мәселе. Соның ішінде еркіндік мәселесі – философия ғылымы ғасырлар бойы зерттеп келе жатқан, әлі шешімі табылмаған, маңызы қазіргі заманда арта түсіп отырған «мәңгілік» мәселелердің бірі. Профессор Г.Ж.Нұрышева «еркіндік» мәселесін:

-Философиялық ойлауға тән ашықтық, сыни верификация, реализм, скептицизм, өзін-өзі сынай білу философияны игеруші субъект-тұлғаның рухани дүниесінің қалыптасуына айқындаушы әсер етеді. Философия адамға өз өмірі мен тағдырын өзі айқындауға мүмкіндігі бар, таңдау еркіндігі адамның өз қолында екендігін түсіндіреді. Бұл мәселе, әсіресе, кішкентайынан тиым салу ережелерінің қатаң шеңберінде тәрбиеленетін қазақ балалары үшін аса маңызды екенін; қорқыту, тиым салу арқылы емес, саналы еркіндіктің көмегімен ғана қоғамның еркін азаматтарын қалыптастыруға болатынын; және абсолюттік еркіндік мүмкін емес, бірақ саналы еркіндікке ие адам ғана өзінің индивидуалдығын қоғамдық деңгейде жүзеге асыратын тұлғаға айналады деп көрсетеді.

Сонымен қатар, ғалым әлем философ ойшылдары мен қазақ философтарының туындыларын зерттеп, игеру мәселесін өзінің ғылыми зерттеу нысаны етіп қоя білді. Философия тарихында өшпес із қалдырған ойшылдардың еңбектерін қазақ тіліне аудару ғалымның түпкі мақсаты болды.

Тағы бір кезек күттірмейтін жүзеге асырған міндет – әлемдік философияның озық үлгілерін қазақ тіліне аудару. Осы орайда профессор Г.Ж.Нұрышева жоба міндетін атқаруға, аударма мәселесіне елеулі үлес қосты. Елбасының бастамасымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша бір ғана философия саласы тақырыбында «Әлемдік философиялық мұра» сериясының жиырма томы, «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясының жиырма томы, Әбу Нәсір әл-Фараби шығармаларының он томы дайындалды.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша әл Фарабидің «Платон «Заңдарының мәні» және «Аристотель философиясы» еңбектерін («Әлемдік философиялық ой» бөлімінің 1-томы) қазақ тіліне аударды (2004 ж.), «Зерде» қоғамдық қорының «Әлемдік саяси ой» жобасы бойынша Жан Жак Руссоның «Қоғамдық келісім-шарт немесе саяси құқық принциптері», Джон Локктың «Басқару туралы екі трактат» шығармаларын қазақ тіліне аударуға басшылық етті (2003-2004 ж.).

Әлемдік философияның көрнекті өкілдерінің еңбектері, түпнұсқалар алғаш рет қазақ тіліне аударылып, қалың көпшілікке кітапханалар арқылы таратылды. Профессор Гүлжиһан Нұрышева Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында белгіленген «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асыру ісіне де ғылыми редактор және аудармашы ретінде тағайындалған болатын. Жаз бойы тыным таппай еңбектеніп, шетелдік философ Дерек Джонстонның *A Brief History of Philosophy* еңбегін ағылшын тілінен сапалы қазақшаға аударып, оқулығын шығарды.

Аударма нұсқалары арқылы көпшілік оқырман қауым түпнұсқаны зерттеу процесінде танушы субъектінің бойында білімге деген жеке, тұлғалық қатынас одан әрі нығая түседі. Түпнұсқа философтың интеллектуалдық ойының жемісі, ал танушы тұлға үшін «...интеллектуалдық әдемілік жаңалықтарға жол көрсетуші және ақиқаттылықтың белгісі» осы оқу құралы-хрестоматия жастарымыздың философ ойшылдардың еңбектерімен қазақ тілінде танысу мүмкіндігіне жол алу мақсатымен жазылды, танысу мүмкіндігіне ие

болды. Әлем философтарының туындыларынан аударылғанмен философиялық тұлғалардың басты туындыларынан үзінділері қазақ тіліне ғалымның басшылығымен аударылған.[3, 5б.]

Аударылған «100 оқулық жобасы» бойынша биылғы жылы олардың 17-сі аударылған болса, соның ішінде философия сериясы бойынша оқулықтар тізімі Қазақстандық жоғары оқу орындарының кітапханаларында кітап қорларын толықтырды және таныстырылып, талқылаудан өткізілді. Бұл оқулықтар жоғары оқу орындарында әлем студенттерімен қатар қазақстандық жастардың философия ғылымын игеруге қызығушылықтарын танытары және пайдалы оқу құралы болатыны сөзсіз. Әріптестер мен студенттерінің құрметіне бөленген, мәртебесі биік, озат ұстаз, тәжірибелі әдіскер, танымал ғалымның қазақ философиясына қосқан еңбегі, елеулі үлесі - сарқылмас қазына.

Қорыта келгенде, «Мәдени жоба», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарлама-жобалары Елбасының тарихи сананы жаңғыртуға бағытталған ұсыныстары мемлекетіміздің нығаюына септігін тигізеді. Мұның бәрінің «Жастар жылымен» сабақтасуы өз елінің жаңаша ойлай білетін келбетінің тәрбиеленіп жетілуіне, Қазақстан отанының тарихын білетін, бағалайтын, елі мен жерін жанындай сүйетін, ата-бабаларындай халқының қамын ойлайтын, жерін қорғайтын, гүлдендіруге жұмыстанатын жаңа ұрпақтың толқыны тарихқа шығатынына сенім береді. Өйткені, тарихын білген ел ғана өткеннен сабақ алып, жарқын болашаққа жол тауып жетістіктерге жетеді. Елбасы осы жолдағы жаңа бағыттарды анықтай отырып, оларды жүзеге асыруда заманауи технологиялар мен ғылымның соңғы жетістіктерін молынан пайдалануға назар аударған. Олай болса, заман озған сайын тарихтан тағылым ала отырып бүгінгімізді болашақтың талаптарына сай бейімдеуде профессор Г.Ж.Нұрышеваның философиялық еңбектерінің рухани құндылықтары, маңыздылығы арта түспек. Мұның жетістігі ең алдымен сапалы оқулық нәтижесінде студент-жастарға жаңа сапалық деңгейде білім берілетіндігі. Сөйтіп білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым қабілетті мамандар даярланатын болады. Білім ордасының аудиториясын жастарымыздың ашықтық, прагматизм, бәсекелестік сияқты санасын қалыптастыратын, болашақтың негізі қаланатын заманауи ортаға айналдыруда философия ғылымының докторы Гүлжиһан Жұмабайқызы Нұрышеваның әлі де алда зор жұмыстар атқаратыны анық.

Библиографиялық тізім:

1. Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы
2. Философия. Ред. басқарған Ғабитов Т.Х. Алматы, 2004
3. Қасабек А. Тарихи-философиялық таным. Алматы, 2002
4. Нұрышева Г.Ж. Философия тарихы. Оқу құралы. - Алматы: «Зият Пресс», 2005. - 180 б.
5. Нұрышева Г.Ж. Философия: Оқу құралы. - Алматы: «Зият Пресс», 2006. - 204 б.

GENDER POLICY IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN IN THE SOCIAL SPHERE

*Alekperzade F., Abitayeva R.
Zhezkazgan Baikonurov University
Zhezkazgan, Republic of Kazakhstan
uniqueunique2502@gmail.com*

Gender differences arise in many aspects of a person's life whether it is culture, public affairs, job, family and relationships, or the economy (just to name a few). Gender studies stand in for, among many other disciplines in the field of social sciences, a new area, the presence of which barely counts four decades. Despite their little existence, gender studies represent one of the most innovative and dynamic fields in this area. They constitute a very good example of the way in

which the academic sphere has been transformed in the last half of century, through the recognition of the fact that knowledge production is a significant cultural and social phenomenon. Gender studies through their contribution to a better understanding of gender construction and meaning, propelled the change of social and cultural practices, thus transforming society in a sustainable and effective way. Gender studies imposed, in the course of their short existence, gender as a basic category for the investigation of all forms and systems of human organization and social life.

Gender studies appeared, for the first time, in the 1970, in American universities, in a period when the simple fact of saying that women can become an object of study was conceived as a radical act. Initially, the field was called «Female Studies», but this name was soon changed for the more comprehensive «Women's Studies», that highlighted the fact that the field contained studies conceived by women, concerning women and belonging to women. At the start of the 7th decade of the last century, the foundations were set for a new field of study, in universities: «For the first time, women were not only learning about themselves, but were actively creating and owning knowledge based on their own personal and political experiences» [1, p.10]. Women's studies were born out of the disapproval of the role of women in the society, from the fact that their significance was underestimated. Women in the universities spoke out against the way academic circles were silent about women and their scientific contribution and ignored their achievements: «From its very inception, Women's Studies had a very clear purpose and that was to transform the university so that knowledge about women was no longer invisible, marginalized, or made 'other'» [1, p.10-11].

In 1990s the scholars noticed that women's studies became a too restrictive field when faced with the necessities and interests of the different categories of individuals. Thus, «gender studies» became the «official» name of the field, in an effort to take in and address all those differences.

Gender studies development continues, simultaneously with the development of society: now gender studies are broadly available, thanks to the introducing of computers and internet.

We can say, therefore, that from the beginning of the 1970 s until now gender studies had an important impact on the change of society. We can say now, when we look retrospectively back, that the academic and social space would not have been the same without gender studies and the social movements that grounded them.

Ever since their beginning, gender studies established the aim to transform, besides the academic sphere, the social world. They appeared as a natural outcome of the politics of their period, especially the women movements, and they were designed to support and enforce the results of the women's movement: «From the beginning, the goal of women's studies was not merely to study women's position in the world but to change it» [2, p.13]. Since the emergence of this field the pioneers of gender studies assumed its mission to be learning about women and other community groups with a prospect to acquire «positive social change in the rest of the world for women and other oppressed groups alike» [1, p.10]. By imposing the acceptation of women as subject of study and the acknowledgment of women's contribution to the science, scholarly knowledge, by helping introducing anti-discrimination legislation and gender equality policies in education, by supporting women's and other groups' movements, gender studies accomplished their initial purpose and proved their influence to the transformation of our society.

Kazakhstan has identified integration into the world community as a priority in the sphere of foreign policy. In the Millennium Declaration of the United Nations (2000) [3], which was signed by most of the world's countries, promotion of gender equality and women's empowerment was declared as the chief goals for the development of humankind in the third millennium.

The historical domination of men over women has been changing in latest times. In industrially well-developed and socially oriented countries women have come very close to achieving equality with men with respect to their rights and opportunities. During its years of independence, Kazakhstan has also achieved certain progress in the protection of rights and legitimate interests of its men and women. In 1998, Kazakhstan joined the Convention on the Elimination of All Forms of Discrimination against Women. Kazakhstan has also ratified the Convention on the Political Rights of Women and the Convention on the Nationality of Married Women. In addition, international treaties on civil, political, economic, social and cultural rights

have also been signed. Altogether Kazakhstan has joined more than 60 international agreements on human rights [4, p.4].

Government Resolution #1190, of 27 November 2003, approved the Concept of Gender Policy for the Republic of Kazakhstan. It defined the principal directions for gender policy in our state. At the fourth Forum of Women of Kazakhstan, held in Astana in September 2004, the President charged the Government and the National Commission on Family and Women's Affairs with the task of developing a Strategy for Gender Equality in the Republic of Kazakhstan on the basis of this Concept.

The National Commission on Women's Affairs, Family and Demographic Policy under the President of Kazakhstan was established in 2006 and it is the leading institution for the realization of Kazakhstan's gender equality strategy. Realization of the Strategy for gender equality in the Republic of Kazakhstan meant to enhance creation of conditions for women and men to exercise their right to a life free from gender-based discrimination.

In February and March 2017 the Gender Study for Kazakhstan was conducted by the consultant team made up of Ms. Helen Dubok (Team Leader), and Ms. Dilbar Turakhanova (Gender Expert). The aims were to provide the EU with an overview of the gender situation in Kazakhstan in order to provide information of whether gender inequalities continue to exist both formally and informally, and to provide specific country recommendations to improve the gender situation and the elimination of discrimination through EU assistance. There are still apparent gaps in knowledge and information in Kazakhstan which are a constraint to detailed gender analysis. Reliable data disaggregated by sex and age from the regions remains mainly unsatisfactory. That means, that «Concept of Gender and Family Policy of Kazakhstan» hasn't worked the way it should. There is still a problem with gender inequalities in the public sphere and the program hasn't brought expected results in achieving equality for women and men in political, economic and social sectors.

Kazakhstan has a very high rate of juvenile suicides. The incidence of suicides amongst boys is higher, but in the last two years the number of girl suicides is increasing. Child suicide particularly among girls in rural areas is related to traditional norms of marriage; lack of acceptance of sexual reproductive rights, and pregnancy out of wedlock. The impact on girls is devastating. They do not complete their education and therefore have no qualifications. Episodes of bride-kidnapping are extremely prevalent in Kazakhstan within ethnic groups such as Kyrgyz, Kurds, Turks, and Azeri. Young girls cannot get protection even from their own families [5, p.9].

There is significant underemployment and unemployment among women in Kazakhstan. It is estimated that there are two million women categorized as «self-employed». In fact, these are either women who are informally employed or are employed in the informal sector, and are denied and lack all social guarantees, such as maternity benefit, sickness benefit, and pensions.

There is also vertical and horizontal discrimination of women in the labour market. Despite the higher education levels of women compared to men, the majority of the female labour force is predominantly concentrated in three traditional sectors such as education, health and services. A significant socially vulnerable group in Kazakhstan is rural women – especially those who have been obliged to marry early, or have low levels of education. Rural households in general, suffer from high unemployment rates and low incomes, because seasonal work for many households is the only means of earning a living. The cause of violence against children in rural areas is frequently rooted in poverty, household problems and lack of opportunities for women.

There are also legislative gaps in policy documents. All of the major strategy documents which are supposed to guide the country towards 2050 such as «Kazakhstan 2030» [6], «Kazakhstan 2050» [7] and «100 Steps» [8], are completely gender-blind.

Kazakhstan has almost reached gender parity for access to education. Women represent the majority of students at higher education institutions: they make up 64 percent of those studying for masters' degrees and 58 percent of those pursuing doctoral studies.

But cases of women's concentration in traditional fields such as education, health and administration, and men's concentration in technical fields such as hydrocarbon, transport and

energy industries are still norm in our society. It is the result of horizontal segregation in the labor market and it hasn't changed since Soviet times.

In 2017 The Public Foundation «Institute for Equal Rights and Equal Opportunities of Kazakhstan» with the support of the Representative Office of the Friedrich Ebert Foundation in Kazakhstan conducted a survey about gender issues [9].

According to the results of the responses to the question of whether gender inequality exists in Kazakhstan, the majority of informants indicated its absence. This allows us to assume that the respondents do not have a clear idea of what gender inequality is, what its indicators are, and what it is manifested in.

Finding out the reasons why respondents believe that gender inequality does not exist, it turned out that the majority of survey participants chose the answer «this is my personal opinion». It can be assumed that this means that the informant himself did not experience the situation of gender discrimination or did not reflect on this issue. No fewer informants believe that this state of affairs is our tradition and customs, and that this has historically existed in our society. This fact means that it is the established order of things, hardened beliefs and nothing can be done about it.

The main source of information on gender policy is traditionally the media (47.2%) and only then the Internet (20.2%). It is sad to realize that only 9.1% of respondents indicated that they gained knowledge about gender policy through the education system.

Among the main problems of women were identified the following: early pregnancy, unpaid domestic work, double workload at work and at home. Domestic violence was only on the fourth place among the problem.

Most respondents believe that for the same type of professional activity, men and women in Kazakhstan receive the same income. The percentage of those who do not know and never think about it is large enough, which suggests that the respondents did not analyze the average per capita income level in Kazakhstan, are not aware of the existence of gender asymmetries in the labor market, the existence of a list of occupations prohibited for women and men and evaluating their work, etc.

Considering the opinions of Kazakhstanis about the tradition of «theft of brides», we saw that the majority of respondents (43.1%) would have asked for help from the police. But a sufficiently large number (20.8%) would have come to terms with the situation. 5% of respondents chose the answer option – «I will count on compensation for material and moral damage from the groom», apparently considering this situation possible and acceptable. At the same time, among the inhabitants of rural areas there are more of those who will accept this situation.

There is a traditional distribution of gender roles in Kazakhstani families. Thus, 71.1% of respondents believe that mother and wife should do most of the domestic work. Only 3.2% believe that homework should be distributed on the basis of egalitarian principles.

The main part of the respondents in this survey, Kazakhstanis do not have gender knowledge, because they did not study gender-oriented courses, subjects and disciplines in school, college or higher education institute. Even those who are currently studying in colleges and universities of the Republic have little understanding of gender issues. Of those respondents who indicated that they studied gender disciplines, most indicated the discipline of sociology as the most gender-oriented, and the discipline of political science is the least gender-related.

According to the majority of respondents, women and their children most often become victims of violence. The fact of violence against men is still denied; only 2.8% indicated that this fact is taking place. The most common forms of violence are physical violence (66.5%), psychological (57.7%), sexual violence (45.9%), only 19.8% of respondents indicated economic violence.

Answering the question of why Kazakhstan is the leader among the CIS countries in adolescent suicides and suicides among girls aged 15-19 and whether the prevalence of violence can be considered the reason for this, 35% of respondents agreed with this statement, but 34% of respondents indicated that do not know the answer to this question. 39% of respondents believe that

the state should fight with violence, 28% believe that the police should do this, 22% think that civil society should deal with this problem, 11% indicated that the person should solve this problem.

Unfortunately, the percentage of indifferent views or lack of opinions on the question «In your opinion, what actions should be taken so that men and women in Kazakhstan become more equal?» upsets and depresses. 76.1% of the participants in this survey could not express their own opinion and options for improving the situation of men and women in Kazakhstan. This fact makes us understand that the issues related to awareness, expression of opinions on gender policy were extremely problematic for the respondents of Kazakhstan.

In this way, asymmetric relationships are formed between the official structures, their reports and statistics and everyday reality. In such a situation, the actions of citizens are aimed at partial observance of the rules and procedures approved by the official structures with the utmost care in connection with possible adverse consequences for their own lives or the lives of their children.

Summing up our paper we can surely say that there is still much to do in the implementation of gender equality in Kazakhstan. More attention should be given to education of people about gender studies. Until we change the situation with people's ignorance of these problems related to gender we shall not achieve equality in employing human rights.

References:

1. Ginsberg, A. E. "Triumphs, Controversies, and Change: Women's Studies 1970s to the Twenty-First Century". A.E. Ginsberg, Ed. The Evolution of American Women's Studies: Reflections on Triumphs, Controversies, and Change. Palgrave: Macmillan, 2008 – p.9-37
2. Boxer, M. J. When women ask the questions: Creating women's studies in America. Baltimore, MD: The Johns Hopkins University Press, 1998 – p.13
3. Millennium Declaration of the United Nations, 2000 – <http://www.un.org/millennium/declaration/ares552e.htm>
4. Strategy for Gender Equality in the Republic of Kazakhstan for 2006-2016 – http://www.akorda.kz/upload/nac_komissiya_po_delam_zhenshin/5.2%20СГР%20англ.pdf
5. Gender Study for Central Asia: Kazakhstan Final Report, November 2017 – https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/kazakhstan_final_report_16.11.2017_approved.pdf
6. http://web.archive.org/web/20101231050942/http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/reference_info/strategy2030
7. <http://mfa.gov.kz/en/roma/content-view/strategia-kazahstan-2050-14>
8. <https://assembly.kz/en/plan-nation-100-steps-implementation-five-institutional-reforms>
9. <https://www.zakon.kz/4872564-gendernoe-issledovanie-kak-v-kazahstane.html>

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІҢ РӨЛІ

Жауырова А.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
a.zhaurova@asu.edu.kz*

Әрбір ұлттың рухани құндылығы, оның бар болмысы тарихымен, тілімен үндесіп жатады. Әлемдік өркениеттің бүгінгі кездегі жаһандану кезеңінде ұлт болмысын сақтаудың орны ерекше. «...әрбір тәрбиеші сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс» деп М.Жұмабаев айтқандай, ұлт ұрпағын тәрбиелеуде рухани құндылықтарды басшылыққа алудың орны ерекше. Бұл ретте өмір тарихын, өнер тарихын өз туындысымен тамырластырған классик жазушылардың шығармашылығы-таптырмас құрал.

Әдебиет - сөз өнері. Ол -өнердің бір саласы. Әдебиет пәні де - өнер пәні. Әдебиетті ұлы тұлғаларымыз «адамтану құралы» деп танытса, әдебиет пәнін «адам тәрбиелеудің басты құралы» деп атаудың толық мүмкіндігі бар. Қазақ халқы қыз баланы ежелден сыйлап,

құрметтеген. «Қыз жат жұрттық» деп оны ерекше тәрбиелеп, қонақтай күткен. «Қыз өсселдің көркі» деу арқылы арлы, инабатты, сымбатты қызды бүкіл ауыл-аймақ боп аялап өсірген. Бұған мысал ретінде Қорқыттың «Башпай» күйін алуға болады. «Қорқыт ата тамаша әулие болған, бірақ әдейі болмаса да, ұйықтап жатқан уақытында өз қарындасына аяғы тиіп кетіп, құдай алдында күнәға батыпты. Осыдан барып ол өлгенде аяқтары көрден шығып жататын болған». Жалпы алғанда бойжеткен қызға аяқ тигізу (әсіресе, әдейі) өте үлкен күнә болып саналады. Осыған қайғырған Қорқыт «Башпай» күйін шығарған екен деген аңыз бар. Бұл күйдің шығу тарихын тыңдату арқылы біз оқушыларға қыз баланы, жалпы әйел затын қадірлеп, қастерлеуге шақырамыз, соған тәрбиелейміз.

Көркем шығарманың әрбір деталі өзіндік құндылығымен, ұлттық құндылығымен ерекшеленеді. Кестелі сөзбен көркем образ жасап, сол арқылы өзгенің басына тәрбие ұрығын себуді мақсат еткен кеменгер жазушы М.Әуезов туындыларының өзі-руханилыққа тәрбиелеудің бірден – бір көзі.

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай мен Тоғжан махаббаты, олардың тағдыр бұйрығымен қосыла алмауы, бақытқа жетпеуі лиро-эпостық жырлардағы Қозы мен Баян, Қыз Жібек пен Төлеген, Ләйлі-Мәжнүн секілді ғашықтарды еске салады. Абай мен Тоғжан қосылмаса да, олар өмір бойы бір-біріне ыстық сезімдерін аялап, жүректерінде мәңгілікке аялап өтеді. Оған III томның «Оқапта» деп аталатын тарауындағы мына бір көрініс дәлел: «Онда Абай дос-жарандарын ертіп, салбурынға шығады. Бақанастың бауырындағы сол саяттың аяғы ат құлағы көрінбейтін ақ түтек боранға ұласады. Қарлы балада Абай адасадаса келіп, өлдік-талдық дегенде түн ішінде бір ауылдың үстінен түседі. Сол ауыл сонау бозбала күнінде арманда болған, арман болып қалған ару Тоғжанның ауылы болып шығады. Абай он күндей өлім мен өмірдің ортасында арпалысып жатқанда Тоғжанның күйеуі қала жаққа жол жүріп кеткен болатын. Сонда Тоғжанның қоштасарда айтатыны: «Тағдыр бізді қоспады. Тым құрыса осы жолы сау келсең... уаз кешкен болар ем. Өмірімдегі бар ұзақ арман, ауыр зар бұл жолы да сені маған ауыртып әкеп, тоқтамын салды. Енді сүйген көңіл қайтары жоқ. Бірақ серігім сабыр болсын дедім. Осы күйде, өзімізге тыйым салған күйде өмір бойы жеткізбеген арман болып кетсін. Көрге бірге, имандай таза арманым болып кетсін. Асығыңмын, сол асық күйімде көзімнің жасын жұтамын да кетемін, жаным!»- деді.

Абай бар ынталы жүрегімен түйсінгендей болды:

- Барды айттың. Өзіңнің де, менің де барымды айттың. Бүйтпесең сен Тоғжан болар ма ең? Бұдан ары қажасам, азғындығым болар еді. Айналдым арызыңнан, ғашық жанмен айтылған арызыңнан,- деді де Тоғжанның маңдайынан сүйді. Үнсіз ғана бетін басып, екі қолына маңдайын таяп, отырып қалды. Кейде өксіп, дем тартқанда екі иіні, кең кеудесі толқын ұрған талдай дір-дір етеді. Шарасыз дерттің зілдей ауыр мол толқыны, шер толқыны...».

Осы үзіндіде адамдардың бойынан ұлттық болмысымызға қажетті жақсы мінездерді іздеу, аңсау сарыны, сол мінезге тәрбиелеу мақсаты жатыр. Қазіргі заманда батысқа еліктегіш жастарымызға жетіспей жатқаны да осы жақсы мінез екендігі жасырын емес. Ақтамберді жырау тәрбиелі адам сипатын «Мінезді болса жолдасың» деп бір-ақ ауыз сөзге сыйдырған. «Әйелді сүйіктіге айналдыратын – ар мен ұят» деген мақал осы мысалдың тобықтай түйінін білдіреді. Қоғамның жылдан-жылға азғындалып бара жатқан себебі рухани ұлттық тәрбиенің берілмей жатқаны. Сондықтан тәрбиені қайдан аламыз, қалай береміз дегенде, алыстан іздемей-ақ осындай өздеріміздің классик жазушыларымыздың шығармаларын, ұлы бабаларымыздың дана өсиеттерін басшылыққа алуымыз керек.

Қазақ халқының ең құнды байлығы – салт-дәстүрде. Дана халқымыз өздерінің үлкен тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр рәсімдерін туғызды. Қазақ халқының салт-дәстүрінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні үлкен. Ендеше мектеп оқушыларына білім беру барысында ұлттық салт-дәстүрлерді пайдалану олардың ұлттық рухын қалыптастыруға мол үлесін қоспақ. «Баланы жастан», «Тәрбие тал бесіктен» дегендей, мектеп оқушыларының санасына халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы – салт-дәстүрлерін жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан зор

ұлтжанды, қазақ азаматы шығатынына кәміл сенуге болады. Қай халықтың болмасын, адам өмірінің басты үш кезеңі: өмірге келу, үйлену, бақиға кету оның тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпынан кең орын алған. Оларды өзінің әдеби туындыларында заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясында кең түрде суреттеген. «Байдалы сүйекті орналастырып болысымен, сол өлікке арналған ақ үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен әкеп, қара ту тікті. Бұл өліктің артын күтудің үлкен бір серті еді. ...Бөжей өлген күннің ертеңіне тігілген осы қара Бөжей өлімі өзге өлімнен ерекше күтілетінін жариялады. Соның шарты: Бөжейге ас беріледі, жыл бойы арты күтіледі деген болатын. Байдалы қараны тігіп, барлық жиылып тұрған жанкүйер жақындарымен бата қылған кезде, сол үйдің екі жақ босағасына екі ат жетектетіп келді: бірі- доға жал семіз күрең ат. Екіншісі – дом боп жарап қалған, сартап болған сұлу қара көк ат. Көк ат – Бөжейдің қыс мінетін аты, қара көкті осы жаз басынан байлап жүр еді.

«Жануар-ай, иең кетіп, тұл қалдың ғой, сен бейбақ!»- деп Байдалы жақындап келді де, күрең аттың кекілін шорт кесті. Содан құйрығын ұстап тұрып, дәл тілерсегінен жоғары келтіре, қалың құйрығын да борт-борт кесіп алды. Қара көк атқа да соны істеп, тұлдаған екі атты барлық осы өңірдің өзге жылқысынан бөлек түске кіргізіп қоя берді. Мынау тұлданған екі ат келесі жылға дейін мінілмейді, қол тимей семіріп барып, жыл асқан соң иесінің асына сойылады».

Халқымыз осы секілді ырымдарды орындай отырып, өлген адамның артын қатты күткен. Бір ғана М.Әуезовтың «Абай жолында» ұлттық асылымыздың қаншама түрі көрініс тапқан. Ұлы ақын өмірін суреттей отырып, нағыз ұлт жанашырының ұлы мақсатын танытады.

Қазақ халқы – салтқа бай. Әр салтының, әр дәстүрінің өзінде әлдебір тектілік, қанына сіңген биязылық пен ұлылық жарқырап көрінеді. Мұндай рухани құндылықтар қазақ тұрмысының әрбір бөлшегінен көрініс береді.

Ұлттық тәрбиенің негізгі бастауының бірі-туыстық қарым-қатынас, сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет. Осы орайда ата – бабамыздың тастап кеткен бір мұрасы- келіннің қайын жұртына ат қоюы. Ата-анасын, ел үлкендерін атымен атамай, құрметтеп, мағынасы сол, бірақ басқа атаумен атайды. Мұншалық ат қоюға шеберлік жөнінде бір хикаяны бұл жерде айтпай кетуге болмайды.

«Ұлдары мен жақын тумалары Қамысбай, Қашқынбай, Құнанбай, Тезекбай, Бұлақбай, Қасқырбай, Қойлыбай, Қайрақбай, Қылышбай сияқты есімдері бар ағайындарына келін түскен екен. Бір күні атасы асығыс келіп:

- Келін, келін дауыста ауылға. Бұлақтың ар жағында, қамыстың бер жағында бір қойды қасқыр жеп жатыр. Тездетіп пышақ пен қайрақ әкеліп, жаны шықпай тұрғанда, бауыздап алсын, мен қасқырды қуайын,-депті.

Сонда келін ауылға дауыстап:

- Ау, сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр. Жылдам білеме мен жанама әкеліп, адал орақтап алсын. Шапқыбай жылдам, әтекелі ұлыманы қуып кетті,-деген екен.

Қазақта келін үлкен үйдің төріне рұқсат еткенше, яғни енесі өлгенше шықпай, тек жартысына дейін бара алады. Тіпті еншісі бөлек келін үлкен үй төріне өле - өлгенше шықпай кетуі мүмкін. Бұл олардың үлкен үйге көрсеткен құрметі.

Міне, біз осындай тектіліктен алыстап бара жатқандаймыз. Ұрпағын ұятты істен тыйып, үлкен іске бастауда қазақ ырым-тыйымының, салт-дәстүрінің әрбірі өзіндік құндылығымен ерекшеленеді.

Қазақ халқының салт дәстүріне жас баланы жеткіншекті жақсылыққа, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін нақыл сөздер өте көп. Осындай нақыл сөздерді ата-анасы баласына, ата мен әже немерелеріне үнемі айтып үйретіп отыруы керек. Нақыл сөздердің мағынасы терең, сондықтан олар жастарды тәрбиелеудің бір жолы.

Халық педагогикасы - әр халықтың ғасырларға ұласып, атадан балаға мирас болып келе жатқан тәрбие үлгісі, бала тәрбиесіне қолданатын әдіс-тәсілі, үлгі-өнегесі. Адамды тәрбиелеу

- өте ұзақ күрделі процесс. Біздің мектеп-интернат ұжымы тәрбие саласында біраз жұмыстар атқарып келеді. Ең бастысы, біз білім берумен қатар, тәрбиеге ерекше көңіл бөлеміз. Жас ұрпақты тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар. Сондықтан сол мол тәжірибені пайдалануға тырысып, ең бірінші жаны таза, адамгершілігі мол, парасатты, халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеуді мақсат етіп қойғанбыз. Ғұлама ұлы бабамыз ұлы Әл-Фараби „Тәрбиесіз қолға білім салма“ десе, Байтұрсынов Ахмет атамыз „Біз әрқашанда білімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет, тәрбиелі білімдар... Міне адам! Міне тұлға!“-деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аудару керектігін, тәрбиесіз адамға берілген білімнен ешқандай пайда жоқтығын баса көрсеткен.

Ұлттық тәрбие-біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. „Ұлылықтың алдында-ұстаз тұрар“ демекші, бүгінгі басты мақсатымыз – „Қазақстан-2050“ бағдарламасына сәйкес сауатты да салауатты ұрпақ тәрбиелеп, өркениетті ел қатарына қосу.

Көріп отырғанымыздай, халқымыз ұрпақ тәрбиелеуде не нәрсені болмасын қалт жібермеген. Өзіне тән даралығы мен қасиетін ерекшелеп ұрпағына аманаттаған. Тағдыр талайында қиянат пен бейнетті, азап пен қайғыны қатар көріп, бірде қуанып, бірде қайғырып жүріп, өмір тәжірибесінен көргенін нақыл сөздермен, салт-дәстүрімен жеткізген.

Қазір көркем әдебиеттен гөрі көгілдір экран мен компьютерді серік еткен ХХІ ғасырдағы қазақ ұрпағын ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуді әдебиет пәні арқылы жүзеге асыра аламыз. Бабаларымыз тірнектеп жүріп жиған құндылықты, үміт артып бізге аманаттаған асылды жоғалтып алмаудың қамын ойлауымыз керек. Әлем жаһандану деп жан салып жатқанда ұлттық болмысты, рухани құндылықты сақтауға ұлт ретіндегі тірлігіміздің айғағы болмақ.

Библиографиялық тізім:

1. М.Әуезов «Абай жолы» Алматы «Жазушы»-1990
2. «Отбасында баланы мектепке дайындау». -Алматы -2000 ж.

БОЛАШАҚ АНАҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС

Наурызалиева В.С.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
v.nauryzova@asu.edu.kz*

Қазақ халқында қыз баланы қатты құрметтеген. Өйткені олар – ертеңгі аналар. Алып та анадан туатыны сияқты ананың алатын орны өте жоғары болуы керек. Қазақ халқының халықтық педагогикасында қыз балаға, анаға деген құрметтің түрі бар. Міне осы тұрғыдан "қыздың жолы жіңішке" деген нақылдың – текке айтылмағаны белгілі.

Жалпы, халық педагогикасының арналарын, тарауларын, қыр-сырын зерттеп, біраз мағлұматтар, деректер берсе ғалымдарымыздың, педагогикамыздың әлі де болса аша алмаған ақтаңдақ тұстары бар екенін білеміз.

Тақырыбымыз осы мақалаға арқау болған, көкейкесті ой туғызған болашақ аналар болатын қыздарымыз төңірегінде өрбімек. Демек, бүгінгі күн талабының көкейкесті мәселесі осы.

Күні кеше болмаған көкек ана, тастанды бала, нашар күтімнен туылған ауру бала... Иә, осы келеңсіздіктерді келешекте болдырмау – біздің маңызды міндетіміз. Замана ағымына сәйкестендіріп, ана мен бала ұғымын толыққанды біріктіріп, келеңсіз теріс жат қылықтарды болдырмау қажет. Міне сонда ғана егемен еліміздің өркениетті ұлдарын, қыздарын тәрбиелемекпіз. Біздің қарастырғалы отырған тақырыбымыздың желісі – ғылыми тұрғыда дәлелденіп, түрлі тәжірибелер арқылы сыннан еткен профессор Совет-Хан Ғаббасовтың "Халық педагогикасының негіздері" атты монографиялық еңбегі. Бұл еңбек Халық педагогикасының "2-ші негізі, яғни ана құрсағындағы тоғыз ай" деген тақырыппен жазылып:

"Арнау сөз", "Жүрек тәрбиесі", "Абай еңбектері туралы", "Абай танымындағы хауас мәселесі", "Қысқаша пікір алмасу", ана құрсағындағы тәрбиенің түрлері: "Табиғат әсерлері", "Әуен мен сурет өнері", "Әлемдегі жаңалықтар", "10 тайн неродившегося ребенка" деген белімдермен толықтырылған.

Біздің үлкен өкінішімізге бүгінгі жас аналар өздерін дұрыс күтпейді. Дұрыс тамақтанбайды. Соның салдарынан осындай қателіктерді басынан өткізеді. Нарық заманы деп бәрін нарыққа тірейді. Неге? Ол үшін халық педагогикасын ұғына оқып, көздерін ашуы керек емес пе? Осындай құнды мұраларды өз өмір тәжірибелеріне неге қолданбайды?

Дәл осы да, басқа да сұрақтарға жауапты біз осы монографиялық еңбектен аражігі ажырамаған түрінде таба аламыз.

Бұл монографиялық еңбекте жалпы халық педагогикасының адамзаттық сипаттарын зер сала отырып, оны тұңғыш рет ғылыми негіздеуге және жүйелеуге тырысады. Сонымен қатар, ананың алар орны ерекше екендігін ашып көрсетіледі. Болашақ анаға деген қамқорлық қандай түрде болу керектігі сарапталып, тұжырымдалған. Бұған қоса еңбекте бұрын-соңды зерттеушілеріміз сараптамаған жаңа көзқарастағы методология мен теория ұсынылады.

Саналы, тәлім-тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу үшін болашақ аналарға тәрбие көзі ана құрсағынан басталатынын ұғындырып, карап босқа жатпай соған орай қамдану, іс-әрекет жасау керек.

Көреген қазақ халқы жас анаға алдын ала бәрін үйрете білген. Ал қазіргі жағдайда бала өсіру жағдайы азайып, мүлдем жойылуға жетті. Не болмаса белгісіз, жауапкершіліксіз әке, көбелек ана қаптап кетті. Мұндай жағдай - біздің халықтық педагогикамызға жат нәрсе. Перзент көру, бала сүю - бұл біздің болашақты ойлауымыз. Халқымыз "Бағым жансын десеңіз, бала өсіріңіз" деп қомақты ой толғап, тереңнен түйіндеген. Ал біз болашақта ғана емес, бүгіннен барлығын қолға алып, қыздарымыздың жастарымызды тәрбиелеп, дайындауымыз керек емес пе?

Ана құрсағында тәрбиені дұрыс қалыптастырсақ, жас анаға қамқорлық жасай білсек, онда бұл - біздің еппі ерлігіміз. Тәрбие басы – талбесік, жас анаға ененің де көптен-көп көмегі болады. Ол келінін өз көріп, тәрбиені дұрыс беріп, келінін дұрыс күтсе, дені сау – жақсы болуына бірден-бір көмегі Ал бүгінде енесінен безінген жастарымыз, яғни қыздарымыз ондай бейнетті көруде.

Халық педагогикасы негіздерін зерделеп үрген, оны ғылыми ұғынсын деп үлкен мұра жасап отырған ғалым ағамыздың еңбегін қай жағынан, қай тұрғыдан алып оқысақ та маңызды.

Ана құрсағынан басталар тәрбиенің даналығы, данышпандығы ешқашан көнермейді. Рухани тәрбие де ана құрсағынан бастау алатыны монографиялық еңбекте ашылған.: тәрбиенің барлық мәселелер: тәжірибелерінен алынып, жан-жақты-терең камтылған. Сынарлы жүйеме мен сөзі бос шығындалмай, ұтымды жазылғандығы бұл еңбектің еңбектерге қарағанда басты жетістігі.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының болашағына "Халық педагогикасы негіздерінің" тағылымы мол. Ана күрс бастау алатын бұл тәрбие жаны жадыратады, жүрегімізді жылытады

Әрбір ана халықтық педаг дәстүрлерін қастерлеп, санасына I ұлағатты касиеттерді сіңіре білуі Әрбір халықтың рухани азығынын булағы - халықтық педагогика мен салт-дәстүрлер ананың бойынан, ана құрсағынан көрініс табуы керек.

Қазақ халқының рухани азығының қайнар бұлағы – оның халықтық педагогикасы ана құрсағындағы бала болашағында көрініс беріп, ол іске асуы қажет.

Сондықтан адам өмірінің "алтын бесігі" ана құрсағынан басталатынын қайталап айта берсек, оның еш артықшылығы жоқ.

"Оян, қазақ!" деп, ұлы атамыз Міржақып ұрпағын тіршілікке, өркениеттілікке шақырған. Десе дегеніндей оянар мезгіліміз бен анаға деген кезқарасымызды жақсы жағынан өзгертер уақытымыз келді.

Ана - ертеңгі ұрпақ әкелуші, оны тәрбиелеуші. Бала - біздің болашағымыз. Ананы ақындарымыз жырына қосса, суретшілер суретін салады.

Мынау жарық дүниедегі өрнекті, өркендеген өмір құдіреті күннің ақ шуақ нұрынан, аяулы ананың ақ сүтінен жаралған. Жаратқан иеміздің аяулы аясында, саналы саясында өмір деген мың толқынды дүбірлі дүниеде адамдығымыз айқындалып, кісілігіміз толысып, тіршілігімізге сәйкес өмір кешеміз.

"Ана - Біздің күніміз!

Ананың біз - гүліміз!

Ұлыңды, ана, қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз" деп ақындарымыз өз жырына қосқанындай ана мәртебесі әрқашанда биік.

Қорыта келгенде, жазушы, ғалым, педагогика ғылымдарының докторы Совет-Хан Ғаббасов монографиясы – болашағымыздың тәлім-тәрбиесіне берері мол асыл қазына. Ана болашағын бағалап, аталмыш монографиялық еңбектің әрі қарай өз оқырманын тауып оқылуы, оны іс-тәжірибесіне пайдаға асырып, қолдануы керек-ақ.

Библиографиялық тізім:

1. Табылдиев Ә. Тағылым
2. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері
3. Әлімбаев М. Халық - қапысыз тәрбиеші
4. Жұмабаев М. Педагогика
5. Айталиев Ш. Алғы сөз

КЕҢЕСТІК РЕФОРМАЛАР: МӘНІ, СИПАТЫ, ТӘЖІРИБЕСІ

Алипова Д.Ж.

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
докторант*

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Қазақстанда Кеңес үкіметі орнап, азамат соғысы аяқталғаннан кейін елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайы ауырболды. Республикада кәсіпорындар өз жұмыстарын тоқтатып, ауыл шаруашылығы құлдырап кетті. Елдегі қалыптасқан жағдайды контрреволюциялық күштер өз мақсаттарына пайдаланып қалғысы келді. Қазақстанның барлық жерлерінде дерлік көтеріліс ошақтары пайда болып, қарулы күрес бұрқ ете түсті.

XXғ. 20-жылдың басында ауылдар мен селоларда халық наразылығының ұлғаюысебептеріне тоқталатын болсақ, олар: 1921-1922 жж. жаппай ашаршылық, ауыл шаруашылығының күйзелісі, егін алқаптарының күрт азаюы. Осы жағдайлардан азық-түлік салғыртының орнына азық-түлік салығын енгізудің қажеттілігі айқындала түсті.

Жаңа экономикалық саясатқа көшу тәжірибесі.1921жылдың 8-16 наурызында өткен БК(б) Партиясының X съезі салғырттан азық-түлік салығына көшудің, жаңа экономикалық саясатқа (НЭП-ке) көшудің қажеттігін негіздеп берді. Жаңа экономикалық саясаттың мәні азық-түлік салығының енгізілу, сауда еркіндігі, жерді және ұсақ кәсіпорындарды жалға беру, ауылшаруашылық және несие, тұтыну кооперациясын дамыту, кәсіпорындарды шаруашылық есепке көшіру, еңбек міндеткерлігін жойып, жалдамалы еңбекті қолдану.

Жаңа экономикалық саясаттың мәні – салғыртты салықпен ауыстыру болды. Салықтың мөлшері салғыртқа қарағанда (2,5 есе) аз болды. Шаруалардан алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің мөлшерін салықпен шектеу ауыл-селолардың қалалармен байланысты нығайтуға жол ашты. Шаруалар басы артық өнімдерін қалаларға апарып сатып, тұрмыс жағдайын түзеуге мүмкіндік алды.

Орынборда 1921 жылы маусымда өткен облыстық бірінші құрылтай партия конференциясы жаңа экономикалық саясатқа көшуді мақұлдады.

Жаңа экономикалық саясатпен бірге тоталитарлық, авторитарлық басшылыққа көшу басталды.

Қазақстан жаңа экономикалық саясатқа көшу барысында көп қиыншылықтарға кездесті. Оның ішінде 1921 жылдың жазында Еділ өзені бойының, Қазақстанның халықтары күшті қуаңшылық болуына байланысты аштыққа ұшырады. Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей және Қостанай губернияларында егістің көбі күйіп кетті. Малға азық болмай, 80%-і қырылды. Елде аштық басталды. Ашығушылар республика халқының 1/3 бөлігін қамтыды. 1921 жылғы қарашада 1 млн. 508 мың адам ашыққан болса, 1922 жылы наурызда олардың саны 2 млн. 303200 адамға жетті. Маусым айына қарай Семей және Ақмола губернияларының шаруаларынан азық-түлік салығы бойынша 4 млн. пұттан астам астық және 24,5 мың пұт май жинап алынды. Бұл жинап алынған өнімдер ең алдымен елдің пролетарлық орталықтары – Москваға, Петроградқа, Самараға, Казаньға, Саратовқа жіберілді. Соның нәтижесінде «аман-сау» аудандардың халқы ашыға бастады[1].

1921-1922 жылдардағы ашаршылық қазақ қоғамын біржолата тұралатып кетті. Шаруашылық дағдарысы жұмыссыздардың санын күрт өсіріп, кедей-жатақтардың қоғамдағы үлес салмағын ұлғайтып жіберді. Жаңа ғана орнаған кеңестік билік күйзеліске ұшыраған қоғамның әл-ауқатын жөндеу және жақсарту қамына кірісудің орнына ең алдымен саяси мәселелерді шешуге басымдылық берді.

Қоғамдық құрылыстың мұндай сипат алуы 1923 жылы 17-22 наурыз күндері Орынбор қаласында болып өткен Қазақ партия ұйымының III конференциясында анық байқалды. Ресей Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің өкілі Е.Ярославский мен Қазақ үкіметі төрағасының орынбасары А.Вайнштейн өздерінің баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде ендігі уақытта ұлттық мүддеге қатысты мәселелерге басымдылық беруден бас тартып, назарды бұқара халықтың таптық санасын көтеру ісіне бұруды талап етті. Бұл іс жүзінде Қазақ елінің өзін-өзі басқару, мемлекеттік басқару ісінде жергілікті ерекшеліктерді ескеру, мемлекеттік аппаратты қазақтандыру және басқа осы сияқты жалпыұлттық мәселелерді тым көп көтеруді тоқтату жөнінде орталықтан берілген нұсқау еді. Сонымен бірге ұлт мәселесінде «ұстамдылыққа» шақырған орталық, оның есесіне тапаралық қатынастар мәселесінде ымырашылдыққа жол бермеуге, қазақ кедейлерінің «әлі оянбаған таптың түйсігін» шайқап, оларды байларға қарсы қоюға үндеді. Бұл қазақ қоғамында үлес салмағы болар болмас (0,5%-ға да жетпейтін) байлар табына және олардың меншігіне «қызыл гвардиялық шабуылға» өтуге жасалған даярлықтың көрінісі еді. Орталық пен оның Қазақстандағы өкілдерінің мұндай ұстанымына ашық қарсылық көрсеткен жеке қазақ басшылары аз болған жоқ. Солардың бірі – Смағұл Сәдуақасов қазақ қоғамындағы таптық қайшылықтармен тым әуестенушіліктің жағымды нәтиже бермейтіндігін, қазақ шаруаларының сол тарихи кезеңде таптық қанаудан емес, жұмыссыздықтан, шаруашылығын жандандыруға қажет қаржының жоқтығынан азап шегіп отырғандықтарына, яғни ендігі уақытта елдің революциялық сілкіністерге емес, бейбіт еңбекке мұқтаж екенін түрлі дәреже-деңгейде дәлелдеуге тырысты. Сондай-ақ, С.Сәдуақасов қазақ байларымен күресті төтенше революциялық шаралар арқылы емес, бейбіт әдіс-тәсілдер арқылы жүргізуді ұсынды. С.Сәдуақасов, Н.Нұрмақов, Ы.Мұстанбаев, Ж.Мыңбаев, С.Қожанов сияқты қазақ саяси қайраткерлерінің бұл ортақ ұстанымын большевиктік басшылық социалистік құрылысқа қарсы көрсетілген жергілікті ұлтшылдардың қарсылығы ретінде қабылдады. Ал ұлт қайраткерлері болса ендігі уақытта мұндай ұстанымдарының ұлтшылдық пиғылдан емес, жергілікті өмір ерекшеліктерінен туындап отырғандығын, соған байланысты өздерінің шынайы интернационализм ұстанымынан ауытқымағандықтарын ылғи да дәлелдеп отыруға мәжбүр болды[2].

Кеңес үкіметі Қазақстанның ашыққан халқына көмектесу шараларын бірсыпыра кешігіп қолданды. Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің декретімен республиканың егін шықпаған аудандардың халқы азық-түлік салығынан босатылды. 1922 жылғы егіс

көлемінің 80% жуығына Кеңес үкіметі берген дән себілді. 1921 жылы 14 маусымда «Нақты ет салығы туралы» декрет шығып, қазақтар ет салығынан босатылды.

Жаңа экономикалық саясат жылдары өнеркәсіпте де өзгерістер болып жатты. Халық шаруашылығының Қазақ Орталық Кеңесі 7 тресті - «Қожмехтрест», «Илецксоль», «Павлодарсоль», «Ақжал-золото», «Каззапзолото», «Казахсақсаултрест», «Казспирт» трестері мен екі кәсіпорынды - Сантонин заводын, Қарғалы шұға фабрикасын біріктірді.

Сонымен бірге Одақтық маңызы бар «Эмбанефть», «Алтай-казполиметалл», «Атбасцветмет» трестері құрылды. Жалпыодақтық трестер республика бюджетіне табыстарының бір бөлігін аударып отырды: «Эмбанефть» мұнайынан алынған табыстың 5%-ін Қазақ АКСР-інің өлкелік бюджетіне аударды[3].

Осылайша одақтық трестердің монополиялық өктемдігі қалыптасты. Экономикалық саясат өктемдікпен жүргізілді. Трестерді қапталу аймақтарда өндіргіш күштерді ұтымды орналастыруға теріс әсер етті. Қазақстан экономикасының ұзақ жылдарға созылған шикі заттық сипаты анықталды.

1925 жылы желтоқсанда Бүкіл қазақстандық ВБК (б) Партия конференциясы өтті. Онда: ауылды кеңестендіру бағытын жариялап, үкімет органдары ретінде ауылдық кеңестерді нығайту, олардағы бай, жартылай феодалдардың зорлық-зомбылығын жою жөніндегі ұйымдық, идеологиялық шаралар кешенін белгіледі.

Ал, 1928 жылдан бастап Қазақстанда жаңадан аудандастыру жүзеге асырылды. Республика 5 буынды – ауыл, село, болыс, уезд, округ, орталық басқару жүйесіне көшірілді. Республика 1 автономиялы облысқа, 13 округ, 192 ауданға бөлінді. Жаңадан жүргізілген реформалар нәтижесінде Республикада Кеңестік мемлекеттік аппарат жүйесі күшейтіліп, қоғамдағы партияның ролі арта түсті. 1927 жылы Қазақстанға Ф.И.Голощекиннің келуімен әміршіл-әкімшілік басқару жүйесі орнықты. Бұл жүйе жалпы КСРО-ғы басталған жаңа реформалардың нәтижесі болатын[4].

1929-1932 жж. реформалардың сипаты мен мәні. XX ғасырдың 30-жж. КСРО экономикалық саясатта күрделі реформаларды жүргізуді қолға ала бастады. Экономиканы құрылымдық жағынан қайта құруға бағыт ала отырып, КСРО үкіметі өнеркәсіпті индустриализациялау мен ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға кірісті.

Шаруашылық механизмдерін жетілдіру үрдістері 1929-1932 жж. реформалармен анықталды. Ол реформалардың нәтижесінде елде ақша – товар қатынастары шектеліп, шаруашылық басқарудың және қайта бөлу жүйесіне көше бастады.

Ол өзгерістер төмендегідей сипат алды:

Біріншіден, реформалар нәтижесінде өнеркәсіпте синдикаттар бірлестіктермен ауыстырылып, оларға өнеркәсіпті басқару функциялары берілді;

Екіншіден, 1931-1932 жж. өнеркәсіп наркоматтары құрылды;

Үшіншіден, 1929 жылы «Ұлы ұжымдастыру» басталды. Ауыл шаруашылығындағы жеке меншік жойлып, шаруашылық жүргізу формалары жаңартылды;

Төртіншіден, 1929 жылы «аймақтандыру» жүйесі енгізілді. Бұл жүйеге сәйкес халық шаруашылығының жылдық жоспарлары қабылданып, ол жоспарлар толық уақытында орындалу тиіс болды.

Бесіншіден, 1930 жылы салық реформалары жүргізілді. Табыстан түскен салық пен коммерциялық несиелер беру жойылды. Оның орнына кәсіпорындар өздерінің айналымдық қаражатынан, сатып алушының есебінен орталыққа (мемлекетке) қаражат аудару жүйесі енгізілді.

Алтыншыдан, 1930 жылы еңбек күндері енгізілді. Жұмысшылар мен колхозшылардың еңбегі олардың жұмысының қорытындысына байланысты есептелетін болды.

1929-1932 жж. реформалардың негізгі ерекшелігі, оның мазмұнының мәніне сәйкес келмеуінде еді. Формалды түрде реформалар басқаруды демократияландыруға арналған болатын. Мәселен, экономикалық әдістерді жетілдіру, әр түрлі шаруашылықтардың өз-ара есеп айырылысуы, кәсіпорындардың, цехтардың, бригадалардың бірігуі т.б. Ал шын мәнінде,

бұл жүйе өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында әкімшілік басқару жүйесін қалыптастыра бастады. Аграрлық секторда басқару механизмдерінің өзіндік экономикалық емес әдістері қалыптасты. Колхоздарды басқарудың негізгі механизмдері төмендегідей болды:

- Шаруашылық тапсырмаларының барлығы «жоғарыдан» жүктелетін;
- Ауыл шаруашылық кооперациялар жүйесі жойылды;
- Колхозшылардың табыс көзінің негізі болып келген жеке қожалықтар жойылды;
- Паспорттық жүйе бойынша колхозшыларды бір жерге бекіту үрдісі заңдастырылды;
- Ауыл шаруашылық техникалары мемлекеттік меншікке МТС арқылы шоғырландырылды;
- Мемлекеттік техниканы пайдаланғаны үшін натуралды төлем ақы енгізілді;
- Колхоз өнімдерін міндетті түрде мемлекетке өткізіп отыру (жаңа салықтың бір түрі) жүйесі енгізілді.

КСРО совхоздарында да мемлекеттік өнеркәсіптегі әдістер пайдаланылды. 1930 жылдары КСРО экономикасынан жеке меншік капиталы толық жойылды. Егер 1928 жылы өнеркәсіпте жеке капитал үлесі 28% құраса, 1933 жылы бұл көрсеткіш 0,5% құрады. Ал ауыл шаруашылығында 1928 жылы жеке капитал 97% болса, 1933 жылы 20% төмендеген. Бөлшек саудадағы көрсеткіш 24%- 0% болған. Реформалар жылдары КСРО-ғы шет ел концессиялары толықтай жойылды.

КСРО экономикасын мемлекеттендіру саясатының негізінде мемлекеттік диктатура орнатылды. Мемлекеттік жоспарлау комитеті директивалық жоспарларды жасап, оларды наркоматтар мен экономикалық аймақ басшыларына жіберіп, олар өз тарапынан ұсыныстар енгізіп отырды. Соның арқасында бірыңғай мемлекеттік жоспар жасалатын. Мемлекеттік директиваны барлығы орындауға міндетті болды. Жетістік көзі болып жоспарды мерзімінен бұрын орындау болатын, және бұл кәсіпорынның даму көрсеткішіне айналып отырды. КСРО шаруашылығындағы әкімшілік әдістердің жүзеге асуы бесжылдық экономикалық жоспармен сәйкестендіріліп жүзеге асырылып келді.

Қазақстан КСРО-ны индустрияландыру революциясы кезеңінде. КСРО-ның елді индустриализацияға көшу бағыты 1925 жылы БК(б) Партиясының XIV съезінде жарияланған болатын. Съезде КСРО-ны машина жасаушы мемлекетке айналдыру мақсаты қойылды. Заң жүзінде индустриализацияға бет бұру 1927 жылы КСРО Кеңестерінің 4 съезінде бекітілді. КСРО-ны индустриализациялау өз алдына үш негізгі мақсатты:

- КСРО-ны аграрлық елден өнеркәсібі дамыған, индустриалды елге айналдыру;
- социалистік ұжымдық ауыл шаруашылығын құру;
- мәдени революция. Сауатсыздықты жою, жаңа білім, ғылым және мәдениет жүйесін қалыптастыру.

КСРО индустриализациялау реформаларының басты мақсаты елдің техникалық-экономикалық артта қалғандығын жою, экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізу, өнеркәсіптің негізгі салалары болып табылатын металлургия, химия, машина жасау салаларын дамыту, жұмысшы табын қалыптастыру мен өнеркәсіптік-техникалық интеллегенцияны қалыптастыру болды.

Қазақстанда индустрияландыру ісі болашақ өнеркәсіп үшін қажетті табиғи байлықтарды зерттеуден басталды. КСРО Ғылым академиясы 20–жылдардың аяғы 30–жылдардың басында көптеген көрнекті ғалымдардың қатысуымен ұйымдастырған кешенді экспедициялар іс жүзінде республиканың бүкіл аумағын қамтыды. Академик Н.С.Курнаков, И.М.Губкин, Қ.И.Сәтбаев т.б. Қазақстанның индустриалды болашағы зор екенін дәлелдеп берді.

Индустриализация жылдары Қазақстанда Түркісіб темір жолы, Қарағанды шахталары, Ембі мұнай кәсіпшіліктері, Шымкент қорғасын заводы, Балқаш, Жезқазған кен – металлургия комбинаттары, Кенді Алтай, Ащысай полиметалл кәсіпорындары, Ақтөбе химия комбинаты, Қарағанды жылу және су электр станциялары, Өскемен құрылыс материалдары өнеркәсібінің кәсіпорындары, Шымкент химия-фармацевтік заводы, Арал

сульфат комбинаты іске қосылып, Теміртау синтетикалық каучук заводы, Қаратау химия комбинаты салына бастады. Сөйтіп, Қазақстан ауыр өнеркәсібінің арнаулы бағытқа бейімделгенін көрсетті.

Қазақстанда осы жылдары 120 ірі өнеркәсіп орындары, мыңдаған километр жаңа темір жол тораптары салынып, өнеркәсіптің жалпы өнімі 56,8% жетті.

Сонымен қатар индустриализация реформалары өзінің кемшіліктер орын алды. Елді индустриализациялау қыруар қаражатты қажет етті. Ол қаражатты мемлекет ауыл шаруашылығынан және ішкі зайымдардан алып отырды. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы күйзеліске ұшырады. Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы негізінен шикізат қорына бейімделді. Республикада мұнайды, газды, метал өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындар болған жоқ. Машина жасау, станок шығару, құрылыс бұйымдарын шығару сияқты заводтар атымен болған жоқ. Темір жолды пайдалану бойынша Қазақстан Одақ көлемінде артта қалып отырды. Республикаға Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан қоныс аударушылар көбейіп, 1928-1929 жж. Қазақстан қалаларындағы «механикалық» өсім 1,8 млн. адамды құрады. Ал 1939 жылға қарай Қазақстандағы қазақтардың саны 38% төмендеп кетті.

Қазақстандағы индустриализациялау реформалары шаруаларды қанау мен оларға салықты көбейту негізінде жүргізілді. Әкімшілдік басқару жүйесінің нәтижесінде барлық шешімдер орталықта бекітіліп отырды, республикалық бюджет толықтай мемлекеттік жоспарлау комитетіне тәуелді болды. Кәсіпорындардың өз товарларын сату мен оны жүзеге асыру толықтай мемлекеттің қолына көшті. Репрессиялық саясаттың күшеюі, көшпенділердің ғасырлық өмір салты бұзылып, қазақ шаруалары күйзеліске түсті. Одақтық бюджеттен берілген есебінде, республика қорынан субсидеялар мен дотациялар бөлу (1931-1934 жж. - 2 млрд. 137 млн. сом) құрады.

Негізінде елді экономикалық артта қалушылықтан шығару сияқты игі мақсатпен басталған индустриализациялау реформалары әкімшіл - әміршіл, бұлтартпайтын әдістерімен жүргізілді. Көптеген жаңа құрылыстар жазықсыз қудаланған адамдардың еңбегімен көтеріліп, ГУЛАГ жүйесі қалыптасты.

Қазақстан өз Тәуелсіздігін алып, егеменді ел болып жатқан кезде ұзақ жылдар бойы отаршылдықтың тұтқынына түскен санамыз қайта жанданып, даму үрдісін бастан өткізуде. Кеңес үкіметі кезіндегі айтылмаған, айтылуға тыйым салынған көптеген тарихы құнды деректерімізді зерттеуге бет бұрып жатырмыз. Соның бір жарқын көрінісі ретінде КСРО мен Кеңестік Қазақстандағы реформалардың мәні мен сипатын талдаудан айқын байқалады.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ Қазақстанда ХХ ғасыр ірі тарихи оқиғалармен ерекшеленеді. Өткен ғасырдың алғашқы жартысы - қазақ халқының өмірінде бетбұрысты кезең деп саналады. Әсіресе 20-30 жылдарындағы реформалар сипаты мен мәні қазақ тарихының қасіретті беттерін айғақтайды.

20-30-жж. реформаларды сараптай отырып, төмендегідей қорытындылар жасауға болады.

Біріншіден, КСРО-ғы 1929-1932 жж. реформалар ауыл шаруашылығындағы ұжымдастырумен басталып, мемлекеттің өнеркәсіптегі реформаларымен (индустриализациялану) жалғасты. И.В.Сталин 20-жж. аяғында өнеркәсіпті дамытуға баса көңіл аудару қажеттігін алға тартты. Алғашқыда сәтті басталған өнеркәсіп реформалау ауыл шаруашылығын көтеруге тәуелділігін көрсетті. Астық өнімдерін экспорттау ел қоржынына қаражат ресурстарын әкеле бастады. Ол қаражатты өнеркәсіптің дамуына жұмсап отырды. Дегенменде, елді индустрияландыру ауыл шаруашылығының дамуынсыз мүмкін болмады. Ал ауыл шаруашылығының дамуына жаңа типтегі механикаландырылған техникалық жабдықтар қажет болды. Сондықтанда КСРО-ғы реформалар өз нәтижелерін бере алмады. Бұл мәселені шешу үшін шет елден инвестициялар тарту қажет болды. Революцияға дейін Ресей империясы дағдарыстан осылай шығып отырған болатын. Ал КСРО -да ондай мүмкіндіктер болмады.

Екіншіден, 30-жж. жерге жекеменшік жойылды. Оның орнына ұжымдық шаруашылықтар (колхоздар) келді. Колхоздар еңбек бөлінісі мен еңбек ресурстарын дұрыс

реттеу нәтижесінде өз жемістерін беру қажет болды. Өкінішке орай ұжымдастыру өз жемісін бірден берген жоқ. Өзінің көлемі жағынан бұндай қайта құрулар уақыт пен шыдамдылықты талап етті. Ал КСРО-ғы асығыс жүргізілген ұжымдастыру 1932-1933 жж. жаппай ашаршылыққа алып келді.

Үшіншіден, 30-жж. реформалар ел ішінде көтерілістерге алып келді. 1934 жылығы БК (б) Ленинград облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы С.М.Кировтың өлімі КСРО-ғы жаппай репрессиялардың басталуына әкелді. 1934-1938 жж. аралығындағы репрессиялар аяқталғаннан кейін ғана КСРО-да азық-түлік карточкалары жойылып, жұмысшылардың жалақысы көтеріле бастады. КСРО өзінің дамуында жаңа кезеңге өтті.

Бүгінгі ұрпақ кеңестік дәуірдегі әлеуметтік тәжірибелер, адам құқықтарын таптау және осы сияқты келеңсіз құбылыстардың қайталанбауы үшін өткен тарихын білуі тиіс. Өткен тарихтың ақиқатын халыққа жеткізу арқылы оның сабақтарын әрқашан есте сақтауымыз керек.

Библиографиялық тізім:

1. Алдажуманов К.С., Козыбаев М.К. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. А., 1997. – 28 с.
2. Омарбеков Т. О. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Алматы: «Өнер», 2003. – 552б.
3. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век / Ж.Б. Абылхожин Алматы: МП «ЮАТ», 1997. – 360 с.
4. Алампиев П.М. Ликвидация экономического неравенства народов Советского Востока и социалистическое размещение промышленности (Исторический опыт Казахской ССР). М., 1958. – 451 с.

2 СЕКЦИЯ

ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ФЕНОМЕНИ

ФЕНОМЕН ЖЕНЦИН В ИСТОРИИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

THE PHENOMENON OF WOMEN IN THE HISTORY OF THE GREAT STEPPE

ҚЫРАН ҒҰМЫР

Ахмет А.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
тарих ғылымдарының докторы, қауым.профессор м.а.
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
axmet_begis@mail.ru*

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары ер-азаматтарға бергісіз ерлікке барған қазақ қыздарының бірі – Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанова.

Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылдың 15 мамырында қазіргі Атырау облысы Құрманғазы ауданы, Зормата селолық кеңесінде дүниеге келген (бұрынғы Бөкей Ордасы, Приморье округі). Ол 1940 жылы Орал қаласындағы №1 орта мектепті алтын медальмен бітіреді. Бір ерекшелігі, жас қыз жергілікті аэроклубты бітіріп, запастағы пилот куәлігін қоса алады. Сол кезеңде елдің ертеңгі – жас ұрпақ деп, қиынға соларды жұмсап жатты. «Ертең соғыс басталса, ел жорыққа аттанса, жас түлектер, дайын бол!», «Бәрінен де биікке, бәрінен де қашыққа, бәрінен де шапшаң ұшайық!» деген ұранмен әскери әзірлік мектеп қабырғасында-ақ қолға алынып, жас жеткіншектердің көбі көк жүзінде еркін самғар ерен ұшқыш болуды, Ворошилов атқышы сияқты мерген болуды аңсады. Мектепті сәтті аяқтаған жас қыз Мәскеудегі 1919 жылы инженер профессор Н.Е.Жуковскийдің бастамасымен құрылған Жуковский атындағы (1922 жылы осындай атау берілген) әскери – әуе академиясына құжат тапсырғанымен, жолы болмады. Арман қуған жас И.Сеченов атындағы Бірінші Мәскеу медицина институтына оқуға түседі. 1941 жылы соғыстың алғашқы күндері-ақ өзі сұранып, астананың қорғаныс жұмыстарына қалады.

«Метросторй» жүйесінде жұмыс істеп, кейін еріктілер қатарында мемлекеттік Қорғаныс комитетінің қарамағына алынды. 1941 жылдың қазан айынан армия қатарында Саратов қаласында орналасқан авиамектепте штурмандар курсынан өтеді. 1942 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет әйелдер авиалық құрылады. Бұл полкті Кеңестер Одағында даңқы жер жарып тұрған әйгілі ұшқыш Марина Раскова (1912-1943 ж.ж.) басқарды. Оған 1938 жылы Мәскеуден Қиыр Шығысқа дейін қонбай ұшып, ерен ерлік жасағаны үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілген болатын. Бұл құрылған авиалықтың бір ерекшелігі, жау жатқан жерлерді түнгі мезгілде ғана бомбалайтын еді.

Х.Доспанова аға лейтенант Е.Бершанская басқарған полкте штурман-атқыш ретінде 1942 жылдың мамыр айында майданға аттанады. Полк По-2 аталатын жеңіл ұшақтармен жабдықталынды. Бұл ұшақтар шамалы биіктікте, у-шусыз, ұшып жүріп-ақ нысанаға күтпеген жерден келіп, майда бомбаларды жау үстіне төгіп-төгіп жіберетін. Алғашқы кезде фашисттер По-2 ұшағына менсінбей қарап, мысқылдап: «Рус-Фанер» деп жүрді. Шындығында По-2 ұшағы ағаштан жасалып, кенеппен тысталған ұшақ екені рас. Баяу жүрісі, шағын биікте ұша беретіні, жеті түнде жау шебіне кедергісіз жетіп, дұшпанды аса бір дәлдікпен бомбалауына қолайлы болды. Аэродром талғамайтын, бірнеше шелек жағармаймен кез келген алаңнан ұша салатын, қона кететін, көзге қораш, шағын ұшақ жауды айтарлықтай шығынға ұшыратты. Осы ұшақтағы жау нысаналарының үстіне тура әкеліп, бомба тастау, ұшаққа жау истребительдері шабуыл жасаса, оған пулеметпен оқ борату, ұшқыш жараланса не қаза тапса

ұшақты басқарып, жорық жолын одан әрі жалғастыруға міндетті еді. Сондықтан да шабуыл кезінде штурманның орны ерекше болды. Қазақтың ұшқыш қызы полк құрамында штурман-атқыш қызметінде жүріп, 300-ден астам әуе шайқастарына қатысты. Аталған полк Оңтүстік майдан, Солтүстік Кавказ, Закавказье, Украина және Беларуссия аспандарында әскери тапсырмаларды ойдағыдай орындады. Авиаполк құрамының көрсеткен ерліктері үшін полк туына жауынгерлік Қызыл Ту, Суворов ордендері тағылды. Полктің жиырма үш мүшесі ерен ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Х.Доспанова туралы соғыстан кейінгі жарық көрген естеліктерде оның батырлығы мен тапқырлығы, қиындықтан шығып кететін шеберлігі жайында кеңінен жазылды. Полктас құрбысы, Кеңес Одағының Батыры Марина Чечнева өз естелігінде: «Х.Доспанова – көзсіз батырдың нағыз өзі. Ол өз ұшағын қашанда нысанаға қатесіз шығарып, өз аэродромына да жолды жаңылмай табатын», деп жазды. Майданда ол ұшақтан 14 рет құлап төрт мәрте ауыр жарақат алды. Ауыр жарақатынан айыққан соң қайсар қыз әрдайым ұрыс даласына қайта оралып отырды. Кубань жерінде 1943 жылдың 1 сәуір күні әскери тапсырмадан оралып, ұшу алаңына қонуда Пашкова мен Доспанованың самоләті Макагон мен Свистунова басқаратын ұшақпен соқтығысып қалуының нәтижесінде майдандас құрбылар қаза тауып, Хиуаз Доспанова өте ауыр жарақатпен, яғни екі аяғы бірдей сынып, Ессентуки қаласындағы әскери госпитальға жіберілді. Дегенмен де алты айдан соң ұшқыш қыз қарулас құрбыларының сапына қайтадан қосылды. Бұл оқиға туралы жауынгерлік досы Кеңес Одағының Батыры Раиса Аронова былай деп жазды: «Юлия Пашкова операция үстелінде жантәсілім етті. Катя Доспановадан да тіршілік нышаны білінбей, оны мәйітханаға апарып, құрбысымен қатар салды. Сосын бір дәрігер кездейсоқ көріп қалып, оның жүзі өлі адамға ұқсамайтынын байқап қалады. Дереву бәрі қызды ажалдан құтқарып алуға кіріседі. О, ғажап, әлден уақытта кірпігі қимылдап, ол көзін ашады». Сол кездегі қаһарман қазақ қызының ерлігі туралы әскери тілші, ақын Сағынғали Сейітов майдан газетіне мақала жариялады. Соғысты Мәскеу түбінен қарсы алып, жау ордасы Берлинге дейінгі қиян-кескі шайқас жолын майдандас құрбыларымен бірге басып өтті.

Майдандағы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз», «Қызыл Ту», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Кавказды қорғағаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.

Соғыстан қайтқан II топтағы мүгедек майдангерді Батыс Қазақстан облысы партия комитетінің бірінші хатшысы Мінайдар Салин жұмысқа шақырып, нұсқаушы етіп қабылдайды. 1946 жылы Алматыдағы жоғары партия мектебіне оқуға жіберіліп, оны да үздік бітіреді.

1948 жылы партия мектебін аяқтап жатқан Хиуаз Доспанованы республика комсомолының IV съезінде республиканың бірінші хатшысы Ж.Шаяхметов Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің хатшылығына ұсынады. «Съезд делегаттары бұл ұсынысты бірауыздан мақұлдады», дейді сол жылдардың оқиғасына куәгер бүгінгі күндері республикалық дәрежедегі зейнеткер, мемлекет, қоғам қайраткері Бибіжамал Рамазанова.

Б.Рамазанованың «Они ковали историю» атты естелік кітабында өзімен қызметтес, замандас еліміздің 35 тарихи тұлғалары туралы сыр шертіледі. Сол тұлғалардың бірі де бірегейі Хиуаз Доспанова туралы. Кейін Хиуаз Қайырқызы бірінші хатшы болып сайланады. Осы қызметте оның ұйымдастырушылық қабілеті бар қырынан көрініп, республика жастарының жалынды жетекшісіне айналды. 1948 жылы комсомолдың 30 жылдығына және Отан алдындағы қираған халық шаруашылығы қалпына келтіру жылдарындағы ерен еңбегі үшін мемлекет тарапынан Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады.

Қазақстан Республикасы Президенті архив қорында сақталған құжаттардың бірінде 1950 жылдардың басында республика комсомол ұйымының жетекшісі Х.Доспанованың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметовке жазған қызметтік хаты сақталған. 50-жылдардың басында Қазақстан және Орта Азия республикалары арасында спартакиада ойындары өткізіледі. Осы өткізілген спорттық жарыстарға Қазақстан құрама командаларыда қатысқан. Волейбол ойынында еліміздің

құрамасы ойыншыларының басым бөлігін Алматы оқу орындарының студенттері құраған, олар сабақтан босатылмай, жарысқа жіберілмей қалады. Ойын барысында команда сәтсіз ойын өрнегін көрсетіп, жеңіліске ұшырайды. Команда негізінен «аға» ұлт өкілдерінен құрылған болатын-ды. Спартакиаданың жабылуына байланысты өткізілген салтанатты шарада осы жағдайға ренжіген республика туын алып жүруге тиісті волейбол командасы туды стадион алаңына лақтырып кеткенін баяндай келіп, апамыз «Мен бұл жағдайға бейжай қара алмаймын, команданың жеңілгеніне емес, елімнің туының аяқ асты болғанына қатты қапалымын. Сондықтан да сізде бұл мәселеге принциптік тұрғыда қарайды деп сенемін», - деп жазады. Міне, еліне, елінің мемлекеттік рәмізіне деген құрметпен қараудың бір үлгісі. «Қылышынан қан тамған» деп жазғырып жүрген кешегі Кеңестік заманның өзінде-ақ бұл мәселеге аға буын өкілдерінің қалай қарағанын, олардың іс – әрекетінен мемлекетшіл тұлғалардың іс-әрекетін көретініміз де сондықтан да болар деген ой келеді.

Қазақ КСР-і Президиумның хатшысы қызметін атқарған Б.Рамазанова «Хиуаз Доспановамен қызметтес болдым, ол кісі республика комсомол ұйымының жетекшісі болып тұрған тұста мен Алматы облыстық комсомол ұйымының бірінші хатшысы болдым, жұмыс барысында тым қатал, артық кетеді деп естігеніммен, бірақ жеке басым қызмет барысында ол кісінің артық кетіп, дәрекілік көрсеткенін ешқашанда көргенім жоқ» - деп еске алады.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің мәдениет және ғылым бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметінде жүрген тұста «Абай» операсы мен «Шоқан Уәлиханов» драмасын сахналауға және «Медеу» спорт кешенін салуға, тарихи маңызы бар еңселі ғимараттардың құрылысына араласып, көптеген игі жұмыстардың ортасынан табылды. 1951 жылы Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланады және бірінші сессиясында Президиумның хатшылығына сайланады.

Зейнеткерлікке шығар алдында Алматы қалалық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Соғыстағыдай қатаң тәртіпке бағынған, аса алғыр да батыл, шындық үшін шырылдап араша түсетін әділ жан кейбір жергілікті басшыларға ұнай қоймағаны да рас. Майданнан алған ауыр жарақаты, мүгедектігін т.б. сылтаулар арқылы мезгілінен бұрын 1959 жылы 37 жасында зейнеткерлікке шығарды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі жылдары Хиуаз апай қан майданда бірге болған полктарстарымен Жеңіс күні Мәскеу қаласындағы үлкен театр алдында жиналып, кездесіп тұрды.

Кейін зейнеткерлікке шыққан соң 3-4 жылдай Хиуаз Қайырқызы Жеңіс күні қарсаңында Президиумда хатшылықта жүрген маған келіп, Мәскеуге майдандастарымен кездесуге бара жатқанын айтып шығатын еді, ал мен мүмкіндігімше кассадан 60 рубльдей қаражат бөлдіретін едім, бізге де қаражаттың есептеулі екендігі де белгілі ғой, дегенмен де жол жүріп бара жатқан қайсар жанға демеу болсын деген ниет еді» - дейді Б.Рамазанова.

Қайтыс боларынан бір апта бұрын туған күніне орай құттықтауға барған Алматы қаласы ардагерлер кеңесінің мүшесі, соғыс және құқық қорғау органының ардагері Орынғали Есенғазиевке құрдасы, жерлесі ретінде аяғы сынып, ауырып жатқан Хиуаз Қайырқызының әзіл – қалжыңын айтып жатуы да, оның рухы мықты адам екендігін дәлелдей түседі.

Х.Доспановаға 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Халық Қаһарманы атағы мен «Отан» ордені берілді.

Рухы мықты, халқымыздың мақтанышына айналған «қанатты қыз» Х.Доспанованың жүрегі 2008 жылдың 21 мамырында Алматы қаласында соғуын тоқтатты. Жерлеу рәсіміне тәуелсіз еліміздің тұңғыш Халық Қаһарманы, армия генералы, Кеңес Одағының Батыры С.Нұрмағамбетов қатысып, қазақтың тұңғыш ұшқыш қызына соңғы рет әскери құрмет көрсетуінің өзі ұлағаттылықтың үлгісі болмақ.

«... Өз басым халқым қарғамайтын, ұрпағымды ұялтпайтын өмір кештім ғой деймін. Ал мен сияқты әжелердің ойлайтыны – отбасының, Отанының тыныштығы ғана», - деген екен бір сөзінде халқымыздың қаһарман қызы. Осы сөздің өзінде қайсар қазақ қызының кемелдігі

мен кемеңгерлігін байқаймыз. Халықтың батыр қызының ерлігі мен даңқы ешуақытта ұмытылмақ емес.

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ, МИСТИКАЛЫҚ ГЕНДЕР КӨРІНІСТЕРІ

Абдрахманова Ж.М.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
филология ғылымдарының кандидаты
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
zh.abdrakhmanova@asu.edu.kz*

Соңғы кезде гендерлік аспектідегі зерттеулер лингвистика ғылымына кеңінен тарап, көптеген тың тақырыптарға арқау болып жүргені белгілі. Әрине, әдеби шығармалардағы әйел мен ер адам бейнесі, олардың қарым-қатынасы бұрыннан да бар, талай әдебиеттанымдық зерттеулерде қарастырылып жүрген дәстүрлі сұрақтың бірі. Бірақ гендерлік тілдік зерттеудің бағыт-бағдары, мақсаты өзгелеу екенін тіл білімінің жаңа бағыттары: лингвомәдениеттану, концептология саласында қалаам тербеп жүрген әріптестеріміз жақсы біледі. Лингвомәдениеттануда гендер мәселесін қарастырған белгілі орыс ғалымы В.Маслова гендерді әлеуметтік мәдени категория деп санайды. Демек, тілтанымдағы гендерлік дегеніміз-әр түрлі тарихи қоғамдағы ер мен әйел адам қатынасының тілдік көрінісі. Осы қатынасты бейнелеу үшін тілші ғалымдар «тілдік әрекет» (речевое поведение) ұғымын қолданып жүр. Оны В.Маслова былай деп анықтайды: «тілдік әрекет дегеніміз – осы қоғамға тән тілдік сананың ерекшелігін бейнелейтін жеке адамдардың коммуникацияның типтік жағдайларындағы тілдік әрекеті».[1. 125-126] Демек тілдік әрекет бар жердің бәрінде гендерлік қатынас та бар. Оны зерттеудің де жолы көп, соның бірі әрине, белгілі шығармаларға тілдік гендерлік тұрғыдан талдау жасау. Мен де осы мақаламда атақты «Қырымның қырық батыры» жырындағы гендерлік көріністерге шолу жасап өтсем деймін. Бұл жырлар циклінде гендерлік қатынас та орын алады. Бірақ «Қырымның қырық батыры» дәстүрлі батырлық, жаугершілік қоғамның гендерлік қатынасын бейнелегендіктен басқа махаббат тақырыбындағы эпос, дастандар сияқты емес, бұл жерде гендерлікке қатынасты сөз қолданыстары, фразеологизмдер жаугершілік тақырыбының аясына байланысты белгілі бір дәрежеде шектеулі болып келеді, гендерлік қатынас екінші орынға шегініп, эпизодтық сипат алады. Жалпы жырдың мәтіндерінен сол заманға сай әйел адам бейнесін көреміз. Мысалы, жырда қазіргі «әйел» сөзімен қатар «қатын» сөзі де жиі қолданылады. Болмаса жырдан мифтік әйел адамдар бейнесін кездестіреміз. Оның өзі гендерлік қатынастың ерекше, қоғамдық немесе адами дәстүрлі қатынасынан тыс формасы болып табылады. Себебі жыр кейіпкері жай адамзат қызы емес параллельдік әлем өкілі - пері қызымен көңіл қосады. «Аңшыбай батыр» жырында елден безіп, далада түнеп жүрген Аңшыбайға мұсылман перінің патшасы мен кәпір перінің патшасының қыздары аққу болып келіп оның еліне қайтуына көмектеседі. Пері қыздары мен адам баласының достығы оны елінің мойындауына себепші болады.

Қияметтік дос болдық

Пері мен адам баласы.

Аңшыбайға құдайдың

Өзі қосты қарашы!-дейді мұсылман перінің қызы. Адам деп іздеп бармадың,

Көзіңнің қырын салмадың.

Асылыңды қорладың,

Ауылыңнан қуып зорладың – деп ноғай халқын кінәлайды пері патшаның қызы.

Осылайша жырдан мифологиялық сарындағы әйел мен еркек қатынасын да көруге болады. Бұл жерде негізгі ерекшелік ретінде мифтік персонаж – пері қыздарының болашақ батыр, ер адамнан да күшті, күдіретті бейнесіне назар аударған жөн, себебі дәстүрлі қоғамда әйел адам

ер адамнан төмендей сипатталады. Бірақ қыздардың мифологиялық «статусы» оларды қоғамдағы әйелдерден жоғары етіп сипаттауға мүмкіндік береді. Сондықтан пері қыздары елінен қуғын көрген жігіттің бойындағы батырлық күш пен асыл қасиеттерді көре біледі. Пері қызының сипатын бере отырып, зерттеуші Серікбол Қондыбай: «Пері қызының негізгі қызметтері мынадай.

1. Ол эпос пен ертегіде, аңызда бас қаһарманның (батырдың, ханның, т.б.), шежіреде рудың түп атасының әйелі немесе шешесі болып шығады.

2. Ол фольклорлық қаһарманға әртүрлі көмек бере алады, әлдебір тылсым қасиетке (сиқыршылық, сәуегейлік, айналғырлық) ие кейіпкер ретінде суреттеледі»-деген пікір айтады [2. 175].

Осы жырдағы пері қызы мотиві жөнінде зерттеуші Ж. Аймұхамбет былай дейді: «Қазақ фольклорынан нәсілі адамзат емес ғажайып жандармен кездесетін, тағдырлары тоғысатын кейіпкерлер қатарына Төстікті («Ер Төстік»), Кендебайды («Керқұла атты Кендебай»), Аңшыбайды («Аңшыбай батыр»), Мамай батырды («Мамай батырдың арманы») мысалға алуға болады. Бұл аталғандар пері қыздарының қырсығына тап болады немесе олармен некелесіп, мақсат-мұраттары орындалатын тірлікке қол жеткізеді» [3. 129]. Автор бұл кейіпкерлердің осындай гендерлік тұрғыдан ерекше тағдырын былай түсіндіреді: «Олар не ерекше жаратылысты әулие, немесе елін қорғайтын ғажайып батыр, екі дүниеге де қатысты, тылсым қасиетке ие тұлға. Сондықтан да оларға пері қыздарымен кездесуге, некелесуге, олардың әлеміне баруға мүмкіндік берілген» [3. 133].

Жалпы жырда әйел бейнесі бірнеше тұрақты рөлде беріледі. Олар әдетте батырлардың анасы, батырлардың әйелі, жау жағының әйелдері. «Парпария» жырында Аңшыбай жауға бара жатқан немересі Парпарияға: *тағы да айтар сырым бар,*

Бар ынтаңмен ұғып ал.

Әйел деген-арбаушы,

Ойыңды одан аулақ сал.

Есіңнен еште шықпасын

Үйдегі бала, сүйген жар-деп ескерту жасайды. «Едіге» жырында Тоғанның жесірі Мақпал былай дейді:

Әйел құрсын заріп екен,

Әйел ерден айырылса,

Маңдайының соры екен.

Сонымен қатар жырда «құдай қосқан қосағым» тендеуін ер де әйел де қолданғаны назар аудартады. Бұл тұрақты фразеологизмнің біздің тілімізде әлі сақталғаны халқымыздың жанұялық қатынасты жоғарыдан, құдайдан берілген сый ретінде қабылдағанын және оған өте қадірлеп қарағанын көреміз. «Қыдырбайұлы Қобыланды» жырында Құртқа ерімен қатынасын былайша суреттей отырып, өзін жаудан құтқаруды сұрайды:

Тірі болса алғаным,

Шырын, шекер, бал тартқан,

Тар төсекте бір жатқан,

Ибалықпен сөз сөйлеп,

Наздықпенен көсілген

Қынай буган тар белім

Суық қолға шешілген,

Тірі келсе алғаным,

Қырымға хабар бұл салсын,

Қырымнан батақ ер алсын,

Сүйтіп келіп кек алсын. Бұл жолдарда ер мен жұбайы қатынасы нәзік, тұспалды жолдармен беріліп, өткен күндердің мұңы мен сағынышы сезіледі.

Дәл осы жыр шумақтарында ол Қобыландының қарындасы Хансұлудың мүшкіл қалін де айтып өтеді:

Қарындасы Хансұлу

*Ат артына мінілді,
Үстіне киген қамқа тон*

Сауырына аттың жабылды. Осы жерде айта кету керек әйел адамдардың әлеуметтік статусы олардың қымбат киімдері арқылы да беріледі. Осылайша «*Қамқа тон*», «*мақпал*» мен «*парша*» және *Шырын, шекер, сары бал* сияқты тамақ атаулары гендерлік лексиканы толықтырады.

Жалпы осы жырлар цикліне тән тұрақты мотивтің бірі балаға қатысты болып келеді. Жырдың көбі ерлі-зайыптылардың баласыз болуынан басталатыны белгілі. Бұл ерекше жанұялық трагедия ретінде беріліп, кейін олардың бала сұрап қасиетті жерлерге немесе адамға баруы арқасында балалы болуымен, болашақ батырдың дүниеге келуімен жыр басталады. Бұл көптеген фольклорлық мәтінге тән сюжет «чудесное рождение героя» деп аталатыны белгілі. «Бұл жай ғана баланың дүниеге келуі емес әлдебір жаңа оқиғаның, тың дүниенің басы да. Себебі баламен бірге қалыптасқан әлем-дүниеге өзгерістер келеді, бұрынғы тұрақтылық бұзылады. Әдетте дүниеге бір қыз, бір бала немесе қарсы екі жыныстың өкілдері пайда болуы дүниенің бинарлық негізін, хаостың қайта тәртіпке, әділетсіздіктен әділдікке өтуді көрсетеді» [4. 92]. Міне, осы жырлар циклінен де біз негізгі батырлық оқиғаның баланың дүниеге келуінен басталуын байқаймыз. Баласыздық хан болсын, қарапайым адам болсын қасірет болып табылады. Назар аударатын нәрсе бала болмай, жастары ұлғайған сайын ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген аяушылық, өмірге өкініш сезімі арта түседі. Дүниеге бала келгесін ол тез өсе бастады. Анасы барынша оны қоршаған ортадағы қауіптерден қорғауға тырысады.

Жырды әйел адамның сұлулығын бейнелетін теңеулер де кеңінен кездеседі, соның ішінде:

*Ай десе аузы бар,
Күн десе көзі бар,*

Балдай тәтті сөзі бар - деген дәстүрлі теңеулер де кездеседі. Бірақ «*атасы әйел демесең*» деген сияқты ескерту де жасалады. Жаугершілік жыры болғасын мұнда «жесір» концептісі де жиі қолданылады. Мысалы, «*Едіге тірі тұрғанда, Жесірді қалай береді*». Ол да сол қоғамға тән әйел адамды, әсіресе өз тұқымына ерге шыққан әйел адамды, шейіт болған қандастың жесірін қорғаудың батырлар үшін намыспен байланысты әрекет екенін көрсетеді. Сондықтан, Қазақ дәстүрлі мәдениетінде жиі кездесетін екі даудың бірі - «жесір» дауы да сол кездегі қоғамға тән гендерлік қатынастың көрінісі болып табылады және ата - баба салтын қатаң ұстаған далалық өркениеттің қазіргі тілмен айтқанда әйел құқығын барынша сақтағанын көрсетіп тұр дей аламыз. Белгілі жырға гендерлік қатынас тұрғысынан азғана шолудың өзі далалық мәдениетте гендерлік қатынасқа байланысты көзқарастың, дүниетанымның кең көлемде болғанын байқаймыз. Соның ішінде дәстүрлі романтикалық, жанұялық, рулық әйел-ер адам қатынастармен қатар мифтік, мистикалық, таңғажайыптық гендерлік формасының да орын алғанын көреміз. Оның өзі әйел жұртына деген ерекше тылсым табиғатқа ие жаратылыс, қасиетті немесе мистикалық болмысы бар жан ретінде қараудың дәстүрі болғанын білдіріп тұр.

Библиографиялық тізім:

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. Учеб.пособие для студ.высш.уч. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 208с.
2. Қондыбай С. Байырғы қазақ дүниетанымдарының негіздері. Энциклопедиялық басылым.- Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. – 480 б.
3. Аймұхамбет Ж. Адамзат пен пері-зат байланысы туралы мифтік мотивтер// Қондыбай Серікбол мұралары:әлемдік мифологияның дамуына жаңаша көзқарас» Халықар.ғыл.-теор.конф.материалдары. Ақтау, «Экожан» баспасы, 2018.-465б.
4. Бекежан Ө. Бала болмысы және мәдениет // Ұлт тағылымы.№3.2003ж.
5. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. Батырлар жыры.

АУДАРМА САЛАСЫНДАҒЫ НАЗИПА ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ РӨЛІ

Жұмабеков Қ.Ж.¹, Жұмабекова С.Ә.²

¹ҚР БҒМ ҒК «А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының ғылыми қызметкері

*²Түркия Республикасы Ерджиес университетінің 3 курс докторанты
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
kuanysh.zhumabekov@mail.ru*

Қазақ даласындағы көркем аударма саласының дамуы ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Ыбырай, Абай аудармаларынан бастау алғандығы белгілі. Ал ХХ ғасырдың басында аударма арнасының ерекше серпінмен кеңеюіне Шәкәрім, Әлихан, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Мұхтар сынды Алаш зиялыларының айрықша ықпал еткендігі даусыз. Осы жолда Алаштың даңқты қайраткерлерімен иық теңестіре ересен еңбек етіп, қазақ әйелдерінің ішінен талантымен көзге түскен Нәзипа Құлжанова халқымыздың тарихында мәңгілікке қалды. Аудармадан бөлек Н.Құлжанованың ұстаз, ағартушы, журналист, жазушы, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы ретінде есімі бүкіл қазақ еліне танылғанын және ХХ ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болғанын айта кеткеніміз жөн. Сонымен қатар Н.Құлжановаға А.Байтұрсынұлы, С.Торайғыров, С.Сейфуллин сияқты ой-парасат иелерінің өлең арнауы, оның білім және ғылым жолында өзіндік орны бар екенін одан әрі айқындай түседі. «Замана сыншысы А.Байтұрсынұлының Нәзипаға арнаған серт сөзіндей сыр толғауы қандайдесеңізші!

Рақатсыз өтсе де өмір жасым,
Бұл жөнімнен құдайым айырмасын.
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,
Жарым жолдан қайтпаспын, қарындасым...

Су да болар ол жолда, тау да болар,
Жаудың оғы, жайған тор, ау да болар,
Мынау пайда, мынасы зиян демек,
Ол ерліктің ісі емес, сауда болар.

Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар,
Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар.
Қайраттанып, қажымай тырмыссаң да,
Шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар. ...» [1, 6.]

Н.Құлжановаға ағалық мейіріммен С.Торайғыров:

«Ардақты, бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін

Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,
Семейдің одан өтер адал жанын.
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын.

Және бар әйелге хас нәзік сезім,
Танитын бір көргенде-ақ істің нарқын.
Атақты Байтұрсынов «Мысалында»,
«Н-ға» деп өлең жазып, жайған даңқын...» [2, 1916.] – деп арнау өлең жазған.

Н.Құлжанова киелі Торғай жерінде дүнеге келіп, сол жердегі қазақтың аса көрнекті ағартушысы Ы.Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебінде алғашқы білімін алды. Кейін Қостанай қаласындағы қыздар гимназиясында білімін жалғастырды. Оқуын аяқтаған соң, алдымен Торғайда мұғалімнің көмекшісі болып қызмет атқарды. 1905-1920 жылдары Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаздық етті. 1920 жылы Н.Құлжанова Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару бойынша арнаулы комиссияның құрамында жұмыс істеді. Н.Құлжанова 1923 жылы «Қызыл Қазақстан» журналына жұмысқа орналасып, сол жерде әдеби аудармашылыққа бет бұрды. Қазақ және орыс тілдерін жетік меңгерген ұлт қызметкері аударма өнері арқылы ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне, әдеби туындыларымыздың орыс әлеміне танылуына өзіндік септігін тигізді. Әсіресе А.Құнанбайұлы, Ы.Алтынсарин, Ғ.Мүсірепов шығармаларын орысшаға аударуы ол кез үшін ерекше жағдай еді. «Нәзипа қазақ және орыс халқы арасында Абайдың поэтикалық шығармашылығын алғаш насихаттаушы болды. Ол Абайдың «Махаббат туралы», «Желсіз түнде жарық ай» («Безветренная ночная луна») өлеңдерін орысшаға аударды. Соңғысының аудармасы 1915 жылы «Сибирский студент» журналында басыпшығарылған болатын.»[3]

Н.Құлжанова көбінесе орыстың классикалық әдебиетінен қабырғалы шығармаларды қазақшаға аударды. Ол В.Г.Короленконың «Күн тұтылғанда», М.Горькийдің «1905 жыл, январьдың 9-ы күні», А.Куприннің «Лапылдап жанған крейсер»(1905 жылдың көтерілісінде Қара теңізде болған оқиға), А.Скиталецтің «Полевой сот» және Б.А.Лавреневтің «Қырық бірінші» атты повесін қазақ тіліне тәржімалады. Нәзипа Құлжанованың аудармашылық шеберлігі жайлы ф.ғ.д., профессор Серік Негимов былай дейді: «Бұл шығармаларда замана ахуалы, халықтың хал-жайы, кейіпкерлердің ішкі дүниесі, сөз саптасы, ойлау жүйесі, қоғамға, уақытқа көзқарасы, дәуір шындығы, ел тағдыры аса бір көркемдікпен, суреткерлік зейін-шеберлікпен, өнерпаздықпен тебіреністі сипатталған. Сондықтан да білім-ғылыммен мұздай қаруланған Н.Құлжанованың орыстың классикалық әдебиетімен етене таныстығы, суреткерлік зерде-санамен қабылдауы, орыс тілінің образдық-метафоралық жүйесін, табиғатынжыға түсінуі, астарын сұңғылалықпен тануы яғни түпнұсқаның рухын, сырын, сұлулығын жүйріктікпен сезініп-түйсінуі (стилистикасын, синтаксисін, фразеологиясын, интонациялық – мелодикалық құрылымын, музыкалық архитектурасын) ұлт тілінде соншалықты әсерлі, мәнерлі, жатық сөйлеткен.»[1, 13 б.]

Н.Құлжанова жоғарыда аталып өтілгеніндей, орыс жазушысы М.Горькийдің «1905 жыл, январьдың 9-ы күні» атты тарихи шығармасын қазақшаға аударған болатын. Ұлт зиялысының аударма саласындағы аталмыш еңбегіне тоқталып өткенді жөн көрдік. «Ресейде Бірінші орыс революциясының басталуына 1905 жылы 9 қаңтарда Петербургте өткен «Қанды жексенбі» оқиғасы түрткі болды. Бұл оқиғада ІІ Николай патшаның бұйрығымен бейбіт демонстрацияға қарсы қару қолданылған еді.» [4] Максим Горький осы бір қанды оқиғаны өз шығармасында суреттейді. Н.Құлжанова жазушының дүниетанымына, мәнеріне, стилистикалық сипатына бойлай отырып, шама-шарқынша бұл дүниетанымды, мәнерді, стильді ана тілінің құралдарымен барынша мәнерлі, әдемі жеткізе білген. Мысалы, шығармадағы бейбіт шеруге шыққан алаңсыз орыс жұртын аудармада қазақтың шұрайлы бай тілімен төмендегідей жеткізген:

«Түстері құлпырып, көздері жайнап, адымдарыбұрынғыдан гөрі шапшаңдап келеді, дене қызуынақосыла көңіл де көтеріліп толқып келеді. Халық әлі декөбеюде, топ үлкейіп, көше жылынайын деген тәрізді, адам дауыстары ашығырақ, қаттырақ шығады.»[1, 257б.]

Жазушы суреттеген патша бұйрығымен жазықсыз оққа ұшқан халықтың көрінісін қазақ тілінде барынша әсерлі сөйлеткен:

«Көптің ішінен адамдар екеуден, үшеуден құлап жатыр, біреулер отырып қалып, біреулер іштерін басып, бір жаққа жүгіріп барады, ақсандап, еңбектеп барады, ақ қардың беті ала қызыл болып жарқырай қалады. Қызарған қар бусанып, жайылып, адамның көзін еріксіз тартады. Топ кейін лықсып тоқтап, ката қалды да, бір мезгілде жүздеген кісінің адам

айтқысыз, жан түршігерлік ащы айқайы жерді күңіретті. Оқ тескен тәннің ашуының шыңғыртқаны көкіректі кернеген кектің, ызаның қайнаған долы дауысы, көрген қорлыққа қарсы шыққан ашу, түсінісе алмағандықтың қайғылы зары, жалынған, жәрдем күткен ыңырсыған өтініш. Осының бәрі біріне-бірі жалғасып, дірілдетіп, көкті күңіретіп, жауар бұлттай шұбарланып аға берді.»[1, 261 б.]

Жазушы сипаттаған аяусыз талқандалған халықтың көрінісі қазақ тілінде төмендегідей берілген:

«Бір жаңа өспірім бала аяғының астына құлап еді, қылышын ішіне бір тықты... Бішқынған дауыспен айқайлап, шамшыл атша жан-жағына секіріп, біреу бетіне бөркін лақтырды, біреулер уыс-уыс қанды қарды лақтырып жатыр. Офицердің қасына, найзаларын алдына ұстап, бір неше солдат фельдфебель жетіп келді. Халық қашты. Жеңген батыр халықтың артынан қылышын сермеп тұрып, бір мезгілде көтерген қолын төмен түсіріп, аяқ астында қансырап еңбектеп жүрген балаға қылышын тағы бір тықты.

Сонан соң тағы да күңгірлеген керней дауысы шықты. Бұл дауыстан таныған жұрт ышқынып қашып, алаңды босатып жатыр. Керней дауысы әуені жарып, иреңдеп, бейне офицердің батырлығын, солдаттардың жанары сөнген көзін, офицердің қызыл бояу қылышын, жалбыраған мұрттарын күйлеп, ән қосқандай.

Жылы қанның ал қызыл түсі адамның көзін амалсыз тартып қоймастай тілек жандырып, мас қылғандай. Солдаттар елеңдеп, жан-жаққа қаранып бейне тағы оғына тірі тамақ іздегендей...»[5, 84.]

Ағартушылық жолында жүрген Н.Құлжанова Қазақстанда алғашқы көзі ашық қазақ әйелі ретінде аударма арқылы тұтас бір халықты ақпараттандырып отыруға да атсалысқанын байқауға болады. Өйткені «Қанды жексенбі» оқиғасының әсерінен қазақ өлкесіндегі жұмысшылардың революциялық белсенділігі артқандығын, елдің тұрмыс-тіршілігіне, ауыр жағдайына, жүргізіліп отырған қоныстандыру саясатының озбырлығына, жердің талан-таражға салынғанына байланысты баскөтерулер болғандығын тарихтан білеміз.

Қорыта келгенде, Н.Құлжанова ұлттық туындыларымызды насихаттаумен қатар, орыс тіліндегі шығармаларды қазақшаға аударма арқылы қазақ әдебиетінің өркендеуіне айтарлықтай өз үлесін қосты. Сонымен қатар қазақ халқының саяси көзінің ашылуына да ықпал еткендігін айта аламыз. Қазақтың қайсар қызы, журналист, ұлықты ұстаз, аудармашы Нәзипа Құлжанованың өмірі мен артында қалған тағылымды мұрасы бүгінде жас ұрпаққа өнеге болатындығы сөзсіз.

Библиографиялық тізім:

1. НегимовС., Нәзипа Құлжанова шығармалары// “Ана тілі” баспасы ЖШС,2014,—6-7,13, 257, 261 бб.
2. НегимовС.,Айқын Нұрқатов шығармалары// “Ана тілі” баспасы ЖШС,2013,—191 б.
3. <http://www.cdni-arhiv.vko.gov.kz/kz/news.htm?id=43>
4. <http://kazaksha.info/sayis/қазақстанның-xx-ғ-басындағы-әлеуметт/>
5. Жаңа мектеп» журналы, 1927 жылы, №1.—84 б.

ЕЖЕЛГІ ДЕРЕКТЕРДЕГІ «ЕР АПАЛАР» ТУРАЛЫ ТАРИХИ МӘЛІМЕТТЕР

Шашаев Ә.Қ.

*ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
директорының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары м.а., т.ғ.к.,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
shashaevauezhan@mail.ru*

Аңдатпа

Мақалада тарихи деректерді жан-жақты талдай отыра жауынгер әйелдердің (амазонкалар) шығу тегі және олардың таралу аймағы қарастырылады.

Түйін сөздер: Рим, Греция, амазонкалар, Геродот, Гомер, сақтар, скиф, ер апа.

Ежелгі замандағы жауынгер әйелдердің тайпасы мен олардың ерлік істері, жаулап алу жорықтары туралы зерттеулер әлі күнге қолға алынбай, өз құпиясын тереңде жасырып отырғаны белгілі. Міне осыған байланысты біз өз зерттеуімізді өзекті болып табылатын осы мәселеден бастамақпыз.

Мақалада ежелгі грек және рим авторларының шығармаларында кездесетін «амазонкалар» дегеніміз кімдер және олар аңыздың кейіпкерлері ме, жоқ әлде тарихта түбірі бар ма деген сұрақтарға жауап беру үшін жоғарыдағы аталған шығармаларға талдау жасалынады.


Ең алдымен «амазонка» атауының шығу тегіне тоқталайық. Бұл үшін тарихтың атасы аталған Геродоттың (б.д.д. 485-425) «Тарихынан» үзінді келтірейік: «...Эллиндер жауынгер әйелдермен-амазонкалармен соғысыпты деседі. Скифтер амазонкаларды «эорпата» (яғни эллин тілінде еркектерді өлтірушілер деген мағына береді, «эор»-еркек, «пата»-өлтіру деген сөз) деп атайды» [1]. Міне осы дерекке жүгіне отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

Біріншіден, гректердің барлық көрші көшпенді тайпаларды, яғни сақтарды «скифтер» атауымен атағандығы белгілі;

Екіншіден, сақтардың кейінгі ұрпақтары түркілер екендігі және олардың тілдік қаймағының қаншалықты өзгерістерге ұшырағанына қарамастан түбірлік мәнінің өзгермегендігі;

Үшіншіден, осы түбірлік мәнге сүйене отырып, «эор» эллиндік тілде емес, керісінше, сақ (скиф) тіліндегі «Ер»-еркек, ал «пата»-«опат» немесе «апа» дегенді білдіруі мүмкін деп топшылауға болады. Әрине, Геродоттың сақтардың тілін білмегендіктен осындай байлам жасауы да мүмкін, соған қарамастан ол осы атаудың неғұрлым дұрыс түсініктемесіне жол салған. Амазонкалар туралы аңыздың тым ертеректе, ең алғаш рет Гомердің (шамамен б.з.б. VIII ғ.) Илиада дастанында айтылғанын еске алар болсақ, (...Ер жүректі еркектей амазонкалар тауып алған күні. Илиада. III кітап, 190) [2], оның сонау аналық (матриархат) дәуірден бастау алатынын айта аламыз.

Төртіншіден, ежелгі дүние қолөнер туындыларындағы амазонкалардың бейнелену ерекшелігіне көңіл аударғанымыз жөн, үнемі ат үстінде, киімдері ерекше (тоқылған немесе теріден жасалған шалбар мен белі буылған кеудеше, сәукелеге ұқсаған шошақ бас киім, қорамсақ, садақ, найза және т.б. (бір сәт көз алдымызға сақ қорғандарынан табылған «Алтын адамды» елестетеді емес пе?), қару жарақтары, ат әбзелдері мен күйрық жалының әсемделуі, бет келбеттері олардың шығу тегіне меңзеп тұр ғой.



Сурет 1. Қыш көзелердегі жауынгер әйелдер (скиф-сақ).

Ежелгі Шумерлерде қазіргі тіліміздегі «ата» және «ана» атаулары «ада» (әке) және «ама» (шеше) деп аталатынын ескерер болсақ [3], «амазон» былай деп талданар еді: «ама» (ана) «зон», «зан» немесе бұрмалауға ұшыраған «жан», сонымен «анаяндар» немесе тегі «аналар». Әрине, бұл біздің топшылауымыз, соған қарамастан аналық билік дәуіріндегі оқиғалар желісінен алынған аңызға жүгінер болсақ, бұның біршама шындық негізі бар екендігін ұғына аламыз.

Грек тарихшысы Диодор Сицилийский (шамамен б.з.б. 90-21 ж.ж.) өзінің «Кітапхана» деген шығармасының екінші кітабында мынадай мәлімет келтіреді: «44 (1) Осыдан кейін Скифияда бірде патшалар ауысуы аралығында тақ бос қалған кезде әйелдер күшпен таққа отырды. Бұл халықтардың әйелдері ерлер сияқты соғысуды үйренеді және ержүректігі жөнінен олардан кем емес, сондықтан көптеген ұлы ерліктерді Скифияда ғана емес, онымен көршілес жерлерде де даңқты әйелдер жасаған» [4]. Әрине бұл келтірілген дерек кейінгі оқиғаларды, яғни Томирис патшайым кезеңін меңзеп тұрғанымен деректің келесі бір бөлігінде олардың амазонкалардың үрім-бұтағы екендігі айқындалады: «45 (1) Фермодонт өзенінің жағалауында (Қара теңіздің шығыс жағалауындағы – Ә.Ш.), әйелдер басқаратын халық өмір сүреді, олар еркектермен бірдей әскери іспен шұғылданады. Патшалық билікке ие болған олардың бірінің ерлігі мен күш жігері айрықша болыпты: (2) ол әйелдерден жасақ құрып, оларды соғыс өнеріне үйретеді, сөйтіп көршілерінің бірін бағындырады. Күннен-күнге ерлігі асып, даңққа бөленген ол көрші тайпаларға үнемі шабуыл жасайды, табысқа мақтанған ол бірде өзін Арестің (соғыс құдайы-Арес немесе Ұрыс) қызымын деп жариялайды да, еркектерге жүннен иірілген жіп беріп (ұршық - Ә.Ш.), әйелдердің үй шаруасын соларға жүктейді; содан кейін әйелдерді жауынгерлік сайыстарға шақыратын, ал еркектерді бағыныштылық пен құлдықта ұстайтын заң шығарды» [5]. Міне аналық дәуірдің айқын бейнесі осы деректе нақты көрсетілген.



Сурет 2. Бояулы қыш көзелердегі жауынгер әйелдер(скиф-сақ).

Осы амазонкалардың шығу тегіне қатысты түсіндірмелер Гомердің Илиадасын талдаған ежелгі еңбектерде айтылады. Солардың бірнеше нұсқаларына тоқталайық. Мысалы Гомердің Илиадасына жасалған көне схолияда былай делінеді: «Ил. VI:186 (III:290). Амазонкалар. Кейбіреулер жорыққа шыққандар әйелдер емес, варвар еркектер дейді: олар жерге дейін жететін ұзын шапан киіп, шаштарын байлауышпен байлап алатын, сондай-ақ сақалдарын қыратын, сондықтан да жаулары оларды әйелдер деп атайтын. Олар амазондар (Αμαζον) тайпасы еді және ұрыста батыл болатын. Әйелдердің қай кезде жорыққа шығуы сенімсіздеу: қазір де еш жерде бұлай болмайды ғой» [6]. Ежелгі гректердің әйелдерді үй шаруасында ғана ұстап, оларды ұрыстарға қатыстырмағанын ескерсек, сақтардың әйелдерінің тең дәрежелігі мен ерлермен қатар шайқасатыны және ана ретінде оларды қатты құрметтейтіні гректер үшін тым ерсі, адам сенгісіз қылық болып көрінген, сондықтан да амазонкалардың әйелдік тегіне күмән тудырудың орын алғандығы қалыпты нәрсе.

Енді «Гомерге әліпбилік тәртіппен түсіндірмеден» келтірілген үзіндіге жүгінейік: «Ил. III: 189 (32-3317) Амазонкалар. Атау септікте (Αμας) бұл атау «а» әрпін алып тастағандағы (Μαζοg.) (мазос-емшек) сөзінен шыққан, өйткені садақтан атқан кезде бөгет жасамау үшін олар емшектерінің біреуін кесіп тастаған... Ил. III:189(80) Амазонкалар. Емшегі болмағандықтан, бірақ мұндай этимология сенімсіз. Фемистагор «Алтын кітапта» былай дейді: «Эфес бойындағы, қазіргі Ликия аталатын Алопада тұратын әйелдер бәрі бірдей әдеттегі әйелдер шұғылданатын істен бас тартып, белбеу буынып және қару асынып, еркектің барлық ісін атқарды, сондықтан да амазонкалар аталған немесе олар садақтан ату үшін бір омырауын күйдіріп тастағандықтан, немесе нан жемей, жылан, шаян, кесіртке және тасбақа жегендіктен болар, бәзбіреулер бұл атауды шешесі Амазоядан туындатады» [7].

Сонымен амазонкалардың атына қатысты тағы бір нұсқаның «мазос» (емшек) және «амазоя» (анажан) болғандығына көз жеткіздік. Әрине бұл нұсқалардың амазонкалар атауына қатысы бар дегенге сене қою қиын. Соған қарамастан, емшектерін күйдіруге қатысты мәліметтер грек авторларының көпшілігінде айтылады.

Ал бұның себебі қалай түсіндіріледі дегенде, бұл мәселеге медициналық тұрғыдан келген Гиппократтың (шамамен б.з.б. 460-377/356 жж.) «Ауа, су және жер туралы» деген еңбегіне жүгініп көрейік: «24. Еуропада, Метоида көлінің (Азов - Э.Ш.) маңында өмір сүретін, басқа халықтан ерекше скиф халқы бар. Олардың аты-сарматтар. Олардың әйелдері атқа мініп жүреді, ат үстінде садақ атады және найза лақтырады, олар қыз күндерінде дұшпанмен шайқасады; ол үш дұшпанды өлтірмей күйеуге шықпайды және әдеттегі құрбандық шалу жасалмай күйеуімен бірге тұрмайды. Күйеуге шыққан әйел атқа мінуді қояды, ал бірі қалмай түгел жорыққа шығу қажет болатын күн туса, қайтадан атқа қонады. Олардың оң жақ емшектері болмайды, себебі сәби кездерінде олардың шешелері осы мақсатпен дайындалған мыс құралды отқа қыздырып, оң жақ емшегін күйдіріп тастайды, содан кейін ол өспейді де, оның барлық күші мен нәрі оң жақ иық пен қолға ауысады» [8]. Яғни, Гиппократ әйелдік гормондардың түзілуі барысында нәрдің омырауда жиналуы қол мен иықтың нәзіктенуіне әкелетінін, оған тосқауыл қоюдың жабайы тәсілі ретінде амазонкалардың оң емшегін күйдіргенін айтып отыр. Бұл, әсіресе, садақ ату мен найза лақтыру кезіндегі қолдың қарулы болуын қамтамасыз ету үшін аса қажет еді.

Сонымен, амазонкалар атының шығуына қатысты мәліметтерді талдай келе, оны гректік «а-мазос» (емшек) деген түбірден алғаннан гөрі, скиф (сақ) түбірі «эор» (ер), «пата» (опат) - ері опат (жесір) деген, ал шын мәнінде «Ерапа» (шумерлік тіл негізінде) деп аталғаны дұрыс. «Ерапа» деген атаудың дұрыстығын жоғарыдағы деректер көрсетеді, өйткені амазонкалар шайқасқа қыз күнінде, яғни күйеуге шықпай тұрып түскен, сондықтан «ері опат» (жесір) болуы мүмкін емес қой? Олай болса «Ерапа» атауы, олардың батырлық, ержүректік тұлғасының мазмұнына сәйкес келеді және гректер өздеріне таныс емес сөздерді грек әрпімен барынша икемдеп, сол күйінде беруге тырысқандығы да сөздің дұрыс атауын сақтауға ұмтылысында жатса керек.



Сурет 3. Бояулы қыш көзелердегі жауынгер әйелдер тоқыма киімдерінің ләрінісі(скиф-сақ).

Енді амазонкалардың мекен-жайының қайдан шыққандығы туралы аңыздар мен деректерге талдау жасайық. Метоида көлінің (Азов теңізі) және Кіші Азиядағы Фермодонт өзенінің маңын мекендеген амазонкалардың, яғни аты аңызға айналған ғажайып жауынгер «ерапалардың» бүкіл Кіші Азияға ғана емес, Аттикаға (гректер жеріне) жасаған жорықтары аңыз болып кеткен. Гомердің дастандарында баяндалған Троя соғысы б.з.б. 1200 жылы болған. Міне осы Гомердің «Илиада» дастанында амазонкалардың жері туралы алғашқы мәлімет (аңыз түрінде) айтылады: «Зевс троялықтар мен Гекторды ахей (грек) кемелеріне жақындатып, оларды тынымсыз еңбек етіп, ауыртпалықтарды көтеруі үшін кемелердің алдында қалдырып кетті, ал өзі артына қарап, алыстағы салт атты фракиялықтардың, қоян-қолтық шайқасатын миссиялықтардың және ғажайып гиппомолгтердің - сүтпен (биенің сүтімен – Ә.Ш.) қоректенетіндердің, кедей және адал адамдардың (абилер – дұрысы «әулиелер» – Ә.Ш.) жеріне көз тастады.

Сол жерде мен де болдым, олардың жақтасы саналдым,
Ер жүректі еркектей амазонкалар тауып алған күні,
Бірақ олар мұндағы өткір көзді данайлардан көп емес-ті».

Ал енді Геродоттың IV кітабында (Мельпомена) амазонкалардың бұл жерге келуі былай түсіндіріледі: «...Фермодонттың түбіндегі шайқаста жеңіске жеткен эллиндер (аңыз әңгімеде осылай айтылады) үш кемемен үйлеріне қайтып келе жатыпты. Қанды шайқаста қолдарына тірі түсірудің сәтін пайдаланып, өздерімен бірге бірнеше амазонкаларды алып келе жатыр екен. Теңіздің ашық төсінде амазонкалар эллиндерге дүрсе шабуыл жасап, оларды түгел қырып салыпты. Алайда амазонкалар кеме жүргізуден мүлдем хабарсыз екен...» [9].


Сонымен толқынға ілесіп аққан амазонкалар мінген кеме Метоида теңізіндегі Кремкадан бірақ шыққан. Сақтар жеріндегі жағалауды мекен етіп, үйір-үйір жылқыларды ұстап мінген олар сақтар (скифтер) жеріне ойран салып, ел тонауға кіріседі.

Геродоттың баяндауынша, скифтер не болғанын білмей аң-таң болыпты. Өйткені амазонкалардың тілі де, киген киімі де, қай тайпадан екендігі де белгісіз екен.

Сонымен Геродот амазонкаларды Албанияның жоғары жағын алып жатқан биік таулардың етегіне орналастырады: «Помпеймен бірге жорыққа қатысқан және албандардың арасында болған Феофанның айтуынша, амазонкалар мен албандардың арасында скиф тайпалары – гелдер мен легтер тұрады. Мермод өзені бастауын таудан алады (Аракс өзенінің сағасы), тулап аққан бойы амазонкалардың елі - Сиракенаны (Гирканиядағы Ока өзені бойында) аралап өтеді де, олардың ортасындағы шөл дала арқылы Меотидаға (Азов – Ә.Ш.) барып құяды. Ал гаргапейлер, жұрттың айтуы бойынша, бұл жерге белгісіз бір кезде амазонкалармен бірге Фемискирадан келіп қоныстанған еді...»

(4) Сондай-ақ, қалалардың салынуы және олардың негізін қалаушы амазонкалардың атымен аталуы туралы да аңыз әңгімелер аз емес [10] дей келе Геродот олардың – Эфес, Смирна, Кима, Мирина деп аталатынын және зираттардағы құлыптастардағы амазонкалар есімдері мен басқа да жәдігерлердің көп жағдайдан хабар беретінін атап көрсетеді.

Деректердің көрсететініндей, амазонкалар басқа жақтан келген. Диодор Сицилийскийдің IV кітабында былай делінген: «28. (1). Геракл осы іспен (яғни, Атлантты құтқарумен) айналысып жатқан кезде, қалған амазонкалар Фермадонт өзенінің жағалауына жиналып, Гераклдың өз жорықтарында жасағандары үшін эллиндерден кек алу мақсатымен түп-түгел кідірмей алға жылжыды дейді. Олар әсіресе, Тесей өздерінің патшайымы Антиопаны немесе кейбіреулер жазғандай, Ипполитаны алып кеткені үшін афиналықтарға ызалы еді (Тесей алдап кемесіне отырғызып алып кеткен – Ә.Ш).



Сурет 4. Троя соғысындағы жауынгер әйелдер.

(2) Амазонкалар жорығына скифтер(сақтар) қатысқандықтан, айтарлықтай күш жиналды. Амазонкалардың бастаушысы олармен бірге Киммерия Боспорынан өтіп, Фракия арқылы алға жылжыды; Еуропаның елеулі бөлігін басып өтіп, ақырында Атикаға келді (Еропа, ерапа мүмкін Еуропаға ат берген шығар? - Ә.Ш). (4)... Тірі қалған амазонкалар отандарына қайтқысы келмей, скифтермен бірге Скифияға келіп, солармен бірге тұрып қалды...» [11].

Амазонкалардың эллиндермен болған шайқасы Плутархтың шығармасында біршама кең баяндалған [12].

Ежелгі грек грамматигі және ақыны Ликафрон (б.з.б. 320 жылы дүниеге келген) Трояның қирауына қатысты жазылған «Александра» поэмасында амазонкалардың келуі туралы айтады: «1333-1338. ...(Амазонкалар) Эристі, Лагмосты, Теламосты (ақынның сөзіне қарағанда скиф өзендері), ағынды Фермадонтты және Актей тауын артқа тастап, кек алу үшін және ойрандап тонау үшін гректер мен Эреффейдің үрім-бұтағын балағаттай ұран салып, Қара Истр арқылы скифтердің аттарын арындатып қоя берді...» [13].

Келесі бір грек грамматигі және ақыны Аполлоний Родосский (шамамен б.з.б. 295-215 жж) «Аргонавтар жорығы» (4 кітаптан тұратын) поэмасында мынадай дерек айтады: «373-387. Сонда (Фермадонт өзенінің сағасында) Дойанта жазығы жатыр, оған таяу жерде амазонкалардың үш қаласы бар. ...Жарқабакты аралға кездесесіз, бұл елсіз аралды жайлап алған сансыз көп құстар қаумалап зығыр етсе де, оларды маңайыңыздан қуып кетіре

алмайсыз. Осы жерге амазонкалардың патшайымы Отрера мен Антиопа жорыққа аттанған кезде Ареске (Ұрыс) арнап тас ғибадатхана салған...» [14].



Сурет 5. Ежелгі амазонкалар патшалығы туралы И.Е. Кольцов дерегі бойынша карта.

Сонымен, амазонкалардың мекені Гиркант (Каспий) теңізінің солтүстік шығысындағы шөлді аймақтардан бастау алып, Еділге қарай көтеріліп, одан солтүстік шығысқа Танаис (Дон) арқылы Меотия көлі (Азов теңізінен) Истрға (Дунай) қарай өтіп гректер жеріне ішкерілеп еніп жатқан (Қара теңізді жағалай). Бұл жерлерді сақтардың (скифтер) ежелден қоныстанғанын ескеретін болсақ, амазонкалардың түпкі тамыры осы гректер «скиф-сарматтар» деп атағандармен астасып жатыр. Олай болса аналық дәуірде тарих сахнасына көтерілген амазонкалардың басқа да сақ (скиф) тайпаларымен қатар жеке қауым ретінде өмір сүріп, әскери жорықтарды кәсіп еткен, шаруашылық жүргізген, қалалар салып, оларға иелік еткен. Әрине бұның бәрі әлі де болса терең зерттеуді қажет етеді.

Қытай тарихшысы, профессор Су Бихай да өзінің зерттеуінде төмендегідей мәлеметтерді атап көрсеткен: «Дейтұрғанмен, сақ әйелдердің қоғамдық орны едеуір жоғары болатын. Олар ерлермен бірге әлеуметтік істерге араласудан басқа тұлпар мініп, ту алып соғыс шебіне де аттанып кете беретін, әрі соғыста өте жан кешті жауынгерлігімен көзге түсетін. Грек жазушысы Киятус (Keyitese) сақ әйелдеріне деген сүйінішін: «Сақ әйелдері – нағыз батырлар, олар соғыстың қиын сәттерінде ерлермен бірге қасап қырғынға кіріп кетеді» деп білдірсе, Алимарт Александр: «Мен соғысқа ерлерден кем түспейтін массагет әйелдерін, құдды ерлердей садақты сарната толғайтын өзге сақ әйелдерін жақсы білемін» деп жазады [15]. Су Бихай б.д.д. VI ғасырда массагеттердің әйел шахы Томирис «ері өлген соң, қалың қолға өзі бас болып, парсылардың қалың қолын ойсырата жеңеді» - дей келе, олардың ұрпағын жалғастырған үйсін әйелдердің ермінез, адуындылығы да сол сақтардан жалғасқан қасиет болса керек дегенді атап өтеді [16].

Ежелгі деректерге жүгінер болсақ Су Бихайдың келтірген мәлеметтерін растайтын хабарламаларды таба аламыз. Мысалы: Николай Дамаскийдің (б.д.д. 64 ж. – б.д. I ғ. басында өмір сүрген грек тарихшысы) «Қызықты әдет-ғұрыптар жинағында» айтылған мәліметтерден үзінді келтірейік: «...(2). Ханымдарға бағынғандай, әйелдерге барлық істе де

бой ұсынады.. (3) Қыздар жаулардың ішінен бір адамды өлтіргенше оларды некеге тұрғызбайды.

144 үзінді. (1). Галактофагтар – скиф тайпасы, скифтердің көпшілігі сияқты олардың үйлері жоқ; тамақтары тек қана биенің сүті, одан ірімшік жасайтындықтан ол әрі тамақ, әрі сусын болады. Олармен шайқасу өте қиын, себебі, олар үнемі тамақтарын ала жүреді. (2). Олардан Даридің өзі қашып құтылған.... (4). Жеті ғұламаның бірі ретінде аты аталатын Анахарсис осылардан шыққан, ол эллиндердің әдет-ғұрпын білу үшін Элладаға келген. ... (6). Олар бірлесіп және әділетті өмір сүргендіктен, ешқайсысы да қызғаншақтық, жеккөрініш және қорқыныш сезімі дегенді білмейді. (7). Олардың әйелдерінің жауынгерлігі еркектерден кем емес; қажет кезінде еркектермен бірдей жаугершілікке аттанады. (8) Сондықтан да Меотий батпағына жақын жерде өмір сүрген амазонкалар асқан ержүрек (олар бір кездері Афина мен Киликияға дейін жеткен) [17].

Сонымен, ежелгі грек тарихшысы осыған дейінгі деректерді алға тартып, амазонкалардың сақтардан тарататынымызды, олардың керек кезінде жауға аттанып, соғыста кәсіп еткенін, әділеттілікпен, қауымдасып өмір сүргенін тағы да дәлелдеп отыр.

Осы, амазонкалардың Александр Македонскимен кездескені жөнінде бірнеше аңыз әңгімелер бар. Соның бірі грек тарихшысы Диодор Сицилийскийдің еңбегінде келтірілген. Бұл еңбекте Александрдың Гиркандқа (Каспий) қайта оралуы кезінде оған Фасис пен Фермодонттың арасындағы елге билік етіп отырған амазонкалардың Фалестрия есімді патшайымы келген. Ол асқан сұлу және күштілігі де ерекше еді және оның ержүректілігіне руластары асқан табынушылықпен қарайтын. Әскерін Гиркания шекарасында қалдырған Фалестрия, сауыт киіп, қару-жарақтарын асынған үш жүз амазонкалармен (оққағарлары - Ә.Ш.) Александрға келген. Патша әйелдің ойда жоқта келгендігіне және асқан сұлулығына сұқтанған Александр, Фалестриядан неге келгендіктерін сұрайды. Фалестрия одан бала туғысы келетінін айтады. Оның сөзіне қарағанда Александр ерлігімен барлық еркектен асып түсті, ал өзі болса әйелдердің арасында күшімен батылдығы жөнінен алдына жан салмайды, сондықтан көшбастаушы ата-анадан туған бала да ерлігімен басқа адамдардан асып түсетінін айтады [18].

Осы деректі талдайтын болсақ, екі түрлі түйінді ой жасауға болады: біріншіден, Ұлы Александрдың даңқын одан әрі арттыра түсіру мақсатындағы автордың үгіт-насихаттың немесе жарнамалық мүддені көздегенінен аңыздық баяндаудың туындауы. Екіншіден, (неғұрлым шындыққа жанасымдысы да) елін басқаратын ұрпағының кім болатындығын әріден ойлаған патшайымның текіден тұқым таратуды, және оның сол кездегі Шығыс пен Батысты дүр сілкіндірген Александрдың болуын қалауы да тегін болмаса керек деген түйін.

Ал енді бұны аңыздық негізде дейтін болсақ, осы Александр Македонскийдің өмірі мен қызметін талдап жазған грек тарихшысы Калисфеннің (б.д.д. 365-327 жж.) еңбегіндегі деректер тарихи шындықтың шымылдығын түре түседі. Өйткені ол Александр Македонскийдің Шығысқа жасаған жорығына бірге аттанған (Аристотелдің жиені болған, және соның қолдауымен өмірбаяншысы, жазушы ретінде Александрға қызмет еткен). Міне сондықтан, ол көбінесе көзімен көрген оқиғаларды баяндап, жазуға тырысқан. Сондықтан да оның мәліметтеріне кеңірек тоқталайық. Александр Македонский амазонкалар жеріне аттанып, жақындаған кезде мынадай мазмұндағы хат жібереді: «Александр патша амазонкаларға аман-саулық тілейді... Сол жақтан (яғни, брахмандардан) біз сіздерге қарай бет алдық. Сіздер біздерді құшақ жайып қарсы алыңыздар: біз сіздерді ренжіту мақсатымен емес, тек қана елді көру үшін және сонымен қатар сіздерге жақсылық ету үшін келеміз. Аман-сау болыңыздар». Бұл хатты алып оқығанан кейін амазонкалар Александрға мындай жауап жазды: «Амазонкалардың ең күштілері және билеушілері Александрға амандық-саулық тілейді. Біз саған біздің жерімізге басып кіргенге дейін хабардар болуы үшін, және сенің абырой-атақсыз қайтпауың үшін хат жаздық. Ал хатымызда еліміз туралы және қатал өмір сүретін өзіміз туралы мындай мәлімет береміз. Біз Амазонка өзенінің ар жағынында, орта тұсында өмір сүреміз. Жеріміздің айнала шеңбері бір жыл жүретін жол, ал өзеннің бастауы жоқ. Оған кіретін жол біреу. Біз осында өмір сүреміз – санымыз 270 000 қаруланған

қыздарымыз, бізде бірде-бір еркек жынысты жан жоқ, ал еркектер өзінің ар жағындағы жерді иеленіп өмір сүреді. Біз жыл сайын Зевске, Посейдонға, Гефеске және Ареске (Аспан (Тәңірі), Теңіз, Ұсталық (от пен темір) және Соғыс құдайлары) – Ә.Ш.) құрбандық шалып, 30 күн бойы жылқы сою салтанатын (қазіргі соғым емес пе?) өткіземіз. Арамыздан оларға (еркектерге - Ә.Ш.) қосылғысы келгендер болса, бірнеше күнге сонда қалады; туған қыз балалардың барлығын олар асырайды, бірақ жеті жасқа толғанда бізге жібереді (Спартандар дәстүрімен салыстыр - Ә.Ш.). Дұшпандар біздің жерімізге жорыққа шықса, біз 120 000 адамды атқа мінгізіп, оларға қарсы аттанамыз, ал қалғандары аралды күзетіп қалады. Біз шекараға қарай келеміз, ол еркектер тылда сапқа тұрып, біздің соңымыздан жүреді. Егер біздің арамыздан біреулер соғыста жараланса, батылдығының арқасында құрметке ие болып, есте сақталады; егер біреу қорғана жүріп соғыста қаза тапса, оның жақын туысы көп ақша алады. Егер кімде - кім аралға жаудың денесін әкелсе, онда бұл үшін сыйға алтын, күміс алатын және өмір бойы азықпен қамтамасыз етіледі. Осылайша біз соғыста өз даңқымыз үшін күресеміз. Егер біз жауды жеңсек немесе олар қашса, олар мәңгі ұятқа қалып, маскара болады; ал егер олар бізді жеңсе әйелдерді жеңген болып табылады. Сонымен, патша Александр, байқа, сен де осындай жағдайға ұшырап жүрме. Ойланып, бізге жауабыңызды жібер – біздің әскерімізді шекарадан табасың. Аман сау бол» [19]. Мінеки Александрдың өмірбаяншысы жазған мәліметтер «қазыналы аралдай» құнды деректерге тұнып тұр. Біріншіден, бұл еңбекте Александр мен амазонкалар арасындағы халықаралық дипломатияның белгісі болып табылатын хат алмасудың болғандығы көрсетілген, және оның мәтінінде халықаралық этикеттің барынша сақталғандығы байқалады;

Екіншіден, бұл жерде амазонкалардың хат жазып, хабар жібергеніне қарағанда жазу-сызудан хабары бар екендігі анықталады және онда өздері туралы, әскери қуаты мен жалпы санын көрсету арқылы, құдайларға құрбандық шалу арқылы (яғни құдай да бізді жақтайды дегендігі), соғыстың олар үшін кәсіп қана емес, атақ абырой екендігін, сол үшін еш нәрседен қаймықпайтындарын астарлап жеткізген. Тағы бір айтатынымыз, хаттағы ультиматум түріндегі, яғни бізге соғыс ашып абырой таппайсың, қандай жағдайда да маскара боласың деген ескерту де өзіне назар аудартады.

Ал енді, Александрдың бұған берген жауабына тоқталайық: «Александр патша амазонкаларға денсаулық тілейді. Біз әлемнің төрттен үшін бағындырып, бәріне трофей қойып кеттік. Сондықтан сендерге қарсы соғысқа шықпасақ, біз маскара боламыз. Егер сендер түгелдей қаза тауып, жерлеріңді елсіз мекенге айналдырғыларың келсе, онда шекарада қалыңдар. Егер соғыста бақтарыңды сынамай өз жерлерінде өмір сүргілердің келсе, онда өзінен өтіп бізге көріңіздер. Дәл осылайша еркектер де жазықта қалсын» - дей келе Александр әкесі мен шешесі атынан, осы талап орындалған жағдайда тиіспеуге ант ететін айтады. Амазонкалардың шамаларына қарай салық төлесе жерлеріне аяқ баспауға уәде береді.

Және олардың жіберген адамдарына (аманат немесе жалдамалы әскер - Ә.Ш.), әрқайсысына ай сайын алтын статер жалақы және азық түлік беретінін атап өтті. Бұлар жыл сайын ауысып отыратын болады. Мінеки Александрдың жіберген хатындағы негізгі ұсыныстар осындай болды.

Амазонкалар Александрдың жіберген жауап хатын алған соң, кеңес құрып, ақыр соңында шешімге келді. Бұл шешім бойынша Александрға елге келіп, оны көруге рұқсат ететіндері, жыл сайын 100 талант алым-салық төлейтіндері және іріктелген 500 жауынгер арқылы оған (Александрға) ақша және 100 асыл тұқымды сәйгүліктер апаратыны айтылды. Әрине, ел мен жердің амандығын сақтап қалу үшін қабылданған бұл шешім өз кезегінде өте дұрыс еді.

Осы хатты алған соң Александр өзінің ісін анасы Олимпиядаға былайша сипаттап жазды: «Александр патша қымбатты анасы Олимпиядаға амандық-саулық тілейді. Амазонкаларға қарсы аттанған мен Притан өзеніне бет алдым... Біз Притан деп аталатын өзінен өтуге ниеттенген кезде көптеген түземдіктерді жауынгерлер қырып салды. Біз Фермодонт деп аталатын және жазықпен ағатын өзенге келіп жеттік, онда амазонит - әйелдер

тұрады екен. Олардың бойы басқа әйелдерден ұзын, сұлулығымен және денсаулығының мықтылығымен ерекшеленеді, түрлі-түсті киім-киеді, олар күміс найза пайдаланады, ал темір мен мыс оларда жоқ екен; олар зерек және өткір тілді. Біз Амазонкалар тұратын өзеннің жағасында (бұл өзен аса үлкен және өткел бермейді, онда хайуанаттар көп) сапқа тұрған кезде амазонкалар одан өтіп бізге қарсы шеп құрып тұрды. Бірақ біз хат арқылы оларды бізге бағынуға көндірдік.

28. Олардан алым-салық алып, біз Қызыл теңізге қарай аттандық» [20].

Амазонкалар билігінің таралу аймағы мен уақыты жайындағы деректерді VI ғасырдағы Остгот (Теодор Моммзен оны алан (албан) дейді) тарихшысы Иорданнан алуға болады. Ол өзінің «Геттердің шығу тегі мен іс-қимылдары» деген еңбегінде төмендегідей мәліметтерді береді: «Сонымен, біршама уақыт аялдап, амазонкалар күш жинады, ондан шығып, Гаргара қаласының іргесімен ағатын өзеннен өтіп, олар біркелкі табыспен Арменияны, Сирияны, Киликияны, Галатияны, Псидияны және Азияның барлық өңірлерін жаулап алды. Олардан кейін Иония мен Эолияға барып келісіммен уәлаятқа айналдырып, өздеріне бағындырды. Онда ұзақ уақыт үстімдік етіп, қалалар мен бекіністерді өз аттарымен атады. Ал Эфесте (мол) байлықты шашып, Диананың құрметіне сондай әдемі ғибадатхана тұрғызып, өздерінің мергендігі мен аңға құмарлығы себепті қандай өнерге бейімділігін көрсетті. Өстіп, міне, Скифиядан шыққан әйелдер жүз жылдай Азия патшалығын билеп тұрды; ақырында олар біз жоғарыда айтқан Марпезия (олардың патшайымының есімі - Э.Ш.) жартасындағы, яғни Кавказ тауларындағы құрбыларына оралыпты» [21]. Міне, амазонкалардың билігінің ұзаққа созылғандығы мен кең тарағандығы туралы деректердің тағы бірі осылай мәлімет береді.

Сонымен амазонкалар, «ер апалар» туралы мәліметтердің көрсетуі бойынша олардың билігі далалық өлкеде ғана емес, Аппенин түбегінен асып өтіп, Африкаға дейін таралғандығын және оның ұзақ жылдарға созылғанын анықтадық. Тарихи деректерде «ер апалар» патшайымдарының аттары жиі кездеседі мысалы; Отрера, Антиопа, Фалестрия, Лампета, Марпезия, Игифения, Пентесилия, Томирис, Зарина және т.б.

Сірә да, амазонкалардың тарих сахнасынан кетуіне аталық дәуірдің (патриархат) далалықтар арасында үстем бола бастауынан, әйел-аналардың ендігі жерде отбасылық өмірге бейімделіп, ұрпақ жалғастыру мен оның тәрбиесіне ден қоюынан, басталса керек. Соған қарамастан «ер апалар» заманы туралы көмескі болса да біршама құнды мәліметтер бізге келіп жеткен. Ендігі міндет сол деректердің құндағында жатқан құпияларды ашу. Ол әсіресе Ер апалар салған қалалар (Эфес, Смирна, Кима, Мирина және т.б.), ғибадатханалар (Аполонға, Артемида (Диана), Ареске және т.б.), өз құдайларының аттарын гректер арасында таратуы, алтын ақшаларды (статер) айналымға қосуы (Бұны гректер скиф – кельт ақшалары деп атаған, оларда шауып бара жатқан сәйгүліктің бейнесі бедерленген) туралы мәліметтерді терең талдап, оны зерттеу тақырыбына айналдыру. Шет елдер, соның ішінде Ресейде амазонкаларға қатысты зерттеулер мен қорғалған диссертациялардың көптігіне қарамастан (Мыс.:Котина А.В. Миф об амазонках и его развитие в античной традиции. Автореф. дисс... канд. ист. наук.; Богаченко Т.В. Исторические основы сказания о женщинах воительницах южнорусских степей. Автореф. дисс... канд. ист. наук. Ростов-на-Дону, 2005. және т.б.) олардың шығу тегіне толық жауап берілген емес.

Тіпті осы Ер апалар туралы естеліктер әлі күнге халқымыздың жадында сақталған деп айтуға да болады, соның бірі мысалы: ер балаларша тәрбиеленіп, ер мінезділік танытып, еркекше киінетін қыздарды «еркек шора» дейді емес пе? Ал еркек деген сөз түсінікті болғанымен «шора» сөзінің төркінін көпшілік «секілді», «сияқты» деп түсінеді, шын мәнінде оның тура мағынасы Түркі қағанатындағы билікті білдіретін «шор» сөзі. Сонымен бұл терминнің түпкі мәні «Еркектік билікке ие» дегеннен туындайды. Олай болса сонау аналық дәуірден бастау алатын «Ер апалардың» ерен ерлігі мен, жаугер, асқар рухы әлі күні аналарымыздың, апа-қарындастарымыздың бойында қанмен беріліп, тектілігін, жадының мықтылығын айқын көрсетіп бере алады емес пе? Міне осылай өткен тарихымыздың тағы бір беті өз құпиясын ашуға даяр.

Библиографиялық тізім:

1. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы: 4 томдық (Құрас. А.Н. Гарковец. – Астана: Фолиант, 2007. Т. 1: Ертедегі грек авторлары Ұлы Дала туралы / Қазақ тіліне ауд. М. Ілес, Ә. Шашаев. – 2007. – 464 б. (95).
2. Гомер. Илиада. Пер. С древнегреческого Н. Гнедича; Одиссея; Пер. С древнегреческого В. Жуковского. – Алма-Ата: Мектеп, 1986. – 640 с.
3. Сүлейменов Олжас. АЗия. Ізгі ниетті оқырман кітабы / Ауд. С. Ақатаев. – Алматы, Жазушы, 1992. – 288-б. (223).
4. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. Т. 3. / Қазақ тіліне ауд. Г. Мұхаметқалиқызы, К. Ахметов. 2008. – 584 б. (229).
5. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы 229 бет.
6. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. – 17-б.
7. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. – 20-б.
8. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы.–74-б.
9. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. Т. 1. / Қазақ тіліне ауд. М.Ілияс, Ә.Шашаев. 2007. – 464-б (-95).
10. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. Т. 1. / Қазақшаға ауд. М. Ілияс, Ә. Шашаев. – 251-б.
11. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. Т. 3. / Қазақ тіліне ауд. Г. Мұхаметқалиқызы, К. Ахметов. – 232-б.
12. Плутарх. Салыстырмалы өмірбаян. 2 томдық. Т. 1 / Ауд. С. П. Маркиш. – М., Наука. 1994.
13. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. Т. 3. – 169-б.
14. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. – 180 б.
15. Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы, 2001. – 552 б. (-114).
16. Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. – 115-б.
17. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. – 3 том. – 220-б.
18. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. – 3 том. – 241-б.
19. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. – 3 том. – 150-б.
20. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. –151-б.
21. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. – 152- б.
21. Ежелгі дүниедегі және византиялық дерек көздеріндегі Ұлы дала тарихы. – Т. 22. Ертедегі грек авторлары Ұлы Дала туралы / Қазақ тілінен ауд. А. Нысаналин. 2007. – 352 б. (-302).

Резюме

В данной статье на основе широких источниковедческих материалов рассматриваются ареал обитания женщин - воинов (амазонок) и этимология термина амазонки.

Ключевые слова: Рим, Греция, амазонки, Геродот, Гомер, саки, скифы, женщины воины.

Summary

In that article, based source on extensive source materials examined habitat of women warriors (the amazons) and the etymology of the term Amazons.

Key words: Rome, Greece, amazons, Herodotus, Homer, saka, scythians, women warriors.

ӘМИНА НҰҒМАНОВА – ҚАЗАҚТЫҢ ӘНШІЛІК ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУШІ БІРТУАР ТҰЛҒА

Крыкбаева С.М.

*Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
өнертану кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.
Алматы., Қазақстан Республикасы
e-mail: sarakm@yandex.ru*

Бұл мақала көптеген жылдар бойы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында (қазір ол ұлттық университет) қызмет істеген (вокал бөлімін басқарған), кеңестік дәуірдің танымал әншісі, педагог, ғалым аяулы әжем Әмина Әбдікәрімқызы Нұғманованың рухына арналады.

Ертеде өткен Шығыстың дана ойшылдарының бірі: «Егер бір елдің қалай басқарылып отырғандығын, халқының үлгі тұтар өнегісінің қандай екендігін білгің келсе, сол халықтың музыкасна құлақ түр» деген екен. Қай халықтың болса да рухани тіршілігінде музыканың алар орны өзгеше. Қазақ әншілік өнері өзінің әуенді әсем көркімен, жыр арқауындағы дана ойшылдығымен, шебер орындаушылық мәдениетімен әлемге танылып, сый құрметке бөленген биік, еңселі өнер. Ертедегі қазақ өмірін зерттеген орыс және шетел ғалымдарының жазған зерттеулерінің өзі қазақтың халықтық ән өнерінің салмағы, маңызы, эстетикалық өресінің қай деңгейде болғандығынан толық мағлұмат береді.

Ұлттық мәдениет пен тарих - мемлекет өміршеңдігінің басты белгісі. Елбасы Н. Ә. Назарбаев «төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор, болашақтың тірегі жастар» - дей келе, зор сенім білдіреді [1]. Ал, өскелең ұрпаққа саналы тәрбие беру - қасиетті парымыз.

Ән айтатындар көп, әнші аз. Халық жадынан өшіп бара жатқан көптеген әндерді қайта тірілтіп, рухани қазынамызға қосылуы **Әмина Әбдікәрімқызы Нұғманованың** атымен тікелей байланысты.

Әмина Әбдікәрімқызы Нұғманова (Бапина) (1928-2007) - белгілі әнші, өнер зерттеуші – ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты доцент. Қазақстан Мұсылман әйелдері одағының төрайымы, қажы.



Сурет 1 Әмина Әбдікәрімқызы Нұғманова (Бапина) (1928-2007)

Ол Семей облысы, Бақты ауылында дүниеге келген. 1930 жылы Кеңес өкіметінің қудалауына байланысты оның бүкіл отбасы Қытайдың Шауешелек, Синьцзян, Ұйғыр автономиялық аймағына көшті. Балалық және жастық шағы Шығыс Түркістанда өткізді. Бастауыш білімді Синьцзян-Ұйғыр автономиялық аймағындағы Гуляндам абс-тай медреседе алады.

Отбасылық мұрағатынан ұсынған Әмина Әбдікәрімқызы Нұғманованың автобиографиялық материалдар оның шығармашылық, терең зиялы тұлғасының отбасылық және қоршаған ортадағы білім алуға үлес қосқанын көрсетеді.



Сурет 2. Сол жақта жолдасы Балқаш Батин және Әмина

Ол екі жоғары білім алды, Қытайдағы Үрімші университетін сәтті бітіреді. 1955 жылы тарихи отанына оралғаннан кейін ол Құрманғазы атындағы консерваторияға вокалдық сыныпқа түседі [2, 10 б.].

1961 жылы консерваторияны бітіргеннен кейін, ол көптеген жылдар бойы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының оқытушысы вокал және кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді.



Сурет 3. Ә.Нұғманова кафедра мүшелерінің арасында

Қолда бар біздегі үй мұрағатының материалдары оны балалар мен жасөспірімдердің, студенттердің музыкалық білім беру саласындағы ғана емес, сонымен қатар фольклор және дәстүрлі қазақ музыкасы саласындағы білімдерін терең меңгеру, зерттеу дағдыларына ие жан-жақты тұлға ретінде айқындайды. Барлық жылдар қазақ халқының музыкалық өнерін насихаттауға бағытталған мәдени-ағарту ісімен айналысты. Қазақ және орыс тілдерін, классикалық қытай тілін жақсы меңгерген, араб графикасын білетін, вокалдық оқыту әдістемелерін еркін меңгерген.

Ұзақ жылдар бойы М.Әуезов атындағы мұражай үйіне қарасты «Ұлттық университетте» қазақ ұлттық музыка және фольклоры бойынша дәріс оқыды

Концертте, дәрістерінде әрқашан қазақ халық әндері мен халық композиторларының күйлері, ауызша және поэзиялық шығармаларын орындаған.



*Сурет 4. Орындаушылар танымал әншілер мен музыканттар
(Дәрістен фрагмент, 1975 ж.).*

1972-80 жж. Қазақ теледидарынан «Гәкку» атты музыкалық-фольклорлық бағдарлама жүргізді. Айта кету керек, бұл бағдарлама ұлттық сәйкестікті қалыптастыруға, балалар мен жасөспірімдер арасында қазақ музыка мұрасын құрметтеуге үлкен ықпал етті. Осы бағдарламадағы идеялар кейінірек «Алатау» телеарнасының «Назқоңыр» және «Асыл мұра» бағдарламаларына енгізілді [2, 11б.].

Әмина Әбдікәрімқызы қазақ халқының ән өнерін халық арасында таратқан, керемет орындаушы, жан-жақты шығармашылық тұлға. Қазіргі таңда «Қазақтелерадионың» алтын қорында Құрманғазы халық оркестрінің сүйемелдеуімен орындалған «Алтай», «Угәй әй», «Гәкку», «Әпитөк» секілді т.б. 100-ге жуық әндері жазылып сақталған (4 сурет). Бұл жазбаларда оның таза, нәзік және шексіз жан дүниесінің дауысы мейірімді, шынайы сезімдермен толтырылған [3, 1 б.].



Сурет 5 Жазбатабақ.

Деректеме материалдар Әмина Нұғманованың мансабы өзінің студенттік күндерінен бастап қалыптасқанын атап өтуге мүмкіндік береді. Бұған мысал 1958 жылы консерваторияның қабырғасында жарияланған - «Синзян қазақтарының халық әндері» атты халық әндерінің жинағы дәлел [4,18б.]. Бұл жинақта ол Қытайда тұратын қазақтардың халық әндерін ұсынды.

Әмина Нұғманова қазақтың дәстүрлі музыкалық өнерін, халық әндерін, фольклорды насихатауы, оның отансүйгіштік, Отанға деген сүйіспеншілік, қазақ халқы туралы, сондай-ақ Кеңестік дәуірдегі осы қазынасына балалар мен жасөспірімдердің қосылуына үлкен ықылас білдірді.

Зерттелген ғылыми еңбектері, сондай-ақ сол уақытта жүргізген эмпирикалық зерттеулері қазақ халық музыкасының білім беру және тәрбиелік ролін, оның ішінде жас

ұрпаққа арналған халық әндерінің ұлылығын сипаттайды [4, 18 б.]. «Қазақ жалпы білім беру мектептеріндегі балалар мен жасөспірімдердің вокалдық тәрбиесі» тақырыбындағы диссертациясы қазақ мектептеріндегі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың ән тәрбиесі мәселелеріне арналған алғашқы ғылыми еңбектерінің бірі болып табылады [5, 9 б.].

Мәскеу қаласында «Ән айтуды оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша музыкалық білім беру саласында педагогикалық ғылымдар кандидаты дәрежесіне 1970 жылы диссертация қорғаған алғашқы ғалым. Оның күш-жігерінің арқасында 1989 жылы өзі басқарған Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияда «Халық әні» кафедрасын ашты. Елдің әртүрлі өңірлеріндегі дарынды жастар «Халық әні» мамандығына түсе бастады. Арқа, Жетісу, Сырдария өңірлерінің ән айту дәстүрінің ерекшеліктерін зерттеп, ол жас буындарды тәрбиелеп, халықтық ән айтудың аймақтық нақыштарын үйретті.



Сурет 6. а) Балқаш Батин, Әмина, Жағда Бабалыков, ұлы Тәтімбет

ә) Әмина Әбдікәрімқызы студенттік әріптестерімен

Халық әндерін өзіне тән нақышпен тамылжыта орындауымен қатар оны зерттеп, насихаттауда ұлан ғайыр еңбек етті. Орындаушылық өнерді ғылыммен ұштастыра отырып, «Қазақтың әншілік дәстүрі» атты көлемді докторлық монографиясын жазды» [6, 240 б.].



Сурет 7. а) Құрманғазы ат. консерваторияны бітірген диплом көшірмесі,

ә) монография

Әмина Нұғманованың өмірбаяны мен ғылыми қызметіне шағын шолу арқылы ғалым ретінде оның қалыптасуы мен өсу фактісін әрқашан ең күрделі ғылыми шыңдарды еңсере алатын, тәжірибеде дәлелденген және алынған ғылыми нәтижелердің сенімділігін дәлелдеген ғалым, әнші ретінде дәлелдейді.

Қазіргі қазақ балаларының мектептегі музыкалық білімін дамытуда А.Нұғманованың арнайы ғылыми үлесі маңыздылығы зор. Оның еңбектерінен балалар мен жасөспірімдерді музыкалық білім беру саласында терең білімге, қазақ, орыс, араб тілдерін жоғары деңгейде білетін, вокал үйрету әдістемесін жетік білетін тұлға ретінде танимыз.

«Егер мұғалім әртараптандырылса, ол жақсы орындаушы, вокал ғылымының негіздерін жақсы біледі және оны әртүрлі құралдарды қалай қолдануға болатынын біледі, содан кейін ол осы игілікті істі жақсы көреді» [4, 12 б.] деп музыка мұғаліміне қойылатын талаптарды автор атап өтті.

Ғылыми еңбегінде физиология, психология, балалар мен жасөспірімдерді ән айтудың ерекшеліктерін негіздей отырып, музыкалық сабақтарда оқушылардың вокалдық тәрбиесіне қатысты әдістемелік ұсыныстар береді. Ол халық әндерін ерекше назарда ұстады, өйткені, оның айтуынша, «балаларды өз Отанына, ана тіліне, өз туған тіліне деген махаббат рухында тәрбиелейді» [7, 14 б.].

Ә.Нұғманова қазақ халқының ән шығармашылығы арқылы балалар мен жасөспірімдерді вокалды тәрбиелеу мәселелерін зерттеген алғашқы ғалым.

Автор өзінің зерттеуінде ән айтуды үйрену ғана емес, музыкалық сабақтарда өздерінің жеке қасиеттерін тәрбиелеуде маңыздылығын дәлелдеді. Кеңестік кезеңдегі 70-жылдардың басында Әмина Әбдікәрімқызы Нұғманова маңызды ғылыми диссертациялық жұмыстарды қорғаған алғашқылардың бірі болып табылғандықтан, Қазақстанда алғаш рет қазақ тілінде оқитын мектептерде балаларды музыкалық тәрбиелеу білімінің шекарасын кеңейткен бірінші ғалым және ұстаз деп атауға болады деп санаймын.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы аясында ой түйсек, қазіргі жаһандану әлемінде әр халықтың өзіндік этникалық сәйкестілігін сақтап қалуы бүгінгі қоғамның болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілімізге сын [8].

Тек руханияты мықты, салт-дәстүрін құрметтейтін, әдет-ғұрпын сақтайтын қоғам ғана кемелдене береді. Осы орайда, «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» бізге бейбіт өмір сыйлаған ұлы тұлғалардың мұрағатын жасау – ұлағатты іс деп ойлаймын.

Елбасы өз сөзінде: «Біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінгі болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты» - деген болатын. Жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатқан біз үшін қайталанбайтын тарихымыздың - жас ұрпақтың құныға оқып, зерттеп танығысы келетін нысанына айналары сөзсіз. Білім, ғылым саласындағы қызметкерлер Елбасы тұтандырған кәусар ойды жас ұрпаққа сіңірумен қатар, жаңа зерттеулер мен тың деректемелерді дүниеге әкелетін шамшырақ болатындығына сеніміміз мол.

Тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне «Ұлы Дала тарихындағы арулар тұлғасы» атты қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар, әншілер және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын, ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет деп санаймын.

Бұл бағытта біздің қаһарман аруларымыздың өмірі мен қызметі жөнінде тек еліміздегілер ғана емес, сондай-ақ, шет елдегілер де білетін болады деп санаймын.

Библиографиялық тізім:

1. Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000205>.
2. Семейный архив Баян Нугман.
3. Нугманова Амина – казахские народные песни. <https://www.discogs.com/Амина-Нугманова-казахские-народные-песни-/release/8150303>.
4. Нугманова А.А. Вокальное воспитание детей и подростков в казахских общеобразовательных школах. Автореф. дис... канд. пед. наук. – М., 1970. – 18 с.
5. Нугманова А.А. Вокальное воспитание детей и подростков в казахских общеобразовательных школах. Дис... канд. пед. наук. – М., 1970 – 204 с.
6. Нұғман Ә. Қазақтың әншілік дәстүрі /Әмина Нұғман. – Алматы: Арыс, 2009. – 240 б.
7. Кульманова Ш.Б. Теория и практика воспитания младших школьников средствами казахской народной музыки. – Алматы: Ғылым. 1999. – 352 с.

8. Мемлекеттік бағдарлама. Халық тарих толқынында. <http://e-history.kz/kz/contents/view/331>.

Война еще исчезнуть не готова.
Те годы - миллионы личных драм.
А потому, давайте вспомним снова
Всех тех, кто подарил Победу нам.

ГЕРОИЧЕСКИЙ ПОДВИГ ХИУАЗ ДОСПАНОВОЙ

Ризуанова А.К.

*Атырауский государственный университет им.Х.Досмухамедова
кандидат педагогических наук, старший преподаватель
г.Атырау., Республика Казахстан
anar_k5@mail.ru*

В достижении Великой Победы над германским фашизмом большая заслуга принадлежит нашим замечательным женщинам, вынесшим на своих плечах значительную тяжесть войны. С небывалой силой и яркостью проявилась великая роль женщины в эти суровые годы, раскрылось все величие и благородство ее души.

В ходе Великой Отечественной войны участие женщин в войне, причём не только в качестве медицинского персонала, но и с оружием в руках, становится реальностью. С началом войны сотни тысяч женщин устремились в армию, не желая отставать от мужчин, чувствуя, что способны наравне с ними вынести все тяготы воинской службы, а главное - утверждая за собой равные с ними права на защиту Отечества. На основании приказов государственного Комитета Оборона в 1942г. в ряды Красной Армии было призвано свыше 800 тысяч женщин. Женщины сражались наравне с мужчинами. Свыше 300 тысяч женщин было призвано в войска противовоздушной обороны, сотни тысяч - в военно-медицинские учреждения санитарной службы Советской Армии, войска связи, дорожные части и др.

По линии Красного Креста 300 тысяч женщин получили специальности медицинских сестер, столько же - санитарок, свыше 500 тысяч - сандружинниц местной противовоздушной обороны, подготовлено 222 тысяч девушек-снайперов, связисток и др. Советские женщины овладели почти всеми воинскими специальностями. Из женщин было сформировано 3 авиаполка. Созданы женская добровольческая стрелковая бригада, отдельный женский запасной стрелковый полк, Центральная женская школа снайперской подготовки. Женщины участвовали в решающих операциях Советской Армии. В партизанском движении и подполье сражались более 100 тысяч женщин. За заслуги в борьбе с немецко-фашистскими захватчиками в годы Великой Отечественной войны свыше 150 тысяч женщин были награждены боевыми орденами и медалями. В условиях войны от работы миллионов женщин во многом зависели успехи советского народа на фронте и в тылу. За 1941-1945гг. среди рабочих и служащих число женщин увеличилось более чем на 15 млн., в промышленности они составили 52%. В сельском хозяйстве в 1941-1945гг. женщины составляли 75% всех тружеников. В годы войны в органах здравоохранения женщин насчитывалось 82% от всех занятых в этой сфере. Женщины, работавшие в тылу, участвовали в сборе денежных средств в фонд обороны. Они заботились о семьях фронтовиков, о детях, эвакуированных в тыл и потерявших родителей, участвовали в отправке на фронт коллективных и индивидуальных писем и посылок.

Нельзя не упомянуть о славных дочерях казахского народа, отважно сражавшихся наравне с мужчинами на фронтах войны. Это отважные дочери Алия Молдагулова, Маншук Маметова, Хиуаз Доспанова и многие другие.

Хиуаз Доспанова родилась 15 мая 1922г. в селе Зормата Кировского сельсовета Курмангазинского (прежде Денгизского) района Атырауской области. Ее отец был партийным работником, мать – учительницей. В связи с переменой места работы отца последние классы училась в средней школе №1 города Уральска, т.к. в то время Гурьевской области вообще не было, а район относился к Западно-Казахстанской области.

Еще в годы учебы в школе она параллельно занималась в аэроклубе и умела выполнять необходимые задания летчика. Училась она как и в школе, так и в кружке авиаторов, только на «отлично». Поэтому она после получения аттестата поехала дальше учиться в Москву. Не пройдя медкомиссию в военно-воздушную академию им. Жуковского, Хиуаз поступает в Московский медицинский институт №1. И здесь дополнительно занимается в аэроклубе.

В 1940г. окончила с золотой медалью среднюю школу №1 города Уральска, а вместе с аттестатом получила удостоверение пилота запаса местного аэроклуба.

Круглая отличница, одна из лучших активисток - пионервожатая, секретарь комсомольской организации школы - летом 1940г. она успешно оканчивает и десятый класс, и аэроклуб. На руках два документа - аттестат отличника и удостоверение летчика запаса. С первым документом - хоть в МГУ без экзаменов. Но Хиуаз едет в Москву и идет в Военно-воздушную академию им. Жуковского. Однако там поступок девушки из казахской степи сочли слишком дерзким. Она получает вежливый, но твердый отказ. Это было поражение, удар по мечтам и планам. Казалось, дорога в небо закрыта навсегда. Но обратно домой она не поехала, подала заявление в Первый московский медицинский институт. Вот когда пригодился аттестат отличника - приняли ее без экзаменов. Пролетел почти год, начинается летняя экзаменационная сессия первого курса. Но не успевает она завершиться - война!

После объявления войны она добровольно обращается в военный комиссариат с просьбой направить на фронт. Ее не принимают по возрасту, и в это время она узнает, что в ЦК ВЛКСМ проводится набор девушек для подготовки летчиков. Там Хиуаз попадает к известной летчице Марине Расковой, которая направляет её в Саратовское авиационное училище. Уже через несколько месяцев Хиуаз Доспанова направляется на фронт. Там она была зачислена штурманом-стрелком в 588-й ночной бомбардировочный авиаполк. Боевые задания выполняла на Южном фронте, Северном Кавказе, в Закавказье, Украине и Белоруссии.

Во время Великой Отечественной Войны в СССР был создан уникальный, первый в мире авиационный полк, состоящий только из женщин. Полное его название звучит так: 46-й гвардейский Таманский Краснознаменный ордена Суворова 3-й степени ночной бомбардировочный авиационный полк.

Ее женский полк немцы называли «ночными ведьмами», т.к. они летали, в основном, ночью незаметно, без освещения и наносили внезапные сокрушительные удары по живой силе, базам и технике фашистов. Так, за годы войны она совершает более 305 ночных вылетов (в своих дневниках она писала, что за одну ночь вылетали на задания по 5-7 раз. Для сравнения: дважды Герой Советского Союза Талгат Бигельдинов тоже совершает около 300 боевых вылетов). Вместе со своим полком она дошла, точнее долетела до Германии. "Ночные ведьмы" участвовали в освобождении Кубани, Тамани, Новороссийска, Крыма, Белоруссии, Польши. Только на территории Германии девушки совершили 2000 вылетов. Всего за годы войны летчицы сбросили 2 902 980 кг бомб, 26 000 зажигательных снарядов. В боях погибло 32 девушки...

Почти все ее однополчане-летчицы были удостоены звания Героя Советского Союза, только летчица-казашка Хиуаз не имела этого почетного звания, была награждена только несколькими боевыми орденами и медалями: орденами Отечественной войны 1 и 2 степени, Красного знамени, боевой Красной звезды.

Во время одного из вылетов в ее самолет попали вражеские снаряды, и можно сказать, что она повторила подвиг известного из истории войны А.Мересьева. После этого случая Хиуаз, являясь инвалидом 2 группы, некоторое время работает в своем полку. Затем вновь летает на боевые задания на Биплане ПО-2. После войны возвращается в город Уральск уже

коммунистом, офицером, первой летчицей–казашкой. Обком принимает ее на работу в аппарат и направляет через некоторое время на учебу в Высшую партийную школу города Алматы.

Незадолго до Победы, уже после перевода в штаб полка, она вместе с подругами Наташей Меклин, Раей Ароновой, Сашей Хорошиловой, Женей Жигуленко, обсуждая послевоенное будущее, говорит о возвращении в медицинститут. Об этом она пишет в своих воспоминаниях. Но она не вернулась в медицину. Пошла по другому пути - по стезе общественной деятельности. Тогдашний первый секретарь Западно-Казахстанского обкома партии Минайдар Салин в беседе с только что вернувшейся с фронта коммунисткой Хиуаз Доспановой предложил ей поработать на партийно-политической работе. Она была утверждена инструктором обкома партии. Через год она направляется в высшую партийную школу в Алма-Ате.

Хиуаз прошла путь от инструктора райкома партии в родном Западном Казахстане до секретаря ЦК ЛКСМ Казахстана. В 1951г. была избрана депутатом Верховного Совета Казахской ССР и на первой же сессии - секретарем Президиума. До выхода на пенсию Хиуаз Каировна была секретарем Алма-Атинского горкома партии, проявляя деятельное участие в жизни столицы.

Дальше она становится государственным деятелем – первым секретарем ЦК Комсомола Казахстана, вторым секретарем Алма-Атинского горкома партии, депутатом Верховного Совета Казахской ССР, секретарем Президиума Верховного Совета республики.

К сожалению, в конце пятидесятых годов дали знать о себе последствия фронтовых ранений и контузий. Здоровье Х.Доспановой заметно ухудшилось. Не достигнув даже сорока лет, она в 1959г. вынуждена была по состоянию здоровья уйти на заслуженный отдых.

Она избиралась также в состав ЦК Компартии Казахстана, членом бюро ЦК КПК, заведовала отделом ЦК партии, также избиралась делегатом XI съезда ВЛКСМ, который проходил в Георгиевском зале Кремля, и членом ЦК ВЛКСМ.

За храбрость и отвагу в Великой Отечественной войне Х.Доспанова награждена орденами Красной Звезды, Отечественной войны II степени, Красного Знамени, медалями «За оборону Кавказа», «За освобождение Варшавы», «За победу над Германией» и другими боевыми наградами. Дважды отважная летчица была тяжело ранена, но вновь возвращалась в строй и встретила Победу под Берлином.

20 мая 2008г. она скончалась. Муж Амиров Шаку Амирович – ученый, к.э.н., декан Алма-Атинской Высшей партийной школы, во время Великой Отечественной войны был танкистом.

7 декабря 2004г. за заслуги перед Родиной Указом Президента РК Н.А.Назарбаева ей присвоено звание «Халық Қаһарманы» и награждается орденом «Отан». В городе Атырау установлен бюст, ее именем названа большая улица. Решаются вопросы переименования участка от проспекта Сатпаева до международного аэропорта проспектом Х.Доспановой и ее именем назвать аэропорт города Атырау, поставить там памятник. Выпущена в свет книга-дневник самой Хиуаз Доспановой на двух языках, который был начат в годы войны. Один из новых самолетов «Air Astana» назван именем Хиуаз и 15 апреля 2015г. он совершил свой первый рейс Атырау-Москва.

Атырауский областной Совет ветеранов учредил медаль имени Х.Доспановой, которой были награждены скульптор, писатели, кинорежиссеры, и др. представители культуры и искусства, депутаты Парламента, общественные деятели, члены различных инициативных групп. Медалью Х.Доспановой были награждены также двое наших землячек-участниц Афганской войны Жазыкбаева Майра и Сибагатов Гулсим. Одна из последователей Хиуаз, капитан воздушного лайнера Боинг-747 Тоты Амирова, одной из первой выступившая с инициативой о присвоении международному аэропорту города Атырау имени Хиуаз Доспановой, была также награждена медалью имени Хиуаз.

Была также утверждена стипендия имени Хиуаз, которая присуждается студентам-отличникам и активистам. После проведенного конкурса по всем учебным заведениям

города и области, обладателями стипендии стали две студентки Атырауского государственного университета имени Х.Досмухамедова. Обе стипендиантки являются выходцами из простых, многодетных семей.

Исключительной особенностью характера Хиуаз Доспановой является то, что она после войны, находясь на высоких государственных должностях, так и после ухода на пенсию никогда не выставила себя Героем, а ведь она была единственной летчицей-казашкой; никогда не просила об улучшении жилищных условий, а ведь она жила в обычной двухкомнатной «хрущевке», это потом, через десятилетия, после вмешательства общественности города Алматы, ей дали трехкомнатную квартиру в центре; она никогда не давала интервью о том, что именно на нее пал выбор и она получила благодарность от маршала Советского Союза А.Гречко, впоследствии ставшего министром обороны СССР; не говорила она и том, что после вылета на задание в годы войны ночью после столкновения двух самолетов она несколько дней пролежала в степи.

Вот такая она была – наша гордость, несравненный пример для подражания молодежи, Хиуаз Каировна Доспанова!

Понятно, что такие, как Хиуаз – единицы, но еще много женщин нашей страны, которые своими такими замечательными человеческими качествами, как трудолюбие, честность, ответственность за порученный участок снискали уважение и почет у населения. К таким я бы отнесла Героев Социалистического труда Маржан Енбаеву, Айнаш Байжигитову, Ханикей Алипову и др.; депутата Верховного Совета СССР в лице Клары Бекешовой; партийных, хозяйственных руководителей в лице Осиры Аленовой, Марии Перовой, Хатимы Даировой; участниц Афганской войны и строителей железной дороги Гурьев-Астрахань в годы войны и многих-многих других женщин.

Именно благодаря женщинам наш народ прожил, сохранил семейный очаг, вырастил детей в лютые годы войны и после нее, в исторические моменты распада СССР, только они вынесли невероятные страдания, спасали нас в годы экономических коллапсов первых лет Независимости, оставленных от Союза. Думаю, очень и очень правильно делает руководство области, сооружая в нашем городе памятный комплекс под названием «Ана құдіреті» («Величие Матери»).

Библиографический список:

1. Указ Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева от 7 декабря 2004г. №1487 «О награждении государственными наградами Республики Казахстан»//САПП. - 2004. - Ст.623.
2. Доспанова Хиваз. Под командованием Расковой: Воспоминания военного летчика. – Алма-Ата: Казахское гос.изд-во, 1960. – 84 с.
3. Доспанова Хиуаз. Халқым үшін: (әскери ұшқыштың естелігі). Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. – 95 б.
4. Аронова Раиса Ермолаевна. Ночные ведьмы. – Саратов: Приволжское кн.изд-во, 1983. – 812 с.
5. Тодорова Н. Крылатая девушка//Казахстанская правда. – 2004. – 8 мая.
6. Дементиевская О. Небесная ласточка: Хиуаз Доспанова – единственная в Казахстане женщина-ветеран, воевавшая на фронте в знаменитом 46-м гвардейском Таманском женском авиаполку//Литер. – 2007. – 15 мая.
7. Аубакиров Эрик. «Ночная ведьма» из Гурьева (о Х.Доспановой)//Экспресс К. - №44 (18122). – 2015. – 7 марта.
8. Коэмец Елена. Крылья жизни Доспановой Хиуаз//Караван. – 2014. – 9 мая.
9. Қаһарман қыз Хиуаз: әскери ұшқыштың жазбалары, естеліктер, очерктер, мақалалар, сұхбат, өлендер. – Алматы: Ана тілі, 2012. – 296 б.

НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ И ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА

Утебалиева У.М.

*ст. преп. кафедры физического воспитания
и начальной военной подготовки АГУ им.Х. Досмухамедова
г.Атырау, Республика Казахстан*

Практически перед всеми новыми государствами, обретшими свой суверенитет в результате распада советской системы, стоит задача консолидации общества, укрепления и сохранения территориального, полиэтнического единства в рамках одного государства. Отсутствие идеологии, идей, ценностей, четкого представления о политике государства чревато опасными последствиями, так как с утратой социалистической идеологии образовавшийся вакуум в сознании людей заполняется идеями национализма, шовинизма, сепаратизма. Национальная идея – явление вполне закономерное, пользующееся «спросом» во многих развитых странах. Наиболее известные из них: американская национальная идея – идея американского мирового превосходства, национальная идея Германии эпохи Первой мировой войны – идея культурного превосходства, французская национальная идея – идея свободы, равенства и братства. «Мировой опыт показывает, что национальная идея возникает там и тогда, где и когда перед страной встают задачи консолидации всех ее сил: политических, экономических, культурных, духовных, народных во всех позитивных формах их проявлений, для выполнения задачи гигантской сложности – осуществления принципиально нового этапа в ее развитии». Соответственно, все вышеуказанные страны достигли своего всестороннего развития благодаря усилиям всех граждан государства посредством правильно сформулированной национальной идеи и верно построенной идеологии.

В постсоветских государствах по вопросу национальной идеи и идеологии ведутся дискуссии, проводятся круглые столы, конференции разного уровня, социологические исследования. Круг обсуждаемых вопросов довольно широк: смысл и содержание понятия «национальная идея»; нужна или нет национальная идея; какая она должна быть по содержанию; какова ее цель и значение; должна ли национальная идея отражать интересы титульной нации или нет; какого характера должна быть национальная идея: светского, гражданского, религиозного; должна ли она отражать традиционные ценности общества; существенна ли, и так ли необходима связь национальной идеи с культурой народов и т.д. Не обходят вниманием эту тему и казахстанские ученые, но их мнения по вопросу понимания самого термина, содержания и характера национальной идеи различны. Например, Д. Кшибеков считает, что: «Национальная идея – это определенное чувство этноса, которое возникает на основе влияния окружающей природной среды и социальных факторов и формируется под активным влиянием языка, традиций, обычаев, истории, устного народного творчества. На формирование национальной идеи влияют и духовные, и биологические факторы...» [1]. Он указывает, что источник национальной идеи – народ и природа ее появления – стихийна. По его мнению, сколько народностей проживает в государстве, столько и национальных идей может быть. Все национальные идеи должны иметь равные права и ни одна идея не может доминировать над другой. Айткожин К. К. связывает национальную идею с формированием демократического и правового государства [2]. По мнению Шаукеновой З. К., Габитова Т.Х. «национальная идея – это, прежде всего, историческая память» [3]. Все взгляды и идеи требуют детального изучения, аналитического осмысления.

Национальная идея неразрывно связана с проблемы развития общества и гендерной политики.

В начале XXI века и третьего тысячелетия перед мировым сообществом ставится задача добиваться не просто улучшения положения женщин, а достижения фактического равенства женщин с мужчинами во всех сферах общественной жизни (гендерное равенство).

Этому вопросу была посвящена XXIII Специальная сессия Генеральной ассамблеи ООН (июнь, 2000 года). Она рекомендовала правительствам стран-членов ООН принять меры по обеспечению женщинам «равного доступа и полномасштабного участия во всех областях и на всех уровнях жизни, особенно на директивных и руководящих постах, в политических партиях и политической деятельности, во всех министерствах и ключевых директивных институтах, а также в местных органах».

Во многих странах мирового сообщества отмечается кардинальное переосмысление социальной роли женщины в обществе, определяются приоритетные меры по обеспечению ее прав и реализации возможностей. Равноправное участие женщины в политической и экономической жизни страны рассматривается демократической общественностью как необходимое условие для достижения прогресса в социально-экономическом развитии, в решении актуальных политических, социально-культурных, расовых, этнических и других проблем.

Однако процесс обеспечения тендерного равенства по-прежнему относится к числу достаточно сложных процессов на пути реального обеспечения равноправного положения женщин в современном мире и требует государственных гарантий обеспечения равных возможностей для женщин и мужчин при реализации их прав и свобод, определяемых тендерной политикой страны. Под тендерной политикой понимается комплекс государственных решений и мер, направленных на обеспечение фактического равенства женщин с мужчинами во всех сферах жизни и деятельности. Неравномерность социально-экономического развития, особенности политических систем и государственного устройства стран мирового сообщества приводят к тому, что далеко не все из них даже к концу XX столетия готовы полностью распространить на женщин глобальную идею человечества - идею прав и свобод личности, а тем более активно способствовать ее претворению жизнь. Общественная значимость реального равенства мужчин и женщин и накопленный довольно существенный опыт работы в этой сфере, а также необходимость анализа достигнутого более чем за 10 лет независимости нашего государства определили выбор темы настоящего диссертационного исследования.

Необходимость тендерного измерения социально-политической трансформации казахстанского общества обусловлена следующими причинами: изменением положения женщин в Республике Казахстан, вызванным радикальными экономическими реформами, в том числе увеличением женской безработицы, усилением материальной зависимости в семье, снижением уровня социальной защиты семьи, нравственной дезорганизацией общества; инерционностью общественного мнения, в котором доминируют отрицательные стереотипы по отношению к женщинам, участвующим в управлении и политической деятельности; имеющимися особенностями интеллектуальной деятельности женщин при решении управленческих задач и осуществлении делового взаимодействия; необходимостью гуманизации социально-политических процессов и отношений.

Актуальность национальной идеи и гендерного равенства обусловлена тем, что знание общемировых тенденций позволяет более обоснованно подходить к оценке сегодняшней ситуации, сложившейся в современном Казахстане, к определению стратегии и тактики, направленных на реализацию четырех приоритетов тендерной политики, определенных Президентом Республики Казахстан и семи Целей тысячелетия, определенных Организацией Объединенных Наций.

Библиографический список:

1. Кшибеков Д. Теория управления обществом. // Литер-неделя. 2009 г., 25 июня
2. Айткожин К. К. Конституционно-правовые вопросы формирования национальной идеи в Казахстане. //Содержание и мобилизующий потенциал общенациональной идеи: материалы научно-теоретической конференции посвященной 60-летию доктора философских наук, профессора, зав.отд. Института философии и политологии МОН РК А. Г.

Косиченко. Сост.: А. Н. Нысанбаев, А.Г. Косиченко, В. Д. Курганская. – Алматы: Ин-т философии и политологии МОН РК, Центр гуманитар. исследований, 2008. – с. 49-57

3. Шаукеновой З. К., Габитова Т. Х. Национальная идея Казахстана в контексте диалога культур Востока и Запада. //Содержание и мобилизующий потенциал общенациональной идеи: материалы научно-теоретической конференции посвященной 60-летию доктора философских наук, профессора, зав.отд. Института философии и политологии МОН РК А. Г. Косиченко. Сост.: А. Н. Нысанбаев, А. Г. Косиченко, В. Д. Курганская. – Алматы: Ин-т философии и политологии МОН РК, Центр гуманитар. исследований, 2008. – с. С.123-130.

ИБН СИНА(АВИЦЕННА) ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ МАХАББАТ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ МАХАББАТЫ

Ғылыми жетекші: Тулегенова А.К.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы,
философия ғылымдарының магистрі
a.tulegenova@asu.edu.kz*

Орындаған: Әділетова А

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Ікурс студенті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы*

Қазіргі таңда біздің барлығымызда махаббат туралы әр түрлі түсініктер бар.Біз оның адамдарды байланыстырып, олардың арасында бейбітшілік, бақыт және де басқа да сіз білетін керемет сезімдер тудыратын ғажайып нәрсе екенін құптаймыз. Өйткені бұл жай ғана махаббат, бұл тамаша зат.

Иә! Махаббат-бұл адамды адам қылатын сезім десек те қате болмас. Махаббатсыз, біз толық емеспіз! Алайда, сіз махаббат туралы қазіргі жастар түсінігі туралы не ойлайсыз? Олар шын мәнінде біл сезімді түсінеді ме? Олар шынайы махаббат не екенін біледі ме?

Шығыс философиясында махаббат ұғымының маңызы зор. Мұсылман философтарында махаббаттың ең маңыздысы тек Құдайға деген сүйіспеншілік.

Әл-Фараби махаббат туралы: «Тек бір Аллада ғана махаббаттың негізгі нысаны бар.Тек Алла ғана өзінен - өзі сүйікті. Оны ешбір жан сүймесе де, Ол сүйікті болуға лайық» - дейді. Яғни, көріп отырғаныңыздай әл - Фарабидің айтуынша, тек Аллаға деген махаббат - адам өмірінде болатын ең алғашқы махаббат және Ол -ең алғашқы махаббат субъектісі.

Ия, әрбір жанның арнаулы өзіне ыстық ғашығы болар, алайда сонымен қатар олар Құдайды ең алғаш сүйіспеншілік объектісі ретінде көреді.

Алайда, менің бүгінгі мәселемде Ибн Синаның философиясындағы махаббат пен жастар көрінісіндегі махаббат туралы айтылады.

Әл-Фарабидің ізін жалғастырушы Ибн Синаның философиясында махаббат мәселесі өте кең ауқымды алады. Тіпті, Авиценна махаббат туралы 7 бөлімнен тұратын трактат жазып қалдырған. «Махаббат туралы трактат»:

- 1) әрбір жеке субстанция ағымындағы махаббат күші туралы
- 2) жансыз заттарға махаббат
- 3) жанды заттарға махаббат
- 4) жануарлардың бойындағы күшімен бірдей махаббат
- 5) жас және сұлу адамдарға махаббат
- 6) құдайжандылардың махаббаты
- 7) бөлімдер бойынша қорытынды

Осы трактат бойынша ойлар мен дәлелдердің негізінде Ибн Сина өз тұжырымдарын Жаратқан жаратылыстардың таза махаббатына қатысты тұжырымдайды. Авиценна жас адамдардың махаббатына арнап трактаттың 5-ші бөлімін жазды. Онда ол былай дейді:

«Есті адам әрқашан әдемі бейнені ұнатады және оны көруді қалайды. Ішкі тұтастық пен үйлесімнің көрінісі ретінде, бұл форма оның иегерінде Құдайдың бастауының өмір сүруінің нысаны болып табылады. Адамда мұндай махаббат тек ес пен жануар жанының ұштасуының салдары болуы мүмкін, ал осы жандардың ешқайсысы жекелей оны тудырмайды. Бұл махаббат бір ғана естен пайда болмайды, себебі ол сенсорлық әсерлерден және сезімдерден пайда болады; тек жануар жанынан пайда болмайды, өйткені соңғысы адамның ақылға қонымды жанының қызметіне кедергі келтіреді. Мұндай махаббат тек осы екі жанның одағынан пайда болуы мүмкін.»

Махаббат біздің сезімдеріміздің бірі ғана ретінде ғана емес, ол біздің барлық өмірлік мүдделеріміздің өзімізден басқаға ауыстырумен, біздің жеке өміріміздің өзіндік орталығын қайта ауыстырумен маңызды.

Кез келген міндетті табысты шешуге деген алғашқы қадам оны саналы және дұрыс қоя білу: бірақ махаббат міндеті ешқашан да саналы қойған емес, сондықтан ол ешқашанда тиісті түрде шешімін тапқан емес. Махаббатқа адам басынан кешіретін белгілі бір дерек, белгілі бір жағдай ретінде қараған және қарайды да, бірақ ешнәрсеге оны міндеттемейді; дегенімен мұнда екі міндет тапсырылады: сүйікті кісімен физиологиялық жақындықта болу онымен күнделікті тіршілікте одақ құру – ал соңғысы адамға кейбір міндеттерді жүктейді – ол біржағынан, хайуанаттық табиғаттың заңдарына бағынады. Ал енді басынан аяғына дейін өзіне құзыры берілген махаббат сағымдай жоғалып кетеді. Әрине, махаббат алдымен табиғаттың дерегі, бізге байланыссыз пайда болатын табиғи процесс; бірақ бұдан біз оған саналы түрде қарамауымыз немесе бұл табиғи процесті жоғарғы мақсаттарға өз еркімізбен бағыттауымыз керек деген нәрсе туындамайды.

Шынайы рухани сезім адамның негізгі байлығы болуы керек.

Сонымен қатар, рухани махаббат пен құдайға деген сүйіспеншілікті қоспағанда, кез келген махаббат өтпелі сипатқа ие. Әр түрлі махаббаттың мақсаты-осы бірінші объектіге жан-тәнін арттыру, бірақ ол үшін ұйқыдан ояту, оны ақылсыздықтан емдеу керек, сондықтан махаббаттың ең басты мақсаты – ояту және емдеу. Бұл жерде, мүмкін, із тағайындау мен мақсат (немесе, кез келген жағдайда, жақын және соңғы мақсат арасында) арасындағы шектеуді енгізер еді. Шын мәнінде, бұл - денелік әлемнен рухани әлемге, қарапайым физикалық-денелік сұлулықтан жоғары әлемнің сұлулығына адастырудан тұрады. Бұл шынайы даналық адамдар осы әмбебап сияқты ақылды жанмен ассимиляцияға ұмтылады, әлемнің жаны алғашқы жаратылыспен, Жаратушының өзімен бірге ассимиляцияға ұмтылады.

Ал енді, қазіргі жастардың махаббат туралы көрінісін Ибн Синаның философиялық ойларымен салыстырсақ.

Қазіргі жас ұрпаққа "махаббат" ұғымын түсіну өте күрделі мәселе. Шын мәнінде, әрбір адам үшін өзара қарым-қатынас туралы түсінік индивидуальді. Және әрбір жеке алынған адам осы қарым-қатынастың критерийлерін өзі үшін анықтайды. Алайда, қазіргі жастар «махаббат» ұғымына мүлдем өзгеше көзқарасқа ие екендігі факт.

Ең бастысы, махаббат туралы мәселелерге деген көзқарас жас ұрпақ үшін қоғамдағы әлеуметтік жағдайға негізделген. Әлеуметтік мәртебеге мәдени құндылықтардағы айырмашылықты да қосуға болады, сондай-ақ қарым-қатынастың стандартты емес түрлерін насихаттау- жастардың ақыл-ойында өшпес із қалдырады. Және бұл әсермен қатар барлық ақпарат түрлеріне қолжетімділік, кейде позитивтіге қарағанда негативті бақытта болады. Сонымен қатар, адамдардың өмірі мен өзара қарым-қатынасына деген заманауи көзқарастарды әрдайым аға ұрпақ түсінбейді, олардың ойында мүлдем басқа, неғұрлым жоғары құндылықтар жатыр. Нәтижесінде әртүрлі ұрпақ өкілдері арасында көптеген келіспеушіліктер пайда болады, бұл түсініспеушілік кейде қолайсыз жағдайларға әкеп соғады.

Жалпы әлеуметтік желілер мен интернеттің билік ету дәуірінде адамдар көшеде емес, көбінесе сайттар арқылы танысуға ұмтылады. Қазіргі ұрпақ осылай жақындап келеді. Сезімдері туралы хабарламаларда жазып, тікелей бетке махаббат туралы айтуға қорқады. Махаббат бұрынғы құндылығын жоғалтып, ешкімді таң қалдырмайтын түсінікке айналды, мүмкін, оған мүлдем басқа мағына берілетін болар. "Сүйемін" деген сөзбен, адамға деген қызығушылық жоғалғаннан кейін өтетін әдеттегі тартылыс немесе ғашықтықты атайды. Шынайы махаббат жоғалуы мүмкін емес, ол басқа сезімдерге айналады – құрмет, бауырмалдық деген сияқты.

Махаббат тұтынушылық мәнге ие болды, өйткені ол басқа да тауарлар сияқты жарамдылық мерзімі бар зат (психологтар үш жыл деп санайды), өйткені ол өшіп қалады, адамдар бірден "махаббат"эйфориялық дозасын беретін басқа жанды іздеуді бастап кетеді.

Ал сырт келбетке қарайтын болсақ, көп зат өзгерген. ХХІ ғасырдағы бірінші жоспарға, егер қыз әдемі болса, оның жеке өмірін жақсарту оңайырақ, тіпті жағымсыз сипаты бар болса да, жігіт үшін оның жанында сұлу қыздың жүруі маңызды, бұл достарының көзінше оны көтермелейді. Сондықтан қазіргі заманғы қыздар сыртқы сұлулыққа көп көңіл бөледі, бұл спорт залдарына бару, бүгінгі күні барлық жасанды жолмен дене сымбатын әдемілеу және бет белгілерін түзету. Жас және табысты жанды сұю оңай, тек осындай махаббаттың бағасы жоқ, өйткені ол тез сатылады және сатып алынады.

Бәлкім болашақта бәрі әр нәрсе тауар бола алатын қоғамда махаббат бұрынғы мәні мен құндылығын жоғалтады. Махаббатты сатып алуға болады, ал адамдар өз даралығын жоғалтып, пластикалық операциялар жасап, белгілі бір сұлулық стандарттарына сәйкес өзін-өзі жетілдіреді. Алтын мен мұнай жыл сайын бағада өседі, ал махаббат сөздері ақылға қонымды нәрсе ретінде қабылданады. Махаббаттан қашқысы келеді, себебі, ол міндеткерлікті туғызады. Ал ХХІ ғасырда біреуге міндетті болу сәнді емес.

Қазіргі уақытта махаббат экранды ортада болады. Бұл жағдай қашан аяқталатыны ешкімге белгісіз. Бірақ бізге белгілі бір зат бар, ол бұл қоғамда махаббатсыз өзара сыйластық, түсіністік, мейірімділік, адамгершілік сияқты құндылықтардың болмайтындығы. Ал махаббатсыз адам адам емес, оның бейшара бейнесі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, махаббат – біздің өмірімізде сирек кездесетін асыл сезім. Махаббат - өмір көркі. Менің ойымша, махаббатты терең философиялық түсінуді қайта жаңғырту қажет, яғни, ол жастарды өз ортасында үйлесімдікке әкеледі және қоғамды әлеуметтік жатсынудан құтқарады. Өзіне деген махаббаттан басқаға және бүкіл әлемге деген махаббатқа дейін жеткізеді. Бұл сезімге жастарды жүйелі түрде тәрбиелеу қажет: айырықша шығармашылық ретіндегі махаббатқа тәрбиелеу - еліміздегі жастарға тәрбиелеу мен білім беру жүйесінің негізі болуы керек. Махаббат нағыз өзімшілдікті жоюшы ретінде - нағыз даралылықты ақтаушы және құтқарушы. Махаббат зерделі санадан үлкенірек, бірақ ол онсыз ішкі құтқарушы күш ретінде әрекет жасай алмас еді, даралықты жоймай, асқақтата түсетіндей. Тек зерделі сананың арқасында (немесе ақиқаттың пайымдалуы десе де болады) адам өзін өзі айқындай алады, яғни өзінің өзімшілдігінен өзінің шынайы даралылығын, сондықтан өзі махаббатқа беріле отырып, осы өзімшілдікті құрбан ете отырып, ол одан тек қана тірі ғана емес, тіршілікті туындатушы күшті табады және ол өзінің өзімшілдігімен бірге ол өзінің жеке бейнесін жоғалтпайды, керсінше, мәңгілік етеді. Кезінде ұлы ойшыл Ибн Синаның философия арқылы бізге,яғни келешек ұрпаққа жеткізбегі де осы еді!!

Библиографиялық тізім:

1. «Ибн Сина (Авиценна) - Избранные философские произведения. О любви»- Автор: Абу Али Хусейн ибн Абдаллах ибн Сина/Переводчик: М. Диноршоев и др./Издательство: «Наука», Москва; «Мецниреба», Тбилиси -1980г-554 страниц
2. «Абу-Али ал-Хусейн Ибн-Абдаллах Ибн-Сина (АВИЦЕННА) ТРАКТАТ О ЛЮБВИ» - Автор:Абу Али Хусейн ибн Абдаллах ибн Сина/Перевод с арабского С.Б. Серебрякова/Издательство: «Наука», Москва; «Мецниреба», Тбилиси -1976г-205 страниц
3. Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. ӘФМ. 20 томдық.Т.4. А. 2006.

ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ АНАЛАР ҰЛАҒАТЫ

Қанабекова М.Қ.

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті доценті

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: menya.56@mail.ru

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. ... дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр» [1] – деп атап өткен болатын. Ұлтымыздың ұлылығын әйгілеген Ұлы даланың ұлы есімдерін ұлықтау мен қастерлеу мақсатында сол тарихи тұлғалардың тағылымын бүгінгі ұрпақ санасына сіңірудің маңызы зор екендігі түсінікті. «Тарихи тұлға», «ұлы есім» деген қасиетті ұғымдарға енетін Ұлы даланың ұлы аналарының да ұлағатты істері мен тәлімдік қасиеттері, әсіресе қыз тәрбиесінде *мәңгілік үлгі* болатын нағыз тағылым мектебі екендігі даусыз. «Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» не болмаса «руынды қорғаймын десең – ұлынды тәрбиеле, ұлтыңды қорғаймын десең – қызыңды тәрбиеле» деген тәмсіл сөздердің өзі қоғамда қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды әрі өткір ұлттық мәселе екендігін аңғартады. Баспасөз беттерінде жарияланған мына бір сындарлы ой-пікір сөзімізді дәлдей түседі: «Біз ұлт танымына, ұлт парасатына, ұлт пәлсапасына өзгенің емес, өз көзімізбен қарайтын кезеңге көтерілдік. Сондықтан жаугершілік замандарда кірмені өзекке теппеген, кеңестік кезеңде қуғын-сүргінге ұшырап, қазақ жеріне айдалып келген ұлттар мен ұлыстарды бауырына басқан, сол арқылы өзінің ерекше өмір сүру салтымен, ұлттық дәстүрімен толеранттылықтың үлгісін көрсеткен, «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың тамаша қасиеттерін танып, ұлт тарихындағы ұлы аналардың ұлағатын жас ұрпақтың санасына сіңіру – біз үшін көкейкесті мәселе. Осы «ұлт дәстүрі» деп аталатын генетикалық кодымыздың бастауы да, жалғастырушысы да – әйел-аналар екені ақиқат» [2, 3-4 бб.]. Демек, Ұлы дала тарихында есімдері аңызға айналған ұлы аналардың тектілік әлемі мен тәлімі – қай-қайсымызға да өміршең өнеге, тамсанарлық тағылым!

Ұлы қазақ даласында әлемді таңдандырған небір тұғыры биік тарихи тұлғалар, ежелгі ғұндардың ел анасына айналған ару қыздары, Түркі әлеміне мәшһүр болған әйгілі аналарымыз аз болған жоқ. «Елім деп емінген, жерім деп тебінген» ерлермен қатар тізе қосып, халқының тағдыры үшін, елінің тәуелсіздігін қорғап қалу үшін жан аямай күрескен қазақтың жауынгер, батыр аналары да, ақылгөй даналары да болғандығы тарихтан аян. Мәселен, сонау сақ дәуірінде әскер басқарып, бүкіл сақ патшалығына иелік еткен, сол кездегі ежелгі ғұндардың Сақ аруы атанған Зарина патшайым мен әйгілі парсы патшасы Кирді жеңіп патшалық құрған, даналығымен, шешендігімен аты аңызға айналған Тұмар ханым; түркі жұртының ескі наным-түсінігінде әйелдердің, ана мен баланың жарылқаушы пірі, отбасының қамқоршысы, тілеушісі болған, әулие атанған, кие қонған Ұмай ана; шипа іздегенде тілге оралатын, ұлы жүздің қасиетті анасы Домалақ ана мен Бегім аналар; таза сүйіспеншіліктің символы болған кемеңгер ана Айша бибі; шешендігімен, көріпкелдік қасиетімен танылған, ықпалды би атанған Дарабоз ана; ізеттілігімен, парасаттылығымен танылған шешен де көсем сөздің шебері Данагүл; ел анасы, жердің панасы бола білген терең білімді ірі тұлға Айғаным ханша, құдіретті Құнанбайды қаймықтырған анасы Зере сынды терең ойлы, батыл мінезді қазақтың ұлы аналары қаншама?! Саяси қайраткерлік істерімен танылған, сол кезде талай хандар мен билеушілердің мысын басқан небір *қайраткер аналардың* да есімдері ерекше құрметпен аталады: ақылдылығымен ел құрметіне бөленген, Жәңгір ханның зайыбы Фатима ханым; кезінде Нұралы ханды хан етіп, батыс өңірінде сайлауға өзі бас болған, мемлекеттік істерде кеңесші болған, ел басқарған қайраткер ана, Әбілқайыр ханның зайыбы Бопай ханым

(Бәтима ханым), Шыңғыс ханның ең беделді әйелі, ақылшы-кеңесшісі бола білген Бөрте ханым, Кенесары ханның зайыбы Күнімжан ханым, Шыңғыс ханның ұрпағы Көшім ханның жұбайы Сүзге ханша деп тізімдей беруге болады.

Сондай-ақ екі жарым ғасырға жуық тәуелсіздік үшін күрес жолында ерлігімен танылған батыр аналарымыздың да есімдері мен ерлік істері ел жадында мәңгі сақталған. Қазақ даласының сол кезгі тұрғындары «теңдесі жоқ күштің иесі» санаған, «Көктемір» есімін бүркемеленіп, халықты отарлық езгіге қарсы қол бастаған батыр қыз Сапар Мәтенқызы, Абылай ханның жау тылындағы барлаушыларының басшысы болған ержүрек қыз Айбике, «қылышын қынапқа салмаған батыр» атанған қазақтың батыр қызы, Қабанбай батырдың жан жары Гауһар ханым, есімі мен ерлігі аңыз болған қаһарман қыз Назым (Қабанбай батырдың қызы), Есет батырдың жауынгер қызы Ботакөз, сұлулығымен, күрескерлік өжеттілігімен ерекшеленген Кенесарының қарындасы, Әбілқайыр ханның келіні Бопай (Бопы) батыр, Азамат соғысының қаһарманы, жазушы Қ.Исабаев оның ерлігіне арнап жазған романының кейіпкері Айқыз Көшкімбайқызы, Ұлы Отан соғысының қаһарман қыздары Әлия мен Мәншүк, Хиуаз Доспанова сынды Ұлы даланың рухын асқақтатқан батыр аналарымыз бен қыздарымыз көптеп саналады. «Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» деп, халқымыз қазақ қыздарының қайсарлығы мен ержүректілігін ерекше бағалаған, зор сенім артқан. Сондай-ақ кеңестік дәуірдің ауыр кезеңінде «халық жауы» атанған қазақ зиялыларының сол кезгі қасірет пен тағдыр тауқыметін бірдей тартқан жарларының, репрессияға ұшыраған аналарымыздың да өмірі мен ерлігі тәнті боларлық тағылым емес пе?!

Демек, осы тағылымды тарихты бүгінгі ұрпақтың терең ұғынып, біліп өскені абзал. Сол аналардың тағылымы мол өнегелі өмірін бүгінгі бойжеткен қыздарымыздың бай рухани қазына ретінде бағалап, даналы сөздерін жадында сақтап, жүрегінде жатталса нұр үстіне нұр болар еді! Сол тағылымнан тәлім алған, сол аналарымыздың асыл қасиеттерін бойына сіңіріп өскен қыздарымыз ұлт болашағы үшін, отбасының бақыты үшін аянбай қызмет ететін болады.

Ұлағатты істерімен ерекшеленген, даналығымен дараланған қазақ даласында ел аналары қаншама?! Еліне, жеріне деген зор сүйіспеншіліктің, асқан ерлік пен батыллықтың символы болған сақ аруы Зарина патшайымның ерлік істері үлгі боларлық. Сүйіктісі, Мидиялық жігіт Ханзадаға: - *Армысың сүйіктім! Мен сені ғана ұнатамын. Бірақ, әйелің бола алмаймын. Оның себебі: екеуіміз қосылсақ, сен хан боласың, мен ханым боламын. Менімен қоса артымдағы елім де саған бағынышты болады. Мен сүйгеніме қосылып бақытты болғаныммен, елім тәуелсіздігінен айрылып, бақытсыз болады. Мен үшін елімнің еркіндігінен артық ештеңе жоқ. Қош, сүйіктім!* Бұл – елінің амандығы бәрінен де (күйеуі Мөрмөр, сүйікті жігіті Ханзададан) қымбат екенін, махаббаттан да күшті нәрсе бар, ол – елінің Тәуелсіздігі деген ұлы сезімді аңғартады, осы ұран сөзі талай ұрпаққа үлгі боларлық тағылым емес пе?!

Кіршіксіз сезімнің құрбаны болған, адал сүйіспеншіліктің иесі, Қараханмен уәдеге берік *Айша бибі* тағылымы да тәлім аларлық өнеге...

Ұлы даланың аты аңызға айналған аналарының бірі, тағылымы мол тарихи тұлға – *Домалақ ана (шын есімі Нұрилла)*. Оның әулиелігі, даналығы, тапқырлығы, даулы мәселелерді шешудегі кеменгерлік қасиеті, «Домалақ ана» атануы («Дихнат мама – әулие ана», тегі түрікпен Қара Хайдар даналығына, кеменгерлік қасиетіне тәнті болғаны) жайында әңгімелер ел арасында кеңінен таралған. Соның бірі – Домалақ анамыздың тұрмыс құруы жайлы аңыз-әңгіме. Су алуға келіп, құдыққа құлап кеткен Нұрилла қыздың «құтқарыңыздар!» деген дауысын осы ауылға қонаққа келген жігіт ағасы Бәйдібек естіп қалады. Жүгіріп келген жігіт қызды шығарып алады. Содан арада біраз жыл өтеді, бойжеткен қызға құда түсушілер көбейеді. Сонда Нұрилла әкесіне өз базынасын былай жеткізеді: *«Мені Бәйдібек биге бергеніңіз дұрыс болады, өйткені құдықтан шығарғанда білегімнен ұстап қойған»*. Сөйтіп, біріншіден, қыздың қалауы болса, екіншіден, атасының өсиет сөздерін санасына сіңіріп өскен Нұрилла қыз он тоғыз жасында сол биге тұрмысқа шығады. Тектіліктің, ар тазалығы мен ибалылықтың үлгісі болған Домалақ ана өнегесі нағыз сүйсінерлік тағылым?! «Иманы

бар ибалы қыздар ғана Ертең елдің айналар анасына» деген осы болар. Осындайда аузы дуалы бір әженің ғибратты сөзі еске түседі: *«Некесіз жақындасқан қыздың ішіне жың кіреді. Олай арын былғаған отбасында береке болмайды, ұрпағынан ұлағатты жан шығуы – неғайбіл... Ал тазалығын сақтап босаға аттаған, ерін сыйлап, ар-иманымен арғы дүниеге кеткен әйелдің түкірігі теңізге тамса, ол теңіз шәрбатқа айналады!..»*. Осы сөздің астарына терең үңіліп, мән-мағынасын қыздарымыз жете ұғынса дейміз. Домалақ ана мен Бәйдібек бидің ұлы Жарықшақтан туған қыз, ата-әжесінің тәрбиесін алған Күнбүбі (Айқыз) қалың Найман еліне келін болып түседі, көркем мінезімен, ақылымен жұртқа аты жайылып, оны *«Бәйдібектің немере қызы атасы мен әжесіне сай екен»* деп елі сүйсінетін болған. Осыдан өз есімі ұмытылып, ел арасында «Қызай» атанып кеткен. Бір рулы ел де «Қызай» аталған. Бір ананың ақыл-парасаты бір рулы елдің өсіп-өнуіне жол салған дегеннің үлгісі осы болар.

Кенесары ханның сүйікті жары, ақылына көркі сай, ханға нағыз жар болуға лайық қыз болған, даналығымен дараланған, ел анасына айналған *Күнмжан ханымның* да тағылымды істері үлгі боларлық өнеге. Ол Кенесары ханды халқымыздың «Ат тергеу» дәстүрі бойынша тек «төрем» деп атаған. Бұл – еріне деген құрметі арқылы бүкіл әулетті құрметтеуді, отбасылық сыйластықты дәріптеуді білдірген. Ежелден келе жатқан мұндай этикеттік мәнді білдіретін қарым-қатынастың қыздар тәрбиесіне ықпал ететін тәлімдік маңызы зор. Өйткені Ат тергеу салты да ізеттілік пен әдептіліктің белгісі саналған.

Бүгінгі таңда сөйлеу мәдениетіне жетік болудың кілті, сөз құдіретін қастерлеудің ерекше үлгісі – абыз аналарымыздың сөз саптаудағы шешендік өнері. Ол – халқымыздың баға жетпес қазынасы, ұлттық сана, дәстүрмен байланысты мақтан тұтар ардақтысы. Ақыл-ойдың кеніші болған, даналығымен дараланған дана би әрі шешен – *Дарабоз ана* (есімі Қалипа). Қайын атасы Кенжеке келінінің ақыл-ой қабілетінің ерекше екенін танып, Жолбарыс биге сынадады. Сонда Дарабоз ананың жауабына дән риза болған би: *«Сенің өз қатарыңнан мойның озық, бұдан былайғы ныспың Дарабоз болсын»* деп батасын берген екен. Бірде Балшық би Дарабоз анадан былай деп сұрапты: *«Әйелдің қандайы жақсы?»*. Сонда Дарабоз ана: *«Көшкенде жетелейтін боталы түйесі болса, ерттеп мінетін құлынды биесі болса, алдында бесігі болса, маңдайының несібі болса, әйелдің жақсысы сол болады»* – деген екен. Бұл дегенің үлкен парасат иесінің аузынан ғана айтылар даналық тұжырым. Ақылдылық пен парасаттылықтың, даналықтың символындай болған ана бейнесін, ана тағылымын көреміз.

Ақылымен атағы мәшһүр болған көркем сөздің шебері әрі шешен, атақты Төле бидің келіні – *Данагүл*. Данагүлдің тектілік әлемінен тәлім аларлық деректер көптеп келтіруге болады. Өсіресе жасы үлкен, қадірлі ел адамдарына деген ізетті қарым-қатынасы, ақылдылығы мен алғырлығы, тапқырлығы мен шешендігі – бәрі өнеге боларлық қазақ қызына тән ізгі де асыл қасиеттер! Қыздың ибасы – тілінде деген оралымның мәнін аша түсетін мына бір тағылымды үзіндіге назар аударалық:

*... - Әй, апайлар, тоқтаңыздар, аттарыңыздың басын тартыңыздар. Жоғары жақтан бірқатар аттылар келе жатыр, алдынан кесе-көлденең өтпейік, үлкендердің алдынан кесіп өту дұрыс болмайды. Олар ел қорғайтын ерлер. Кім біліпті, араларында ақылы асқан ақылжан, данышпан қариялары бар шығар. Ашулы, арынды батырлары бар шығар. «Ер сыйлаған есікте қалмас» – деген. Әлі-ақ бәріміз де бір-бір үйдің иесі боламыз. Шарапат жақсылығы тиер, үлкен кісілердің батасын алып, алғысына бөленейік. Апалар, аттарыңыздың басын тартыңыздар, тосып тұралық. Атты кісілер алдымыздан өтсін. Содан кейін жүрсек те ауылымызға жетерміз, – дейді Данагүл. Топ алдындағы Төле би мұны алыстан көріп, байқап келе жатады. Қасындағы жолдасының біреуіне: – *Анау алдарымызды кеспей кейіндеп қалған балаларды шақырып келші, –* дейді. Жақындай бергенде, Данагүл атынан түсіп жаяулап: – *Апалар, бәріңіз де аттан түсіңіздер. Жаяу барып сәлем берейік. Үлкен кісілерге атпен тасыраңдап жетіп барып сәлем бергеніміз ұят. Бұл кісілер ешуақытта да кездеспейтін кісілер. Жолымыз болады екен, –* дейді... Бәрі басын иіп, сәлем береді. Төле би: – *Балалар, бізді көріп, тосып тұрдыңдар, не себептен тостыңдар,**

соны айтыңдар! Данагүл: - *Аталар, біз сіздерді алыстан көріп, аталарымыз бен ағаларымыз шығар. Араларында ел бастаған батыры бар шығар, сол елге ақыл айтар ақсақалы бар шығар. Әкеміздей үлкен, қызырлы адамы бар шығар деп, алдарыңыздан өтпей тосып тұрдық. Үлкен кісінің батасын алалық, жақсыны көрмек үшін, көрмеген аталарымыз болса, көрелік, аты-жөнін білелік деп тосып тұрдық,* – дейді. Бұл – Данагүлдің ақылдылығы мен алғырлығын, ізеттілігі мен әдептілігін көрсетеді, қазіргі қыздар тәрбиесінде тағылымы мол өнеге болатыны сөзсіз. Жастайынан өте ақылды, ибалы боп өскен Данагүлдің әдептілігі мен тапқырлығын байқаған Төле би бабамыз өзіне келін етіп түсіреді. Осы тұста Ұлы Абайдың *«Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма»* деген терең мағыналы ұлағатты сөзі еске түседі. Қазақ тілінде этикеттік ұғымды білдіретін *«жасы үлкен адамдардың алдынан кесе-көлденең өтпейді»* деген тұрақты сөз тіркесі қалыптасқан, *«жасыңызды, жынысыңызды, үлкендігіңізді сыйладым»* деген әдептілік мағынаны білдірген. Әсіресе жасы кіші әйел заты жасы үлкен ер адамдардың жолын кеспейді. Үлкен адамдардың алдынан кесе өтпеуінің өзінде тәрбиелік мәні терең мағына жатқанын аңғаруға болады. Бұдан түйетініміз: халқымыз қыздардың бойындағы ақылдылық пен көргенділік, тектілік тәрізді тәрбиесіне баса мән берген. Сондай-ақ, қыздың сыртқы көркіне көз тастап тұрып ішкі жан дүниесінің байлығына, рухани тазалығына да зер сала білген. Халқымыз тіпті қыздың жүріс-тұрысына, киім-киісіне, сөйлеу мәнеріне дейін аса мән берген. Қыздың тәрбиелік деңгейін, ең алдымен, сөйлеген сөзінен тани білген, қыз ибасы – тілінде танылған. Сөз – адам үшін тәрбие құралы. Ел аузында айтылатын: *«Сөз қадірі – адамның өз қадірі, сөзі құпсыздың өзі құпсыз»* деген тағылымды сөзінде терең мағына жатыр.

Сондай-ақ, Шоқандай ғұламаны тәрбиелеген Айғаным әженің, Абайдай ұлықты тәрбиелеген Зере сынды ел аналарының ең ұлы қасиеті адам тәрбиелеудегі істері мәңгілік үлгі боларлық тағылым, сүйсінерлік өнеге. Рас болса, көне замандарда жай білімді адамның (білімді ұрпақтың) абырой-беделі бай-патшадан кем болмаған деседі. Он үш жыл ел билеген, керемет көрегендік танытып, қазақ халқының болашағы тек оқу-білімде екенін терең түсінген Айғаным сияқты әжелеріміздің ел мүддесімен қатар білімді ұрпақ тәрбиелеудегі рөлі қаншалықты мәртебелі екенін түсінеміз. Ұрпағын еркелетіп жүріп ерлікке, жетелеп жүріп жетелі болуға тәрбиелеген әжелеріміздің ұлағатты істері нағыз ерлікпен парапар емес пе?!

Қысқасы, ұлт тарихындағы Ұлы дала аналарының ұлағаты мен тағылымын терең танып, бағалап, соны санасына сіңіре білген, зердесіне ұялата білген қыз баласы ешбір мәдениетсіз әрекеттерге бармайды, өз ұлтының қадір-қасиетін ұға білген жан өз ата дәстүрі мен тарихын, тілі мен ділін қастерлей біледі. Ұлы дала аналарының тағылымды тарихы – ұрпақ санасын жаңғыртудың кепілі мен ұлт болашағын тәрбиелеудің рухани негізі деп түйіндеуге болады.

Библиографиялық тізім:

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан, 21 қараша 2018 жыл.
2. Әбдіқалықова Г.Н. «Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар» тақырыбында өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөйлеген сөзі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 12 маусым 2015 жыл.

КАЧЕСТВА И НОРМА ПОВЕДЕНИЯ МУЖЧИН И ЖЕНЩИН В СПОРТЕ

Хабиров Р.Р.

*Атырауский государственный университет им.Х.Досмухамедова
ст.преп. кафедры физического воспитания
и начальной военной подготовки
г.Атырау, Республика Казахстан*

В XXI веке общество заново переаценивает роль женщин в общественном прогрессе и в спорте в частности. Понятие гендер в казахстанском обществе пока еще находится на стадии формирования и осмысления. Хотя постоянно говорится о равенстве полов - мужчин и женщин, сейчас пришли к тому, что положение женщины в казахстанском обществе ухудшилось по таким аспектам, как сфера профессионального труда и «воспроизводство человеческого рода». Женские проблемы занимают особое место в периодической печати, литературе, искусстве, что создает иллюзию простоты их решения. На самом деле все значительно сложнее.

Гендер конструируется и выражается во многих сферах социальной жизни. Гендерное разделение труда в домашнем и оплачиваемом труде, организация государства, сексуальность, структура насилия и многие другие аспекты социальной организации влияют на гендерные отношения. При гендерном подходе внимание сосредоточено не только на социальных характеристиках в разных сферах общественной жизни, но и на осмыслении социальных причин и механизмов закрепления неравной позиции женщин в обществе.

По мнению Президента Казахстана Н.А. Назарбаева женщина – руководитель, женщина – министр всегда были ответственнее, чем мужчины. Правда женщины все время борются за равенство, и я не знаю, хорошо это или нет, но у женщины своя роль, а у мужчины – своя. Лев Толстой усиленно занимался этим вопросом. Он хотел помочь беспризорным детям и женщинам, которые опустили до того, что занимались нехорошими делами. Он очень много потратил своих денег на это, приводил беспризорников домой, мыл, кормил, одевал, но они все равно убегали. Потом он всех богатых собрал, создал фонд, чтобы помочь обездоленным женщинам и детям, но это не помогло, и, конце концов, он пришел к выводу, что царском обществе богатые люди отдают своих детей воспитывать нянькам, родная мать не занимается ребенком. Вот из-за того, что мать родила и отдала воспитывать своего ребенка другому человеку, вырастают такие дети. Поэтому главное для женщины – семья и воспитание детей.

...Дети будут умными если отец и мать будут имеет высшее образование, отметил глава государства.

Развивающийся в последнее время в психологической науке гендерный подход позволяет с новой точки зрения взглянуть на особенности личности, связанные с ее полом. Под «гендером» понимается социальный или психологический пол, который формируется прижизненно в социокультурной среде [1]. Предпосылкой конструирования тендера являются тендерные стереотипы - представления о качествах и нормах поведения мужчин и женщин [2].

Эти нормы поведения распространяются на все сферы жизнедеятельности человека, в том числе и на спорт.

Типичный для мужчин процесс социализации в большей степени, чем для женщин, предусматривает занятия спортом, поскольку способствует формированию таких качеств личности, которые стереотипно воспринимаются как «мужские» - сила, настойчивость, целеустремленность и так далее. Хотя в последнее время женщины активно вовлекаются в спорт, тем не менее, до сих пор существуют определенные виды, которые характеризуются как более предпочтительные для мужчин или женщин. Агрессивный физический контакт

- это имидж мужского спорта, в то время как грация и элегантность;

• характеристики типичной спортсменки - женщины. Существуют виды спорта, репрезентирующие образы, относящиеся к стереотипам маскулинности (мужественности, жесткости, силы, проявлений агрессивности во взаимодействии с противником);

• к ним относятся различные виды единоборств, и феминности, где «нужны» мягкость, эмоциональность, артистизм - например, балетные танцы, фигурное катание. Эти дисциплины одинаково успешно практикуют спортсмены как мужского, так и женского пола, начиная уже с младшего школьного возраста [3].

Личность формируется в деятельности, в том числе, в спорте. Известно, что сильная идентификация спортсменов с их спортивной ролью начинается в раннем детстве и продолжается во взрослые годы [4].

В связи с этим возникают опасения, не будет ли сильная идентификация со спортивной ролью способствовать формированию черт личности не свойственных женскому полу в маскулинных видах спорта и мужскому - в фемининных или приводить к гипертрофии маскулинных качеств у мужчин и фемининных - у женщин в полостецифичных спортивных специализациях.

Несмотря на то, что положение о влиянии деятельности на формирование качеств личности принадлежит к числу бесспорных, тем не менее, научных исследований, посвященных воздействию занятий маскулинными и фемининными видами спорта на личностные характеристики мужчин и женщин, до сих пор не существует.

Таким образом, актуальным является изучение влияния занятий маскулинным и фемининным видами спорта на личностное развитие представителей мужского и женского пола. Важным также является выяснение мотивационных предпосылок освоения «мужской» деятельности девушками-спортсменками, которые побуждают преодолевать стереотипы маскулинности и фемининности, усвоенные в процессе социализации личности, задающие траекторию жизненного пути и стандарты образа жизни, что позволит более эффективно решать вопросы, связанные с оптимизацией спортивной деятельности.

Библиографический список:

1. Gentile D. Just what are sex and gender, anyway? A call for a new terminological standard // Psychological Science. 1993. - №4. - P. 120-122.
2. Калабихина И. Е. Гендерный фактор в экономическом развитии России. М.: МАКС Пресс, 2009.
3. Diegel H. Sport in changing society: sociological essays // Sport science studies. 1995. - № 7. - 200 p.
4. McPherson B. X. Retirement from professional sport: The process and problems of occupational and psychological adjustment // Socialization symposium. N.Y., 1980. - Vol.30. - P. 126-143.

ҚОҒАМДЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯ

Бекешова Ә.

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының аға оқытушысы
Атырау қ., Қазақстан Республикасы*

Халықаралық қатынастар архитектурасының өзгерісі жағдайында халықаралық бәсекелестік пен ресурстар үшін қызығушылықтың артуына байланысты көптеген мемлекеттер өз болашақ даму жолдарын қайта қарастыруда. Әрбір мемлекет халықаралық қатынастар жүйесінің қатысушысы ретінде әлеуметтік-экономикалық дамуын модернизациялап, соған қолайлы сыртқы саясат жүргізуге талпынады. Алайда қазіргі

уақыттағы модернизацияның ХХ ғасырдағы классикалық түсінігінен заманға сай айырмашылықтары бар екендігі айқындала бастады. Модернизацияның жетістігі мемлекеттің таңдап алған даму бағытына байланысты. Өзінің ұлттық модернизациясының стратегиясы мен жоспарын белгілеу үшін мемлекеттер әртүрлі теориялық негіздерге сүйенеді. Осы уақытқа дейінгі кең таралған модернизация теориясы негізінен әлемдік құрылысқа деген еуроцентристік көзқараспен тығыз байланысты болды.

Алайда, ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығындағы әлемді қамтыған қаржы-экономикалық дағдарыс батыстық либералдық демократия жүйесі қалыптастырған халықаралық қаржы институттарының тиімді еместігін көрсетіп берді. Уақыт өткен сайын күрделеніп және ауқымы кеңейіп келе жатқан дағдарыс көп жылдар Батыс ұсынып келген даму жолын қайта қарастыра бастады. Осы орайда, мәселен Қытайдың бірқалыпты қаржы-экономикалық дамуы орталықтандырылған билік және шектелген ішкі саяси және экономикалық либерализм жүйесінің әлдеқайда тиімді екенін аңғартады. Яғни, батыстың либералды-демократиялық реформалар жолынан өзге альтернативті тиімді даму жолдары бар екендігін дәлелдейді.

Қоғамды саяси модернизациялау теориясы, басқаша айтқанда, саяси даму теориясы саясатты талдаудың дербес бағыты ретінде өткен ғасырдың 50-жылдарында ғана айналысқа енді. Ол дәстүрлі саяси жүйенің жаңа заманға, жаңа жағдайларға бейімделу үрдістерін, мемлекеттік жүйе мен қоғамды өзгертуге сеп болатын саяси өзгерістердің ішкі механизмдерін зерттеді. Әртүрлі қоғамдық бағыттылық пен әлеуметтік және саяси лектегі жүйеге негізделген оқиғаларды қандай да бір концептуалды едісемелік сызбалар немесе себеп-салдарлық байланыс деңгейінде қарастырып түсіндіру мүмкін емес.

Саяси модернизация - аумақты кеңейту және әкімгершілік-саяси шекараны реттеу ұлттық немесе федеративтік мемлекеттердің құрылуы, орталық (заң шығарушы, атқарушы) биліктің күшеюі, сонымен бірге билік бөлінісі; *екіншіден*, мемлекеттің қоғамның ішкі бірлігін және тұрақтылығын сақтай отырып экономика, саясат және әлеуметтік салалардағы құрылымдық өзгерістерге дайындығы; *үшіншіден*, саяси үрдіске тұрғындардың кеңінен қосылуы; *төртіншіден*, саяси демократияның орнауы немесе билікті заңдастыру тәсілдерін өзгерту.

Саяси модернизация теориялары - ХХ ғ. 50-60 жж. модернизация теориясы қоғамдық-тарихи даму теорияларының бір бағыты ретінде қалыптасты. Бұл теорияның басты белгісі - универсалдық, яғни, қоғам дамуын барлық елдер мен халықтар үшін ортақ заңдылықтары мен кезеңдері бар жалпы (универсалды) процесс ретінде қарастыру.

Қоғамдық жүйелерді модельдеудің келесі жолы **либералдық бағыт**. Либералдық бағытты зерттеушілер (Р. Даль, Г. Алмонд, Л. Пай) саяси модернизацияның мақсатын үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік және саяси талаптармен жұмыс істей алатын институттардың қалыптасуынан көреді. Билік өкілдері мен тұрғындар арасындағы диалогтың орнауы. Мұндай диалогты ұйымдастыру ашық әлеуметтік және саяси жүйені орнатуды білдіреді. Бұл жағдайда әлеуметтік топтар арасындағы айырмашылық жойылып, әлеуметтік белсенділік өседі, ал саяси салада әкімгершілік және саяси топтар мен институттар арасындағы қарым-қатынас тиімді реттеледі. Либералдық бағыт үшін саяси модернизацияның негізгі белгісі - азаматтардың саяси араласуының деңгейі мен әртүрлі топтардың, саяси жетекшілердің ашық саяси бәсекелесуінің алғышарты.

Қоғамдық жүйелерді модельдеудің **консервативтік бағыт**. Консервативтік бағыт өкілдері (С. Хантингтон, Дж. Нельсон) модернизацияның негізгі көзі деп саяси өмірге араласатын бұқара халық күресін үнемі өзгертіп отыратын әлеуметтік мақсаттар кепілдігін қамтамасыз ете алатын саяси институттардың беріктігі мен ұйымшылдығын айтты. Қатаң тәртіп қана нарық пен ұлттық бірлікке өтуді қамтамасыз ете алады. Сондықтан да модернизация жоғары орталықтандырылған саяси институттарды талап етеді, яғни, қоғамдық өзгерістер үшін ұйымдық құралдарды институттандыру қажет.

Қоғамдық қатынастардың жаңа моделін қалыптастыру дәстүрлі саяси жүйенің жаңа заманға, жаңа жағдайларға бейімделу үрдістерін, мемлекеттік жүйе мен қоғамды өзгертуге сеп болатын саяси өзгерістердің ішкі механизмдерін жүзеге асыруда.

Қазақстан 1991 жылы өз тәуелсіздігін жариялап, социалистік жүйеден бас тартқан уақытта-ақ саяси модернизацияның жолына түскен болатын. Саяси өмірде жүйелік, сапалық өзгерістер қарқын алды.

Дәстүрлі қоғамнан (социалистік) жаңа жағдайларға бейімделу, өту процестері үздіксіз жүргізілді. Мемлекеттік жүйе түбегейлі өзгерді, жеке меншік пайда болды. Өзін-өзі еңбекпен қамтамасыз ете алатын тұрғындардың саны көбейді, нарыққа ерік берілді (либерализация). Шетелдік инвестицияның келуі қоғамның саяси санасына да оңды ықпал етті. Осындай жағдайда жаңа саяси жүйе саналуан мүдделердің басын қосып қана қоймай, жаңа әлеуметтік топтардың талаптарының үддесінен шығып, әлеуметтік жағынан әркелкі қоғамның тұтастығын қатамасыз етуі керек болатын. Сол бір тарихи кезеңдегі қазақстандықтардың самарқаулығы, посткеңестік болмыс пен мінез, сондай-ақ, кеңестік қазақ элитасының өзін-өзі сақтап қалуға талпынған әрекеттері өзгеше қазақстандық жолды таңдауға мәжбүрлеген еді. Саяси реформаларды төменнен емес, жоғарыдан реттеуге тура келді және ол талпыныс сәтті шықты. Қазіргі қоғамның жаңа моделін қалыптастыру саяси модернизацияның мәнін тек пәнаралық құралға арналған кірігуші зерттеу бағдарламалары негізінде ірі сараптамалық сызбалар мен жетістіктерді игеруді тарту тұрғысында түсіндіруге болады. Модернизация мәселесінің күрделілігі мен әрқырлылығын ескере отырып, кірігу теориясының модернизацияланған демократияға өтуін және оның консолидацясын құру қажет. Мұндай ұзақ құрылымдық процесс бірнеше күрмеуі күрделі мәселелерді туындатады:

- модернизация және оны жүзеге асыру процессінде негізінен жүгінетін бағыттар, үлгілер және басқару принциптері қандай болу керек?

- модернизация процесі барысында теориялық мәнге мемлекеттің қатысу деңгейінің сәйкестігі қаншалықты және либералды нарықтық экономикасы бар плюралистік қоғамдағы өзін өзі басқару мен ұйымдастыру деңгейі бұл процессте қаншалықты автономды болып отыр?

Формациялық, өркениетті және жаһандық сараптама сызбалар негізіндегі бағам көрсетіп отырғандай бұл аталмыш мәселелер тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар саяси жоспарда да күрделілік танытып отыр. Ал бұл жағдай тәжірибеде өтпелі қоғамда демократияландыруда мемлекеттік саясатты белгілі бір импровизацияға ие болуымен сипатталады.

Расында қазіргі Қазақстан көлемді және терең өзгерістерді бастан кешуде. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан әлемдік қауымдастыққа ашық және реформалар жүргізуді, жаңа экономикалық құрылысты қолға алды.

Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикалық жүйе құрылысының барлық бағыттары бойынша реформалар жасалды.

Қазақстан саяси тұйықталу және біржақты өз күшіне сүйенуден сыртқы әлемге ашылу және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жолын қалайды.

РАФАЭЛЬ НИЯЗБЕК ЛИРИКАСЫНДАҒЫ «ӘЙЕЛ» КОНЦЕПТІСІ

Жанжігітов С.Ж.

*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Гуманитарлық-әлеуметтік факультеті,
филология мамандығының I курс магистранты
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы
syrym.g_96@mail.ru*

Когнитивтік ғылымның аясы – адамзаттың зердесінде қалыптасқан символдық процестердің табиғатын ұғынуға саяды.

Тіл білімі сөздігінде когнитивті лингвистика туралы мынадай түсінік берілген: «**Когнитивтік лингвистика** (лат. *Cognitio* – білім, түсінік, көзқарас) – тіл біліміндегі бағыт. Тілді игеру, табиғи тіл механизмін түсіндіру үшін білім жинау, қолдану және оны түсіну моделін құру тұрғысынан зерттеледі. Когнитивтік лингвистика бұл модельді тек бүкіл когнитивті ғылымдар шеңберінде ғана жасай алады. Ол ғылым білімнің әр түрлі типтерін, олардың ұйымдастырылу және өзара әрекеттесу тәсілдерін зерттейді. Екінші жағынан, бүгінгі тілдерді зерттеу интенция, ес, семантикалық қорытынды, есте сақтау, түсіну, жоспарлау, дискурсты басқару сияқты когнитивтік категориялардың қатысуынсыз мүмкін емес. Оларда тілдік, сенсорлық, моторлық және басқа информациялар қамтылады. Когнитивтік лингвистика – тіл көмегімен информацияларды беру, сақтау құрылымдары мен тәсілдері туралы көзқарастарды тереңдетуге арналған» [1, 181].

Когнитивтік ғылымның басты назар аударатын негізгі ұғымдары:

- ✓ «**әлем бейнесі**» (картина мира),
- ✓ «**әлемнің тілдік бейнесі**» (языковая картина мира),
- ✓ «**әлемнің ұлттық (тілдік) бейнесі**» (национальная картина мира)
- ✓ «**әлем моделі**» (образ мира)
- ✓ **когнитивтік модель** (кейде «**әлемнің концептуалды бейнесі**»).

Әлем бейнесі дегеніміз – адамзатты қоршаған объективті шындық. Ол танымға тәуелсіз өмір сүреді. «Әлем» концептіне кең мағына беріледі – Әлем – Вселенная, универсум (реалді әлем). Ол әрқашан да «ментальді әлеммен» өзара байланыста болады.

И.А.Стернин әлем туралы білімді сол не басқа затқа қатысты білім жиынтығы деп түсінеді және әлем туралы білімді ғылыми тұрмыстық энциклопедиялық білім ретінде қарастырады. Оның ойынша, әлем туралы тілдік білім тілдік емес білімге қарсы тұрады. Тілдік білім сөз мағынасында дербес семантикалық компоненті ретінде көрінсе, тілдік емес білім сөз мағынасында қандай да бір компоненттерді жасайды [2, 20-32].

Е.М.Абақан «Тілдің мәдени философиясы» еңбегінде: «Тіл білімінде «әлемнің бейнесі», «әлемнің ұлттық бейнесі» сияқты термин ретінде қолданылып жүрген сөйлемдерде әлем бейнесінің жасалуы жеке адамға, я болмаса, бүкіл адамзатқа тән құбылыс ретінде қарастырылады. Оның когнитивтік (санаға қатысты), гносеологиялық (танымдық) сипаты адам ойында пайда болады. Бірақ «әлемнің тілдік бейнесі» қоршаған ортаның тікелей, тура бейнесі бола алмайды екен. Себебі, болмыс пен тіл арасында адамның санасы тұрады» [3, 75],– деген пікір айтады.

Мәңгілік тақырыптардың бірі - әйел мәселесі қоғамдық ғылымдардың ішінде, негізінен, қазақ әдебиеттануында көркем шығармалардағы әйел бейнесіне қатысты зерттеулерде кездеседі. Шын мәнінде, қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен еңбегімен, асқан парасатымен, шексіз шыдамдылығымен және сүйіспеншілігімен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына ақ сүті арқылы, бесік жыры мен туған тілі арқылы сіңіре білген әйел-аналар аз емес. Қазіргі таңдағы ана тілінің тағдырында да, бүгінгі мен ертеңінде де бағзы замандардағыдай аналардың алатын орны, атқаратын ролін көрсету мен жаңғыртудың мәні ерекше.

Қай халық болмасын анадан тарайтыны сөзсіз. Ананың бастауы – жас қыз-бауыр, бойжеткен-тәте, келін-жеңеше, қайын ене-әже, тағы сол сияқты бірін-бірі толықтыратын түсініктермен байланысты. Осыған орай, «әйел» концептісінің құрылымы мәдениетаралық қарым-қатынас ұғымында қыз (жас қыз-бойжеткен), ана, келін, қайын ене лексемалары арқылы жан-жақты сипатталады. Ана дүниеге ұрпақ әкелуші, оны тәрбиелеп, ер жеткізіп өсіреді, ел қатарына қосады. «Алып анадан туады» дегендей, небір батырлар, шешендер, билер, ел басқарған хандар ана құшағынан қанат қағып ұшады. Аналар – Жаратушының ұлы махаббатынан ең көп үлес алған тіршілік иелері. «Жәннат – аналардың аяғының астында!» деген Пайғамбарымыз (с.а.с.) аналардың қасиетті тұлғалығына куәлік еткен. Жаһандандудың айғақты бір көрінісі – «мәдениетаралық коммуникацияда» «әйел» концептісі жағымды және мәнді, әлемді билеуші, ерлермен тең құқылы қоғамның белсенді бір мүшесі ретінде қалыптасты [4, 23].

Көркем туындыларда әйел бейнесін мүсіндеп, әйел сипатын бейнелегенде ұлттық салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптық ерекшеліктерімен бірге рухани дүниенің сырлары, эстетикалық сезімдері, ұлттық таным, болмыс, тәлім-тәрбие ерекше орын алатыны мәлім. Сол сияқты ақын өлеңдерінде де «әйел» концептісін білдіретін бірліктердің ұлттық дүниетанымға сай берілгені аңғарылады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *«әйел»* сөзінің 2 анықтамасы көрсетілген:

1. Адам баласының ұрғашы жыныстылары
2. Жұбай, зайып [5, 592].

Ана тілімізде *«әйел»* сөзінің сөздікте көрсетілген екінші мағынасына сәйкес келетін *жар, нақсүйер, сүйіктісі, алғаны, қосағы* деген сөздердің қолданылатыны белгілі.

1-фрейм: Әйел – сұлулық, әдемілік. Ақын шығармашылығында әйел адамды сұлулықтың символы етіп суреттейді. Дүниедегі барлық әдемілікті әйелден іздейді. Әйел болмысы, оның еркектен ерекшелігі, ең алдымен, әйелдің сұлулығынан көрінеді. Сұлулық – тек әйел затының өлшемі. Сондықтан, әрбір әйелдің сұлулыққа ұмтылуы, ал ақындардың бүкіл адамзат баласы секілді сұлулыққа құмарлығы, ынтықтығы – заңдылық. Оны мынадай фреймдер арқылы бейнелеген: *«қара көз», «қызыл алма», «сырғалы қыз», «көркем қыз», «қараса жан тоймас», «аузы оймақтай», «қытша бел», «бұраң бел», «ару қыз», «имек қас», «ақ білек»* т.с.с.

*Маңайымда біреулер тайынганда,
Сөз асырып көрмедім басымнан да.*

Намысыма айнала білдің, еркем,

Буырқанып тулаған асыл қанда [6, 200].

2-фрейм: Әйел – махаббат, сүйікті жар. Халық арасында *«Ер жігіттің аты жақсы болса - бір бақыт, Алған жары жақсы болса – мың бақыт», «Балаң жақсы болса – екі көздің шырағы, Алған жарың жақсы болса – абыройыңның тұрағы»* деген мақал-мәтелдердің айтылуы сүйікті жар сөзінің жиі қолданылатынының дәлелі. Ақын оны мына сөздер арқылы дәлелдей түскен: *«қосағым», «жарым», «сүйіктім», «отанасы», «ғашық жаным», «асыл жарым», «бақытым», «босаға аттау»* т.б

Үлесімнен қағылып сыбағалы,

Жар басынан тұрғанда құлағалы.

Босағамды аттап ең сен албырап,

Менің жыртық үйімді құрағалы [6, 205].

3-фрейм: Әйел – ана, әйел – балаң. Ол төмендегі фреймдер арқылы көрініс тапқан: *«жер – ана», «шәлі», «қайран ана», «шеше», «қызым-періштем», «қызғалдақ»*

Көктем болып күле алмай күнде мен де,

Қырау шалды шашымды қыр белеңде.

Пері болып кетер ем,өзің, жаным,

Періште боп қасымда жүрмегенде [6, 202].

«Әйел» концептісінің схемалық құрылымы:

Схема – фразеологизмдердің мағыналық құрылымын үлгілеуде қолданылатын тәсіл.

Рафаэль Ниязбек шығармаларындағы схеманың қолданысы төмендегідей:

*Үлесімнен қағылып сыбағалы,
Жар басынан тұрғанда құлағалы
Босағамды аттап ең сен албырап
Менің жыртық үйімді құрағалы [6, 197].*

БОСАҒА АТТАУ –к ө н е. Келін түскенде айтылатын тіркес [7, 70].

*Төрімді де тазалап шаңға айналған,
Отымды да сен жақтың жанбай қалған.
Жарыса аққан қос өзен секілдіміз,
Мені сенен айырсын қандай жалғн [6, 197].*

ОТЫН ЖАҒУ – Бір нәрсенің алғашқы бастамасы болды [7, 234].

*Көгінен бұйра жалды бұлты ағылған,
Жағанда арманым жоқ бұл жағынан
Отаным да басталып отбасымнан
Шыбық өсіп жетілген шынтағымнан [6, 198].*

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ – мақал. Тілімізде отбасы-шағын мемлекет деген тіркес те қолданылады. Бұл Отанымыздың қарыштап дамуы үшін, қанатын кеңге жаюы үшін бірден бір керегі шағын мемлекетіміздің, яғни отбасымыздың болуы.

*Алты ай бойы ауырып жатқан менің
Қабырғамды бүтіндеп көп сөгілген,
Алып өттің алқынбай аман-есен
Ақ бас бура Алпыстың өткелінен [6, 207].*

ҚАБЫРҒАСЫ СӨГІЛУБерекесі кетті, быт-шыт болды [7, 167].

*Күйігіңе айналдым күйінгенде,
Сүйіктіңе айналдым сүйінгенде
Сенің арқаң жел есіп айдарымнан
Жалғыз ерке атансам дүйім елде [6, 197].*

АЙДАРЫНАН ЖЕЛ ЕСУ. Асқақтап дәурен сүр мағынасында айтылады; «төрт жағы құбыла болу» мағынасын да береді [7, 13].

«Әйел» концептісін құрайтын ойсурет қолданысы:

«Әйел» - сұлулық, ғашықтық, ақ қанатты періште, береке, бақыт, болашақ, қызғаныш, шаттық, ана, қызғалдақсынды сөздерге балап қолданылған.

*Жаңа ұғындым бақыттың сен екенін,
Қызығы жоқ сен жоқта мерекенің
Сенсіз өмір – бос өмір, сондықтан да,
Беті күлмей безерген берекенің [6, 199].*

Лапылдаған өрт – сезім деген,

*Неге алауын өр жаның сезінбеген?
Иран бағым сен болсаң жұпар атқан,
Бұлбұлыңмын сол бақтан безінбеген [6, 208].*

Ақын ғашықтық сезімін – метафора әдісі арқылы лапылдаған өртке теңеп тұр.

Келесі жолдарында сүйген жарын жұпар атқан иран баққа баласа, өзін сол бақтағы бұлбұлт құсқа ұқсатып өлең шумағына ерекше реңк, ерекше көрік беріп тұр.

*Бір –бірінің жаныққан түбін қазып,
Жүргендердің көңілі тұр құлазып.
Сені бірақ аққуға ұқсатамын
Сыңарынан көрмеген жұбын жазып [6, 210].*

«Әйел» концептісінің мәнін ашатын скрипт қолданысы:

*Маңайымда біреулер тасынғанда,
Сөз асырып көрмедім басымнан да
Намысыма айнала білдің еркем,
Буырқаным тулаған асыл қанда*

*Ақ сәулеге айналып кетуші еді,
Ақ білегің мойныма асылғанда.
Көз-жанарың кететін нұрға толып
Күннің көзі жарқырап ашылғанда [6,197].*

Рафаэль Ниязбектің поэтикалық тілінде бұл шумақтар «әйел» концептісінің мәнін ашатын скрипт құрайды. Өлең тармақтарында берілген Алаштың нұрлы анасы, махаббат мұнарасы, сұлулықтан жаралған сұлу қыз сынды тіркестер жекелей қолданыста фрейм болса, өлең тармақтарымен бірлесіп келіп «әйел» концептісінің мәнін ашатын скрипт болады

Рафаэль Ниязбектің когнитивтік құрылымындағы «әйел» концептісінің сценарийі мынадай:

*Жаныма мені от берген,
Күндерім қанша өткерген.
Жарымның көркін өзімнен
Жүргендер қанша қызғанып [6, 204].
Тоғыз ұлын тапсырып қара жерге,
Жылқышы ата көз салған дала, белге:
«Менің тоғыз ұлымды алсаң ал да, Алла,
Арыс туар жарымды ала көрме»... [6, 47].*

Берілген өлең жолдары әйел концептісінің сценарийін құрайды. Яғни, өлең шумақтарында белгілі бір оқиға суреттеліп тұр.

Қорыта айтқанда, тіл-ұлттың айнасы десек, сол ұлттың айшықты тілі көркем шығармаларда да көрініс тауып, сол арқылы ұлттың шынайы болмысын бейнелей алады. Ақын шығармаларындағы концептілерді талдау оның өмір, әлем, тіршілік жөніндегі концептуалды тұжырымдарын анықтайды.

Қорыта айтқанда, Рафаэль Ниязбек поэзиясындағы «әйелге» қатысты концептілер көркем мәтіннің өн бойында түрлі тілдік бірліктердің мәні мен мазмұны арқылы көрініс тауып, ақынның дүниетанымын, әлемді қабылдау, пайымдау, толғау жайындағы поэтикалық бейнесін анықтайды.

Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев, К.Аханов, Т.Қоңыров, М.Қ.Қанабекова профессорлардың еңбектеріне сүйену арқылы талданды.

Библиографиялық тізім:

- 1.Оразалиева Э.Н. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма. Докт. дисс.авторефераты Алматы, - 2007 ж. – 47 бет.
- 2.Стернин И.А. Лексическое значение слова в речи. – Воронеж, 1985
- 3.Абақан Е.М. Тілдің мәдени философиясы. – Алматы: Айкос, 2002
- 4.Байғұтова А.М. «Қазақ әйел» концептісінің этномәдени сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2002
- 5.Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк – Пресс, 2008. – 968 бет
- 6.Р.Ниязбек. Жібек жолы. өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 240 бет.
- 7.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы: ҚазАқпарат, 2007 – 356 бет

ЖЫЛҚЫШЫ ҚЫЗ

Өмірзақов Ә.Т.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистранты
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
umirzakov-adilbe@mail.ru*

Аңдатпа

Бұл мақалада Атырау еңбеккерлерінің ішінде айрықша орын алатын жылқышы қыз Маржан Енбаеваның жеткен жетістіктері, атқарған қызметі туралы айтылады.

Негізгі сөздер: ауыл шаруашылығы, Атырау, Маржан Енбаева, жылқышы қыз

Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейін шаруашылықтың ілгерілеуіне көптеген азаматтар өз үлесін қосты. Облысымыздың ауыл шаруашылығының өркендеуіне аянбай еңбек еткен азаматтардың жарқын жетістіктері бүгінгі еңбек адамының үлгі алып, шаруашылығын өрлетуге таптырмас сабақ болып саналады.

Шаруашылық пен мәдени құрылыстағы аса үздік жетістіктері үшін еңбекте ерекше көзге түсіп, өздерінің аса үздік жаңашыл қызметтерімен қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға, халық шаруашылығын өрге бастыруға, ғылым мен техниканы дамытуға, КСРО-ның күш – қуатын нығайтып, даңқын шығаруға атсалысқандары үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1938 жылғы 27 желтоқсандағы Жарлығы бойынша ауыл шаруашылығы саласының майталмандарына «Социалистік Еңбек Ері» марапаты берілді. Бұл марапатты біздің Атыраулық жерлестерімізде иеленді [1].

Елбасымыз Н.Назарбаевтың "Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам" атты тұжырымдамасында: «Тәуелсіз Қазақстанның түпкі мақсатын барлық игіліктермен қамтамасыз ете алатын, әлеуметтік әділдікті сақтайтын, еңбек мәртебесін жоғары ұстайтын ерікті қоғам орнату айтылған. Тұжырымдаманың басты қайнар көзі – еңбек етіп жүрген азаматтарды кейінгі ұрпаққа насихаттау арқылы қазақстандықтардың ата кәсіпті одан әрі жаңашылдықпен жандандыру болып табылады [2].

Сұрапыл соғыс жылдары ер азаматтар майданға аттанып, қазақ даласында қариялар мен шиттей бала-шағаның қалғаны баршамызға белгілі. Сол жылдары ағадан көрген тәлімін бойына сіңіріп, шаруашылықты игерген қазақтың қаршадай қызы – Маржан Енбаева еді.

«Жылқышы қыз» атанған Маржан Енбайқызы 1924 жылы Гурьев облысы, Есбол ауданында дүниеге келген. Жеті сыныптық білімі бар (кейбір деректерде төрт сыныптық білім), партия қатарында жоқ Маржан Енбаева қызмет бабын 1942 жылы бастаған. Соғысқа аттанған ағасының орнына қызметке тұрып, табынды жылқы шаруашылығын жетік меңгерген нағыз ізбасар атанады. 1944 жылы бас бақташы қызметіне ұсынылады. Бес жылдың ішінде (1942-1946 жж.) шығынсыз 232 құлын өсірді. 1947 жылы 52 биеден 52 құлын алды. 1948 жылы жылқы шаруашылығын дамытуда жаңа жетістіктерге жетеді. 1948 жылы 23 шілдедегі КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша «Социалистік Еңбек Ері» атағын иеленді. Осы жылы марапатқа жауап ретінде 54 құлын алған. Сонымен қатар, «Ленин» орденімен, «Орақ және балға» алтын жұлдызды медалімен марапатталды. 1949-1950 жылдары ауыр қиындықтарға қарамастан 60 биеден 57 құлын, 1951 жылы 73 биеден 63 құлын алды. 1956-1957 жылдары қаһарлы қыстан 132 бас жылқыны аман алып қалғанерлігі бүгінгі ұрпаққа өнегелі іс болып саналады [3, 8 п.].

Жарқын жетістіктерінің нәтижесі 1960 жылы Ленин колхозына жылқы фермасының меңгерушісі қызметіне әкеледі. 1963 жылға дейін жұмыс жасаған кезеңде жүктелген міндеттерді толық орындап, жылқы шаруашылығында орасан зор нәтижелерге қол жеткізеді. Амангелді атындағы совхоздың ұйымдастырылуына байланысты 1963 жылдан бастап совхоз шопанының көмекшісі қызметін атқарады. Шопан бригадасының кез-келген мәселесін қалт жібермей, белсенді түрде қатысады. Бұл кезеңдегі басты мақсаты – 6 айға дейінгі мүйізді ірі қара малдың төлі бұзауды сақтау еді. Қазақ қызы бұл мақсатына да жетеді [3, 9 п.].

1957 жыл. Степан Разин мен Социализм колхозы (қазіргі Атырау облысы, Индер ауданы) қосылмаған кезеңде Алматы шаһарында үлкен жиналыс өтетіні жөнінде хабар келеді. Батыс Қазақстан облысынан «социалистік жарыста» Гурьев (қазіргі Атырау) облысы атынан сөз сөйлейтін адамды жедел түрде іздейді. Сөйтіп, жүктелген міндеттерді толықтай орындаған Батыс Қазақстан облысымен шекаралас Есбол ауданына қарасты «Степан Разин» атындағы колхоздан сөз сөйлеу үшін аудан басшылары Маржан Енбаеваны нұсқайды. Қысылып-қымтырылған қазақ қызы сөйлеуден бас тартып, әуреленгенімен сол кезеңдегі аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Үмбетов деген азамат, мемлекет және қоғам қайраткері Сағидолла Құбашев өз көмектерін тигізіп, жиналысқа жібереді. Алматы шаһарына барған сәтінде «Еңбек Ері» атанған жылқышы қызға ән туғаны жөнінде әңгімені құлағы шалады. Бұл әннің кейіпкері – Маржан Енбаеваның өзі еді.

Белгілі сатирик, ақын Садықбек Адамбеков өлеңіне арқау болған кейіпкермен жүзбе-жүз көріспей-ақ:

«Кездескен күн есімде,
Айлы жаздың кешінде.
Еске сақта, қалқатай,

Айта берем несіне», – деп жырға қосады. Кейін өлең жолдары саңлақ сазгер Әбілахат Еспаевтың әнімен үндесіп, халықтың жүрегіне жетіп жығылған туындыға айналды. Қазақ тарихында әнге арқау болған «жылқышы қыз» – Маржан Енбаеваның есімін есте сақтау мақсатында Атырау қаласының сәулетті көшелерінің біріне есімі беріліп, кейінгі ұр-паққа өнегелі іс ретінде ескерткіші тұғырға қонса нұр үстіне нұр болар еді. Тарихта есімдері қалған еңбек адамдарының іс тәжірибесін кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде көрсету – бүгінгі ұрпақтың міндеті[4].

Библиографиялық тізім:

1. ҚазССР, Қысқаша энциклопедия, 2 том, Алматы, 1987 ж.
2. Н.Назарбаев, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам», 2012 жыл.
3. Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 346-қор, 1-тізбе, 52-іс.
4. Ә.Өмірзақов, «Маржан қыз әнінің кейіпкері» // «Ана тілі», 31.05-6.06.2018 ж.

3 СЕКЦИЯ

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІ

ЖЕНЩИНЫ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

WOMEN OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN

ЧАКЛИКОВА САКЫШ ЕСКЕНДИРОВНА – ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ И ВКЛАД В РАЗВИТИЕ МАТЕМАТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА

Каражигитова Т.А.

*Атырауский государственный университет им. Х. Досмухамедова
доктор педагогических наук, ассоциированный профессор
г.Атырау, Республика Казахстан
tamarakaraz@mail.ru*

Судьба женщины в истории страны во время больших политических событий всегда была нелегкой, а деятельность ученого-педагога в двойне. Женщины-ученые не редкость в настоящее время в Казахстане, а тем более в системе образования. На рубеже становления Казахстана как независимого государства особое место в педагогических исследованиях занимает научная деятельность замечательной женщины, ученого Чакликовой Сақыш Ескендиловны. Научные звания и степени - доктор педагогических наук, профессор, академик Международной академии информатизации ей присвоены благодаря огромному трудолюбию, любви к своей профессии и высокому профессионализму. Ее биография тесно связана с развитием Казахстана как суверенного государства.

Родилась Сақыш Ескендировна 16 августа 1932 года в историческом месте, небольшом ауле Сарайчик, Гурьевской (Атырауской) области, в большой и дружной семье учителя, первого директора Сарайчиковской средней школы Чакликова Е. Показав отличные результаты на экзаменах в школе, решила продолжить дело отца и не ошиблась, выбрав дело всей своей жизни.

В 1954 году Чакликова С.Е. поступает КазГосЖенПИ. После окончания, как все выпускники, была направлена в школу учителем математики. Аналитический ум, высокая степень ответственности и трудолюбие позволило в дальнейшем Сақыш Ескендировне занимать ключевые позиции в модернизации системы школьного математического образования. Почти 20 лет (с 1973 по 1992 гг.) она работала старшим научным сотрудником в Казахском филиале научно-исследовательского института содержания и методов обучения Академии педагогических наук СССР (НИИ СИМО АПН СССР), а затем ведущим научным сотрудником КазИПО им. И. Алтынсарина (ныне НАО им. Ы.Алтынсарина), заведующей лабораторией: «Содержание и методы обучения естественно-математических предметов КАО им. Ы. Алтынсарина». Выполняя огромный объем работы с 1973 по 2005 годы Чакликова С.Е. составляла аналитические отчеты Казахской Академии образования им. Ы. Алтынсарина и при этом активно проводила научные исследования, что позволило в 1984 в Москве блестяще защитить кандидатскую диссертацию по специальности: «Теория и методика обучения математике». Опережая свое время, Сақыш Ескендировна говорила о том, как меняется мир и в какую сторону нужно развивать школьное обучение:

«... учителю математики необходимо не только создать определенный запас знаний у школьников, но и выработать умение добывать эти знания, развивать в учениках стремление и способности к самостоятельному приобретению новых знаний. Решение возникающих при

этом методических задач связано с общей проблемой самообразования школьников» [1, с.]. Сейчас это уже давно реализуемое направление в педагогике, но, в то время, об этом мало кто говорил. Это первое педагогическое исследование в Советском союзе, посвященное изучению проблемы организации работы с дополнительной литературой по математике в школе и развитию умения у учащихся работать с математической книгой, причем в контексте саморазвития и самообразования.

Анализируя ее работы, удивляешься способности предвидеть пути совершенствования преподавания математики в школе и умению видеть вектор развития педагогической системы. Так в разработанной «Концепции школьного математического образования» в 1992 г., она впервые обосновывает необходимость введения в школьную практику элементов теории вероятности и математической статистики. По результатам исследований были опубликованы: «Концептуальные основы элементов теории вероятности и математической статистики». Впоследствии, под ее руководством, была защищена диссертация кандидата педагогических наук, а сейчас профессора Атырауского государственного университета Туржигитовой Г.Ж., работы которой, в настоящее время, пользуются большим спросом. В 1998 году, ныне ушедшая доктор пед. наук, Токбергенова У.К. защитила кандидатскую диссертацию на стыке физики и экологии: «Формирование экологических знаний учащихся при изучении физики в средней школе (X-XI классы)».

Совместно с автором этой статьи Чакликова С.Е. работала над проблемой внедрения личностно-развивающего обучения геометрии в школе. Опережая время, были выполнены исследования в системе развивающего обучения, деятельностного и компетентностного подхода (что в последствии назвали, системно-деятельностным подходом в образовании) и защищена в 2010 году Каражигитовой Т.А. докторская диссертация на тему: «Теоретико-методологические основы развивающего обучения: компетентностный подход» [2].

Сакыш Ескендировна разработала научно-методические основы обновления методов и форм обучения математике. Она один из авторов Государственного стандарта по этому предмету, с ее участием разрабатывалась концепция Государственного стандарта высшего образования Республики Казахстан.

Ею выполнен анализ и систематизация требований к созданию учебно-методического комплекса (УМК) обучения математике в общеобразовательной школе. В 1997 году защищена диссертация на соискание ученой степени доктора педагогических наук по теме: «Дидактические основы создания учебно-методического комплекса по математике для базовой школы». На основании этих исследований, в результате которых определены основные дидактические принципы и разработаны критериально-оценочные параметры анализа качества УМК, в дальнейшем разрабатывались требования к УМК по предметам в школе. Никушина Е.В., Математика-5 класс, Черных Н.В., Алгебра-8 класс, и другие [3]. Авторы УМК сверяют свои пособия с обоснованной Чакликовой С.Е. концептуальной моделью создания учебно-методического комплекса.

Исследования не прекращались, суверенному Казахстану нужны были свои учебники. В дальнейшем ею с соавторами были созданы учебник по геометрии для 9 класса [4] и методическое пособие для учителей [5], которые подтвердили свое качество, переиздаваясь с 2005 по 2013 годы.

Чакликовой С.Е. является руководителем группы и одним из авторов программы по математике 10-11 классов, которая вышла в 2006 году.

При переходе системы образования на модель обучения ориентированного на результат, Сакыш Ескендировна и здесь не осталась в стороне, занималась вопросами разработки Концепции компетентностного подхода в образовании.

С 2006 года она перешла на работу заведующей лабораторией в Национальном центре информатизации образования Республики Казахстан, ей уже было 74 года, но ее энергии и жажде познания можно позавидовать. В новом коллективе она с энтузиазмом берется за создание электронных учебников. Ей выданы патенты на электронные учебники: Геометрия 7, Геометрия 8, Геометрия 9.

В течение 10 лет профессор Чакликова С. Е. была членом экспертного совета Высшего Аттестационного комитета Республики Казахстан по специальности «Теория и методика обучения математики». Ее отличали честность, фантастическая работоспособность, целеустремленность и любовь к своему делу, что подтверждается публикацией свыше 300 работ, в том числе свыше 20 книг (монографии, учебники, учебно-методические пособия). Под её научным руководством были подготовлены и выполнены диссертационные исследования более 30 соискателями.

На протяжении всей жизни профессор Чакликова С. Е. руководила исследованиями по совершенствованию форм и методов обучения математике. Ее интересы, это приоритетные направления педагогической науки, среди которых личностно-развивающие технологии обучения математики, компетентностный подход в обучении математике, использование экономических задач в обучении в школе, элементы теории вероятностей и математической статистики в школьном курсе математики, научно-методические основы обновления содержания и методов обучения математики и многие другие.

Ученые Казахстана, научным руководителем которых является Сақыш Ескендірқызы, хранят теплые воспоминания о ней как об ученом и удивительном человеке. Переняв ответственный подход к научной деятельности, трудятся они, развивая педагогическую систему образования в родном Казахстане. Это доктор педагогических наук Садвакасова Р.А. директор филиала АО НЦПК «Өрлеу», ИПК Пед. Работников, в Атырауском государственном университете на кафедре математики и методики преподавания математики работают профессора канд. пед. наук Туржигитова Г.Ж. и доктор пед. наук Каражигитова Т.А. В Семей, в педагогическом институте, работает канд. пед. наук Мусатаева И.С. В Алматы педагогическими исследованиями занимается Казакбаева Д.М., доктор пед. наук, профессор КНПУ им. Абая. Многих ее учеников, так считали себя соискатели у которых научным руководителем была Сақыш Ескендірқызы, уже нет с нами, многие работают в системе образования на различных должностях и в разных уголках нашей страны, но передавая свои знания и опыт научных исследований, они передают и приобретенные у нее качества высочайшей культуры общения, честности и добросовестного отношения к своей работе.

Говоря об ученом, невозможно не сказать о ней как о женщине, хранительнице домашнего очага, матери воспитавшей троих детей. Муж, Куатбаев Куангали Куатбаевич (1932-2002 гг) известный ученый, доктор технических наук, профессор. Автор более 500 опубликованных научных трудов, в том числе, около 100 авторских свидетельств и 10 монографий. Под его научным руководством подготовлено более 20 кандидатов и 3 доктора технических наук [6]. Интеллигентная, образованная семья, с огромным уважением они относились друг к другу.

Дети пошли по стопам родителей. Сын продолжает дело отца, Куатбаев А.К. доктор технических наук, проректор по науке и развитию Каспийского Университета. Дочери: Куатбаева Г.К., профессор, доктор экономических наук МГУ им М.В. Ломоносова, РФ, РК, член-корреспондент МЭАЕ, лауреат стипендии Министерства науки и образования РК за 2008 – 2010 гг., как ученый, внесший выдающийся вклад в развитие науки и техники, профессор кафедры Менеджмент АО «Университет НАРХОЗ» и Куатбаева Т.К., доктор технических наук, профессор.

Вклад ученого, доктора педагогических наук, профессора Чакликовой С. Е. в развитие системы образования отмечен наградами Орденом Герой Социалистического труда, Медалью к 15-летию Независимости РК.

Библиографический список:

1. Чакликова Сақыш Ескендірқызы. Дополнительная литература как средство повышения математической подготовки учащихся средней школы: автор. канд. пед. наук. 13.00.02/Москва, Ак. Пед.наук: ил РГБ ОД 61:85-13/428

2. Каражигитова Т.А. Развивающее обучение в средней школе: компетентностный подход.- Атырау: ИЦ АГУ им. Х, Досмухамедова, 2013.-265с.
3. www.dissercat.com
4. Геометрия 9 класс [Текст] : учебник / С.Е Чакликова., Ж.М Нурпеис, Г.Ш Калдыбаева. - Алматы: Мектеп, 2005. - 120 с. (3-е изд., переработанное, дополненное. - Алматы: Мектеп, 2013. - 144 с.)
5. Геометрия. Методическое руководство: пособие для учителей 9 классов общеобразовательных школ / С. Е. Чакликова, Б. М. Саякова. - Алматы: 2005. - 92 с.
6. www.wikiwand.com/ru/Куатбаев,_Куангали_Куатбаевич

ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЙ МЕХАНИЗМ РАЗРАБОТКИ КОНЦЕПЦИИ ГЕНДЕРНОЙ ПОЛИТИКИ

Куатбаева Г.К.

*АО Университет Нархоз
доктор экономических наук
г. Алматы, Республика Казахстан
kgulnar@yandex.ru,*

Согласно отчету Глобального индекса конкурентоспособности (далее – ГИК) по результатам рейтинга 2018 года Казахстан занял 59-е место со средним баллом 61,8, оставшись на той же позиции, что и в 2017 году.

В 2018 году методология ГИК была существенно изменена с учетом последствий мирового экономического кризиса, начавшегося в 2008 году, и развитием четвертой индустриальной революции (4ИР).

В соответствии с новой методологией ГИК 4.0 основной упор ставится на статистические индикаторы (их вес составляют 70%, а опросных индикаторов – 30%). Кроме того, все факторы имеют одинаковый вес.

Структура Отчета ГИК состоит из 12 следующих факторов: «Институты», «Инфраструктура», «Информационно-коммуникационные технологии (ИКТ)», «Макроэкономическая стабильность», «Здоровье», «Образование и навыки», «Рынок товаров», «Рынок труда», «Финансовая система», «Размер рынка», «Динамичность бизнеса» и «Инновационный потенциал».

В Отчете ГИК 2018 количество оцениваемых стран составило 140, которые охватывают 94% всего населения мира и 98% мирового ВВП. ГИК рассчитывается из 98 показателей, из которых 54 основаны на данных международных организаций, 44 – на основе опроса ВЭФ.

В этом году рейтинг возглавили Соединенные Штаты Америки, которые входят в тройку лидеров на протяжении последних 5 лет. Лидерами рейтинга также остаются Сингапур, Германия, Швейцария и Япония.

По результатам рейтинга 2018 года Казахстан занял 59-е место со средним баллом 61,8, оставшись на той же позиции, что и в 2017 году.

Из 12 факторов конкурентоспособности улучшение произошло по 5 факторам, снижение по 4 факторам и по 3 факторам позиции не изменились. Из 98 индикаторов улучшение произошло по 50 индикаторам, ухудшение по 34 индикаторам и по 14 индикаторам изменений нет.

Конкурентными преимуществами Казахстана являются рынок труда – 30-е место (улучшение на 3 позиции) и динамичность бизнеса – 37-е место (ухудшение на 2 позиции).

Согласно оценке ВЭФ, конкурентоспособность Казахстана находится на среднем уровне по таким факторам, как «ИКТ» - 44-е место, «Размер рынка» – 45-е место, «Образование и навыки» – 57-е место, «Рынок товаров» - 57-е место, «Институты» - 61-е

место и «Макроэкономическая стабильность» - 62-е место и «Инфраструктура» - 69-е место. [1].

Функционирование и развитие гендерной политики обеспечивается комплексом институтов правового, финансового, информационного, образовательного, социального характера (рисунок 1).

Процессы трансформации институциональных механизмов развития гендерной политики в различных странах претерпевает кардинальные перемены. В первую очередь, многие страны проводят реформы, связанные с государственными учреждениями с целью их более чуткого реагирования на потребности рынка. Гендерная политика в контексте парадигмы устойчивого развития в настоящее время актуализирует приоритет опережающего развития науки и образования. Экспертам ООН обозначено, что общими целями для всех элементов института науки и образования являются:

- воспроизводство знаний в обществе на качественно обновляемых и новых позициях;
- воспроизводство спроса на высокотехнологичные товары и услуги;
- интеграция в мировое научно-техническое и образовательное пространство;
- диверсификация региональной экономической структуры;
- поддержка развития на технологической основе начинающих предприятий;
- диффузия (распространение) и применение новых технологий;
- увеличение прибыли.

В Казахстане в процессах международного научного сотрудничества, учитывающих национальные интересы, большая роль может быть отведена сотрудничеству со странами ЦАР и СНГ, с которыми будет осуществляться: восстановление и углубление научных связей, создание кооперации в разработке наукоемких технологий; обеспечение условий для единого научно-технического пространства для развития «гендерной экономики» на Евразийской территории.

Нами исходя из 30-летнего опыта деятельности в аналитическом центре в системе государственного управления, проектах международных финансовых институтов, сформулирован и реализован концептуальный методологический подход к анализу институциональных проблем социально-экономического развития в целом и, гендерной политики, в частности. Как механизм координации институтов государственного регулирования для решения экономических проблем реализации гендерной политики представлен на рисунке 1.

Страны Евразийского пространства за годы независимости сформировали свои институциональные матрицы для реализации гендерной политики.

На наш взгляд, необходимо решение проблем интеграции институтов государственного регулирования между собой для обеспечения системности, рассматривать на основе новых концептуальных подходов. Одним из таких является финансово-экономический механизм обеспечения интеграции целей и задач реализации гендерной политики в общую стратегию социально-экономического развития, представленного на рисунке 2.

Для решения проблем реализации гендерной политики Казахстан располагает значительным научным, образовательным, финансовым, управленческим потенциалом.

Сформированные национальные научные школы в различных отраслях науки: химии и катализа, космических исследований (космической биологии и биотехнологии), биологически активных веществ, высокомолекулярных соединений, биохимии и физиологии человека, фитохимии, общественных отраслях науки и др. получили мировое признание.

Однако потенциал научно - образовательной системы технического и гуманитарного направления для решения проблем реализации гендерной политики в Казахстане практически недостаточно наращивается. Высокопрофессиональные специалисты – практики реализации гендерной политики в различных отраслях экономики, организации и управления, в том числе в образовании должны быть включены в национальный реестр, банк

данных как носители уникальных технологий в целях передачи знаний новому поколению. Одной из задач является процесс патентования технологий и методов реализации гендерной политики, повышающий нематериальные активы компаний.



Рис 1. Механизм координации институтов государственного регулирования для реализации гендерной политики

Решением проблемы кадрового обеспечения реализации гендерной политики может стать пересмотр сроков выхода на пенсию высокопрофессиональных специалистов, изменение условий контрактов для них.

Эта преимственность повысит конкурентоспособность реализации национальной гендерной политики.

Сохраняющиеся и усиливающиеся проблемы качественных услуг из-за слабой диверсификации региональной экономики и растущей зависимости развития регионов от внешних факторов требуют активизации имеющихся в регионах научно-технических ресурсов через ускоренное формирование инновационной инфраструктуры направления реализации гендерной политики. Усиливаются региональные диспропорции в качестве услуг реализации гендерной политики. Кадровая составляющая реализации гендерной политики столицы Астаны и других регионов, включая город Алматы, имеет тенденции к дивергенции.

Мировой опыт создания и развития инновационной инфраструктуры свидетельствует о растущем значении и влиянии объектов инновационной инфраструктуры для реализации гендерной политики и ее функций. Гендерная экономика, имея значительный потенциал в развитии превентивной социально-экономической политики, может сыграть важную роль в создании спроса на продукцию и услуги экспортно-производственных зон, технопарков и формировании экспортного потенциала «гендерной экономики» страны. В результате трансферта запатентованных технологий, накопления знаний в различных отраслях «гендерной экономики», улучшается процесс наращивания институционального потенциала развития «гендерной экономики» на евразийском пространстве.

При формировании инфраструктуры для реализации гендерной политики Казахстан может использовать свои преимущества (удобное транспортное сообщение, квалифицированная рабочая сила и т.д.), а также создавать условия (системы промышленной инфраструктуры, включая дороги, электро- и водоснабжение, системы связей и телекоммуникаций, образовательной инфраструктуры) и предоставление ряда льгот для потенциальных инвесторов (беспшлинного ввоза сырья, полуфабрикатов и комплектующих, низкой арендной платы за заводские помещения и склады, упрощенных процедур капиталовложений и комфортабельных условий) с технологиями «гендерной экономики».

Большой вклад в Казахстане был сделан в развитие кадрового потенциала отрасли, модернизации «гендерной экономики». Правительственные программы поддержки и развития малого инновационного предпринимательства успешно реализуются в Казахстане и считаются одним из инструментов прямого государственного регулирования.




Рис.2. Финансово-экономический механизм обеспечения интеграции целей и задач развития «гендерной экономики» в общую стратегию социально-экономического развития [6]

В части заключительных рекомендаций по решению системы развития образования в Казахстане нами предлагается структурно-логическая матрица (СЛМ) для анализа институтов государственного регулирования развития, проблем развития, определения системных мер государственного регулирования РР ($A=a [ij]$), представленная на рисунке 3.

	1	2	3	4	5	6	7	8
	a ₁₁	a ₁₂	a ₁₃	a ₁₄	a ₁₅	a ₁₆	a ₁₇	a ₁₈
	a ₂₁	a ₂₂	a ₂₃	a ₂₄	a ₂₅	a ₂₆	a ₂₇	a ₂₈
	a ₃₁	a ₃₂	a ₃₃	a ₃₄	a ₃₅	a ₃₆	a ₃₇	a ₃₈
	a ₄₁	a ₄₂	a ₄₃	a ₄₄	a ₄₅	a ₄₆	a ₄₇	a ₄₈
	a ₅₁	a ₅₂	a ₅₃	a ₅₄	a ₅₅	a ₅₆	a ₅₇	a ₅₈
	a ₆₁	a ₆₂	a ₆₃	a ₆₄	a ₆₅	a ₆₆	a ₆₇	a ₆₈
	a ₇₁	a ₇₂	a ₇₃	a ₇₄	a ₇₅	a ₇₆	a ₇₇	a ₇₈
	a ₈₁	a ₈₂	a ₈₃	a ₈₄	a ₈₅	a ₈₆	a ₈₇	a ₈₈

Рис 3. Структурно-логическая матрица (СЛМ) для анализа институтов государственного регулирования развития, проблем развития, определения системных мер государственного регулирования РР ($A=a [ij]$)[6]

Примечание: 1 - Институт законодательства, 2 - Институт Стандартизации, сертификации, нормирования и лицензирования, 3 - Институт Гражданского общества, 4 - Институт финансов, 5 - Институт прогнозирования, планирования, программирования, 6 - Институт информации, 7 - Институт традиций, 8 - Институт науки и образования

В Казахстане необходима дальнейшая реализация мер по реформированию научных и образовательных учреждений для развития «гендерной экономики», установлению нормативов для их финансирование государством, повышение оплаты труда работников, обеспечиваются стимулы для размещения в них заказов на проведение исследований, развитие малых предприятий, обеспечивающих специализацию научных разработок и их гибкость к требованиям рыночной среды.

Трансформация международного разделения труда, субъектов хозяйственной жизни, качественных сдвигов во взаимодействии национальных экономик с мировым экономическим пространством, систем регулирования экономики в процессе глобализации требуют новых гендерно-экономических, гендерно-финансовых, гендерно-экологических подходов к исследованиям, к изучению роли национальных инновационных систем и социально-экологических последствий глобализации.

Процессы глобализации и информатизации, интеграции Казахстана в мировое сообщество обуславливают усиленные влияния инновационного фактора на темпы экономического роста и эколого-экономическую устойчивость развития и, как следствие, решение проблем устойчивого развития **превентивной** «гендерной экономики».

Возрастающая конкуренция на внутреннем и внешних рынках, переход отечественных производителей на международные стандарты диктуют необходимость формирования институциональных предпосылок для создания и использования нововведений, усиления инновационной активности системы развития «гендерной экономики». Разработка и

осуществление научно-технической и инновационной, гендерной политики остается объектом государственного регулирования.

Библиографический список:

1. <https://kursiv.kz/news/mirovaya-ekonomika/2018-10/kazakhstan-zanyal-59-e-mesto-v-globalnom-indekse>
2. <http://www.zakon.kz/4805226-vneseny-izmeneniya-v-kvalifikacionnye.html>
3. <http://www.zakon.kz/4448841-zapasov-vodnykh-resursov-v-kazakhstane.html>
4. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 11 ноября 2014 г.
http://www.akorda.kz/ru/page/page_218341_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-11-noyabrya-2014-g
5. <http://kyzmet.gov.kz/kzm/page/index.html?pageId=4145>
6. Куатбаева Г.К. Государственное регулирование природопользования. МГУ. МАКС-ПРЕСС, М. 2004.
7. <http://24.kz/ru/tv-projects/zelenaya-ekonomika/item/174495-zelenaya-ekonomika-mnenie-mezhdunarodnykh-ekspertov-o-perspektive-ustojchivogo-razvitiya-nashi-strany>

ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІН ТАРИХИ ТАЛДАУ

Жүзтаева Б.Н.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

*Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы және дүниетанымдық пәндер кафедрасы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
zhuztaeva@mail.ru*

Әйелдердің қоғамдағы жағдайы – адамзатты ғасырлар бойы толғандырып келген мәселенің бірі. БҰҰ-ның мыңжылдық декларациясында ерлер мен әйелдердің теңдігі, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшінші мыңжылдықтағы адамзат дамуының мақсаттары ретінде айқындалып [1], өзінің маңыздылығы жағынан мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, азаматтық даму проблемаларымен бір қатарға қойылды.

Қазіргі кезеңде дүние жүзінде дамыған және әлеуметтік бағдар алған елдерде әйелдер өз құқықтары мен мүмкіндіктерін ерлермен тең болуына іс жүзінде қол жеткізді.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан Республикасы да ерлер мен әйелдердің заңды мүдделерін қорғау саласында белгілі бір дәрежеде ілгеріледі.

Қазақстан әйелдерінің қазіргі кезеңдегі әлеуметтік, экономикалық, саяси және құқықтық жағдайының тарихи алғышарттары кеңестік кезеңде қалыптасты.

Кеңес дәуірінде әйелдер қоғамның тең құқылы мүшесіне айналды, саяси азаматтық және экономикалық құқықтар алды. Кеңес өкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ әйелдер мәселесіне ерекше мән берілді, өйткені әйелдерге бостандық бермей, мемлекеттік қызметтің барлық саласына әйелдерді қатыстырмай жаңа қоғам құру мүмкін емес еді.

Кеңестік кезеңдегі әйелдерге қатысты мемлекеттік саясаттың мазмұны мен бағыттарына кешенді сипаттама беріп, тарихи талдау арқылы Қазақстанның қоғамдық өміріндегі әйелдер орнын анықтап, жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеу төмендегідей тұжырымдар жасалынды [2]:

- Әйелдердің қоғамдағы жағдайын жақсартуға ұмтылыс жасау идеясы (идеологиялық декларация) кеңес дәуірінің барлық кезеңінде партия мен мемлекеттің ағымдағы міндеттерін

іс жүзінде жүзеге асыруға икемделіп, соған негізделді. 1917-1991 жылдар аралығындағы кеңестік кезеңде әйелдерге қатысты мемлекеттік саясатының мазмұны мен бағыттары өзгерді.

- Әйелдер қоғамның белсенді өндіргіш күшіне айналды, олар қоғам өндірісінің барлық саласына қатыстырылды. 1980 жылдардың соңына қарай еңбек жасындағы әйелдердің 93 пайызы қоғамдық өндірісте еңбек етті. Негізінен тек қана «әйелдік» салалар пайда болды. Бұл салалар мемлекеттік бюджет қарамағында болды, яғни «қалдық» принципі бойынша қаржыландырылды.

- Қазақстан әйелдерінің тарихи-демографиялық келбеті өзгерістерге толы. Демографиялық дүмпу Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан соң күш алып, оның тасқыны 1962 жылы ең жоғарғы екпінге жетті де, 1970 жылдары қайта саябырлап, 1990 жылға дейін бір деңгейде сақталды. Қазақ әйелінің ұлт тарихы мен тағдырындағы ерлігі халықтың табиғи өсімін биік деңгейде сақтап қалды. Әйелдердің өндірістік және аналық функциялары әлеуметтік мәнге ие болды.

- Әйелдер білім алуының еркіндігі негізінде мамандықтарды игеріп, кәсіби еңбекпен айналысатын әйелдер саны көбейді, бірақ еңбек саласында кәсіби шектеуліліктер кең тарады. Кәсіби және қызметтік өсу есебінен жалақыны өсіру мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан әйелдер еңбек жағдайлары ауыр және зиянды жұмыс орындарына ауысты, ол денсаулыққа зиян болғанмен тұрақты материалдық жағдайды қамтамасыз етті.

- Тарихи талдау білім, ғылым саласында әйелдердің шын мәніндегі теңдікке, табыстарға жеткенін көрсетті. Кеңес өкіметі жылдарында оқытудың барлық түріне әйелдердің қолын жеткізуді қамтамасыз еткен түбірлі өзгерістер жүргізілді. Әйелдердің білім алуы халық шаруашылығында тиімді еңбек етудің құралы есебінде қарастырылды және сонымен бірге олардың интеллектуалдық әлеуеті толық жүзеге асырылмады, қоғам оны қажет етпеді.

- Әйелдердің еңбек ұжымдары шеңберінде қоғамдық қызметке тартылып, әлеуметтік белсенділіктері өсті. Бірақ саясат және мемлекетті басқару саласында әйелдердің рухани әлеуеті, білімі, белсенділігі, жұмысқа қабілеттілігі анағұрлым қажетсіз болды. XX ғасырдың соңында әйелдер мемлекеттік билік құрылымдарында негізінен техникалық жұмыстармен айналысты.

Кеңес дәуірінде әйелдер мәселесін шешуде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары төмендегідей болды:

- әйелдердің еркектермен заң жүзіндегі теңдікті қамтамасыз ету;
- қоғамдық өндірістік еңбекке кеңінен тарту;
- үй шаруашылығын қоғамдастыру, балаларды қоғамдық тәрбиелеу арқылы әйелдерді үйдегі тауқыметінен құтқаратын жанұялық саясат;
- мемлекетті басқаруға қатысу;
- оқу-ағарту және әйелдерге білім беру, олардың коммунистік тәрбиесі [3].

Бұл бағыттар өзара тығыз байланысты болды және қатар жүзеге асырылды.

Соғыстан кейінгі жылдарда қазақтар, оның ішінде қазақ әйелдері іргелі тарихи-демографиялық өзгерістерді бастан кешті. Республика экономикасы мен руханиятын ілгерілетуге олардың сіңірген еңбегі мол. Әрине, тоталитарлық жүйе қоғамдағы әйелдердің белсенділігі мен әлеуметтік практикасын әрқашан оң бағалай бермегені де ақиқат.

Кеңес дәуіріндегі Қазақстан әйелдерінің қоғамның дамуындағы ролін тарихи талдау әйелдердің материалдық өндірісте үлкен күшке айналғанын көрсетеді.

Бұл процестің басқа да жағы бар, іс жүзінде қалыптасқан әйелдер еңбегінің ауқымы мен сипаты көп жағдайда олардың мүмкіндіктерінің шегінен тыс болды. Әйелдердің еңбек белсенділігі саласындағы қол жеткен табыстармен қатар келеңсіз құбылыстардың да қордаланып, жинақталуына байланысты әлеуметтік мәселелер назар аудартты. Республика өндірісінде еңбек етушілердің басым бөлігін құраған әйелдер халық шаруашылығының еңбекке ақы төлеу дәрежесі төмен «дәстүрлі» салаларда шоғырланды. Заңға қайшы болса да түнгі кезекте жүрді. Басқарушы органдарда жоқтың қасы еді. Бұл проблемалармен қоса

әйелдердің мойнында үй, бала күтімі де қалды. Сонымен бірге жүйкеге жүк түсірер қиыншылықтар мен әлеуметтік өмірдегі келеңсіздіктер, бірқатар аймақтардағы экологиялық жағдайдың ауыртпалығы әлеуметтік жағынан аз қорғалған жандарды, әсіресе әйелдерді діңкелетті. Мұның бәрі қоғамдық өндіріске қатысу арқылы әйелдер әлеуметтік теңдікке қол жеткізді деген дәстүрлі көзқарасты теориялық жағынан қайта қарау және жыныстардың әлеуметтік теңсіздігін талдау қажеттігін туғызды.

Қоғамдық санада әйел бейнесі өндіріске бар күшін беруші еңбеккер ретінде қалыптасты. Бұқаралық көпшілік құралдары қол жеткен жетістіктер туралы ғана айтты. Нәтижесінде ондаған жылдар бойы мәселе шешілмей бірінің үстіне екіншісі жамалып, қордалана берді. Әйелдер мәселесіне көзқарас барлық уақытта әлеуметтік практикадан алынған жоқ, ол қоғамдық дамудың үрдістері мен қайшылықтарын көрсетті.

Қазақстан егемендік алған жағдайда әйел мәселесін шешу күн тәртібінен түскен жоқ. Бірақ ол жеке адамдардың немесе әйелдердің тікелей тілегі бойынша емес, дамудың объективті тарихи процесіне сәйкес, қоғамдық дамуға қатысу ауқымы мен сипатына байланысты. Қазіргі заманға лайық шешудің жаңа жолдары іздестіріліп, әйелдер жағдайын зерттеудің жаңа ғылыми жүйесі қалыптасты.

1990 жылдардың басында Қазақстанда республика халқының басым бөлігін құрап отырған әйелдердің мүддесін қорғайтын тәуелсіз әйелдер ұйымдары қалыптаса бастады. Тәуелсіз әйелдер қозғалысының қалыптасуы біздің ел үшін жаңа құбылыс болды. Өйткені кеңестік кезеңде барлық әйелдер ұйымдары жұмыстарына тыйым салынып тәуелсіз әйелдер қозғалысы тиылды. Әйелдерді жаңа өмірге қатыстыру олардың құқықтары мен міндеттерін оқытуды кеңестер елі толығыменен өз қолына алған болатын.

Қазақстандағы әйелдер қозғалысының дамуына талдау жасай отырып екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең - 1990 жылдан 1998 жылға дейін, екіншісі – 1998 жылдан бүгінге дейінгі кезең. Бірінші кезеңге тән сипатты нәрсе тәуелсіз ұйымдардың өз күштерін алғаш сыннан өткізуі, команда топ құру, өз аймағындағы ұқсас ұйымдармен байланыс орнату болды [4].

Әйелдердің құқығы, өтпелі кезеңдегі әйелдер жағдайы, әйелдерді кәсіпкерлік қызметтерге тарту, көп балалы аналар, жеке басты әйелдер, жарымжан, кемтар әйелдер мәселелеріне қоғамның көңілін аудару болды. Осы кезеңде Алматы қаласында жиырмаға жуық әйелдер ұйымы заңды түрде тіркелген еді және түрлі ынталылар тобының аз ғана бөлігі ресми тіркелуге дайындық жұмысын жүргізіп жатты.

1995-1996 жылдардағы республикадағы жалпы жағдай тәуелсіз әйелдер ұйымдары жұмыстарына өзгеріс әкелді. Олар әлеуметтік бағдарламалар жағына бет бұрды. Қатарына халықтың әлеуметтік жағынан кем қорғалған топтары – жалғыз басты қариялар, мүгедек балалар т.б. жанұя проблемалары саласында бұрыннан жұмыс жасап жүрген, бірақ өздерін әйелдер ұйымдары деп атамайтын әлеуметтік бағыттағы ұйымдар да қосылып отырды. Тұрғындардың неғұрлым қорғалмаған топтарына қолдау көрсетуге өз бетінше қаражат табуға мүмкіндігі бар ұйымдар пайда болды. Спонсорлық көмек, шетел қорларының гранттары, мүшелік жарналар пайдаланылды, аймақтарда өкілдіктері ашылды. Тәуелсіз әйелдер ұйымдары басшылары шетелдік қорлар ұйымдастырған тренингтерде өз ұйымдарын нығайту үшін оқып үйренді. Орталық Азия үшін ортақ информациялық торап құрып /КАЗДИН, Интерлегал/ бюллетень шығарып, аймақ аралық конференциялар ұйымдастырды, оған американдық және еуропалық құрылымдардың аймақтық өкілдіктері инициатор болды.

Әйелдердің тәуелсіз ұйымдары бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста жұмыс істеп әйелдер мәселесін қоғамдық пікір мен мемлекеттік саясатқа енгізуде үлкен роль атқарды. Тәуелсіз әйелдер қозғалысының дамуы және билік етуші құрылымдар позициясын көрсететін мемлекеттік әйелдер ұйымдарының белсенді әрекет етуі нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президенті жанынан 1998 жылы Жанұя, әйел және демографиялық саясат жөніндегі кеңес құрылды. Кеңестің құрылуымен Қазақстан Республикасы әйелдері жағдайы мәселесі жөнінде ұлттық мемлекеттік саясаттың қалыптасуы басталды. Осы кезеңнен бастап

«гендер» ұғымы айналымға еніп, мемлекеттік саясатта гендерлік даму принциптерінің даму элементтері енгізілді.

1998 жылы Қазақстан БҰҰ-ның әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенциясына қосылды. БҰҰ-ның «Әйелдердің саяси құқықтары туралы» және «Тұрмыс құрған әйелдің азаматтығы туралы» конвенцияларда бекітілді. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт пен экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы пактіге және тағы басқаларына қол қойылды. Қазақстан адам құқықтары туралы барлығы 60-тан астам халықаралық шартқа қосылды.

1999-2001 жылдар мемлекеттің саясатта жүргізуде қатысуы тереңдеп әйелдердің саяси өкілдігіне қолдау көрсетуімен ерекшеленді. Алғашқы саяси партия - Қазақстан әйелдерінің демократиялық партиясы 2001 жылы Қазақстан әйелдері ұйымдарының саяси альянсы негізінде құрылды. Осы кезеңде республикада 150 үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істеді және арнайы орталықтар мен гендерлік зерттеу топтары пайда болды [6].

Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі ерекшелігі гендерлік проектiлердiң инициаторы мемлекет болып отырды.

Үкіметтің 2003 жылғы 27 қарашадағы №1190 қаулысымен Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасы мақұлданды. Ол еліміздегі гендерлік саясаттың негізгі бағыттарын – ерлер мен әйелдердің билік құрылымдарына теңгерімді қатысуына қол жеткізуді, әйелдердің экономикалық тәуелсіздігі, өз бизнесін дамытуымен мансап жолында ілгерілеуі үшін тең мүмкіндікті қамтамасыз етуді, отбасындағы құқықтар мен міндеттердің тең жүзеге асырылуы үшін жағдайлар жасауды, жыныс нышаны бойынша зорлық-зомбылықтан азат болуды мойындады. 2004 жылы қыркүйекте Астана қаласында өткізілген Қазақстан әйелдерінің ІҮ форумында ел президенті үкімет пен Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияға аталған тұжырымдаманың негізінде Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдік стратегиясын әзірлеп, онда экономикалық, әлеуметтік және саяси салаларды қоса алғанда қызметтің негізгі бағыттарын анық белгілеу әйелдерге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін шаралар жүйесін мерзімдері бойынша әзірлеуді тапсырды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы №1677 Жарлығымен 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы бекітілді. Бұл стратегияны жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия жемісті жұмыс атқарды.

Қазақстанда гендерлік теңдік мәселесі мемлекеттік деңгейде көтерілгенімен оны толыққанды қабылдауға қоғам әлі дайын емес. Сондықтан әйелдер жағдайын жақсартуға қатысты төмендегідей ұсыныстар бергенді жөн көрдік:

Жанұялық жауапкершілікті ерлер де қоса көтергенін қалаймыз, ол үшін әйелдермен қатар ер азаматтарға да бала күту үшін ақылы демалыс беру керек.

Әйелдер мәртебесін көтеруге қатысты қоғамдық сананы қалыптастыру мақсатымен мектеп бағдарламасында арнайы курстар ұйымдастырып, олар жаңа көзқарас тұрғысынан оқытылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияға мемлекеттік мәртебе беру қажет, сонда ол қаржыландыру жүйесі бар мемлекеттік ұйымға айналады.

Қорыта келгенде, әйел мен балаға қамқорлық сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрінуі тиіс, бұл салада кеңес өкіметінің өмірде өзін ақтаған тәжірибесін екшеп алса жаман болмас еді. Әйелдердің өткен және бүгінгі тарихи процестердегі рөлін, әйелдер мен гендерлік тарихты зерттеудегі ұлттық және халықаралық тәжірибені талдап қорыту, елдің әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына әйелдердің үлесін түйіндеу бүгінгі күнгі осы мәселемен айналысатын ғалымдардың басты мақсаты болып отыр

Библиографиялық тізімі:

1 Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 годы // Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. – Астана: Редакция правительственных изданий, 2005. – № 41. – 600 с.

2 Жүзтаева Б.Н. Қазақстанның әйелдерінің қоғам дамуындағы ролі: тарихи талдау (1946-1991 жж.): тар. ғыл. канд. дисс. автореф. – Астана, 2010. – 25 б.

3 Хасбулатова О.А. Обзор опыта советской государственной политики в отношении женщин // Гендерная реконструкция политических систем. – СПб.: Наука, 2004. – 385 с.

4 Нысанбаева А.М. Политические аспекты деятельности женских организаций Казахстана. Автореферат дисс: Алматы, 2004. С. 15.

5 Ахметжанова Г.К., Жансугурова Ж.А. К проблеме институционализации женского движения // Саясат. 1997 №11. С. 23.

6 Женские организации, проекты инициативы в Казахстане. Алматы, 2000.

МОНЕТАРНЫЙ ПРОНАТАЛИЗМ: СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА СЕМЕЙ С ДЕТЬМИ И СТИМУЛИРОВАНИЕ РОЖДАЕМОСТИ

Спанкулова Л.С.

Алматинский технологический университет

доктор экономических наук, профессор

г. Алматы, Республика Казахстан

spankulova@mail.ru

Цели проводимой семейной политики в Казахстане предполагают существенную трансформацию репродуктивных стратегий населения. Тем не менее, как соотносятся цели и применяемые для их достижения средства? Проанализируем степень осведомленности населения о новых мерах репродуктивной политики по повышению рождаемости и выявим ожидаемые изменения в репродуктивном поведении.

Теоретические основания исследования

Изучая политику повышения рождаемости и ее результаты в постсоветских странах, мы исходим из теоретических оснований, сформулированных в ходе предшествующих исследований [1]. Во-первых, ни одна из существующих мер не дает значительного повышения рождаемости, и они адресованы различным группам населения, поэтому политика, направленная на повышение рождаемости, должна быть комплексной. Во-вторых, следует отметить, что в работах, оценивающих влияние на рождаемость определенных инструментов семейной политики, традиционно упускается из виду вопрос реакции населения на предложенные государством меры. Предполагается, что потребности людей в детях недостаточно реализуются, так что снижение прямых затрат на их воспитание или альтернативных издержек рождения детей для женщин обязательно, приведет к увеличению числа рождений. В то же время имеется в виду, что население полностью осведомлено о государственных программах для семей с детьми и нововведениях в семейной политике. А когда очень низкая рождаемость сохраняется в течение длительного периода времени, идеальные репродуктивные установки населения начинают меняться: люди уже меньше хотят заводить детей или вовсе предпочитают бездетность [2].

Важным показателем семейного поведения является занятость матерей, состоящих в браке. В посткоммунистических странах наблюдается самая большая доля матерей, имеющих полную занятость – около 64%. Во-первых, это объясняется тем, что гендерный контракт «работающая мать» был доминирующим для социалистических стран. Во-вторых, отсутствие должной поддержки со стороны государства и нежелание работодателей предоставлять женщинам, имеющим детей, возможность трудиться неполный

рабочий день, часто вынуждает матерей к полной занятости. Ряд исследователей объясняют этот результат таким явлением, как патриархатный ренессанс [3], когда женщина добровольно отказывается от экономической независимости в пользу патриархальной модели семьи, то есть семьи с одним кормильцем.

В последние годы страны с высоким уровнем женской занятости демонстрируют более высокую рождаемость. Страны, где работающих женщин по-прежнему немного, отличаются низким уровнем рождаемости [4]. В странах с более высокой рождаемостью выше доступность оплачиваемых отпусков по уходу за ребенком, шире охват, особенно детей до трех лет, детскими дошкольными учреждениями. С другой стороны, на микроуровне удается установить лишь очень слабое влияние на рождаемость пособий для детей и других денежных выплат семьям с детьми, а также оплачиваемых отпусков по уходу за детьми, которые, прежде всего, приводят к более раннему рождению детей. Связь между рождаемостью и развитостью услуг по уходу за детьми на микроуровне неустойчива и противоречива. Основой статьи выступает социологическое исследование, проведенное в июле 2017 года в городе Алматы, в фокусе которого находились вопросы взаимосвязи между выплачиваемыми государством социальными пособиями и выплатами на детей. Общая характеристика респондентов, состоящих в браке и имеющих детей. В интервью принимали участие женщины, родившие второго ребенка в последние два года, в возрасте от 18 до 42 лет. Были опрошены 12 женщин в возрасте 20-29 лет и 12 женщин в возрасте 30-40 лет. Также был проведен опрос женщин в возрасте от 18 до 42 лет, не имеющих второго ребенка, в нем приняли участие 12 женщин в возрасте 20-29 лет и 12 женщин в возрасте 30-40 лет.

Сравнительный анализ законодательных документов в области социальной политики

Одним из наиболее важных аспектов в социальной политике является ее законодательное регулирование. В системе социальной защиты населения вопросы социальной поддержки семей с детьми занимают важное место. Данные вопросы четко отражены в национальном законодательстве, отвечающем международным требованиям. Это Законы «О государственных пособиях семьям, имеющим детей», «О государственной адресной социальной помощи», «О жилищных отношениях», «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан», «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», «Об обязательном социальном страховании» и иные нормативные правовые акты Республики Казахстан. Указанными законами регулируются права детей на государственную социальную поддержку и соблюдение государственных, минимальных, социальных стандартов, направленных на улучшение их жизни.

Общее отношение к семейной политике

Анализируя собранные нами тематические глубинные интервью, мы выявили, что респонденты, в целом, согласны с тем, что есть поддержка со стороны государства. Однако большинство из них считает размер детских пособий мизерным. Так, на вопрос «Что вы думаете о детских пособиях и пособиях по уходу за ребенком?», женщины отвечали примерно таким образом: «То, что они есть – это, конечно, правильно и необходимо, но их размер смешон, особенно в нынешних условиях» (Д., 36 лет). Респонденты объясняют это дороговизной детских вещей, питания, игрушек, медицинских услуг. Как показали результаты неформального интервью, мнения респондентов разошлись в вопросе стимуляции женщин детскими пособиями на рождение ребенка. Были следующие высказывания: «Я считаю, что пособия стимулируют женщину стать матерью, особенно неработающих женщин» (А., 24 года). «Пособие не стимулирует женщин рожать детей, потому что такой суммой невозможно покрыть все расходы на ребенка» (М., 42 года). Из ответов можно сделать вывод, что материальное положение женщин в определенной степени влияет на рождаемость. На решение о рождении ребенка пособие на детей имеет большое значение среди бедных семей. Особенно это касается рождения третьего, четвертого, пятого ребенка. В ходе проведения фокус-групп с бедными семьями выявилось, что пособия,

которые выдаются на ребенка, используются семьями для того, чтобы закупить уголь, продукты питания. Они рассчитывают на это пособие, и без него им крайне сложно прожить. Однако большинство респондентов считает, что детское пособие и пособие по уходу за ребенком никак не могут быть главными факторами при принятии решения стать матерью. Причиной такого мнения также являются незначительный размер пособия и срок его предоставления – выплаты, то есть только в течение одного года. На вопрос: «Являлась ли возможность получения детского пособия и пособия по уходу за ребенком для вас лично важным фактором при принятии решения стать матерью?» прозвучали следующие ответы: «Лично для меня – нет, и никогда не являлось, хотя они вселяют некоторую уверенность и защищенность, но, увы, совсем крохотную. Единственное, что я для себя решила, что при принятии решения о рождении детей, все-таки нужно женщине заранее узнать всю информацию о государственной поддержке матерей, потому что после родов приходится рассчитывать только на нее в отдельных случаях. Для себя я решила, что у меня будет трое детей, и третьего ребенка буду заводить по истечении двух лет после рождения второго ребенка, так как только в этом случае я смогу рассчитывать на максимальное детское пособие, которое хоть каким-то образом поможет покрыть первичные необходимые потребности с рождением ребенка» (Д., 36 лет). «Если бы совсем не было пособий, я, наверное, нашла бы способ заработать деньги» (В., 29 лет). После родов молодые мамы часто бросают работу. Доходы семьи падают. Картина достаточно выразительная. Пособия по уходу за ребенком могли бы стать стимулирующим фактором, если бы их размер был намного больше, и срок выплаты был больше, чем в течение одного года. Результаты интервью показывают, что большинство семей в своих репродуктивных планах рассчитывает только на свои силы. В ходе неформального интервью также была затронута тема материнского капитала. Если рассмотреть практику стимулирования женщин на рождение детей в России, то там материнский капитал с полным основанием можно отнести к успешно реализованным социальным проектам [5]. Казахстанские респонденты уверены, что материнский капитал был бы безусловным стимулом для женщин. Ответ одного из респондентов, не имеющего второго ребенка, относительно материнского капитала: «Если наше Правительство утвердит материнский капитал, это бы однозначно увеличило рождаемость в Казахстане. Материнский капитал был бы дополнительным стимулом для женщины» (Л., 40 лет). «О каком материнском капитале вы говорите?! Разве у нас, в Казахстане есть вообще такой термин? Я не считаю, что выплата государством единовременного детского пособия и пособия по уходу за ребенком до года является материнским капиталом. То, что он должен быть – это бесспорно! Но кто заботится об этом, в том же правительстве?» – задается вопросом респондент, у которого двое детей. Касательно пособия на ребенка возникают спорные моменты. Во-первых, если говорить о пожеланиях женщин относительно пособия на ребенка, они единогласно выражают мнение о необходимости повышения размера пособия: «Необходимо пересмотреть размеры детских пособий и пособий по уходу за ребенком, если государство все-таки хочет превратить их в один из стимулов повышения рождаемости. К вопросу о детских пособиях, размер которых и так невелик, но он почему-то начинает расти только после третьего ребенка, как вообще понимать это?! Как они могут служить стимулом? А если по медицинским показаниям женщина не может иметь больше двух-трех детей, хотя очень хотела бы? Что за дискриминация такая? Хотела бы предложить в 2 или 3 раза увеличить пособия» (З., 30 лет). В нынешних условиях, когда цены на продукты первой необходимости для детей растут, этот вопрос является очень важным. Вот что думают об этом респонденты: «На более «хорошие» пособия могут рассчитывать только работающие женщины, и то, если у них высокие доходы, но даже в этом случае, максимальный размер пособия ограничен, а что делать женщинам, которые заняты в домашнем хозяйстве, или попросту не имеют возможности работать? Непонятна такая дискриминация. Получается, что рожать должны только работающие женщины? Абсурд какой-то...» (С., 32 года). Во-вторых, женщины считают, что срок выплаты пособий очень короткий. Прозвучали разные мнения по этому

поводу: «Необходимо обязательно пересмотреть сроки выплат пособий по уходу за ребенком – считаю, что они должны выплачиваться до трех лет, ведь очередь в детский сад подходит именно к этому возрасту ребенка. Хотя, конечно, не все женщины берут трехлетний перерыв, но ведь есть женщины, вынужденные брать такой отпуск, другими словами, существует много причин, но каждая женщина должна сама решать, сколько необходимо «сидеть» с ребенком дома, а государство обязано поддерживать матерей в любом случае» (Ж., 28 лет). Результаты глубинного интервью показали, что респонденты будут тратить пособие только на нужды детей, так как на остальное их просто не хватит. «Такую сумму можно потратить разве что на покупку коляски и вещей, получив деньги только за несколько месяцев. Я не стала трогать эти деньги и накопленную сумму за весь год положила на депозит для ребенка» (А., 29 лет). «Для моего ребенка нужен братик или сестренка. Принятие решения завести ребенка не должно упираться в финансовые проблемы» (Д., 41 год).

Заключение

Респонденты, в целом, согласны, что есть государственная поддержка и «чувствуется» некая финансовая защищенность при рождении ребенка. По результатам неформального интервью можно сделать вывод, что женщины при планировании детей, во-первых, в основном, полагаются на собственные силы, т. е. на возможности семьи и семейного бюджета. Поддержка со стороны государства в виде пособий в нынешних экономических условиях стимулируют только женщин из бедных семей. Размеры пособий для неработающих женщин настолько малы, что их едва хватает на приобретение необходимых вещей и на медицинские услуги по уходу за ребенком. По мнению большинства опрошенных женщин, если Казахстану перенять опыт России с назначением материнского капитала, эти меры помогли бы повысить рождаемость в стране.

Библиографический список:

1. Синявская О. В., Головляница Е. Б. Новые меры семейной политики и население: будет ли длительным повышение рождаемости? Независимый институт социальной политики. М.: НИСП, 2009, с. 205–246.
2. Goldstein J., Lutz W. and Testa M. « The emergence of replacement family size ideals in Europe ». Population Research and Policy Review 22(5-6). 2003. P. 479-496.
3. Пфау-Эффингер Б. Опыт кросс-национального анализа гендерного уклада. Социол. исслед. 2000, № 11.
4. United Nation, Department of Economic and Social Affairs, Population Division (2011). World Fertility Policies 2011. Wallchart – United Nations, 2011. P. 314–326.
5. Бороздина Е. А., Здравомыслова Е. А., Темкина А. А. Как распорядиться «материнским капиталом» или граждане в семейной политике. Социол. исслед., 2012, № 7. с. 25–34.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙРАТКЕР ҚЫЗЫ

Сүндетұлы Қ.

*«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері
кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» ҚБ төрағасы,
тарих ғылымдарының кандидаты*

Ертүгел Г.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
6M011400- тарих I курс магистранты*

Майра Тұрғанқызы Амантаева! Есімі республика асып, әлемнің шартарапына тарап кеткен белгілі қоғам қайраткері, кәсіподақ қозғалысының белді жетекшісі, қазақтың қайсар

қызы туралы әңгіме қозғау бір мақаланың аясына сыймаста еді. Оның барлық ғұмыры республика кәсіподақ ұйымының қалыптасуымен тығыз байланысты. Міне, енді Қазақстан Республикасы білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының басшылығына келгеніне де 28 жылдың да жүзі болып қалыпты.

Бәрі де сол Одақтық сайлауға түскенінен басталғанды. 1974 жылы 16 маусым күні КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланған қазақтың қаршадай қызы сол Кремль мінбесінен тарихи сөз сөйлеп, 1977 жылы ең соңғы КСРО Конституциясының қабылданар сәтінде «Рухани байлықтар азаматтардың ізгілікті және эстетикалық тәрбиесі үшін пайдалануы тиіс» деген 26-бапты енгізген еді. Кейін Кеңестер Одағының саяси өкілі ретінде шер шарын аралап, саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді дамытуға өз үлесін қосқан жан.

Еліміздің кітап оқырмандарының қолына М.Т. Амантаеваның ғұмырнамасына арналған «Өмір өткелдері» атты ғұмырнамасы тиді. Еліміздің дамуына елеулі үлес қосқан қайраткердің аталмыш естелік шығармасы өз өмірінен сыр шертіп, жас ұрпаққа ұлағатты өсиеттерін қарапайым тілмен еш боямасыз жеткізе білген. Бұл жөнінде автордың «Өмірдегі жүріп өткен жолдарымда сайрап жатқан кедірі мен бүлдірі, соқпағы мен сүрлеуі, жазығы мен ойпаты ой-орамынан ойып тұрып орын алған»,– дей келе, еріксіз қаламын қолына алғанын оқырман есіне салады[1,6 б.].

Балалық шағы Ұлы Отан соғысынан кейінгі өмірдің қиыншылығына тап болған қыздың әкесі мен аталарының тағдыры туралы әжесінен естіген әңгімесін ағынан сыр ақтарады. Соғыстан жаралы оралған әкесінің еңбек жолдарынан үзінділер келтіріп, көпбалалы отбасындағы тазалыққа, адалдыққа, имандылыққа сүйенген тәрбиесін кейін есейген шағында да өмірлік ұстанымы болғанын мақтаныш етеді. Мамандық таңдаудағы әкесі Тұрғанның қатты ықпалы болғандығын, сөйтіп геолог емес математика пәнінің мұғалімі атанған тұсын оқығанда еріксіз ризашылдыққа бөленесіз.

Майра Тұрғанқызы өз естелігінде үлкен өмірге аяқ басқаннан кейінгі жолдарына ой тастап, таразы тартады. Ауыл мектебіндегі мұғалімдердің өлшеусіз еңбегіне тоқталып, олардың әлеуметтік ахуалын, тұрмыс-тіршілігіне алаңдаушылық білдіреді. Осы тұста өмір өткелдерінде алдынан жолыққан заңғар тұлғалар мен тағылымы мол жандардың ақыл-кеңесіне сүйенеді. Олардан алған тәлім-тәрбие Одақтың депутаты, республика кәсіподақ ұйымын басқарған сәтте игілікке асады. Мұңайғанды жұбатып, қамыққанды қамқорлай білген М.Т. Амантаева 1995 жылдан кәсіподақ жұмысына араласып, оның қалыптасуы мен дамуына бар күш-қайратын салып келеді. Басты мақсат – білім саласында еңбек кодексінің бұзылмауына жол бермей, қызметкерлердің еңбек ақыларын көтеру, еңбек қауіпсіздігін сақтау, баспана мәселесін шешу, денсаулықтарын күтуіне жәрдемдесу және олардың балаларының да емделуіне көмек беру. Осы орайда талай министрліктердің есігін тоздырып, күрделі мәселелерді шешуде Парламент депутаттарымен байланыста болып, қоғам мәселесіне назар аударып, қабылданған заң жобаларын жетілдіруде комиссия мүшесі ретінде көп еңбек сіңіреді. Кітапта автор былай деп жазады: «Білім және ғылым саласында жаңа заң қабылданып, жаңа тармақ өмірге келді. Бұл әлеуметтік кепілдік ретінде мұғалімдер беделін көтеру мәртебесі болатын. Кәсіподақ сенімі мен қолдауын пайдалана отырып, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалымен, мұғалімдер құқығын қорғауда көптеген жетістіктерге қол жеткізілді. Еліміздегі барлық облыстар мен аудандарды, қалалар мен ауылдарды аралап, мәселелерді шешу жолында шынайы күрес жүргізілді» [1,43 б.]. Күрес демекші, Майра Тұрғанқызының өмір жолы күрестен тұратынын аңғаруда қиын емес. Бұл жолда ешкімнен қорықпай, жасқанбай, тік мінездік танытып, туындаған мәселелерді шешуде топты жарып сөз сөйлегенде жұртшылық назары түгелімен шешенге ауатын. Алдынан кездескен қиыншылықтарға мойымай, темірдей тәртіпке бейім мінезімен қайсарлық танытатын. Сол үшін «қазақтың қайсар қызы» деп атануы тегін емес еді. Бұның айғағы ретінде кітаптың «Өткен күннің белгілері» атты тараушаны оқысаңыз жеткілікті.

Ал, енді тұңғыш рет ҚР БжҒ қызметкерлері кәсіподағының 2010 жылы 20 ақпанында Халықаралық білім кәсіподақ ұйымының шақыруымен АҚШ-тың Нью-Йорк қаласына

барған сапары да естен кетпес әсерлі оқиға болды. Қаланың биік-биік зәулім үйлері, қызылды-жасылды шамдар, жарық-жұрық еткен жарнамалар, құбылмалы су бұрқақтары, сапырылысқан көліктер, сендей соғысқан жаяу жүргіншілер, азан-қазан болып жатқандығын көргенде еріксіз таңғалғандығын жасырмайды. Ертесіне Біріккен Ұлттар Ұйымының 55-сессиясының мәжілісіне қатысып, дүниежүзі әйелдерінің мәселелері мен оны шешу жолдарындағы пікірталасқа құлақ түреді. БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун бастаған, өзгеде әлемдік деңгейдегі қоғам қайраткерлерінің мәнді де мағыналы сөздерін тыңдайды. Аштық пен жалаңаштық, ауру мен қайыршылық үстем құрған, саяси билік арасындағы жанжалдан туындаған азматтық соғысқа бой берген Африка, Араб елдері, Азияның көптеген елдеріндегі әйелдер мен балалар өмірі туралы әңгіме естігенде Қазақстандағы жағдайдың ұшпақ екендігіне «тәубе» деседі.

Саясаткерліктен мол тәжірибе жинақтаған автор өзі жетекшілік етіп отырған республика салалық кәсіподақ ұйымының әлемнің басқа елдерімен де тығыз байланыста болғандығы туралы да әңгіме қозғайды. Кітаптың «Халықаралық қызмет» деген тараушасынан ҚР БжҒ саласы қызметкерлер кәсіподағы 159 елдің 313 ұлттық ұйымын біріктіріп, мүшелерінің саны білім саласындағы 30 миллионды құрайтын 2001 жылдан Халықаралық білім ұйымының (МОО) мүшесі екендігін оқып, білдік. Жыл сайын өткізілетін семинарлардан білім саласындағы кәсіподақ ұйымдарының рөлін арттырудың жолдары талқыланып, оны жақсартудың шаралары жасақталатын. Әсіресе, Малайзия еліндегі білім жүйесінің жәйі, білім берудің құрылымы мен мазмұны, мұғалімдердің мақсат-мүдделерін қорғау бойынша кәсіподақ ұйымдарының қызметі, оларды қаржылай қолдауы, кәсіподақ ұйымдарының құрылымы, салымдар мен төлемдер жөніндегі іс-тәжірибелерін республика салалық ұйымында да жүзеге асыру шарасы жасақталғанынан хабардар етеді.

Майра Тұрғанқызы, республика атынан және аймақтардағы білім саласы кәсіподақ жетекшілерінің Бельгия, Тайланд, Түркия, Бразилия, Болгария, Канада, Румыния, Қырғызстан және т.б. елдерде өткен Халықаралық білім ұйымының конференциялары мен конгресстеріне қатысып, әлемдегі мұғалімдер мен балалардың тағдыры туралы, барша елдердің бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтудағы өз әріптестерімен ой бөліскендігі туралы да жолдар бар. Осы тұста мен өткен жылы Майра Тұрғанқызы басқарып барған Түркияның Анталья қаласына бір топ қазақстандық ғалымдарымыздың іс сапары туралы айтпасақ болмайтындығын қаперге бергім келеді.

Сапар барысында Майра Тұрғанқызының Отанына шын берілген патриот, жүрегі тұнып-тұрған имандылық, жаны сұлу, ой өрісі биік, жүріс-тұрысынан жоғары жинақылықты, темірдей тәртіпті ұнататын, жанарынан от ұшқындайтын адам екенін ұқтым. Әңгімелескен сәтте жан-жақты білімді, көргені көл, ойы ұшқыр, сөз арасында қазағымның аталы сөздерін қосып жібергенде оның орақ тілді, от ауызды шешендердің сарқыты ма деп қаласың ?!

Ал енді Түркия сапарына қайта орала кетсек. Өткен жыл ЮНЕСКО шешімімен – Қожа Ахмет Ясауи жылы деп жарияланғандықтан, 2016 жылдың желтоқсан айының 1-4 аралығында Анталья қ. Еуразиялық халықаралық білім беру кәсіподағы (ЕврАзПОПО) мен Түркия білім беру кәсіподағы (TurkEgitim-Sen) «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағымен бірлесе педагогика және әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша Түрік әлемі Халықаралық конференциясын өткізген болатын. Халықаралық конгреске Түрік әлемі ғалымдары мен кәсіподақ ұйымы белсенділерінен 900-ге жуық адам қатысып, барлығы 1080 баяндама түсті. Қазақстан Республикасы атынан да 20 баяндама жасалды. Алғашқы пленарлық мәжіліс Анталья қ. Топкапи қонақүйінің «Османлы Бало» атты үлкен залында өтті. Конгрессті кіріспе сөзбен ашқан Түркия біріккен кәсіподақ ұйымының Бас хатшысы Исмаил Конжук әлемнің әр түкпірінен жиналған қонақтарға ризашылдығын білдіріп, конференция жұмысына табыс тіледі. Мұнан әрі модератор құттықтау сөзді алғашқы етіп Қазақстан салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының төрайымы Майра Тұрғанқызы Амантаева ханымға беріледі деген сәтте, бүкіл зал толы қонақтар орындарынан тұрып дүркірете қол соқты. Мәжілісте отырған қазақстандық

ғалымдардың барлығы да бұл құрметті жетекшімізге ғана емес, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевқа және барша қазақ халқына көрсетілген құрмет деп ұғындық[2].

Майра Тұрғанқызы барлық жиынға қатысушыларды республика салалық кәсіподақтар атынан қызу құттықтап, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың түркі әлеміндегі бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайтудағы сарабдал саясатымен кеңірек таныстыра келіп: «Біздің елімізде тұңғыш мемлекеттік ресми идеология жарияланды. Бұл – Қазақстан Республикасының ұлттық идеясын білдіретін түйін-тұжырым. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея дүние есігін ашты. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы. Бұл барша қазақстандықтардың патриоттық ұраны десек, еш қателеспейміз»,–деп сөзін аяқтады[3].

«Өмір өткелдері» атты кітаптың IV бөліміне «Баспасөз беттерінен шолу» деп атау тағылып, әр жылдары мерзімді баспасөз беттерінде автордың жарияланған мақалалары мен ол туралы жазылған очерктер, сұхбаттар топтастырылған. Олардың арасынан «Высокое призвание учителя» («Казахстанская правда», 26.10. 2015), «В интересах казахстанского народа» («Қазақстан кәсіподағы», 12.02. 2016), «Мұғалім мәртебесі – өркениеттілік өлшемі» («Егемен Қазақстан», 1.10. 2016) және т.б. мазмұны мен стилі жағынан көркем, әрі бай туындылар. Мысалы, республиканың бас газеті «Егемен Қазақстанның» арнаулы тілшісі С.Мәметке берген сұхбатын оқи отырып, кейіпкеріміздің білім саласында қызметкерлердің мұңын жоқтайтын, барын бағалайтын шын жанашыр адам екенін мына жауабынан-ақ дәл ұғынасың: «Атам қазақ «Қыран құс ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді. Шынында, бала өмірінде мұғалімнің орны бөлек. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Ұлттық сезім, ұлттық намыс, ұлттың рухани құндылықтары, тіпті қарапайым ғана үлкенге құрмет, кішіге ізет тәрізді кісілік қасиеттер – барлығы баланың мектеп қабырғасында қандай білім, қандай тәлім-тәрбие алып шыққанына тікелей байланысты. Осыдан-ақ ұстаз еңбегінің ерекше екені көрініп тұр ғой. Бірден айтайын, ұстаз мәселесін, ұстаз мәртебесін толығымен билікке артып қоюға болмайды. Қоғам болып шешуге атсалысып, қызмет етуіміз қажет. Себебі, мұғалім оқытып жатқан ұл мен қыз елдің ертеңі, ұлт болашағы» [4].

Қазақта «Ұстазы бардың ұстамы жақсы» деген сөз дәл Майра Тұрғанқызына қарап айтылғандай. Жұмыстас болған әріптестерінің барлығы дерлік апайымызды өте ізденімпаз, талапты, терең ой-пікірлі, ұқыпты, еңбекқор, қарапайым да инабатты, талапшыл ұстаз деп бағалайды. Жасыратыны жоқ, кеңестік заманда кәсіподақтың беделі өте жоғары болғаны есімізге түседі. Кеңес үкіметінің іргесі сөгіліп, нарық ентіге кіргенде біраз ұйымдар, оның ішінде компартиядан бастап біраз қоғамдық ұйымдар тарап кеткені бар. Бірақ сол қысылтаяң, қиын заманнан аман есен шығып жүрісінен танбай келе жатқан ұйым, қазақтың қайсар қызы М.Т. Амантаеваның есімімен абыройы асқақтап тұр. Бүгінде оның есімі еліміздің түкпір-түкпіріндегі білім беру ұжымдарында құрметпен аталады. «Бір адам қазған құдықтан мың адам су ішеді» деген аталы сөз бар, ҚР Білім және ғылым саласы қызметкерлері кәсіподағының төрайымы, Еңбек Қызыл Ту, Құрмет ордендерінің иегері, Қазақстанның Еңбек сіңірген қызметкері Майра Тұрғанқызы Амантаева жүріп өткен өмір өткелдері баршамызға үлгі болып қала бермек.

Библиографиялық тізім:

1. Амантаева М.Т. Өмір өткелдері. // «Астана» баспасы, 2017. – 420 б.
2. Айгүл Ертілеуова. Бізді бірінші болып таныған ел – Түркия. // «Атырау». – № 98. 15.12. 2016 ж.
3. Құлжанов Қ. Түркі әлемі ғалымдары бас қосты. // «Білімді ел•Образованная страна». – № 24 (61) 27. 12. 2016 г.
4. Мәмет С. Кәсіподақ – халық қызметшісі. // «Егемен Қазақстан», 13 наурыз, 2014 жыл.

АНАЛИЗ ЖЕНСКОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ

Сампаева З.Т.

*Институт экономики Комитета науки Министерства
образования и науки Республики Казахстан,*

Центр исследований по гендерной экономике при Университете «Нархоз»

г. Алматы, Республика Казахстан

szt_kz@mail.ru

Количество и размер женских предприятий. По данным Глобального мониторинга предпринимательства в 2017 году 11,3% женщин в возрасте 18-64 лет Казахстана находились в процессе открытия своего бизнеса или недавно открыли его [1, с. 72, 118].

За период с 2010 по 2016 гг. процент предприятий, возглавляемых женщинами, в Казахстане вырос с 26,1% до 27,4%, в том числе в разрезе размерности предприятий. По оценочным данным [2], в 2016 году в Казахстане действовало 64 615 предприятий, возглавляемых женщинами. В 2016 году женщины возглавляли 15,3% крупных (361 единица), 27,4% малых (62 366 единиц) и 30,8% средних (1 887 единиц) предприятий Казахстана. В 2016 году высокий процент предприятий, возглавляемых женщинами, наблюдался в Костанайской (29,6%), Павлодарской (29,4%), Восточно-Казахстанской (29%) областях и г. Алматы (28,5%), низкий - в Южно-Казахстанской (23,6%). При этом высокий процент средних предприятий, возглавляемых женщинами, наблюдался в Жамбылской (46,5%) и Алматинской (37,8%) областях, низкий - в г. Астана (22,4%) и Северо-Казахстанской области (22,3%). Наибольший процент крупных предприятий, возглавляемых женщинами, в Южно-Казахстанской области - 22,5%, наименьший - 6,5% - в Актюбинской области[3].

На 1 января 2018 года в Казахстане зарегистрировано 1 540 592 субъектов малого и среднего предпринимательства (МСП) [4], из них действующих 1 145 994, т.е. 74,4 %. Среди действующих 492 166 субъектов МСП, что составляет 42,95% от общего числа, возглавляют женщины. Наибольшее число субъектов, возглавляемых женщинами, находятся в г. Алматы, г. Шымкент, Туркестанской и Алматинской областях. В то время как в Северо-Казахстанской, Западно-Казахстанской и Кызылординской областях среди женщин наблюдается низкая предпринимательская активность (рисунок 1).




Рисунок 1 – Количество субъектов МСП, возглавляемых женщинами, единицы, и численность занятых на них, человек, в Казахстане, 1 января 2018 года

Примечание – Составлено автором по источникам [5, 6]

При этом распределение субъектов МСП Казахстана выглядит следующим образом: 27,2% юридических лиц и 21,7% крестьянских (фермерских) хозяйств Казахстана возглавляют женщины; 52,7% казахстанских индивидуальных предпринимателей – женщины.

Основные направления предпринимательской деятельности женщин Казахстана. Свыше половины казахстанских субъектов малого и среднего предпринимательства, связанных с образованием; операциями с недвижимым имуществом; услугами по проживанию и питанию; оптовой и розничной торговлей, ремонтом автомобилей и мотоциклов, здравоохранением и социальными услугами, возглавляют женщины. Меньше всего женских субъектов МСП в таких сферах, как горнодобывающая промышленность и разработка карьеров; электроснабжение, подача газа, пара и воздушное кондиционирование; строительство; транспорт и складирование; сельское, лесное и рыбное хозяйство; водоснабжение; канализационная система, контроль над сбором и распределением отходов[7].

Почти половина (47,22%) всех субъектов МСП, возглавляемых женщинами, действует в сфере оптовой и розничной торговли, 13,24% - предоставляют прочие услуги, 9,91% - заняты в сельском, лесном и рыбном хозяйствах, 9,59% - занимаются операциями с недвижимым имуществом, 3,3%– услуги по питанию и проживанию (рисунок 2).



Рисунок 2 – Направления женского предпринимательства в Казахстане, 2018 гг., %

Примечание - Составлено автором по источнику[7]

Казахстанские бизнес-вумен в основном ведут предпринимательскую деятельность в третичном секторе экономики. Следует отметить, что основная доля теневого сектора экономики Казахстана приходится на «женские» отрасли: торговлю, операции с недвижимым имуществом, транспорт и сельское хозяйство, которые также являются лидерами по доле теневого сектора внутри самой отрасли (54,5%, 72%, 47,1% и 53,8% отрасли в тени соответственно) [8, с. 26].

Организационно-правовая форма женских предприятий. При регистрации своего бизнеса большинство (порядка 80%) женщин предпочитает быть индивидуальными предпринимателями без образования юридического лица. Самое большое количество индивидуальных предпринимателей действует в г. Алматы. Только 11,7% субъектов МСП, возглавляемых женщинами, действуют как юридическое лицо. Около половины юридических лиц (49,2%) находятся в г. Алматы и г. Астана.

В период с 2011 по 2016 гг. наблюдается увеличение доли женщин, возглавляющих крестьянские или фермерские хозяйства, с 17,5% до 20,7%. Причиной этого могло послужить увеличение количества женщин среди собственников и землепользователей с 958 084 человек (27,5% от общего числа землевладельцев) в 2012 году до 1 069 288 человек (28,2% от общего числа землевладельцев) в 2016 году [9]. По данным на 1 января 2018 года крестьянские (фермерские) хозяйства (КФХ) составляют 8,3% всех действующих субъектов, возглавляемых женщинами. В 2018 году действовало 40 717 КФХ, 79,5% из которых расположены в Туркестанской, Алматинской, Жамбылской и Восточно-Казахстанской областях [5].

Женские предприятия МСП в сфере сельского, лесного и рыбного хозяйств в 83,5% случаях действуют в качестве КФХ, ИП – 13,25%, юридического лица - 3,24%. Больше всего в качестве юридических лиц женщинами Казахстана оформлены предприятия промышленности, финансовой и страховой деятельности. В качестве ИП казахстанские женщины работают в сфере оптовой и розничной торговли (в том числе ремонт автомобилей и мотоциклов), транспорта и складирования, услуг по проживанию и питанию, информации и связи, операций с недвижимым имуществом, деятельности в области административного и вспомогательного обслуживания, государственного управления и обороны (в том числе обязательного социального обеспечения), искусства, развлечений и отдыха, а также предоставления прочих видов услуг. В сфере профессиональной, научной, образовательной и технической деятельности у казахстанских предпринимательниц нет явных предпочтений в организационно-правовой форме.

Занятость на женских предприятиях. В 2018 году 30,41% занятых в субъектах малого и среднего предпринимательства приходилось на субъекты МСП, возглавляемых женщинами, в абсолютном значении – это 969 987 рабочих мест. На 1 января 2018 года женщины - индивидуальные предприниматели предоставили 496 094 рабочих места. Юридические лица, возглавляемые женщинами, предоставили на 414 369 рабочих мест. В женских КФХ было занято 59 524 человек.

В 2018 году 60% занятых в субъектах малого и среднего предпринимательства в сфере здравоохранения и социальных услуг приходилось на субъекты МСП, возглавляемых женщинами. Они же обеспечивают 44,31% рабочих мест в сфере оптовой и розничной торговли (в т.ч. ремонт автомобилей и мотоциклов), 44,38% - в сфере финансовой и страховой деятельности. На женских предприятиях занято меньшее количество работников, чем в среднем по стране. В таких сферах, как искусство, развлечения и отдых; водоснабжение; канализационная система, контроль над сбором и распределением отходов; горнодобывающая промышленность и разработка карьеров, среднее количество работников на предприятии МСП в стране превышает уровень женских в более, чем в два раза. Подобное превышение этого показателя, но на меньшую величину, наблюдается и в других отраслях, за исключением таких сфер, как финансовая и страховая деятельность, транспорт и складирование, где показатели одинаковые [10].

Таким образом, в последние годы в Казахстане наблюдается повышение предпринимательской активности женщин. Растет количество предприятий, возглавляемых женщинами. Однако сохраняется незначительность их размеров по обороту и численности занятых. Так, женщины Казахстана владеют в основном предприятиями МСБ, обеспечивающих треть рабочих мест в республике. При этом имеется отраслевая специфика женского предпринимательства. Женский бизнес в основном сосредоточен в сфере услуг. Проведенный анализ предпринимательской деятельности казахстанских женщин говорит о необходимости качественного развития женского предпринимательства в стране, а именно: изменение вектора «специализации» женского бизнеса с курсом на крупный и высокорентабельный бизнес, обеспечение входа бизнес-вумен в отрасли первичного и вторичного сектора экономики.

Библиографический список:

1. Global entrepreneurship monitor. Global report 2017/18. - Global Entrepreneurship Research Association (GERA), 2018. – 154 p. ISBN-13: 978-1-939242-10-5
2. Количество действующих юридических лиц РК по регионам и размерности [Электронный ресурс]. URL: <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT098765> (Дата обращения: 06.09.2018)
3. Процент предприятий, возглавляемых женщинами, с разбивкой по размерности предприятий [Электронный ресурс]. URL: <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT201150> (Дата обращения: 06.09.2018)
4. Количество зарегистрированных субъектов МСП по состоянию на 1 января 2018 года [Электронный ресурс]. URL: <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT099244> (Дата обращения: 06.09.2018)
5. Количество действующих субъектов МСП в разрезе областей по состоянию на 1 января 2018 года [Электронный ресурс]. URL: <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT099245> (Дата обращения: 06.09.2018)
6. Численность занятых на действующих субъектах МСП в разрезе областей по состоянию на 1 января 2018 года [Электронный ресурс]. URL: <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT099249> (Дата обращения: 06.09.2018)
7. Распределение действующих субъектов МСП в разрезе видов экономической деятельности по состоянию на 1 января 2018 года [Электронный ресурс]. URL: <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT099247> (Дата обращения: 06.09.2018)
8. Национальный доклад о состоянии предпринимательской активности в Республике Казахстан за 2016 год [Электронный ресурс]. URL: <http://atameken.kz/uploads/content/files/%D0%9D%D0%B0%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D1%8B%D0%B9%20%D0%B4%D0%BE%D0%BA%D0%BB%D0%B0%D0%B4.pdf> (Дата обращения: 20.10.2018)
9. Доля взрослого населения, владеющего землей (количество собственников и землепользователей) [Электронный ресурс]. URL: <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT201133> (Дата обращения: 26.08.2018)
10. Численность занятых на действующих субъектах МСП в разрезе видов экономической деятельности по состоянию на 1 января 2018 года [Электронный ресурс]. URL: <http://gender.stat.gov.kz/page/frontend/download?hash=969c9dcba88f016f3b54a4b5f6811742&lang=ru> (Дата обращения: 30.11.2018)

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА ШАШ ҚОЮ – АДАМНЫҢ АЖАРЫ ЖӘНЕ СҰЛУЛЫҒЫ

Төлеуова Д.Б.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушысы
Атырау қ., Қазақстан Республикасы*

Білектей арқасында өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын. Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін? – деп ұлы Абай жырлағандай, халқымызда қыз-келіншектің көркі – шаш, шаштың сәні – шашбау, шолпы, шаштеңге, шашқап. Әйел шашы табиғатына қарай: қолаң шаш, сүмбіл шаш деп, өріміне қарай жалғыз бұрым, қос бұрым деп аталады. Қазақ халқы шаш күтімін, яғни оны тарауды, өсіруді, өруді үлкен тәрбие мектебі деп түсініп, «Ақ үйден бір қыз шықты көзі күлген, шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», - деп жырға қосады. Анасы мен апасы, әжесі бойжеткендердің шашын тісі әр түрлі сиыр мүйізінен жасалған тарақпен әдемілеп тұрып тарап, сыртынан әсем шаштарақпен бастырып, жылтырату үшін шашмай жағып құлпыртады. Шашмайды сары майға жұмыртқаның ағын қосып жасайды. Шашқа байланысты ырым, наным да, қызықты ғылыми болжамдарда көп.

роскоши и безделушкамъ. Главное же – Аналыкъ была полновластной хозяйкой, имела право не только распоряжаться домашними делами, но и вмешиваться въ дела мужа и черезъ него въ дела народа своими советами и даже распоряженіями. Вмешательства эти, постепенно расширяясь, дали Аналыкъ возможность стать народной «байбишей».

Характеръ Аналыкъ совершенно не сложный. Это – женщина, незнающая личныхъ интересовъ, живущая чужими радостями и печалями. Любовь, самоотверженіе и служеніе – жизнь Аналыкъ, и она не знаетъ другой...»[10, с.301].

Второй образ, который приводит А. Н. Букейханов, является образ дочери Аналык, сестра Кобланды батыра. В статье представлена следующая характеристика данного образа: «...Немного намъ придется сказать и о дочери Карлыгачъ. Появленіе ее на свете было незаметно. Рожденіе девочки въ киргизской семье и не можетъ быть встречено такъ радостно, торжественно и шумно, какъ рожденіе сына, который является продолжателемъ рода и культа его.... Скромно встреченная при появленіи на свете Карлыгачъ съ первыхъ дней рожденія занимаетъ второстепенное значеніе въ семье. Ей оказывается меньше, чемъ брату вниманіе какъ родителями, такъ и родственниками....»[10, с.302].

Третьим образом женщины, приводимым в статье, является образ жены Кобланды батыра остроумной Куртки. А. Букейханов, учитывая особенности казахского народного устного творчества, дает следующую характеристику данному образу: «...Авторъ вернулся за героиней къ оставленному язычеству. Оно и дало умную красавицу Куртку съ ее способностью предвидеть и предсказывать будущее. Но Куртка помогаетъ Кобланды и другимъ лишь тогда, когда они сами слушаются ее советовъ и поступаютъ по ее указанію, сама же она не можетъ активно управлять поступками людей. Въ этомъ изображеніи характера деятельности Куртки еще более заметна сообразительность автора... Вліяніе ея на героя поэтому должно ограничиваться лишь содействіемъ ему въ делахъ своими знаніями и ясновиденіемъ, но не переходить въ руководство имъ. Онъ сохраняетъ свою самостоятельность, хотя послушаніе ея и ведетъ его къ бесчестью, пораженію на войне и разъ даже чуть не доводитъ до смерти»[10, с.304-305].

Обобщая и подводя итоги настоящей работе, необходимо отметить, что, несмотря на определенную противоречивость в описаниях жизни и быта казахских женщин, представленных в исследованиях XVIII-XIX веков, их роль в традиционном обществе была важной. Образ женщины в данных исследованиях представлен как собирательный образ заботливой дочери и матери, верной жены, искусно руководящей домашним хозяйством и принимающей участие в жизни общества.

Злободневные вопросы современности обращают к опыту прошлому. Между тем, по нашему убеждению, лишь целостное и объективное осознание истории даст ключ к их решению. История казахского народа есть история казахской женщины, воспитавшей многих достойных дочерей и сыновей.

Библиографический список:

- 1 Андреев И. Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. – Павлодар: НПФ "ЭКО", 2006.
- 2 Мейендорф Е. К. Казахстан в путевых записках путешественников XIX в. – Павлодар, 2006.
- 3 Броневский С. Б. О казахах Средней Орды. – Астана: Алтын кітап, 2007.
- 4 Гейнс А. К. Собрание литературных трудов. – Павлодар: НПФ «ЭКО», 2006.
- 5 История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып.1. Алматы: «Издательство ЛЕМ», 2011. – 436 с.
- 6 Левшин А. И. Описание орд и степей казахов. – Астана: Алтын кітап, 2007.
- 7 Янушкевич А. М. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. – Павлодар : "ЭКО", 2006.
- 8 Обычное право казахов. – Павлодар: ЭКО, 2007.
- 9 Материалы по обычному праву казахов. – Павлодар: НПФ «ЭКО», 2007.

EVOLUTION OF THE IMAGE OF THE KAZAKH WOMAN

Utegenova G.

*Atyrau Engineering and Humanities Institute
gulnar____92@mail.ru*

Abstract

Scientists from around the world in the ancient time wrote the Middle Ages and modern times about rich history and the unique culture of our country... The woman during life plays several social roles, and sometimes at the same time. The woman – both mother, and the wife, and the sister, and the daughter... At achievement of certain age she passes into the following gender and age group, the rights and the woman's duties in relation to family members, to the people surrounding it change, also the attitude of people around towards the woman changes.[1].

Introduction

In the history of mankind in all Nations there were strong and talented Queens, as well as famous women poets and brave heroic women. In our country, such women do not remain indifferent. In the historiography of the great steppe was a lot of legendary names. Of course, it will be difficult to write about all the women-heroines who have shown an excellent example for the next generation.[2].

In the Kazakh society, a woman holds a special place. "A woman rides the cradle with one hand and draws the world with the other." And the future of the nation is in the hands of women. Kazakh woman-the core of the family, a strong support of family education.

Main part

Today, when a woman's place in society increases, the horizons of knowledge, the theme of women as a powerful channel, by the end of this century is widely recognized. In the history of Kazakh literature, a special reflection of the evolution of the female image.

Generally, the woman the nature creates unusually. Beauty is given only to the woman. In all people, in many verses, songs, it is often devoted to the woman, those special people. In all people there is a singing of beauty of the woman.

Also V.I Valikhanov devoted the rich and sharp tongue words to those who did all beauty. For example, beautiful women, destructors of the cities, a gentle being, unaffected children of the nature, the destructor of hearts, hearts the thief - Nice, the night beauty, the female beauty, thieves the core use words to the image of women. Here I say that Chokan, as well as other great people, bowed before beauty of the nature.[4].

Only the Kazakh women were spaced time from life around the center, participated in important issues for unity and the future of the country. This is the witness of history. Victories of the Tumar lady in war with Cyrus's king demonstrate to it.

In the history of the Kazakh people the names of the great women run, Bopai, Abak, Aiganym, forever remembered for their exploits, love for their native land.

In difficult times for the people, these women with their intelligence and wisdom, steadfast character managed to lead the people. It is not surprising that the names of these women have become a battle cry, their names are some of the Kazakh family. If you look at Shezhire, you will see that there are such kinds that are named after women, not counting the shameful to give the name of a woman to the whole family. On the contrary, women were honored. Let us list the women whose names are given to entire tribes that have firmly taken their place in history.

Some researchers believe that the role of Abulkhair Khan in the history of the great steppe could have been quite different, if not for his wife – khansha Bopai. Khansha distinguished good looks and deep intellect, strong character and self-sufficiency, a certain degree of independence in judgment and actions and at the same time, the innate political tact. Thanks to her strong influence on her husband and his entourage, historians consider her one of the most outstanding Kazakh women of the middle ages and modern times.[5].



During the great Patriotic war, unprecedented heroism of women, what can I say, sacrificed their lives for the sake of Victory. Three girls, daughters of the Kazakh land, entered the chronicle of the great Victory. Being young girls they voluntarily went to the front and fought for the Motherland shoulder to shoulder with men. Hiuaz Dospanova became the first Kazakh pilot, machine gunner Manshuk Mametova and sniper Aliya Moldagulova became Heroes of the Soviet Union.



Women-nightingales warmed the souls of soldiers in difficult wartime, their songs sounded from all loudspeakers in every corner of the Republic, their concerts were watched on the first black-and-white TVs, gathering in front of the screens of whole families, with friends, neighbors. People's artist of the USSR and Kazakhstan Rosa Baglanova is also a front-line soldier. She fought, but the war with his voice and concerts supported the spirit of the defenders of the Motherland.



Actress Khadisha Bukeeva played on the stage of the Kazakh state academic drama theater. M. Auezova until the last days of life. Just imagine-69 years on the stage! She played more than a hundred complex roles that have become masterpieces. Along with acting work, she brought up several generations of students. His contemporaries recall that better than she, the actors, probably, did not understand anybody.



The talent of the famous Kazakh dancer, teacher, people's artist of the Kazakh SSR Shara Zhienkulova is still amazing. Many national Kazakh dances, which are performed today on concert stages, were created by this woman. In order to develop the national dance art Shara Zhienkulova traveled a lot in Kazakhstan, studying the life, traditions and customs of different regions. The result of these trips were dances "Tattimbet", "Aizhan Kyz", "Kara zhorga", "Kyryk Kyz".[5].



The attitude of the Kazakh people to women has always been respectful, they had more significant rights than other peoples. So Yu. K. Magnitsky writes: "in the life of the Kazakh people, a woman is the main asset of the family economy. Secondly, in comparison with other Turkic peoples, where Islam was spread, Kazakh girls were much more free and had greater rights and

respect. They were put in the most honorable place, where guests usually sat. At the same time, Kazakh women have always had the right to vote at the family Council. Thus, Kazakh women were excellent riders, participated in the reception of guests, treated them with Mare's milk and kamenom (camel milk), and sometimes talked with them».

The nomadic lifestyle of the Kazakh people has always been associated with constant moving, causing certain difficulties. Therefore, the people could not accumulate anything but spiritual wealth. The Kazakhs did not build high houses, they were not particularly interested in material values, so they looked at other people's wealth without envy and did not enter into wars for this, did not try to take away by force. Many foreign scientists in their research show an active interest in such a simple way of life of Kazakhs. The Kazakh people, who preferred spiritual values to material wealth, had a deep philosophical Outlook. And all his material wealth was in the Yurt and the necessary household items that could be transported at any time as you like and anywhere, and cattle, which always followed along with the nomad.[3].

Balasaguni has a saying "Raising girls, we bring up the whole nation". Auls were considered the centers of folk culture, traditions and customs. Girls of villages grew up respecting elders and tried to be a support for the younger, loving their native land, possessing all the valuable qualities that were formed and revered by the people from time immemorial. In order that the girls did not get on a slippery slope, they were taught from childhood that the people revered and respected educated chaste girls and despised antics and habits that are incompatible with the beauty given to them by nature. At the present stage of education of the younger generation, we try to widely use the principles, traditions and customs of national education. "A person who does not know his native language, history and culture is a person without a future" – this popular saying well reveals the essence of national education.

Therefore, we consider it a duty of every teacher to educate children in respect and reverence for folk traditions, history of life and everyday life, products of folk arts and crafts. Justice and benevolence are the sources of good breeding, so these qualities should also be brought up by a teacher in children.

To take the experience of traditional labor education of Kazakhs as a basis of modern education of students is the purpose and task of folk pedagogy. In the process of organizing a variety of relationships and actions of students in the social environment education in their national experience and good character traits has long been a good intention. Along with these, folk pedagogy is designed to teach the younger generation, which will be able to increase social wealth, widely use the values of the spiritual culture of our people, adapted to the rules of the market economy. It also aims to master the types of traditional labor of the people to form a multi-faceted active, business, competitive, gifted, creative person with an awakened national consciousness.

Conclusion

The woman, of course, contributed to the picture of the world and the spiritual essence of the nomadic society of aesthetic element, improved tastes and manners of men. Carrying in the womb of the future warrior, cradling the child in gentle lullabies songs, telling him stories about the heroes and beauties, she certainly sent a charge of kindness and mercy to his soul...[3].

In conclusion, the role of Kazakh women in past and present historical processes, the analysis of national and international experience in the study of gender history and women, the great contribution of women in socio-political and socio-economic development. The image of a woman is always filled with courage and love, we can boast of Kazakh girls.

Bibliography:

1. Oteniyaz S. Chokan. - Almaty: Science, 1995.
2. M. Myrzahmetov. Momyshuly's name became a legend. – Taraz.
3. B Sarsembina. Abylay square color auction, // Zhas Alash. - №66. - 2006. - — 17 Aug.
4. Uly dalanyn uly kyzdary. Anytmore. Vol.3. RS. G. T. Thew. Almaty: "Umay", 2008. - 192

b.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ТӘЖІРИБЕСІ

Турдалиев Ә.О.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
adilbek_1963@mail.ru*

Әйелдер қазір қоғамның қозғаушы күші, қай елде де әлеуметтік – экономикалық дамуға елеулі үлес қосушы екені белгілі. Мемлекеттің мәртебесін биіктету бағытында әйел – ана, әйел – қайраткер, әйел – еңбеккердің орны ерекше.

Қазақстан Республикасының Конституциясы соның ішінде әйел азаматтардың құқықтарын қорғау бөліп алып қарастырмайды. Оларды жалпы азаматтардың құқықтарын қорғау бөліміне енгізген. Ал әйел азаматтардың құқықтарын қорғауды еліміздің басқа да нормативтік актілерге кіргізген. Адам құқығының мәселесі – қазіргі заманның маңызды және өзекті мәселелерінің бірі. Оның ұлттық және ғаламдық сипаты бар. Адам құқығы мәселелерінің қазіргі заманда алдыңғы қатарға шығуы – рухани байлық пен адамгершіліктің қайта түлеуінің жарқын куәсі деуімізге болады. Адам құқығы оның мемлекет ішіндегі, сондай-ақ ғаламдық көлемдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени мәселелерге нақты қатысуын қамтамасыз етуге арналған.

Адам құқығы мен бостандығын тану, соның ішінде әйел азаматтардың құқықтарын қорғау және оны сақтау жеке елдерде, сондай-ақ бүкіл әлемде қауіпсіздікті нығайтып, қарым-қатынастардың тұрақтылығын арттырады. Халықаралық құқық мойындаған адам құқығына кепілдік беретін нормалар ұлттық заңдарда негізгі ретінде конституциялық деңгейге жатады. Әйел құқығын қорғау және тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету омбудсмен қызметінің басымдық бағыттары болып табылады.

Әйел құқығын қорғау саласындағы заманауи негізгі мәселелердің бірі әйелдерді қоғам өмірінде екінші кезектегі орын алатын теңсіз құқықты субъекті ретінде бағалайтын қоғамдық сананың кертартпалығы болып табылады[1]. Тіпті орталық мемлекеттік органдардың жұмысында гендерлік қағиданы түсінбеушілік, халықаралық құқық қорғау стандарттарын білмеушілік кездесіп отырады. Әйелдер құқығын қамтамасыз ету саласында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің бәрі бірдей бүгінде өз қызметінде әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы Конвенция ережелерін, сонымен бірге, Қазақстанға қатысты тиісті Комитеттің ұсынымдарын басшылыққа ала бермейді, кейбірі Республиканың халықаралық құқыққорғау міндеттемелерінің басымдық сипатын сезінбейді. Сонымен қатар, көп жағдайларда әйелдердің өздері өзіндік құқықтарға ие екендіктерін түсіне әрдайым бермейді. Әйелдер пайдаланатын дәлелдер (уәж) арасында ерекше “әйелдік” құқыққа жүгіну түріне қарағанда жалпықұқықтық дәлелдер жиі кездеседі. Әйелдер жыныстық белгі бойынша кемсіту дәйектерін сирек шағымданады. Сөзсіз мұндай жағдай әйелдер құқығының бұзылу жағдайларының жоқтығымен емес, әйелдердің өз құқықтарын сезінудің төмен деңгейімен байланысты. Қазіргі кезеңде, неғұрлым өзекті болып мемлекет саясатының гендерлік сезімтал қоғамдық сананың дамуына жалпы бағыттылығы саналады[2].

Адам құқығына қатысты халықаралық нормативтік актілер әйел адамның құқықтарына шектеу қоя алмайды.

Адам құқығына қатысты БҰҰ Жарғысының шарттары кейінірек әртүрлі халықаралық құжаттармен нақтыланып, дами түсті. Бүгінгі күнге дейін БҰҰ аясында көптеген халықаралық құжаттар қабылданды, соның ішінде адам құқығын қорғаудың әр саласы бойынша мемлекеттердің әрекет етуіндегі міндетті заңдылық нормаларын қалыптастыратын келісім шарттар, конвенциялар мен пактілер де бар.

Әмбебап құжаттар негізгі төрт актімен сипатталады: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1947ж), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пакт, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (1966 жылы қабылданып 1977жылы күшіне енді), жеке құжат танылатын құқықтық акт ретінде азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактің факультативті хаттамасын алып қарауымызға болады. Аталмыш құжаттардың заңдылық күштері әр түрлі, бірақ жиынтығында олар адам құқығы саласы бойынша мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының негізін құрайды.

Адам құқығы туралы алғашқы толыққанды халықаралық құжаттың бірі 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы[3]. Ол БҰҰ Жарғысына негізделіп барлық халықтар мен мемлекеттерге адам құқығының жалпы үлгісін анықтап берді. Декларация (лат. хабарлама, өтініш) – белгілі бір қағидаларды жариялайтын халықаралық - құқықтық акт[4]. Декларация міндеттеушілік емес, керісінше нұсқаушылық сипат алады. Сондықтан Декларациялар қабылданғаннан кейін бірден күшіне енеді.

1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ-ң Бас Ассамблеясы адам құқықтары мәселесін мұқият зерделеп, әрбір бөлім бойынша дауыс берудің 1400 сатысынан өткізе отырып, адам құқықтар туралы реттелген құқықтар мен бостандықтардың жалпыға бірдей тиімді түрде мойындалуы мен сақталуын бүкіл халықтар мен мемлекеттердің ұмтылыстары арқылы қамтамасыздандыру мақсатын жүзеге асыруда Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдады. Декларация, адам құқықтарын қорғау жолындағы істің дамуын бағалай алатын негізгі эталон ретінде жалпыға бірдей дерлік танылды. Декларация 48 қолдау және 8 қалыс қалған дауыспен қабылданды. Аталмыш құжат тарихта адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық қамтыған құжаттың бірі болды.

Декларация заңдылық тұрғыда міндетті болмаса да, БҰҰ Жарғысын талқылаудағы беделді құрал ретінде қарастырылады. Көптеген мемлекеттер өздерінің заңдары мен конституцияларында Декларация қағидаларына сілтеме жасап отырады.

Отыз баптан тұратын Декларация кез келген мемлекетте әрбір адамға тиесілі құқықтар мен бостандықтарды анықтайды. Декларациядағы құқықтар мен бостандықтарды төрт топқа бөлуге болады:1. Қарапайым құқықтар мен бостандықтар (3-5,7-12 баптар).2. Азаматтық құқықтар (6б, 13-17бб).3. Саяси құқықтар (18-21 бб.).

4. Әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар (22-28 бб).

Декларация әрбір адамның құқықтары мен бостандықтарын ғана емес, сонымен бірге, олардың қоғам алдындағы міндеттерін және тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудағы шектеуліктерді де анықтап береді (29 б). Аталмыш шектеуліктер демократиялық қоғамдағы заңмен анықталған басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіп және қоғамдық өмір жағдайын тану және сыйлау мақсатында қабылданған. Декларацияның соңғы бабында Декларациядағы ешбір қағида қайсібір мемлекетке, адамдар тобына немесе жеке адамдарға аталмыш Декларацияда баянды етілген құқықтар мен бостандықтарды жоятын қызметпен айналысу немесе іс әрекет жасау құқығын береді деп пайымдалған.

Декларация нормаларының міндетті емес сипатына қарамастан, ол мемлекетке қатысты міндетті тәртіп ережелерінің қалыптасуына күшті ықпал етеді. Декларация негізінде адам құқығы мәселелеріне қатысты міндеттілік сипатына ие болған халықаралық келісім – шарттар құрастырылып, қабылданады. Қазіргі кезеңдегі халықаралық құқықта Адам құқығын қорғау аясында мемлекетке қатысты заңдылық міндетті нормаларды құрайтын алпысқа жуық әрекеттегі халықаралық келісімдер, пактілер мен конвенциялар бар.

Декларацияда көрсетілген ұсыныс беруші нормалар мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынасқа да әсерін тигізеді, яғни, БҰҰ-ның мүшесі болып табылатын мемлекет, сол сияқты Қазақстан да, БҰҰ-ның нормативті актілерімен есептеспеуіне болмайды. БҰҰ-на мүше мемлекет БҰҰ-ның ереже-рекомендацияларын үнемі бұзған жағдайда, бұл халықаралық ұйым өз жарғылық міндеттеулерін осы мемлекеттің орындамағаны туралы мәселе көтеруіне болады. Декларация бұрынғыдай ХХІ ғасырда да құқық қорғау

саласындағы құқықтың басты қайнар көзі және адам құқығын қорғаудағы жалпыға ортақ қозғалыстың негізі болып қалады.

БҰҰ-ның маңызды жетістіктерінің бірі адам құқығын қорғау саласында барлығын қамтитын нормативтік базаның құрылуы болып табылады. Әлемдік қауымдастық тарихында алғаш рет адам құқықтарын қорғау сұрақтары бойынша заңдардың жалпыға ортақ жиынтығы құрастырылды және бұған барлық мемлекет қосыла алады.

Адам құқығы туралы халықаралық пакт – бұл қатысушы мемлекеттер, яғни, олардың ережелерін ұстануға ресми келіскен мемлекеттер, құқықтардың кең бағытын жүзеге асыруда құрметтеп, кепілдік беру үшін жасалған келісімдер.

БҰҰ шеңберінде жасалған заңды міндеттемелік келісімдердің ішіндегі маңызы бойынша ең көлемділері «Азаматтық және саяси құқық туралы Халықаралық Пакт» және «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт» болып табылады[5]. 1966 жылы қабылданып, 1976 жылы өз күшіне енген аталмыш құжаттар мемлекеттің өз азаматтарын қамтамасыз етуі тиіс адам құқығының ең төменгі стандарттарын орнатады. Бұл Пактілер Жалпыға ортақ Декларациямен салыстырғанда бір қадам алдыда тұр. 1998 жылға қарай Азаматтық және саяси құқық туралы Халықаралық Пактіге дамыған елдердің көпшілігімен қатар 140 мемлекет қол қойды. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пактінің қатысушыларының саны 137 мемлекет болды. Көптеген мемлекеттер қатары, соның ішінде АҚШ, бұл құжатты ратификацияламады.

Жоғарыда аталған құжаттарды қабылдау маңында орын алған пікір таластар негізінен, бұл пактілердің біреуін ғана немесе екеуін де қабылдау керектігі туралы сұрақтар төңірегіне бағытталған. Көпшіліктің пікірі бойынша, көптеген мемлекеттерде азаматтық және саяси құқықтар заңды түрде қалыптасқан, сондықтан ол бақылау жүргізетін ерекше орган жағынан қарастырылатын нәрсе болуы мүмкін делінді. Экономикалық, саяси және мәдени құқықтарды жүзеге асыру ол кезде көбінесе тез арада іске асуы мүмкін болмайтын мақсат ретінде қарастырылған, дегенмен адам құқықтарының Жалпыға ортақ Декларациясы осы сияқты басқа құқықтарға да мән берді. Қазақстан Республикасы 2005 жылы осы Пактілерге қосылды. Осылайша, Пактілер Жалпыға ортақ Декларацияда мазмұндалған көптеген құқықтарды танып, нақтырақ анықтайды, сонымен қатар, кейбір қосалқы құқықтарды қарастырады. Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактіде нақтылы құқықтар мен бостандықтар анықталған. Бұл әр адамның ажырамас құқығы - өмір сүру құқығы. Пакт өлім жазасы алынбаған мемлекеттерде өлім жазасы ең ауыр қылмыс үшін шығарылатыны анықталған. Осы құжаттың 6-шы бабында 18-ге толмаған тұлғалар және жүкті әйелдер өлім жазасына кесілмейді деп көрсетілген.

Қазіргі уақыттағы жағдайда әлемдік қауымдастық әлемге өлім жазасына мораторий жариялаумен келе жатыр. Қылмыстық сотқа ескерту жасау бойынша БҰҰ-ның комиссиясы өзінің соңғы бесжылдық зерттеуінде көптеген елдердің заңында көрсетілгендей іс жүзінде де өлім жазасын алып тастау тенденциясының күшейгендігін көрсетеді. 1995 жылдан 2016 жылдың аяғына дейін жазалаудың бұл шарасын тағы да 25 мемлекет алып тастаған. Қорытындысында, 2016 аяғына қарай өлім жазасы 72 мемлекетте толықтай, кейін 130 мемлекетте алып тасталынды, ал 68 мемлекетте сақталды[6]. Өлім жазасын алып тастаған барлық мемлекет үкіметтерінің арнайы шағымдарына бұл шара қылмыспен күресудің тиімді тәсілдері туралы қазіргі заманғы ұғымға сәйкес келмейтіндігін көрсеткен.

Өлім жазасын алып тастау немесе оны орындауға моратория енгізуге көшу процесіндегі мемлекеттер саны барынша тез жылдамдықпен өсіп келеді (мысалы, Литва, Латвия, Россия) [7]. Бірақ бұл бағыттағы өсу барлық жерге тән емес. Кей мемлекеттерде қарама-қарсы бағыттар бақыланып отыр: не өлім жазасы орнатылған (АҚШ-тың екі штатында: Техас және Флорида), не оның қолдану аясының кеңеюі (Қытай, Корея, Сауд Аравиясы). «Халықаралық амнистия» көрсеткіштері бойынша 2016 ж. қарай әлемдегі бүкіл өлім жазасының 87%-ы Қытай, Иран, Нигерия үлесіне тиген.

Адам құқығы бойынша Халықаралық Пактілермен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымы конвенция нысанындағы адам құқығы бойынша бірқатар құжаттарды жасап, қабылдады.

Конвенция (латын тілінен келісім шарт, келісім), пакт (лат. келісім шарт) – бұл халықаралық келісім, келісім шарт.

Ереже бойынша, Конвенция – бұл қандай да бір арнайы сұрақ бойынша, бірыңғай мәселе бойынша келісім түрі. Пактілер - әртүрлі мәселелер тобын қамтитын келісім шарттар[8]. Конвенциялар мен пактілер өз күшіне қабылданғаннан кейін емес, айтылған мемлекеттер санының ратификациясынан кейін енеді. БҰҰ шеңберінде геноцид (115 қол қоюшылар), нәсілдік кемсітушілік (148 қол қоюшылар), бала құқығы (174 қол қоюшы), әйелдер дискриминациясының барлық нысанын жою (85 қол қоюшы) бойынша конвенциялар жасалып, қабылданды. Конвенция мен пактілерге қатысушы мемлекеттер өз мойындарына құжатта берілген міндеттемелерді алады және оларды қатал орындауы тиіс. Қабылданған келісімдердің және олардың міндеттеулерінің орындалуын бақылау үшін оған сәйкес арнайы комитеттер құрылады.

Ашық конвенциялар және пактілердің ерекшеліктері келесілер болып табылады:

1. Олардың дайындалуы мен қабылдануына қатыспаған мемлекеттер оларға қосыла алады;

2. Қатысушы мемлекеттер өз міндеттеулерінен бас тартып, берілген келісімнен шыға алады, яғни оны денонсациялайды (денонсировать – лат. хабардар ету).

«Әйелдер құқығы» қазіргі тұста түрлі мемлекеттерде қиын, тайталас тудыратын тақырып. Тарихта қашашда оның айналасында қаншама дау-дамай, тартыс толастамай, әйелдер құқығы сақтау талай кедергілерге кезігуде.

Қазіргі заманда көптеген мемлекеттер әйелдерді кемсітушілік және оларға деген қатыгездік таныту секілді мәселелермен бетпе-бет келуде, осыған орай заңдық базада нығайтылу үстінде. Бұл процеске ғасырлар бойы қалыптасқан әдеп-ғұрыптар, діни дәстүрлер өзіндік әсер етуде.

Мәселен Ислам діні тұрғысынан әйелдердің күрделі құқыларының бір бөлімін қарастырсақ. Ислам әр кезде әйелдер құқығын қуаттап, негіздер мен заңдар жинағын отбасы мүшелерінің құқығы және міндеті ретінде баяндаған. Бұл заңдар – отбасы құқығын құрайды.

Үйлену және отбасын құру – адамзаттың бір мұқтаждығы мен қажеттілігі. Оның аясында әйел мен ер және перзенттері кемелдікке жетеді. Негізінде, отбасы – адамдардың дамуы үшін қолайлы орталық. Қоғамдағы біртұтас денені қарастырсақ, олардың әр біреуі жеке арнайы рөл атқарғанымен, ортақ міндетке де ие.

Ислам тұрғысынан отбасы – бір құқық органы болудан бұрын махаббат пен жанкештілік орталығы. Өйткені, бұл орталықта екі адам өмірлерінің ең тәтті жылдарын бір-бірінің жанында өткізеді. Ислам тағылымдары отбасы мүшелері ахлақ ұпайларына жетіп, бір-бірінің құқыларын біліп, оларды сақтаулары қажет. Исламның құқықтық жүйесінде отбасы экономикасы және күнделікті тұрмысқа мұқтаждықтарды қамтамасыз етпегендіктен, ол отбасылық міндеттерін орындауға және перзенттерін тәрбиелеуге қолайлы мұрсатқа ие. Некеге отырғаннан кейін ер адам өз қаржы мүмкіндіктерінің бір бөлімін жұбайына береді. Әлбетте қалыңның бір мөлшері ер адамның негізге қабілетіне қарай белгіленеді.

Ислам мектебі пайда болғаннан бұрын қалың әйелді сатып алудың құны болды. Әйелдерді адам деп санамайтын надандық ғасырларда әйелдің заңды құқығы саналатын қалыңды оның әкесі немесе ағасына беретін. Ислам бұл дұрыс емес сенімдерді өзгертіп, қалыңды әйелдің өзіне беретін болды. Күнделікті жұмсайтын қаржылар - әйелдердің жанұядағы құқылары сай қалыптасқан. Жанұя құрғаннан және әйел күйеуінің үйіне кіргеннен кейін ер адам оның күнделікті жұмсайтын қаржыларын қамтамасыз етуі қажет. Яғни, бүгінгі қоғамды күрделі мұқтаждықтарға ұй, азық-түлік, киім, дәрі-дәрмек және әйелдің күнделікті өміріне қажетті басқа заттары жатады. Күйеуі бұл мұқтаждықтарды қамтамасыз етіп, әйелдің ықтиярына беруге міндетті. Қазіргі кезде феминизм және Батыстың кейбір мектептері әйелдің ер адамға экономикалық тәуелді болуын ер мен әйелдің құқыларына теңдігінің жоқтығы және кемсітушілік деп санайды. Бірақ негізінде қалың және әйелдің күнделікті қаржылары әйел мен ердің ерекшеліктеріне назар аудара, әйел үшін қажетті әйелдің бала туу және жүкті кезіндегі қиындықтары әйелдің ойындағы табиғи міндеттерден. Егер де әйел

мен ер жанұяға қажетті мұқтаждықтарды бірдей қамтамасыз ететін болса, және заң әйелдерді қорғамайтын болса, әйелдер қиындықтарды төзе алмайды. Ұстаз Мутаһари әйелді бала туу, она тәрбиелеу және қоректендіру міндеттері дәлелімен күнделікті қаржыларын алуға міндетті деп санайды[9]. Әйел мен ердің физикалық күштері де тең емес. Өйткені ер адам ауыр жұмыстарға төзімді және оларды орындайтын күш-қабілетке ие. Аллаһ Тағала олардың өмірлік істерін бөлген кезде ер адамға әйелдің экономикалық мұқтаждықтарын қамтамасыз етуді жүктеді.

Сонымен қатар, әйел өзінің аналық және жұбайлық рөлін атқару үшін тыныштық пен қауіпсіздікке мұқтаж. Егер де әйел ауыр және төзбейтін жұмыстар жасайтын болса, тез шаршап, өзінің жұбайына және перзенттеріне байланысты мейірімділік міндеттерін атқара алмайды. Шәһид Мутаһаридің сенімінше, әйел қуанышта өмір сүру үшін ерден гөрі көбірек тыныштыққа мұқтаж. Жаратылыс заңы әйел мен ердің арасындағы кейбір айырмашылықтарды қарастырып, оларды бір-бірін толықтыратындай қылып жаратқан. Ислам назарынан әйел адам жанұясы немесе өзі үшін жұмыс істеуге мәжбүр емес және ердің ол үшін күнделікті қаржыларын қамтамасыз ету бір міндет саналады. Ислам әйелдің рухтық және физикалық ерекшеліктерін сақтау дәлелімен әйелдер үшін жұмыс жасауды міндет ретінде қарастырмайды.

Батыс қоғамында әйел мен ердің құқыларының теңдігі ретінде әйелдің сыртта жұмыс жасауы қарастырылған. Батыс әйел мен ердің табиғи айырмашылықтарына назар аудармай, сырт жұмыстарда да әйел мен ерді тең көреді. Мұндай көзқарас жағдайлардың көбісінде әйелдің психикалық абыржуларына және жанұяның құлдырауына себеп болады. Американдық қоғамтанушы Герхард Ленски өз кітабында: “Әйелдердің өнеркәсіптік жұмыс жасауы қылмыстар мен ажырасудың көбеюіне себеп болды, ”- деп жазады[10]. Психологтардың көбісінің сенімінше, әйелдер өздерінің жыныстық және жыныстық ерекшеліктері дәлелімен еңбектерімен бірге аналық және жұбайлық міндеттерін бірдей жақсы орындайды. Әрине бұл қиындықтар әйел мен ердің ерекшеліктерін дұрыс қарастырмаудың әсері. Батыс қаржы тәуелсіздік сылтауымен әйелді қиын экономикалық жағдайлармен бетпе-бет қояды. Әйел де ермен бірдей теңдікке жету үшін өзінің аналық және жұбайлық міндеттерінен алыстайды. Ислам назарында әйел – жанұяда мейірімділіктің орталығы. Сондықтан аналық және жұбайлық – құнды орынға ие. Әйел адам өзінің негізгі міндеттерімен қатар, қоғамда да белсенді жұмыс жасай алады.

Библиографиялық тізім:

1. Евменов Л.Ф. Проблемы международной идеологии прав человека: принципы и императивы // Международное право. Беларусский журнал международного права и международных отношений.- 1998.- №5. - С.6.
2. Заметки о правах человека и мониторинге прав человека.Хельсинкский фонд по правам человека. Варшава, 1997.– С.77.
3. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Алматы. 2017.
4. Даниленко А. Международные системы защиты прав человека. М., 1998.
5. Халықаралық құқық бойынша документтер жиынтығы. Т.1. Алматы, 1998. - 58-61 бб.
6. Кизилов А. Ю. Смертная казнь: апология. — М.: Юрист, 2003.
7. Квашиш В.Е. Смертная казнь и общественное мнение // Государство и право. 1997. №3. С.32.
8. Баймагамбетова Ж.С., Темирбулатов С.Г. О роли парламента в обеспечении верховенства Конституции и конституционной законности //Саясат.1997.№1. С.48.
- 9.Шәһид Мұртаза Мутаһари. «Исламдағы әйелдің құқықтары»//. Иран революциясы. А.1999. -56 б.
10. Герхард Ленски. "Религиозный Фактор: Социологическое Исследование Воздействия Религии на Политику, Экономику, и Семейную Жизнь". М. 2012.-С.61.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЗ – КЕЛІНШЕКТЕРІ КИІНГЕН КИІМДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Муханова А.Т.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы*

Қазақтың қыз – келіншектері қалай киінген? Ерте заманнан бастау алатын киім кию дәстүрі бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатсада, ұлттық киім кию мәнеріміз, өзіндік бітім болмысымызды айқындайтын өз киіміміз қандай болды? Осыған келгенде түрлі дау – дамай туып, нәтижесі өзге ұлттардың киімін қазақ киімінің түп тарихына байланыстыруға әкеледі. Шын мәнінде қазақтың қыз – келіншектері қалай киінген? Мына материалда алда біз осы сұраққа жауап іздейміз.

Қазақ қыз – келіншектері киімінің негізгі ерекшелігі – тұла-бойды жауып тұратындығында. Әйелдің киімі, әсіресе, бас киімі оның жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты өзгеріп отырған. Қазақ киімі өзге ұлттардағыдай аса шеберлікпен, дәлдікпен, әсемдікпен тігілген.

Киімде бүкіл ұлттың жалпы халықтың болмысы жатса, қызға қырық үйден тыю жасаған қазақ қыз – келіншектерінің киімінде көшпелі ұлттың қатпарлы тарихы қатталып жатқандай. Қыз етегінің ұзын болу себебі, ибалықты білдірсе, кимешек секілді басты жауып тұратын баскиімдер көшпелі халықты желдің өтінен, күннің ыстығынан, қыстың ызғарынан қорғаған. Ғалымдардың ұзақ жылдар бойы сан түрлі тәжірибе жасап барып, дәлелдеп жатқан дүниелерін бір ауыз сөзбен айтып кеткен көреген халық, біздің ата – бабаларымыз ақ түстің денсаулықты қорғай алатын қасиеті бар екенін біліп, ақ түсті киелі түске айналдырған.

Кішкентай қыз

Жаңа туған нәрестеге, әлбетте, иткөйлек кигізген. Ал есі кіріп қалған қыз балаға көйлек кигізіп, тұлымшағын өріп қойған. Басына тақия кигізіп, үстіне тізесін жауып тұратын көйлектер кигізген.

Бойжеткен

Білектей арқасында өрген бұрым,

Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.

Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,

Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Абай

Қазақ қызы ешқашан шашын жасырып жүрмеген. Қазақта мынадай ырым тыйым бар: «Қыз басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ жаулық, қара қайғы»

Жаздыгүні жұқа матадан тігілген тақия кесе, қыста бөрік киген. Тұрмысқа шықпаған бойжеткен барынша сәнді киініп жүрген. Қыздардың киімдері қайта оралмас қыздық дәуреннің белгісіндей аса ұқыптылықпен тігілген. Ою өрнектің сан түрімен әшекейлеп, түрлі тастармен безендірілген. Бұрымын әсемдеп өріп қойып, шолпысын сылдырлатып жүрген бойжеткендер талай жүректі дір еткізген. Қазақ қыздары осынау сұлулығын сырт көзден бүкпей, керісінше қырмызы гүлдей құлпырып жүрген. Әсіресе, шаш күтіміне ерекше қарап, кейде қыз сұлулығын шаш сұлулығымен өлшейтін де замандар болған. Қазіргі кезде жігіттердің «Қандай қыздар ұнайды?» деген сұраққа ойланбастан «Шашы ұзын қыздар» деп жауап беретіні – сол түсініктің жұрнағы. Шашқа бойжеткен мен оның жеңгелері ерекше құрметпен, күтіммен қараған. Шашқа арналып тағылатын әшекейдің түр түрі қыздардың қобдишасынан табылған. Аңыз болып «Көрінер қыздр сұлу, шашбауымен, бұрымын кейін сілкіп тастауымен» деген өлең жолдары қалған. Қазақ қызы ешқашан шашын жасырып жүрмеген. Қазақта мынадай ырым тыйым бар: «Қыз басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ жаулық қара қайғы».

Келіншек

Керім жібек басына сәлде орайды,

Бір ораған сәлдесін жүз орайды.

Халық өлеңі

Келін өзге шаңырақтың босағасын аттаған соң, оған жаулық салып, еншілейді. Яғни, орамал – тұрмысқа шыққандықтың белгісі. Балалы болмағанға дейін үй тірлігін атқарғанда кедергі келтірмес үшін, тамақ пісіргенде шашы тамаққа түсіп кетпес үшін басына орамал тағып жүреді. Сондай – ақ жас келін сұқтанған көзден сақтану үшін де орамал тартады. Наным – сенімі берік халқымыз келінін тіл – көзден сақтау үшін орамал таққызған.

Әйелдер

Қазақ әйелдері көбіне үй шаруасымен айналысып, шаңырақтың ырысын сақтап отырған. Салт бойынша, балалы болғаннан кейін әйелдер кимешек киген. Яғни, кимешек кию – ана болғанның белгісі. Неге киген? Себебі кимешек баланы емізгенде айналаға өңірін ашып көрсетпей, төсті жауып тұрады. Ол – кеуде, иық, жонды жауып тұратын киім. Емшекте баласы бар әйел жалаңбас отырып бала емізсе, шайтан түртіп, қайызғақ баланың аузына түсіп кетеді деп ырымдаған. Жас келіншектер кимешектерін өрнектермен әшекейлеп, сәндеп киген. Кимешектің үй және шаруа жұмыстарына арналған түрлері болады, сәйкесінше, әйелдер үй мен қонаққа киетін кимешектерін бөліп киген. Кимешекке ою салып, моншақпен әсемдеу оның жолдасы бар екенін білдірген. Ал жесір қалған әйелдер кимешектің өрнектерін алып тастап таққан.

Орамал – тұрмысқа шыққандықтың белгісі. Балалы болмағанға дейін үй тірлігін атқарғанда кедергі келтірмес үшін, тамақ пісіргенде шашы тамаққа түсіп кетпес үшін, басына орамал тағып жүреді.

Әже

Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,

Ақ кимешек жоғалсса...

Нені көрем?

М. Мақатөв

Әйел егде тартқан сайын, кимешегі де қарапайымдала берген. Кимешек көшпелі өмірге бейімделіп тігілгендіктен, көшіп–қонған заманда әйелдің денесін таза, жылы ұстау үшін киілген. Кимешектің үстінен жаулық тартқан. «Ақ жаулықты әже» тіркесі осыдан шықса керек. Жаулықтың маңдайына қатты қағаз салып орау әжелердің мәртебесін салтанатын көрсеткен.

Үстеріне тобыққа жететін көйлек кию – қазақ қызына тән ерекшелік. Өйткені біздің ел қыздың ибалы, инабатты болғанын қатаң қадағалаған. Сондықтан қыз күнінен – ақ ұзын етекпен жүреді. Кіндік ашу, қысқа етек кию ата салтта болмаған. Кіндігі тұрмақ, аяғы ашық қыздарды ата – бабаларымыз қатаң жазалап, иба мен инабаты киіммен бірге сіңірген.

Қыз да, келіншек те барынша сәнденіп, боянып жүрген. Өзін – өзі күткен. Әшекейдің түр–түрін жас ерекшеліктеріне орай таққан. Сұлулықтарын паш етіп, қарақат көз, қолаң шаш арулар мен айжүзді әйелдер сұлулық пен нәзіктіктің, әсемдік пен көркемдіктің символы болған. Сыртқы сұлулыққа тамсану бүкіл адамзат атаулыға ортақ нәрсе болса, атам қазақ та қыздың көркін жасырмай, сұлулыққа сүйсініп, оны қадірлеу арқылы эстетикалық талғамдарының жоғары екендігін көрсеткен. Әлбетте, бұл сөзімізбен ешкім дауласа қоймас.

Бұл күні заманның заңына орай, киім киісімізді осы негізге отырып бейімдеуге болады. Бастысы – киім дененің ұятты жерлерін жауып тұруы керек. Заманға сай киіну, заманауи ару не заманауи келіншек атану ұлттың қасіреті емес. Ұлттың қасіреті – киім арқылы сананы жаулап, түп төркінді құрту.

Ұлттық ерекшелігіміз ретінде моншақты сәукеле, тігерсөкке дейін жеткен бұрым, сыңғырлаған шолпы мен кимешекті айтуымызға болады. Осындай дәстүрлі киімдеріміздің бүгінгі күнге дейін жетіп отырғаны қазақ ұлтын өзге ұлттардан өзгешелеуі керек. Киім кию үрдісінің кейбір жұрнақтары бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Яғни, қыздарымыздың мейлінше сәнденіп, шаштарын ашық қойып әжелеріміздің ақжаулық салып, келіндердің

орамал тартуы сөз жоқ, қазаққа тән нәрсе. Ұлттық болмыс деген де осындай дүниелерден құралса керек...

Заман дөңгелегіне ілесіп, ұлттық киім де өзгеріске ұшырайды. Әлемде ата-бабадан қалған ұлттық киіммен жүретін халықтар некен – саяқ. Заман бір орында тұрмайды. «Сән айналма сағат сияқты». Жылдар жылыстаған сайын киім де өзгешелікке ұшырып, уақытқа сай бейімделіп отырады. Қай – қай ұлтты алмаңыз, ұлттық киім бүгінде тек арнаулы мереке мен мейрамдарда киілетін құнды жәдігерге айналып кетті.

Жоғарыдағы бабадан балаға өсиет болған қатпарлы тарих қазақ ұлтының киім киюдегі өзіне тән ерекшеліктерін айқындап берді.

Библиографиялық тізім:

1. Қазақ әдебиеті газеті. Ата мұра 2017 ж
2. Этнопедагогика. Алматы 2010ж

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ІСКЕР ӘЙЕЛДЕРІ

Жусупбекова Б.А.

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
«Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығының маманы,
тарих ғылымдарының магистрі
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы
bota4905@mail.ru*

Дәстүрлі дала өркениетінде әйел баласының рөлі қашанда зор болған. Қоғамның ішкі және сыртқы өмірінде әйелдер алауыздық емес, біріктіруші күші ретінде көрінген. Көрші өркениеттерді алып қарайтын болсақ әйелдердің барлығы бірдей осындай рөлді атқара алмағандығын көреміз. Айталық Қытай елін алып қарар болсақ, 5-6 бірін бірі түсінбейтін диалектілерде қатынас жасайтындығын көреміз. Яғни бір елдің 500-600 шақырым қашықтықтағы тұрғындары бірін-бірі түсінбейді. Оны Қытайдың қазіргі президенті Си Цзиньпиннің өзі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевпен қулуарлық әңгімеде мойындаған болатын. [1.] Ал біздің қазақ қоғамына келетін болсақ Атырау мен Алтай, Сібір мен Алатау бөктеріндегі қазақтардың тіліндегі ешқандай айырмашылықтың болмауын феномен ретінде түсінуге болады. Менім ойымша, бұл қазақ әйелдерінің қоғамдағы айырықша кіріктіруші, тұтастырушы, ұйыстырушы рөлімен түсіндірілсе керек. Себебі Сыр мен Ертістің қазағы жайлауда Арқада, Торғай мен Атыраудың қазағы Ырғызда, Жетісу мен Алтайдың қазағы Қарқаралыда жаз айын өткізіп құдандаласты, туыстасты. Ертістің қызы Сырға тұрмысқа шықты, Сырдың қызы Ырғызға шықты, Жетісудың жігіті Алтайдан қыз алды, Алтайдың жігіті Арқадан қыз алысты. Сөйтіп қыздар және олардан туған балалар өз елінің тілін 2000-3000 шақырым жерге алып барып тілімізді біркелкі етті. Бұл қазақ әйелдерінің арқасында ғана жүзеге асты. Орайы келгенде 1917 жылғы революцияға дейін қазақ әйелдерінен болыстардың да шыққанын айта кетуіміз қажет. Өткен ғасырдың 30 жылдарындағы халқымыздың демографиялық құрдымды апатқа ұшырауының орнын соғыстан кейінгі жылдары нақ көп балалы аналардың толтырғанын айтса да жеткілікті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтарда ең бірінші кезекте ару аналарымыздың иығына түсті. Ерлер абдырап нарықтық қатынастарға бейімделе алмай жатқанда әйелдер білекті сыбанып бұрын таңсықтау нарықты-экономиканы игеруде белсенділік танытты. Іскер әйелдеріміз пайда болды. Бүкіл Қазақстандағы жалпы ұлттық үдерістен сыр бойының әйелдері қалыс қалған жоқ. Отбасы ғана емес қоғамдық саяси өмірде әйелдер өздерінің қабілет қарымын аша білді. 1990 жылдардың басында ерлер мен қатар Сыр өңірінен шыққан алғашқы ірі кәсіпті қолға алған әйелдердің бірі - мамандығы құрылысшы экономист тұрғылықты Қызылордалық Рая Пірмағанбетқызы Үдербаева 1953 жылы дүниеге

келді. 1971 жылы қаладағы №4 орта мектепті бітіріп, бір жыл «Жилстрой» басқармасының құрылыс учаскесінде жұмысшы болып еңбек жолын бастады. 1972 жылы Қызылорда полтехникумға оқуға түсіп гидротехник мамандығын алды. «Риссовхозстрой» өндірістің мекемесінде шебер болып, «Қызылордастрой» трестінде аға экономист болып жұмыс істеді. 1982 жылы Жамбыл гидро мелорациялық институтының Қызылордадағы филиалына оқуға түсіп «инженер құрылысшы» мамандығы бойынша білімін жалғастырды. Мұнан соң «ХРУ Монолитстрой» өндірістік техникалық бөлімінің жетекші инженері, «МСУ-4» мекемесі бөлім бастығының орынбасары қызметтерін атқарды. Осындай бай тәжірибе жинақтаған ол 1992 жылы 13 шілдесінде Жауакершілігі шектеулі «Құрылыс-өндірістік Монтажспецстрой» серкітестігін (СПФ) құрды. Әлі күнге дейін Үдербаева осы мекеменің бас директоры қызметін атқарып келеді. Бұған дейін кеңестік өндірісте үлкен тәжірибе жинақтаған Рая Үдербаева қарамағындағы жұмысшылардың еңбегін бағалауға үлкен күш салды. Тек басқарушы бас мамандардың ғана емес қарапайым жұмысшылар – дәнекерлеуші, монтажшы, крановщик, электриктердің еңбектерін бағалай білді. Жас жұмысшыларды тәжірибелі мамандардың жанына шәкірттікке беріп баулыды. *«Кәсібіңді өрлеткің келсе, өзіңді де, бизнесті де емес, ең алдымен жұмысшыларыңды ойла. Себебі, ең қиын жұмысты солар атқарады. Жұмысшылардың жағдайын жасап, жаңа техникамен, сапалы киімдермен қамтамасыз етсең, олар өз істерін мақтанышпен істейді. Кәсіпкерліктің өміршеңдігі жұмысшыларды бағалауда. Мен кәсібімді алғаш бастаған жылдары жұмысшыларымнан төмен жалақы алдым. Өзіме тек кейінгі жылдары ғана рұқсат бердім»* – дейді Рая Үдербаева. 90 жылдардың басындағы Раяның қайырымдылық істері елге аңыз болып кетті.

Қысқа мерзімнің ішінде бизнес әлеміндегі қазақ қызының есімі Қазақстан ғана емес алыс жақын шетелдерде танымал бола бастады. Алғашында серіктестік болып құрылған мекеме көп ұзамай үлкен «СПФ Монтажспецстрой» компаниясына айналып АҚШ, Ресей, Біріккен араб эмираты, Жапония және Кипр елдеріндегі әріптестерімен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатты. Республикамызда «СПФ Монтажспецстрой» қызметін бүгінде шикізат секторы, мұнай мен газды өндірушілер мен қайта өңдеушілер белсенді пайдалануда. Компанияның жанынан бірнеше фирмалар құрылған. Оның филиалдары Атырауда, Ақтөбеде және Түркістан облысын Созақ ауданының Тайқоңыр кентінде орналасқан. Компанияның басшыларыменен қызметкерлері дүние-жүзілік стандартқа сәйкес келетін фирманың инвестициялық-тартымды және бәскеге қабілетті имиджін сақтау үшін үлкен жұмыстар атқаруда. - «Біздің компания Қазақстандағы аса ірі құрылыс ұйымдарының бірі – дейді Рая Үдербаева, - біз жоғарғы технологиялық жабдықтарды қолданамыз, жұмыстың заманауи әдіс-тәсілдерін пайдаланамыз. Мемлекеттік лицензиямыз болғандықтан, компания сыртқы және ішкі инженерлік желілерді, далалық құбыр өткізгіштерді, мұнай кенорындары мен өнеркәсіп жабдықтарын, трансформаторлық подстанцияларды монтаждау жұмыстарын орындай аламыз, құрылыс конструкцияларымен жабдықтарды, электротехникалық жұмыстарды, тоттануға қарсы қорғаудың барлық түрлерін жүргіземіз, желдету және аспирациялау жүйелерін орнатамыз т.б. Жалпылама айтқанда кез-келген құрылыс нысандарын «кілтімен тапсырамыз».[2]

Халқымыз баланы сергек сезімді, еңбексүйгіш азамат етіп тәрбиелеу ісін оның жас ерекшелігіне қарап жүргізген. "Балаға бес жасқа дейін патшандай қара, он бес жасқа дейін құлдай жұмса, он бес жастан асқан соң досындай бағала" деген халық мәтелі педагогикадағы баламен еркін сөйлесу, ашық сырласуды көрсетеді. Баланың бес жасқа дейінгі кезеңі балабақша мен отбасында болатын уақыты, міне осы кезеңде баланды еркелете, қызықтай отырып, оның жас ерекшелігіне сай, мінез-құлқы мен қабілетіне қарай отбасы тәлім-тәрбиесі пайдаланылады. Баланың жан-жақты білім алуына жағдай туғызып, олардың психологиялық, физиологиялық ерекшелігін есепке ала отырып, халық тәрбиесі негізінде дамыта оқыту бүгінгі күннің басты ісі болып табылады.

Библиографиялық тізім:

1 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998.

2 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім – тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995.

3 Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. – Алматы: Рауан, 1994

4 Ахметова З. Кәусар бұлақ. - Алматы, 1993

5 Табылдиев Ә. Халық тағылымы. Алматы: Қазақ университеті, 1992

6 Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: Қайнар, 1996

ГЕНДЕРНЫЙ БАЛАНС В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Кенжегулова Г.К.

АО Университет «НАРХОЗ»

г.Алматы., Республика Казахстан

gaukhar.kenzhegulova@gmail.com

В послании от 27 января 2012 года о социально-экономической модернизации президент Республики Казахстан подчеркивает важность качественного роста человеческого капитала. В первую очередь это образование. Стоит выделить два пункта: внедрение современных методик и технологий преподавания и качественный педагогический состав. На ряду с этим было утверждено не упустить нравственное воспитание детей.

Должности ректора и вице-президента назначались правительством. Система выдвижения кандидатов в СССР также нашла отражение в системе назначений на должности в высшем образовании Казахстана. Кандидаты были выбраны за достойную службу. Однако кандидат должен был иметь степень доктора наук и в большинстве случаев иметь отношение к области обучения в университете. Это означало иметь непрерывный опыт работы не менее 10 лет. Поскольку женщинам приходилось брать декретный отпуск после брака, чтобы ухаживать за своими детьми, у них был академический перерыв. С этой точки зрения у мужчин было преимущество непрерывной работы и образования. Ожидалось, что должность ректора или вице-президента займет кандидат, который не будет обязан делать длительные перерывы.

До 2004 года образование в Казахстане считалось более доступным для мужчин, чем для женщин. Однако проблема была разработана с учетом культурных привычек и традиций. Карьера в академическом мире означала бы получение опыта преподавания в высших учебных заведениях, что заняло бы около 10 лет опыта работы. Это позволило бы студенту получить степень кандидата наук. Однако, отсутствие определенного срока означало, что длительность получения степени могла продлиться. В результате отсутствие конкретных временных границ сделало его более абстрактным и неясным, сколько времени потребуется женщине, чтобы получить степень кандидата наук. В семейном плане это не подходило женщинам, поскольку женщина должна была проводить большую часть своего времени в преподавании, исследованиях, написании статей и т.д.

Сейчас очень часто можно наблюдать такую ситуацию, что женщина преподаватель работает в более чем одном ВУЗе. Так как преподаватель может согласовывать свое расписание в ВУЗе такая система становится ей удобной. Так как в основном женщина занимается воспитанием детей, ей приходится отводить и забирать ребенка из детского сада или школы. Тем самым, некая гибкость в рабочем графике, становится своего рода компенсацией для женщины. Однако, женщина не получает никакой выгоды лично для себя.

Принятие Болонской декларации сформировало систему образования в Казахстане. Новый путь стал более удобным путем для женщин, поскольку теперь появилась определенная временная структура. Прежде всего 4 года бакалавриата + 1,5 \ 2 года магистратуры вместо 5 лет обучения для получения степени магистра. За этим следует 3 года PhD вместо 10 лет опыта. Конечно, новая система имеет свои правила. Если предыдущие 5 лет в университете позволили бы преподавать в университете, новые бакалавры не имеют достаточной квалификации, чтобы преподавать в университете, и имеют право только работать в средней школе. Более того, получение степени магистра или доктора наук стало требованием во многих областях для продвижения на более высокие должности.

По данным за период с 2006 по 2016 год ,заинтересованность женщин и участие в научных исследованиях значительно увеличилась. В то же время участие мужчин стало в 2 раза меньше чем участие женщин в 2016 году. В 2004 году было принятие «Болонской декларации» и была запущена новая трехступенчатая система обучения.

Такая же ситуация наблюдается среди профессорско-преподавательского состава. На начало 2018 академического года численность женщин среди преподавателей ВУЗов в РК постепенно увеличивалась стала чуть больше 50%. А мужчины, наоборот. На протяжении всего периода доля мужчин среди профессорско-преподавательского состава постепенно уменьшалась и на начало 2018 академического года составляла чуть больше 40% от общего числа.


Женщины, как известно, являются менее социально и экономически защищенным слоем населения. При любом экономическом кризисе поднятие цен в первую очередь ощущают на себе женщины. Это является результатом гендерного разрыва в заработной плате. В среднем женщина получает на 30% меньше заработной платы мужчины.

В Казахстане зарплата преподавателей высшего образования варьируется в зависимости от региона. Самая низкая зарплата составляет около 96000 тенге. В двух городах Алматы и Астана зарплаты выше, тогда как в Астане она почти в два раза больше, чем в Алматы, и почти в три раза больше, чем в других регионах страны. В Астане учителя получают около 250000 тенге, а в Алматы около 155000. Среднемесячная зарплата составляет 137000 тенге, с разницей по регионам в 2,7 раза (по данным статистики сайта РК.). Преимущество числа женщин-учителей в начальных школах снижает интерес к профессии среди мужчин в средних школах, следовательно, в системе высшего образования

Помимо этого, несмотря на то что образование считается женским сектором экономики в Казахстане, регулируется система Высшего образования в основном мужчинами.

Рассмотрим соотношение мужчин и женщин на руководящих должностях (заведующий кафедрой, декан, проректор, ректор). Еще в 2000 году соотношение женщин к мужчинам было почти в два раза меньше. Однако в 2012 году гендерный баланс был почти достигнут, и уже в 2016 году соотношение между женщинами и мужчинами достигло гендерного баланса.

График 1. Доля женщин-руководителей (ректоров) высших учебных заведений (состав руководителей в системе высшего образования).



Если рассмотреть занимаемые должности только на уровне ректора, то сразу видна значительная разница. Женщины составляют около 18 % ректоров ВУЗов в Казахстане. Такое гендерное неравенство наблюдается в течение всего заданного периода. На сегодняшний день соотношение женщин и мужчин среди ректоров ВУЗов не изменилось.

График 2. Доля женщин и мужчин ректоров в системе высшего образования



Библиографический список:

1. http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/publicationsCompilations;jsessionid=2z8ebryU6j3e2B3Li9dkYurmW8rOEvoIs6TIfIwJQTzjLDjCB5mT!-1141199228!1266970695?lang=ru&_afzLoop=2220192331126145#%40%3F_afzLoop%3D2220192331126145%26lang%3Dru%26_adf.ctrl-state%3D10clqqe3ys_4
2. http://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=42&slug=-36&cat_id=8&lang=ru
3. Л.В.Штылева, монография ,Фактор пола в образовании: гендерный подход и анализ, г.Москва , 2008
4. Lyn Tett& Sheila Riddle (2009)Educators’ responses to policy concerns about the gender balance of the teaching profession in Scotland/ Journal of education policy, 2009.
5. Heather Savigny (2014), Women, know your limits: cultural sexism in academiaGender and Education, 2014 Vol. 26, No. 7, 794–809, The Media School, Bournemouth University. <http://dx.doi.org/10.1080/09540253.2014.970977>

**БЕСІК ЖЫРЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Жапалова К.А.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
k.zhapalova@asu.edu.kz*

Оқушыларының шығармашылық қиял – қабілеттерін, эстетикалық сезімін, талғамы мен көзқарасын, мәдениетін, ой- өрісін кеңейтіп, ана тілінде сөйлеп, сөз өнеріне, айнала – қоғам және өзін қоршаған орта өміріндегі әсемдік пен сұлулықты сезініп, бойына сіңіре білуге тәрбиелеуде ауыз әдебиеті жанрлары орасан зор роль атқарады. Олай дейтініміз, көркем шығарманың қайнар бұлағы халықта. Сондықтан да оның тәрбиелік нәрі туралы сөз қозғағанда, алдымен фольклор ауызға алынады.

Қазіргі заман талаптарына сай жеке тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда балалар фольклоры жанрларын пайдалану басты мәселелердің бірі. Оны қалыптастыру- өте күрделі де ұзақ үрдіс, яғни оқушылардың бойында бірден қалыптаса қоймайды деген сөз.

Сондықтан да сол сәбидің дүние есігін алғаш ашқан күндерінен басталуы тиіс. Осы тұрғыда балалардың эстетикалық мәдениетін дамытуда қазақ фольклор жанрларын пайдаланудың маңызы зор, солардың бірі – балаларға арналған әндер, бесік жырлары,

Ұлы Абай:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең,
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен

Ойлансаңшы, бос қақпай елең – селең, деп адам өміріндегі өлеңнің алар орнын терең топшылаған.

Бесік – адам баласы игерген игіліктердің ішіндегі ең парасаттысы. Оны үй шаруасындағы заттармен салыстыруға болмайтын мүлік.

Жалпы, тәрбие – нәресте шыр етіп дүниеге келу сәтінен басталып, ақырғы деміне дейін созылатын үрдіс.

Бүгінгі күнде талбесіктің қадір – қасиетін, маңызын, ата бабасының ұрпағы үшін қалдырған бесіктің құндылығын түсінбей жаңа туған нәрестесін невроз жасап үлгергендер қаншама десеңізші.

Сәбиді тербете отырып, айтатын бесік жырының маңыздылығы қандай десеңізші?

«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Үннің тәтті оралған мәні оятар,»- деп, тағы да Абай айтқандай, бесік жыры арқылы балаға жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесін де қалыптастырамыз.

Академик М. Әуезов адамзат мәдениетінің алтын қорына дүние жүзі халықтарының қосқан өзіндік үлесін сөз ете келе:

«Гректер атақты храмдарын, египеттік пирамидаларын, қытайлықтар фарфор бұйымдары мен мәрмәрдан жасалған адам мүсіндерін, итальяндықтар әсем әуенді музыкалық шығармаларын, француздар сурет өнерін үлгі етсе, көшпелі қазақ елі аса бай өлең – жыр мұрасын қалдырды.», деп жазса, Швейцарияның кемеңгер педагогы И.Г. Песталоций « Бала тәрбиесі – оның дүниеге келген күнінен басталуы керек. Баланың дүниені түсінуі жанұяда басталып, мектепте одан әрі қарай жалғастырылуы шарт,»-деген қағиданы ұсынды. « ... Қазақ баласының шыр етіп жерге түскенінен ер жеткенге дейінгі бар ғұмыры өлеңге толы. Оның алғашқы еститіні ана әлдиімен айтылатын бесік жырының әуені» - деп, өзінің «Қазақ халық әдебиеті» атты еңбегінде ғалым Х.Досмұхамедов балаларға арналған ән – жырлардың бала өміріндегі тәрбиелік ықпалының мәні зор екендігі туралы атап көрсетеді.

Қазақ балалар әндерінің қай-қайсысын алмасақ та өнегелі өсиет пен ізгілікті мейірбандыққа, татулық пен бірлікке, адамгершілікке, байсалды мінез-құлыққа, салиқалы ақылдылыққа насихаттап отырады.

Адам баласы тарихында ауыз әдебиетінің алтын ұрығы – жыр -өлеңнің бірінші бастамасы - «Бесік жыры» десек, бұнда қазақ қауымының балаға деген ең ізгі сүйіспеншілігі, тілегі, халықтың шешендігі мен арманы, эстетикалық идеясы бейнеленген. Жырдың негізгі мазмұны бөбекті ұйықтатуға, тынышталдыруға, оның жарқын болашағына ақ тілек білдіруге құрылады. Мысалы:

Әлди- әлди, ақ бөпем
Ақ бесікке жат бөпем.
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.
Быламыққа май құйып
Төңкерме қып берейін...
Түн ұйқымды бөлейін,
Ақ сүтімді берейін.
Ұйықтай қойшы құлыным,
Қолқа, жүрек, жұлыным,
Өзің сүйген әніңді

Тағы да айтып берейін, - деп айтыла береді.

Тәрбие басы – тал бесіктің арқасында әр жердің бесік жырлары, бесікке бөлеуі де әртүрлі болады.

Халық педагогикасының бір ғажабы, баланы бесікке бөлерде және тербеткенде айтқан өлең – жырларының өзінің өздеріне тән өзіндік ерекшеліктері, сыр – сипаты, мағынасы өте зор.

Қазақ баласының барлығы да бесікте өседі.

Шындығында, тумасында уызға жарымаған тел – қатпа болса, бала жанына нұр құятын, тұла бойын елжірететін ана жүрегінің мейірім – шапағатына толы - «рухани уызына» жарымаған сәби өмірде қандай адам болып шығарын болжап айту қиын. Сәбиді өмірге әкеліп, күтіп, бағып, тәрбиелеу, ақ бесікке салып, оның мәңгілік қамқоршысы болу ата – ананың борышы болғандықтан, нәресте дүниеге келгенде қуанып, оны өздеріне бақыт санау, шілдехана жасап, ат қою, тұсау кесу т.б. Жалпы халықтық салтқа, әдет – ғұрыпқа, эстетикалық идеяға айналған.

Этнопедагогикасы сонымен қатар телегей – теңіз сөз маржандарына толы.

Этнопедагогикасының мол бастауынан сусындамаған, одан үйренбеген бірде – бір адам пендесі жоқ. Олар сол мол қазынаға оралып оқыған сайын, одан тәрбиенің тағылымды түрлерін, рухани жан – дүниесін айна қатесіз ұғынады, шабыт алады.

Бармақтарың майысып,

Түрлі ою ойысып,

Ұста болар ма екенсің?...

Таңдайларың тақылдап,

Сөйлегенде сөз бермей,

Шешен болар ма екенсің?...

Баласын тербеткен ана кейде өз басынан кешкен қайғысы мен қасіретін, қуанышы мен рахатын өлеңге қосып жырлай отырып, болашақтан күткен зор үмітке, арман – тілекке, еркін өмір сүруге жеткізетін осылар болар ма екен деп ән арқылы жас басынан баласының құлағына құйып отырған.

Кең балағын түрініп,

Ойға, тауға жүрісіп

Балуан болар ма екенсің?...

Бесіктің тербелуі мен әң ырғағының бірдей шығуы бала тербеткен ананың да, бесікте жатқан баланың да көңіл – күйлерін ашып, рахатқа бөлеп, жүректері бірге соққандай әсер береді. Баланы жұбату, ойнату, тәрбиелеу, оның алдына неше алуан тілек- мақсаттар қою ән-өлеңмен, жырмен, көркем сөзбен айтылып, осылайша бесікте жатқан баланы тәрбиелеу ісіне халық зор мән берген. Мұндай бесік жырлары, өлеңдердің бастауыш сыныптың әр сатысындағы оқушылардың да жасы өткен сайын күрделеніп, олардың ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал жасап, ұқыптылыққа, әдептілікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа, мәдинеттілікке тәрбиелейді. Сондықтан да, жалпыға білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында өткізілетін қазақ тілі, ана тілі, ән-саз, т.б. сабақтарында балаларға арналған бесік жырлары, тұрмыс салт әндері мен жырлары, өлеңдер неғұрлым көбірек қамтылса, жас жеткіншектердің бойында соғұрлым өзінен кішілерге деген мейірімділік, бауырмалдылық, ата- анаға, жасы үлкендерге деген ізет, сыйластық, жалпы адамгершілік сезімдері оянып, оқу- білімге, өнерге деген құштарлық, әсемдікке, сұлулыққа, мәдениетті болуға деген ұмтылыс арта түседі.

Бабалар аманаты, рухани қазына – ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды қастерлеуге тәрбиелейді.

Бесік тәрбиесінің, бесік жырының мәнділігі мен бала тәрбиесінің келер жас ұрпаққа бесікке бөлеу және бесік жырын әндету міндетті және қажет екендігін қазақ халқы болып, тереннен ойымызға түюіміз керек. Сонда ғана ұлтымыздың ұлы болып, алдымызда көлденең жатқан теріс қылықтардан құтыламыз.

Өз елінің тілін, дінін, рухани мәдениетін білген адам, біртіндеп әлемдік мәдениетті үйренеді. Ендеше, бұл қасиет бесік тербеткен ананың әлдиімен, әженің ертегісімен, отбасында айтылып отыратын мақал – мәтел, жұмбақ, аңыз әңгімелермен бала бойына дарылып, сол арқылы ата-бабаларымыздан қалған асыл мұраға деген қызығушылық танытып, сүйіспеншілікке тәрбиелейді. Демек, бұл жұмыстар баланың шыр етіп дүниеге келген кезінен бастап, жас ерекшелігіне байланысты біртіндеп күрделеніп отырылуы керек.

Халықта «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле», деген мақал бар. Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке қадам басқан бүгінгі таңда адамгершілігі мол саналы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халық педагогикасының берері мол.

Библиографиялық тізім:

1. «Бастауыш мектеп» журналы, №7, 2005 жыл. 3-5 беттер;
2. «Бастауыш мектеп» журналы № 2, 2005 жыл. 3-5 беттер;
3. «Тәрбие жұмысы» журналы, №1, 2005 жыл
4. «Мектептен тыс жұмыстар» журналы, №7, 2006 жыл

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕЛЖАНДЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Куджанов А.Р.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау, Қазақстан Республикасы
a.kudzhanov@asu.edu.kz*

Қазіргі уақытта қоғамның жаңа келбетін қалыптастыратын ұлттық зиялы қауымның мамандығын жетілдіріп, адамгершілік сезімін ояту үшін барлық қажетті жағдайды жасау – өмір талабы. Қазақтар ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған.

Қазақтың ұлтжандылығы, отансүйгіштігі ежелден қалыптасқан. Оған қазақтың мақал- мәтелдері дәлел. Мәселен, туған жер-отан туралы мақалдар-мәтелдер:

“Туған жерге туың тік”. “Ит тойған жеріне, Ер туған жеріне”. “Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас” [1] т.б. болып кете береді.

Мақал-мәтелдердің өзі қазақтың елін, жерін, отанын сүюінің негізі болып табылады. Қандай бір халық болмасын отанын, елін, жерін сүймейтіні жоқ. Соның ішінде қазақ халқы да жалпы шығыс, оның ішінде түркі тілді халықтардай отанын, жерін, суын, табиғатын сүюге жастарды тәрбиелеу көне заманнан өзімен бірге дамып келеді. Бірақ кешегі кеңес заманында таза ұлттық патриоттық тәрбиені жалпы кеңестік патриоттық-интернационалдық тәрбиемен алмастырды.

Біз интернационалдық (ұлтаралық татулық) тәрбиені жоққа шығармаймыз. Қазақстан жағдайында тәрбиенің бұл саласы бүгінде де қажет. Бірақ патриоттық осы тәрбиенің түпқазығы болуы тиіс. Осыған орай қазақтың би-шешендерінің сөздеріне жүгінейік.

Төле Би:

“Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол.
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол”.

Майқы Би:

“Бірлік түбі береке,
Береке түбі мереке.
Ақ білектің күшімен,
Ақ найзаның ұшымен,
Ел болуды ойлаңдар”.

Қазыбек Би:

“Алтын ұяң-атаң қымбат,
Құт берекең-атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауың-әкең қымбат,
Туып өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат”.

Әйтеке Би:

“Екі адам керіссе, оның арты қызыл шоқ,

Біз үш жүз керіспейік, келісейік”.[2] Би-шешендердің сөздері де қазақтың елін, жерін, отанын сүюінің негізіне жатады.

Немесе қазақ халқының өз елін шапқыншылықтан қорғауда ерлігі аңыз болып өлең-жырға қосылған Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Ер Сайын, Ер Қосай, Қамбар, Ағыбай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Баян, Қарқабат, Сураншы, Саурық, Сырым, Исатай сияқты батырлар жастайынан халық тәрбиесінің бесігінде тербеліп өскен. [3] Батырлар жыры да қазақтың елін, жерін, отанын сүюінің негізі болып табылады

Осыған қоса бабаларымыз, ел қорғаған азаматтарымыз: Бәйдібек баба, Қойгельді, Сыпатай, Сәмен, Рысбек, Бөлтірік шешен, Көшек батыр, Туғанбай, Тұрлығұл т.б. істеген ерліктері бүгінгі қазақстандық патриотизмге негіз бола алады.

Қазақстандықтардың Отан соғысындағы ерліктері туралы белгілі ғалым-тарихшы-академик М.Қозыбаев кезінде еңбек жазып, сұрапыл соғыс жауынгерлерінің ерліктерін дүниежүзіне паш еткен. [5]

Осыған орай кейбір азаматтардың арасында: “Бізге тек ұлттық тәрбие, қазақтың ұлтжандылығы керек” деген сынай танытты. Біз мұны бүгінгі таңда дұрыс бағыт деп санамаймыз. Себебі көп ұлтты мемлекетте басқа ұлт өкілдерін де сыйлауымыз керек. Оларда да ұлттық намыс бар. Сондықтан Қазақстан халқы татулықта, ауызбірлікте бірге еңбектеніп, оқып білім алу қажет. Ол үшін осындай мемлекеттің мемлекеттік, ұлттық идеологиясы болу керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Егер біз Мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетіміздің ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр. Қазақта мынандай мақал бар: “Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз”. Осы орайда айтарымыз тек жеті ғасырмен шектелмей жалпы ұлттың тарихын біліп, соны зерттеп: “Біз қайдан шықтық?, Біз кіміз?”, “Кешегі Кеңес дәуірі бізге не берді?”, “Сол дәуірде не жоғалттық?”, “Кешегі Ұлы Отан соғысында қан төккен, жанын пида қылған ата-бабаларымызға қандай құрмет көрсетіп жүрміз?” т.б. сұрақтарға жауапты осы институт қабырғасында дәріс беру барысында іздегеніміз жөн. Себебі мектеп оқушыларына осы сұрақтар төңірегінде жауаптар беру керек. Бүгінгі кішкентай бала-ол ертеңгі ел азаматы.

Тарихты кітаптан оқу өз алдына, ал кешегі тарихты, сол тарихты жасаған, сол тарихтың куәгерлерімен кездесіп дәріс алу әлдеқайда құнды. Бұл да қазақстандық патриотизмнің негізі. Қазақстандық патриотизм, қазақстандық интернационализммен, яғни қазақстандық отансүйгіштік қазақстандық ұлтаралық татулықпен байланысты деген ұғымды білдіреді. Оның түбінде ұлттық және мемлекеттік идеология жатыр. Біз осының бәрін қатар алып жүруіміз керек. Ұлттық идеология дегеніміз-қазақстанда тұрып жатқан әр ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі, діні, тарихынан туындайтын көзқарас. Бірақ қазақтың ұлттық идеологиясы осының көшбастаушы болуы тиіс. Оған негізінен қазақ азаматтары атсалысуы, көш бастауы керек. Ал мемлекеттік идеологиямыз-ол қазақстанда тұрып жатқан халықтардың мүддесінен туындаған мемлекет саясаты. Дәлірек айтсақ “Идеология (идея және логия)-таптар мен әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретін қоғамдық сана, саяси, праволық, философиялық, моральдық, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялық идеялардың жиынтығы”.

Бүгінгі күні ата-бабалар, одан кейінгі ұрпақтардың салып кеткен жолымен жүріп, сол жолды ары дамыту, өмір жаңалығын ескеру, ескімен жаңаны ұштастыру Қазақстан халқының міндеті.

Елдің тәуелсіздігі көп нәрсеге ой салдырады. Мұнда тарихи сананы ояту, жоғалғанын өзіне қайтару, өрлеу дәуіріне жол ашу деген мағына, сондықтан қазақстандық патриоттық тәрбие деген ұғым тек қана айтыла салатын дерексіз ұғым емес, ол ең алдымен нақты, өз ұлтына, сонда тұрып жатқан халықтарға берілген, адал еңбек ете алатын, жалпы халықтық, әлеуметтік мәдениетті түсініп, білетін соның нұсқаларын өз халқының қажетіне жарата алатын, басқалары түсіне білетін нағыз адам сүйгіштік, қазақстандық патриоттық рұхтағы белсенді адамдарды тәрбиелеу үшін керек.

Тәрбиенің негізі, оның мақсаты, міндеті, мазмұны, түрі, құрылымы, әдісі, тәсілі, заңдылықтары, принциптері, құралдары [6] бар. Сол сияқты қазақстандық патриотизмнің мақсат, міндеті, түрі, әдіс-тәсілі бар. Егер патриоттық тәлім-тәрбиемізде осы негіздер болмаса ол жәй сөз болып қалуы мүмкін. Өзін-өзі білмеген адам өзінің кім екенін түсінбейді.

Қазақстандық патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып ұлттық тәрбиеге жаңа мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз ол оқшаулану емес, керісінше ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі, дүнитанымы кең азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік болады деп түсіну қажет және солай да.

Таза біржақты ұлттық тәрбие-ұлтаралық аразға соқтыруы мүмкін. Әсіресе патриоттық тәрбиеде бұл ерекше білінеді. Әрине, ұлттық тәрбиені әркім әртүрлі түсінеді. Кейбіреулер “ұлттық нақыштар сол күйінде болса екен” десе, ал кейбіреулер “ұлттық тәрбие қазіргі өмірмен байланысты болса екен”, дейді. Шындығында ескінің жаңамен қауышып жатқаны өміршең келеді.

“Ұлттық тағылым деген ұғым әр халықтың ғасырларға ұласып жатқан тәрбие үлгісі, бала тәрбиесіне қолданылатын әдіс-тәсілі, үлгі-өнегесі, сондықтан да ұлттық тәрбие деген сөздің мағынасы әлдеқайда кең” Себебі ол бүкіл ұлтқа тән қасиеттердің бәрін қамтиды. Оған әлеуметтік, тұрмыстық, шарауашылықтық, салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрлер, тағы басқа ұғымдар кіреді. Жалпы ұлттық тәрбие арқылы жастарды, кейінгі буынды патриотизмге, ұлтаралық татулыққа баулуымыз керек.

Бүгінгі Егеменді Қазақстанның жағдайында патриотизм, ұлтаралық татулық жаңа мағынаға ие болып отыр. Себебі Қазақстанды Отаным деп білетін әрбір Қазақстан азаматы Қазақстанды сүйіп, соның азаматы болу, қазақстанды қорғау, Қазақстанның дамуына, өркендеуіне өз үлесін қосу міндетті. Мұны, әсіресе, қазақ ұлт өкілдерінен басқа ұлт өкілдері жақсы ұғынуы тиіс. “Қос азаматтық”, “Қос тілдік” деген ұғымнан арылу. Біз мұнда түгелдей орыс тілінен бас тартып отырғанымыз жоқ. Орыс тілі арқылы батыс мәдениетін игеруіміз тиіс.

Осы мәселеге байланысты қазақ азаматтарына келетін болсақ, олар қазақстандық патриотизм, ұлтаралық татулықтың көш бастаушысы болуы тиіс. Солай болмақ та. Қазақтың белгілі ақыны Мұхтар Шахановтың “Төрт ана” деген өлеңінде былай деген: [7]

“Тағдырыңды тамырсыздың індетінен қалқала,
Әр адамда өз анасынан басқа жебеп жебеп жүрер, демеп жүрер арқада
Болу керек күдіретті төрт ана:
Туған жері-түп қазығы айбыны,
Туған тілі сатылмайтын байлығы,
Туған дәстүр, салт-санасы тірегі,
Қадымына шуақ шашар үнемі.
Және туған тарихы, еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті, болса да,
Төрт анаға өңін жалғай алмаған
Пенделердің басы қайда қалмаған?
Төрт анасын қорғамаған халықтың
Еш қашанда бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы.
Төрт ана үшін болған күрес-күрестердің ұлысы.

Төрт ана тек қазақ ұлтында емес, ол барлық қазақстандықтарда болуы тиіс. Себебі Қазақстанда тұрып жатқан халықтар ежелден осы өлкені мекендеген. Олардың тарихы, салт-дәстүрі, мекен-жайы, ана тілі бар.

Сонымен қорыта айтарымыз, қазақстандық патриотизм-бүкіл қазақстандықтарға тән. Себебі ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ салт-дәстүр, ортақ қазақтың тілі. Басқа ұлт өкілдері қазақтың тілін білуі тиіс.

Библиографиялық тізім:

1. Қазақтың мақал-мәтелдері Алма-Ата 1955
2. Қазақтың би-шешендері Алматы 1993
3. Батырлар жыры Алма-Ата 1955
4. Қазақ Совет энциклопедиясы Алма-Ата 1978
5. Қозыбаев М. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдары Алма-Ата 1979
- 6 Қазақ Совет энциклопедиясы 4 том Алма-Ата 1978
7. Назарбаев Н.Ә.“Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде” Алматы 2012

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ОТБАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Батыргалиева Л.Ж.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің магистранты
Атырау қ., Қазақстан Республикасы*

Ұрпақ тәрбиесі - қай заманда да күн тәртібінен түспеген келелі мәселелер. Ол бүгін де күйіп тұр. Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық өнегелі дәстүрлерді, адамгершілік асыл қасиеттерді жастар бойына қалыптастыруда, оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз. Сондай-ақ, ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тағдыры мен болашағы да мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты. “Отбасы адамның өте маңызды, өте жауапты ісі. отбасы өмірді кемеліне келтіреді, отбасы бақыт әкеледі, бірақ әрбір отбасы, ең алдымен мемлекеттік маңызы бар зор іс болып табылады”, - деп анықтама берген профессор Қ.Б.Сейталиев болатын.

Яғни, отбасы – қоғамның маңызды буыны және өзінше бір кішігірім ұжым. көп ұлтты мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. осы жағынан кез келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігі деп түсінеді.

Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: “Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттық болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезімен өткеннің тағдыры мен талаптарын, объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған бай тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек” екені айтылған.

Қазіргі кезеңдегі саяси, экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, тұрмыстағы күйзеліс, ұлтаралық қатынастардың шиеленісе түсуі, адамгершілік құндылықтардың құлдырауы, білімге, адал еңбекке деген ынтасының азаюы, отбасын құруға жауапкершілікпен белсенді қарамауы, зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің бел алуы т.б. мәселелері жастар тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отыр. Сонымен қатар, қазақ халқының әріден келе жатқан мәдениетін және білім, тәлім-тәрбие беру жүйесінің негіздерімен жан-жақты танысу бүгінгі күннің басты бағдары, талабы десек те болады.

Көне заманнан келе жатқан таным-түсінік, әдеп-тағылымдарын ұғыну, білу және өмірге үйлесімдерін қажетке жарату – жастардың туған халқына деген құрметінің артып және өнегенің рухани түлей түсуіне ықпал етеді. Былайша айтқанда, елінің тарихи өткен жолы мен бұраң бұлтарысы көп болмыс-білімін ұғыну халқына деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімінің қарқынды түрде жетіле түсуіне әсерлі ықпал етумен қатар, бұл нәтижелі сапаға айналады.

Қазақта “үйлену оңай, үй болу қиын” дегендей үйленіп, үй болу адам өмірінің ұмытылмас кезеңі. Оның да өзіндік қызығы мен қиындығы бар. Қазақ халқы қыз ұзатып, ұлын үйлендіріп келе жатқан, басқа халықтар сияқты думаншыл-сауықшыл халықтардың бірі. Ежелден бері қалыптасып келе жатқан дәстүр бойынша, қазақ халқында отау тігудің әр түрлі, рет-ретімен орындалатын салт-дәстүрлері өте көп. Отау тігу дәстүріне көрік беріп, қызықты әрі мағыналы ететін – салт-дәстүр. “Қызын қияға, ұлын ұяға” қондыру әке-шешенің ұл-қызына деген міндеті.[1]

Қазақ табиғатында отбасы иелері балаларының алдында өздерінің тіршілік әрекетінде барлық адамгершілік қасиеттерін, үлгісін көрсете білген. Оның басты себебі “ұлдың ұяты әкеде, қыздың ұяты шешеді” деп бағалағандықтан. Сондықтан, ата-ана балаларын тұрмыс пен салтқа бейімдеп, шеше көріп тон пішуге, әке көріп оқ жонуға баулитын болған. Осылайша ұрпақтың отбасы тәрбиесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Бұрынғы қазақ жастары тәрбиені мектеп пен медреседе оқып білмесе де қызы анадан, ұлы әкеден үлгі-өнеге алған.

Қазақ халқының тарихы дәстүрге өте бай. Отбасы үшін ежелден тән қасиетті балажандық, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенді құрметтеу, туыскандық кең байланыс, көршілермен және ұлты басқа халықтармен достық, ізгілік қатынастар осының бәрі қазақ халқының тұрмыс қалпына байланысты болған. Қазақ қыз-келіншектері мен ер азаматтарының бойында өзге халық өкілдерінің бойынан көрінетін дара қазақы болмысы жарқырай көрініп, жүрекке жылы әсер еткен. Әсемдік пен әдептілік үйлесімдік тапқан. Мәселен, ата-ана құқықтары қыз беріп, қыз алу, құда түсіп, құдалы болу, қазақ некесінің ерекшеліктері, қалың мал мәселесі, бата бұзу, ажырасу, бала асырау, әмеңгерлік, мирас пен мұра т.б. ежелгі отбасы дәстүрлері мен соған қатысты қағида ерекшеліктері жайында мағлұматтардан қазақ халқының отбасына ерекше мән бергенін, шаңырақ шайқалып, босаға босамауына назар салғанын көреміз.

Жас отаудың пайдасына асатын әдет-ғұрыптар келешегін, нәсілінің болашағын ескертуден туындап, халқымыздың ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғыасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келген. Ата-анамыз екі жасты үйлендірмес бұрын оларға мынадай шарт қояды: біріншіден, қалыңдықты жеті атадан асырып іздеу қажет. Бұл талаптың мәнін халқымыз былай түсіндіреді: “қандас туыс адамдар үйленсе дұрыс бала туылмайды, туыла қалғанның өзінде ғұмыры қысқа болады.” Екіншіден, ағайын-туысқан арасында әдепсіз, жағымсыз қылықтар етек алып, ынтымақ бұзылады. Осылайша атақты қазақтар қашанда өзінің баласына басқа бір рудан, тайпадан барып, өзінің теңіндей адамдардың қызын айттыруға тырысады. Айттыру, құда түсу ежелден келе жатқан дәстүр екенін жоғарыда сипаттадық. Алайда құда болудың бірнеше жолдары бар. Кейбір өмірдің ащысы мен тәттісін бірге өткізген адамдар достықтары артып, туыс болғысы келсе бала өмірге келмей жатып құдаласуға уәделеседі де “бел құда”; екі нәрестені бесікте жатқан кезінен айттырып “бесік құда” атанады. [2]

Қазіргі таңда көп қолданылатын құдалықтың бір түрі қыз бен жігіттің келісімімен ұл жағы сырға тағып, құда түседі.

Қайтадан қыз алысып, қыз берісіп құдалықты жалғастыруды “сүйек жаңғырту” немесе “сүйек шатыс” деген. Бір кездері құдалы болған адамдар құдалықтарын ұзақ жалғастыру үшін қыз берісіп, қыз алысады. Бұрынғы замандағыдай қазіргі кезде қызды зорлап қосу жоқ. Бірақ ата-аналары ақылдасып және екі жастың келісімі бойынша жасалатын салт.

Қалай отау құрғанда да жаңа түскен келіннің екі жақты жақындататын дәнекерлік ролі аз емес. Келін болып түскен қыздың жаңа жұрттағы қадірі оның ақылы мен адамгершілігінде, шаруа икемділігінде, аналық қасиеттерінде және жарына деген мейір-махаббатында деуге болады. Әрине, бұл жастардың адамгершілік қасиеттеіне, алған тәрбиесіне, әдептілігіне байланысты.

Соңғы кезде қазақ халқының табиғатына тән, ана сүтімен сүйекке сіңген ізгі әдет-ғұрыптардан тыс қалып бара жатқандаймыз. Өз ұлтының өткені мен болашағына бей-жай қарайтын тәрбиеден тысқары қалған жастар аз емес. Ата-ананы сыйлау, үлкенге құрмет

көрсету, кішіге ізет білдіру, әдеп сақтаудан хабарсыз кей жастардың қылығы әркімнің-ақ намысына тиері сөзсіз. Халық өнерін игеру – жастарды еңбек сүйгіштікке, әсемдікке бағыттап, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, жақсы әдет, дәстүрлерін жалғастыруға баулиды. Ұлттық тәжірибеміз отбасынан басталып, кейін де жалғасын тауып жатса, қазіргідей қазақ халқының қанында жоқ, ата-баба тәрбиесіне жат өзін жарық дүниеге әкелген анасын, әлпештеп өсірген асқар тауы әкесін қарттар үйіне өткізген, нашақорлық пен маскүнемдікке салынғандардың шаңырағы ортаға түспес еді.

Атам заманнан жалғасып ар ұжданымызға ұялаған қанымызға сіңген қастерлі қазақ салтын ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мұра ретінде кейінгі ұрпаққа қалдыру – бәріміздің де борышымыз. Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата-бабамыз асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой-санасын игі адамгершілікке жетелейді. Сондықтан кең байтақ ата жұрттан ертеден жас буынға жалғасып келген ар-ұят сақтау, мейірімді, шарапатты болу салтанатын құрды. Ұнасымды қарым-қатынас жасай білу. Бұл адамзат баласының әу бастан өз өміріне серік етіп, ұғыныса, сыйласа, тіршілік құру сапарында алға ұстап келе жатқан әдеп салттарының ең көкейкестісі. Адамдар өздерінің арасында тату, кішіпейіл, өресі деңгейлес қатынастардың тату болғаны жөн екендігіне ежелден-ақ ден қойған.[3]

Дәстүрге арқа сүйемегеннің көсегесі көгермейді деген атамыз. Яғни отбасы ауыл-аймақ, көпшілік, қоғам болып адамдарды тәрбиелеу қазақ халқының өмірінен өзекті орын алған. Салт-санасы, әдет-ғұрпы, ойын-тойы осы мақсатты іске асыруға бейімделе жүргізілген.

Ата-бабаларымыздың, даналарымыздың, ақын жарауларымыздың ақыл-өсиеттері, ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған және халықтың ежелден келе жатқан салт-санасындағы, әдет-ғұрпындағы дәстүрлік тарих тағылымдарын өмірге үйлесімді пайдалану – ұл мен қызға берілетін тәлімді жетілдірудің тиімді жолы болуымен қатар, олардың бойына инабаттылықты, мейірімділікті, бір-бірін сыйлау, құрметтеу, адамдық қасиеттерді дарытуға игі ықпал ететін және оның өмірге тез сіңіп, болашақ отбасының тұрақтанып, бала тәрбиесінің жақсартып, адамдар арасындағы қарым-қатынас жарасымын көркейтіп, жауапкершілікті өркендетуге ықпал етеді. Мұның нәтижесі түрлі кінәраттарға тосқауыл жасап, дөрекіліктер мен қатыгездіктен тиылуға және әдептіліктің бойға даруына ынталандыратын тиімді тәсіл.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын жастардың санасына сіңіре білу басты міндетіміз болуы қажет. Тәрбиенің көзі – ата-бабамыздан қалған дана сөздер десек, біз сол насихаттың жүргізушісіміз. Бұған қоғам алдындағы үлкен міндет ретінде қараған жөн.

Библиографиялық тізім:

1. М.Қыдырбайұлы., - Ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген «Атамекен» бағдарламасының педагогикалық мұралары // «Халық педагогикасы мен психологиясы дәстүрлерінің оқу-тәрбие ісінде қолданылуы» атты ғылыми-практикалық конференцияның материалдары (19-20 мамыр 1992 жыл) 14-17 беттер.
2. Сейталиев К. Тәрбие теориясы. Алматы, Мектеп, 1987, 142 бет.
3. “Атамекен” әдет – ғұрыпты үйретсе., - С. Жұманазарова, “Ақ желкен”, № 5, 1990, 10 – 11 беттер.

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/ CONTENTS

1 СЕКЦИЯ

ТАРИХТАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ

ЖЕНСКОЕ ЛИЦО ИСТОРИИ

THE FEMALE FACE OF HISTORY

Талтенов А.А. Алғы сөз.....	3
Сарыбекова Ж.Т. Бүгінгі күн тұрғысындағы қыз тәрбиесімен ежелгі қыз тәрбиесінің сабақтастығы.....	4
Нурмукашева С.Қ. Әйелдер психологиясының келбеті.....	9
Сарыбекова Ж.Т. Жүсіп Баласағұни шығармаларындағы қыздар тәрбиесі мәселесі	13
Қоңырбаева С.С. Ұлы дала аруларының тағылымдық өнегесі негізінде қыз балаларды өмірге даярлаудың педагогикалық тәжірибесі.....	18
Ахмет А. 18 жасында «Оян, қазақ!» ұйымын құрған бойжеткен.....	23
Аташ Б.М., Тлеуқенова Ж.С. Қазақ қоғамындағы әйелдің әлеуметтік мәртебесі мен орны.....	26
Ноздрин Е.О. Развитие женщин - лидеров в современной корпоративной культуре бизнес-организаций.....	30
Курмансеитова А.Х. Ногайская княжна Сююмбике – царица казанская.....	34
Бекежан Ө.Қ. Ғалым Гүлжиһан Нұрышева философиясының квинтэссенциясы.....	39
Асанова Д.А. Право казашек избирать и быть избранными.....	44
Жанабаев К., Тургенбаева А.Ш. Истоки нравственности и героизма дочерей великой степи: эпос, история, современность.....	47
А.Өмірзақова-Ахмет Ректор Сэнду Дүймағамбетова.....	50
Қисамеденова М.Қ. Күй тарихындағы қыз-келіншектер шығармашылығы (Батыс қазақстан күйшілік мектебінің негізінде).....	53
Максатова Д.М., Искакова Ф.Е. Женское лицо истории: «Мы вместе, моя душа и моя домбра».....	56
Нығметов Б.С. Қазақ аруларының балық шаруашылығындағы ерен еңбектері.....	60
Қайрғалиева Г.К., Айбаров Д., Серікбайқызы Ы. Әйелдердің мұнай кәсібін игерудегі рөлі.....	63
Қырықбаева Ж.М. Ұлы даланың философиялық мұрасын зерттеудегі ұлағатты ғалым - Г.Ж.Нұрышеваның орны.....	67
Alekperzade F., Abitayeva R. Gender policy implementation in Kazakhstan in the social sphere.....	72
Жауырова А. Рухани құндылықтар жүйесіндегі көркем әдебиеттің рөлі.....	76
Наурзалиева В.С. Болашақ анаға деген көзқарас.....	79
Алипова Д.Ж. Кеңестік реформалар: мәні, сипаты, тәжірибесі.....	81

2 СЕКЦИЯ

ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ФЕНОМЕНІ

ФЕНОМЕН ЖЕНЦИН В ИСТОРИИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

THE PHENOMENON OF WOMEN IN THE HISTORY OF THE GREAT STEPPE

Ахмет А. Қыран ғұмыр.....	87
Абдрахманова Ж.М. Фольклорлық, мистикалық гендер көріністері.....	90
Жұмабеков Қ.Ж., Жұмабекова С.Ә. Аударма саласындағы Назипа Құлжанованың рөлі.....	93
Шашаев Ә.Қ. Ежелгі деректердегі «Ер апалар» туралы тарихи мәліметтер.....	96
Крыкбаева С.М. Әмина Нұғманова – қазақтың әншілік дәстүрін зерттеуші біртуар тұлға.....	106
Ризуанова А.К. Героический подвиг Хиуаз Доспановой.....	111
Утебалиева У.М. Национальная идея и гендерная политика.....	115
Тулегенова А.К., Әділетова А. Ибн Сина (Авиценна) философиясындағы махаббат және қазіргі жастардың махаббаты.....	117
Қанабекова М.К. Ұлт тарихындағы ұлы аналар ұлағаты.....	120
Хабилов Р.Р. Качества и норма поведения мужчин и женщин в спорте.....	124
Бекешова Ә.Х. Қоғамдық жүйелерді модельдеу және Қазақстандағы саяси модернизация.....	125
Жанжігітов С.Ж. Рафаэль Ниязбек лирикасындағы «Әйел» концептісі.....	128
Өмірзақов Ә.Т. Жылқышы қыз.....	132

3 СЕКЦИЯ

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІ

ЖЕНЩИНЫ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

WOMEN OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN

Каражигитова Т.А. Чакликова Сакыш Ескендировна – жизненный путь и вклад в развитие математического образования Казахстана.....	134
Куатбаева Г.К. Институциональный механизм разработки концепции гендерной политики.....	137
Жүзтаева Б.Н. Қазақстан әйелдерінің қоғам дамуындағы рөлін тарихи талдау.....	142
Спанкулова Л.С. Монетарный пронатализм: социальная поддержка семей с детьми и стимулирование рождаемости.....	146
Сүндетұлы Қ., Ертүгел Г. Қазақтың қайраткер қызы.....	149
Сатпаева З.Т. Анализ женского предпринимательства в Казахстане.....	153
Төлеуова Д.Б. Қазақ қоғамында шаш қою – адамның ажары және сұлулығы	157
Тулекова Г.Қ., Тулекова Г.Қ. «Ақ ана» рухани сауықтыру орталығының салауатты өмір салтын насихаттаудағы алатын орны мен маңызы (Халық емшісі Зейнекамал Қаржымбайқызы туралы сыр).....	159
Джарасбаева Ж.Х. Роль женщины Казахстана в политике.....	162
Айткалиева У.З. Гендерная политика и социальной трансформации Казахстанского общества.....	166

Досмурзинов Р.К. Образ казахской женщины в трудах отечественных и зарубежных исследователей XVIII-XIX веков.....	167
Utegenova G. Evolution of the image of the kazakh woman.....	171
Турдалиев Ә.О. Халықаралық әйел құқығын қорғау тәжірибесі.....	175
Муханова А.Т. Қазақтың қыз – келіншектері киінген киімдерінің ұлттық тәрбиеде алатын орны	180
Жусупбекова Б.А. Қызылорда облысының іскер әйелдері.....	182
Изтілеуов Б.А. Проблемы гендерного равенства: зарубежная историография.....	186
Мурзагалиева С.А. Участие женщин в политической жизни.....	188
Тампиева А.Ш. Концепции гендерного равенства: проблемы и перспективы.....	190
Темиргалиева И.Т. Образ женщины великой степи: традиции предков.....	192
Базаргалиев Ғ.Б. Халық педагогикасындағы отбасы тәрбиесі.....	194
Кенжегулова Г.К. Гендерный баланс в системе высшего образования в Республике Казахстан.....	197
Жапалова К.А. Бесік жырлары арқылы эстетикалық мәдениетті қалыптастыру.....	199
Куджанов А.Р. Қазақстандық елжандылықты қалыптастыру жолдары.....	202
Батыргалиева Л.Ж. Ұлттық тәрбиенің отбасындағы маңызы.....	205

Қазақстан Республикасы Президентінің
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын
жүзеге асыру мақсатында өткізілетін
«ҰЛЫ ДАЛА АРУЛАРЫНЫҢ ЕУРАЗИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ РӨЛІ»
халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
5 сәуір, 2019 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научной конференции
«РОЛЬ ЖЕНЩИН ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В ЕВРАЗИЙСКОЙ ИСТОРИИ»
проводимой в рамках реализации программной статьи Президента
Республики Казахстан
«Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»
5 апреля, 2019 год

COLLECTED MATERIALS
of the international Scientific Conference
"THE ROLE OF WOMEN OF THE GREAT STEPPE IN EURASIAN HISTORY"
within the framework of the implementation of the program article of the
President of the Republic of Kazakhstan
"A look into the future: modernization of public consciousness"
April 5, 2019

“SvetoCopy” қағазы. Пішімі А4. Көлемі 29,75 б.т.
Таралымы 100 дана



Корректор: Сисеналиева Светлана
Техникалық редакторы: Батыргалиева Салтанат
Мұқабасын жасағандар: Тулин Павел, Байбалиев Мұратбек